Р.З. Загидуллин [10], опираясь на концепции В.Н. Комиссарова, выделяет четыре направления в переводоведческих исследованиях. Исследования первого направления ориентированы на лингвистические методы изучения текстов на двух языках и на исследование вопросов эквивалентности и адекватности. Второе направление ориентировано на рецептора перевода, на адресата, а не на текст оригинала. Основной проблемой исследования становятся прагматические аспекты перевода, культурные различия между читателем оригинала и читателем перевода. Третье направление представлено психолингвистическими исследованиями переводческого процесса, четвертое — охватывает исследования в области скопос-теории и другие аналогичные работы.

Таким образом, как мы видим, в переводоведческой литературе существуют различные классификации направлений исследования переводческого процесса, что свидетельствует о том, что основные положения теории перевода обогащались и расширялись благодаря новым научным исследованиям в различных отраслях знания. Эти исследования позволяют углублять объект и предмет теории перевода, выявлять и развивать новые аспекты переводческой деятельности.

Список литературы

- 1 Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. — М., 1999.
- 2 Бархударов Л.С. Язык и перевод. — М., 2008.
- 3 Цвиллинг М.Я. Переводоведение как синтез знания // Тетради переводчика. — 1999. — Вып. 2. — С. 32–37.
- 4 Герман И.А. Лингвосинергетика. — Барнаул, 2000.
- 5 Виноградов В.С. Введение в переводоведение. — М., 2001.
- 6 Гарбовский Н.К. Теория перевода. — М., 2004.
- 7 Минченков А.Г. Когнитивно-эвристическая модель перевода (на материале английского языка): Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. — СПб., 2008. — 32 с.
- 8 Селиванова Е.А. Модель перевода в парадигмальном пространстве современной лингвистики // Культура народов Причерноморья: — 2003. — Янв. — № 37. — С. 79–82.
- 9 Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. — М., 2003.
- 10 Загидуллин Р.З. Теоретические и методологические основы переводческого тезауруса (на материале английского языка для специальных целей). — Бишкек, 1993.

М.Е.Медетова

Аударматанудағы негізгі бағыттар

Мақалада қазіргі лингвистика саласында аударма үрдісін зерттеудің әр түрлі жолдары қарастырылады. Аударма теориясының негізгі қағидалары үнемі дамып, аударма ісінің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік беретін жаңа зерттеулердің көмегімен толығып отырады.

M.E.Medetova

The main directions in translation studies

The article investigates different approaches to the specific character of the translating process. These approaches highlight the contribution of modern linguistic research to the development of the theory of translation. Due to these modern linguistic studies the main principles of the theory of translation are being enriched and new aspects of the translating process are being specified.

ӨОЖ 811.512.122'373

Ж.С.Байсарина

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей

Символдың зерттелуіне қысқаша шолу

Мақалада символды қарастырудың жолдары ұсынылған, оның анықтамасы, ғылымдағы зерттеулердегі лингвистер, философтар және тағы басқа зерттеушілердің символ туралы көзқарастары, сондай-ақ оның қасиеті талданып, қалыптасу заңдылықтары мен қызметтік ерекшеліктері қарастырылды.

Кілтімі сөздер: символ, символ мәселесі, әлемді қоршаған заттар, танымдық принцип, тілдегі заңдылықтар, мәдениет семиотикасы, мәдени феномен, жеке тұлға, ақиқат туралы жаңа білім.

Тіл қойнауында жасырын жатқан және бір қарағанда байқала бермейтін байланыстар мен қатынастарды зерттеу қазіргі лингвистикада біртіндеп тұрақты орын алып келе жатыр. Барлық тілдерге қатысты заңдылықтар мен жалпылық сипаттарды анықтаудың тіл теориясының дамуына өзіндік ықпал ететіндігі сөзсіз. Әрбір халық әлемді оларды қоршаған заттарды өзінше елестетіп, қабылдайды. Себебі әр елдің тарихы, төл мәдениеті, ұлттық таным мен талғамы, тілі, діні әртөкес болып келеді. Әр тіл — өз ұлтының бойтұмарындай қасиетін белгілейтін таңбалық жүйе. Тіл адам үшін қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын механизм ғана емес, ақиқат әлемі туралы ақпарат беретін саналы құбылыс.

Әдетте ғалымдар тілдегі заңдылықтар мен олардың мәнін анықтау барысында тілдің таңбалық қасиетіне сүйенеді. Атап айтқанда, тіл ерекше таңбалар жүйесі ретінде өзге таңбалар жүйесінен өзінің құрылымдық принципі арқылы ерекшеленеді, сонымен қатар жалпыланған таңбалар, үлгілер (модельдер) мен олардың байланыстар жүйесі және сол жүйенің шынайы көрінісі ретінде анықталады. Ал семиотикада *таңба* деп әдетте қоршаған ортаның затына ұқсайтын кейбір материалдық затты атайды, яғни түрлі символикалық құралдар жүйесі адамға тән таным процесі барысында жинақталатын сыртқы дүние үлгілері деп қарастырылады [1].

Символ мәселесі, оны әр кезеңде зерттеп, зерделеу XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында дүниеге келген «символизм» ағымынан ғылымда бұрынырақ пайда болған. Әр кезең зерттеушілері «символ» табиғатын өзінше зерделеп, оның ерекшелігін, даму тарихын, әр ғылым саласында айқындауда зор үлес қосып, тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналған.

Символдың табиғаты мен мәнін мәдени феномен ретінде қарастыру XX ғ. Э. Кассирердің символикалық форма теориясының пайда болуы символды зерттеуге деген үлкен қызығушылықтан туындап отыр. Кассирердің теориясы бойынша, символ дегеніміз — априорлы логикалық құрылым. Кез келген халықтың бағалау жүйесінде символизмнің өзгеріссіз орын алуы зерттеулер тарапынан үнемі қызығушылық тудыруда. Символ Ежелгі Грецияда (гр. тілінде *symbolon*) белгілі бір қоғамдық топ мүшелерінің, құпия қоғамының шартты белгісі ретінде танылған. Қазіргі кезде символ мәдениетті тануда, «құпия» ақпаратты жеткізуші құрал ретінде ең жоғары дәрежеде тұр. Сонымен қатар қоршаған орта, әлем туралы ақпарат беруде, сөз, фраза, мәтіндерде символ таңба ретінде көрінеді [2].

Символ ертеден адам өмірін, оның санасын, болмысты қабылдауын, тұрмыс-тіршілікке қарым-қатынасын анықтап, маңызды роль атқаратын категория. Адам арқылы болмысты нақтылау және

меңгеруде ол ұзақ және күрделі даму процесіне ұшырады. Бір қарағанда символизм дін мен саясатта ғана көрінетін тәрізді. Бірақ, шындығында, барлық мәдениет, жеке тұлғаның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын символизммен толықтырады. Осы себептен, символды зерттеуге әр ғылым саласында: философия, семиотика, психология, тіл білімінде т.б. көптеген еңбектер арналған.

Мәдениеттегі символды анықтауда әр түрлі амал-тәсілдер қолданылған және символды зерттеуде мынадай негізгі бағыттарды айтуға болады:

- мәдениет семиотикасын: К.Г.Юнг, Э.Сепир, Ю.М.Лотман, Б.А.Успенский, В.В.Колесов, А.Ф.Лосев, В.Н.Топорок, А.А.Зализняк;
- семантикалық типологияда: Э. Бенвенист, М. М. Маковский, О.Н.Трубачев, А.Голан;
- әр мәдени дәстүрлердегі символдарды зерттеуде: Цв.Тодоров, В.Н.Топорков, Ю.С.Степанов.

Зерттеу еңбектерінде терминологиялық дәлсіздіктер көптеп кездеседі де, символға ешқандай да нақты, бірегей анықтама әлі күнге дейін берілмеген. Тіпті бір ғана зерттеу жұмысының өзінде келеңсіздіктер кездеседі. Мысалы, А. Голанның «Миф и символ» еңбегінің кіріспесінде «таңба мен символ, графема мен идеограмма» терминдеріне ешқандай да ерекше айырмашылық көрсетілмеген. Сол сияқты символизмнің көрнекті өкілі әрі теоретигі А.Белыйдың бір өзі символға 23 түрлі анықтама берді. Бұнда ол символды, ең алдымен, «тұтастық, бірлік» (1-анықтама) деп ұқтырады да, ары қарай «эмблемалар бірлігі» (2-анықтама), «форма мен мазмұнның бірлігі» (12-анықтама), «сана мазмұны — шығармашылығының бірлігі» (5-анықтама) [2; 84] деп қарастырады. Бұл байламдарды символдың жеке өзіне берілген анықтама деуден гөрі, оның жеке қасиеттерінің сипаттамасы деп қабылдау жөн сияқты. Сондықтан біз үшін бұл байламдардың ішінен «символ — тұтастық, бірлік» деген анықтама маңызды және ғалымның «Шындық өмір танымдық және шығармашылық символдандыру процесінде символға жақындайды» (16-анықтама), «Біздің тірліктің мәні таным мен шығармашылықтың символикалық заң-тәртіптерінің иерархиясында анықталады» (20-анықтама) деген байламдары да ойлантанды [3].

Символ проблемасын жете зерттеген академик А.Ф.Лосев табиғатты, қоғамды, тіпті бүкіл әлемді «символдар патшалығы» деп анықтап, символ атаулыны қолданылу саласына қарай: 1) ғылыми, 2) философиялық, 3) көркем, 4) мифологиялық, 5) идеологиялық, 6) діни, 7) табиғат, қоғам және бүкіл әлем символдар патшалығы ретінде, 8) адамға тән мәнерлеу символдары, 9) сыртқы техникалық символдар деген типтерге жіктейді [4]. «Символ» терминінің тарихы жалпыға бірдей түсініктілігімен адастыратынын айта келіп, зерттеуші символ атаулының кейде тым қарапайым, табиғи құбылыстарға таңыла беретініне қынжылып, мысалы, «жапырақты — күздің, найзағайды — нөсердің символы» деп қабылдаудың өрескелдігін ескертеді [4]. Әрине, символтану тарихындағы мұндай көзқарастардың да себеп-салдарсыз болмағаны белгілі. Ал шын мәнінде символды таза субъективтік тұрғыда ғана түсіну қателікке ұрындыратынын, онда философия ғылымында да, әдебиет пен өнер теориясында да символға орын қалмайтынын ескертетін А.Ф.Лосевтің пікірін ерекше айтуымыз керек.

Мұның өзі «символ» ұғымының күрделілігімен де, ерекшелігімен де байланысты. Символ мәселесіне ерекше көңіл бөлген зерттеуші В.В.Мантатовтың сөзіне жүгінсек: «Символ» ұғымы — ғылым тарихы мен мәдениет тарихы көрсеткендей, әлдеқайда терең және жан-жақты ұғым, оны Гельмгольцтей таза интуитивті үстіртін таныммен де, орыс символистеріндей мистикалық сипатпен де айқындауға болмайды» [5].

Символ туралы ой қозғау Аристотель мен Платоннан бастау алса да, ғылыми тұрғыдан анықтама берген И.Кант, себебі классикалық антика дәуірі мәтіндеріндегі символ ешқандай объектіге қатыссыз, өзімен-өзі, өзінің таза заттық образдылығында кездеседі. Ал немістің классикалық философиясында «символ» екі бағытта танылды: экспрессивті-көрнекті және бейнелі-объективті. Канттың түсіндіруінде, символ — эстетикалық идея, бейнелеудің арнайы түрі, «көрінбейтінді, мүмкін еместі жеткізуге тырысатын бейнелеудің арнайы түрі, анығында, ақылдың идеяларына сәйкес келетін пайымдау» [6].

Гегель символ туралы былай дейді: «Символ өзі үшін өмір сүрмейтін, барынша кең және жалпы мағынада түсінілуді қажет ететін, пайымдалатын сыртқы болмыс». И.Кант, Д.В.Шеллинг, Г.В.Гегель, И.В.Гете символды ақиқат құдіретін тану жолы деген көзқараста болды және символ табиғатын идея мен образдың ұқсастығы деп пайымдады. Бұл идеяны П. А. Флоренский, ал батыс ғалымдарынан М.Хайдеггер, Э.Гуссерлю, Ф.Уилрайт жалғастырды. Платон символды мифтен ажырата түсіну керектігін көрсетті [5].

Символдың романтикалық теориясының қалыптасуында Ф.Крейцердің «Символика и мифология древних народов» атты еңбегінің ролі ерекше болды. Ол ежелгі грек мифологиясы материалында символ типтерінің классификациясын жасады. Форманың шексіздіктің тікелей көрінісі бола алмайтындығын, тұйықтығын көрсететін мистикалық символдар; символдың мағыналық шексіздігін қарапайымдылыққа, тұйықталған формаға сыйдыруға тырысатын пластикалық символдар т.б. деп бөлді [7].

Мәдени жүйедегі символдың зерттелуін қарастырған Ю.М.Лотманның айтуынша, символ — «мәдениет жадысындағы маңызды механизм». Ол кез келген, тіпті өмір сүріп отырған дәуірдегі мәдениет те, тіпті кез келген лингвосомиотикалық жүйе де символға өз анықтамасын бермейінше, өзінің толыққандығын сезбейді. Символ бейнелеу тұрғысынан да, мазмұн тұрғысынан да әрқашан семиотикалық контекстен анық ажыратып алуға мүмкіндік беретін, белгілі бір өзіндік тұйықталған мағынасы және анық белгіленген шекарасы бар мәтіннен тұрады. Символ ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл өткелді кешіп өтіп, өткеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ, символ мәдениеттің тұрақты элементі деп пайымдайды [8].

Символ мағынасының жинақтылығы мен тең құқылығын неміс классикалық философы Д.В.Шеллинг қарастырған. Одан кейін А.Ф.Лосев «символ ішкі және сыртқы идея мен бейнені шындық» деп көрсеткен. Д.В. Шеллинг пен Ф.Крейцер символдың «сәттік тұтастығын», тікелей әсер ете алатын қабілет-қасиетін және құрылымының табиғилығын атап өтіп, бірдей көзқараста болды.

Ал, Гегель романтиктерге қарсы шығып, символдың құрылымындағы рационалистік, таңбалық сипатқа баса назар аударып, ерекше мән береді. «Символ, ең алдымен, қандай да бір таңба» деп білген Гегель оның шарттылығын, рухани еркіндік бермейтінін атап көрсетеді.

Батыс философиясында неокантшыл Э. Кассирер символды бүкіл адам әлемін қамтитын кең ұғымға айналдырды. Адамды «символикалық жануар» деп, ал өнер, тіл, миф пен ғылымды символикалық формалардың мәні, адам олар арқылы өзін қоршаған хаосты реттейді деп санады [9].

Психоаналитик К.Г. Юнг, З. Фрейдтің символды психопатологиялық белгі деп санайтын тұжырымына қарсы шығып, адамдық символиканың барлық байлығын санадан тыс ырықсыз құбылыстардың тұрақты фигуралары ретінде (оның ішінде архетиптер) түсіндіреді [10].

Символдық мәнді аша түсу мақсатында мына бір пікірге мән беру қажет сияқты. Зерттеуші Т. Суслова символ табиғатының идеялық-образдық және мағыналық жалпы мәнін қарастыра келе, «..жинақтаудың символикалық формалары — адам есінің ұйыған қою талшықтары ... Символ шындықты сірестіре жинақтау, тірліктің жаңа мағынасын тудыратын модель ретінде көрінеді» [11] дей келіп, белгілі ғалым Ю. Лотманның мына пікірін келтіреді: «Символ — бір дәуірді екінші дәуірмен байланыстыратын семиотикалық конденсатор (өткізгіш)» [8]. Т. Суслова символға осылайша ерекше тарихи мән береді де, өзі мынадай анықтама ұсынады. «Символ — шындық өмірдің мағыналық мәнін көркем образда қоюландыру жолымен іске асатын шындықты жинақтаудың *белгілік табиғаты бар, шартты* көркем формасы». Осы пікірдегі «жинақтаудың шартты көркем формасы» деген қорытынды символдың салмағын арттырады және «белгілік табиғаты бар» деген ойға да назар аударған жөн.

Міне, осылайша, символ, қашан да болсын, бір-біріне қарама-қайшы келетін ойлар мен көзқарастар тудырады, себебі символдың табиғаты қарама-қайшылықтар мен құпиялардан тұрады.

Ғаламның тілдік бейнесі аясында ғана ұлттық менталитеттің ерекшелігі байқалады. Халықтың мәдениетін, дүниетанымын білдіретін ең негізгі белгісі символ болып табылады. Бұл пайымдау бірқатар ғалымдардың ұстанымы (В.А.Маслова, Ю.Д.Апресян, Л.Ю.Буянова, О.А.Корнилов, Е.С.Яковлева т.б.) [12].

«Этимологический словарь русского языка» атты М. Фасмер сөздігінде «символ» сөзінің гректің «таңба» сөзінен шыққандығы жайлы мынадай анықтама берілген: «қысқарту, қысқартылған мазмұндама; дерексіз ұғымның заттық көрінісі» [13].

Н.Д.Арутюнова символды семиотикалық ұғым деп қарастырып, таңбадан айырма белгілерін көрсетеді.

Ю.С.Степанов символды ғылыми түсінік емес, оның мағыналылығы мен шынайылығын поэтикалық жүйе шеңберінде «этика» ұғымы деп түсіндіреді.

С.С.Аверинцев «Әдеби энциклопедиялық сөздікте» символға мынадай анықтама береді: «Өнердегі символ өзімен астарлас, бір жағынан, көркем бейнемен, екіншіден, таңба мен аллегорияны салыстыра ашатын әмбебап эстетикалық категория» [9].

Ю.А.Гвоздарев сөз-символды «сөзде қалыптасқан және тілде үнемі айтылатын заттық символдың, заттық бейненің белгілі бір оқиғамен айшықталатын халыққа тән көрінісі» деп айтқан [14].

Психолог, философ А.Г.Спиркиннің айтуынша: «Ол өзінің артына өзге бір затты, не өзге бір құбылысты жасыратын, мағынасы белгілі бір нәрсені символдаумен байланысты болатын белгілі бір нысан, сөз, әрекет. Символ өзінен өзге бір нәрсеге ұқсайды. Символ сананың түсіндіру (талдау) әрекеті. Символға символданған құбылыстың мазмұнынан тысқары шығатын идеялық мазмұн тән» [15].

Ағылшын этнографы, фольклорисі В. Тэрнер символ теориясы мәселесіне байланысты мынадай тұжырым айтқан: «Мәдениет өлкесіне символдық негізді өрнектейді және символдардың бір-бірімен өрілуі тек қана табиғи орта туралы хабар бермей, сонымен бірге этникалық, эстетикалық ұғым, түсінік, тәрбие жайында бай мәлімет берерліктей қойма болып табылады. Әрбір символ — ақпарат қазынасы» [16].

«Символ» терминін әр түрлі авторлар әр қырынан таныған. Орыс ғылымында В.И.Еремина символды ән-жыр жанрындағы «тұрақты бейнені көркемдейтін, белгілі бір поэтикалық әсерді білдіреді және символ бір мағыналы, мазмұны тұрғысынан күрделі» деп қарастырған. Еремина мен Черданцеваның лингвистикалық еңбектерінде символ әр түрлі тұрақты тіркестерде кездесетін мағыналық сөздер делінген. Бұдан шығатын қорытынды — символ ауыспалы мәндегі фразеологизмдермен де байланысқа түседі [17]. Орыс ғылымында символдың пайда болуын алғаш рет Н.И.Костомаров зерттеп, оны тек стилистикалық категория ретінде қарастырған, яғни ұлттық лириканың ерекше көрінісі деп білген. Костомаровтың бұл көзқарасы неміс романтиктерінің пікірімен сәйкес келіп, ол символиканың пайда болуы мен дамуын халықтың ойлауы және рухани ерекшелігінің көрінісі деп көрсеткен. Өзінің «Об историческом значении русской народной поэзии» атты кітабында ән-жырдың, символдың шығу тегінің себебін және оның халықтың тұрмысымен байланысты екенін айтады. Халық символикасы мәселесін А.А.Потебня де қарастырған, ол символиканың пайда болуы мен дамуын тілдің даму заңдылықтарымен түсіндіреді. А.А.Потебня: «Сөз түсіндіру символы болғандықтан, символды тілден бөліп тастау мүмкін емес», — дейді. Кез келген сөзде бейне бар, ал кез келген символ мифпен байланысты, сондықтан да символды тілдің лексикалық дамуы деп тұжырым жасайды [18].

«Қысқаша әдеби энциклопедияда» [19] және «Философиялық-энциклопедиялық сөздікте» [20] символға берілген сипаттамалар бір ыңғайда болып келеді: «Символ (гр. *таңба, тану белгісі*): 1) ғылымда — таңба, 2) өнерде — көркем образдың еншілес категорияларымен: бір жағынан — таңба, екіншіден, аллегориямен қатар алып салыстыру арқылы анықталатын әмбебап эстетикалық категория. Кең мағынасында символ дегеніміз — образ, өзінің таңбалық аспектісінде алынған образ, ал таңбаның өзі бұл жерде образдың таусылмайтын көп мағыналылығымен, табиғилығымен ерекшеленеді.

Заттық образ бен терең мағына символдың құрылымында бір-біріне елестетуге болмайтын екі полюс ретінде көрінеді, әрі олар екі айрылып, символ тудырады» [8].

Демек, «символ — жинақтау» деген тұжырымға ойлана қараған жөн. Байтұрсыновтың «бұл лебіз мағынасы мен астыртын мағынасының жинағы» деген пікірінің де жаны бар. Символ ешқашан бір мағына шегінде қалып қоймайды, оның мағыналық өрісі шексіз кең. Символ қай жағдайда да сол заттың өзінен басқа затқа мегзеу, оның шегінен асу. Бір құбылыс келесі құбылыстың мәні арқылы ашылса, екі құбылыстың өзара әсерінен, әр тарапты байланыс-қатысынан *ақиқат туралы жаңа білім* туады. Бұл ақиқат — жинақталып барып туған жаңа ақиқат, ап-анық, түсініктірек, алдыңғы екі құбылыстан да мәндірек, сүзілген ақиқат. Мысалы, *қос аққу* символы сол тұрған қалпында махаббаттың, адалдықтың нақ өзі екені туралы ақиқат болып адамдардың түсінігіне сіңісіп кеткен. Символдың мәні мен күші — осында, әрі қою әрі анықтығында.

Ал қазақ ғылымында символды зерттеу өз бастауын Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов еңбектерінен алса, осыған жалғас ғылыми көзқарастарды тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдаров, Е.Н.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, С.Е.Жанпейісова, Б.Ақбердиева еңбектерінен көруге болады. Ал этнограф-ғалымдар Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, С.Қасыманов, А.Сейдімбек еңбектері тілдік деректердің уәждемесін анықтауға көмектесіп қана қоймай, қазақ мәдениетіндегі ұлттық символдар табиғатын тануға, саралауға жол ашады. Бұл еңбектерде *символ* сөзінің орнына кейде *белгі, нышан, рәміз* сөздері қолданғандығын, осылайша әрбір таным-түсініктің символдық мәнін көрсетіп отырғанын айта кеткен жөн. Алайда бұл

зерттеушілердің көпшілігінде дерлік символ табиғатына толыққанды теориялық талдау жасалынбаған, тек символдың жеке категорияларына қатысты сөз қозғалады.

Академик Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде бұған жалғас Қ.С.Дүсіпбаева, Р.Ә.Авакова, этнолингвист-ғалым Е.Жанпейісов, профессор Ж.А.Манкеева, академик Ә.Т.Қайдаров, Б.Өмірбеков, З.Т.Ахтамбердиева еңбектерінде кейбір этнографизмдер мен түр-түс атауларының символдық мағынасы, сан атауларының символдық мәні, символ мәселесі, символдардағы әлемнің тілдік бейнесі, рухани мәдениет пен материалдық мәдениетке қатысты этнографизмдердің символдық мәні айқындалып, материалдық мәдениет лексикасына қатысты символдық сипаттағы этноатаулар зерттелген. Көптеген этномәдени атаулар мен символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», Н.Уәлиұлының «Фразеология және тілдік норма» еңбектерде көрініс табады. Сол сияқты осы мектепті жалғастырушы Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» еңбегінде символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты, Б.Қ. Акбердиева мифтік танымға негізделген символдар, Ж.Ә.Акимиева ою-өрнектердің таңбалық табиғатының уәждемесін ашып, оны символдық графика тұрғысынан қарастырып, А.Қ.Сейілхан халықтық эстетика мен сұлулық символизмдері, Қ.Т.Қайырбаева еңбектерінде символды лингвистикалық тұрғыдан тілдік таңба ретінде ұлт мәдениетімен сабақтас жүйеде қарастырып, символдық мағынаның қалыптасуына әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың негізінде құнды рухани қазына мәтіндерінің танымдық мазмұнын қысқа да нұсқа түрде сақтап жеткізетін тілдік құралдардың бірі символ деп қарастырған. Сол сияқты Б. А. Жетпісбаева мен Л. Ж. Мұсалы көркем әдебиеттегі символ мәселесінің зерттелуін, А.С.Айқұлова қазақ символдарының аудармада берілу жолдарын зерттеген.

Ал символдың когнитивтік сипаты Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясында айқындалып, теориялық тұрғыдан анықтама беріледі. Ғалымның көрсетуінше, «ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде сана ішкі қажеттілікті қанағаттандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни сана сыртқы факторларға таңдаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді» [21].

Қазақ тіл білімінде заттар мен құбылыстардың семиотикалық мәні, ұлттық символдар сипаты, мәдениеттің этнотаңбалық мәні туралы барынша тұжырымды көзқарастарды этнограф-ғалым М.С.Мұқанов еңбектерінен көруге болады. Бұл бағыттағы зерттеулер өз жалғасын К.Ш.Нұрланованың «Человек и мир — казахская национальная идея» монографиясынан, Ж.К.Каракузова, М.Ш.Хасановтың «Космос казахской культуры» еңбектерінен табады.

Символдың әр түрлі семиотикалық жүйелерде көрсетілуі, яғни мифтерде, өнерде, дінде, әдебиетте, фольклорда, және әр кезеңдегі мәдениетпен, халықтың символдың қиысуы көптеген символикалық сөздіктерден көрініс тапты: кейбір сөздіктер символды жекелеп немесе бірнеше негізде топшылайды, мысалы, «The book of symbols» еңбегінде Гераи англо-саксондық символдардың таксомониясын жазады, «Lexicon alter Symbole» еңбегінде Купер көне символдарды, «Lexicon der Symbole» Бауэра символдарды көне, үнді, американдық үндістер символы, ежелгі грек символдары, христиандық, ертегілік, магиялық, астрологиялық, алхимикалық, таро символдары және күнделікті қолданыстағы символдар деп қарастырған. Басқа да сөздіктерде, Шевальенің «Dictionnaire des Symboles», Бидерманның он томдық «Handwörterbuch des deutschen Aberglaubens», «Knaurs Lexikon der Symbole», Эда де Врисаның «A dictionary of symbols and imagery» еңбектерінде тілдік бірліктерді символикалық мағынаның барлық жиынтығында қарастырған. Әр мәдениет пен цивилизацияда түр-түс символикасы, сандық символика, геральдикалық, вегетативті, минералды, териоморфты, тағы басқа жеке сөз (ұғымның) символикалық аспектілері қарастырылған. Бұл сөздіктер тарихшылар, археологтар, тілшілер, психологтардың біріккен пәнаралық еңбектерінің жемісі.

Осы тұрғыдан символ психосоциологтар, философтар, этнограф, әдебиеттанушылар тұрғысынан қалыптасқан. Зерттеушілер символды әр ғылым саласына байланысты мақсатпен қарастырғанмен, кейбіреулері символды адам танымынан тыс дүниені бейнелеу, идеяны көрнекті тілдік модель арқылы көрсету деп біледі. Алайда біз «символды» жеке тұлғаның еркіне қарай емес, ол халықтың көзқарасын, таныммен, бірлікте қарайтын, тілге қатысы жағынан символдарды тәртіпке келтіруге болады» дейтін А.А. Потебняның және А. Гумбольдтың «Символ» ұғымы тілде, сөз жоқ, кең» деген пікіріне сүйенеміз [18].

Әр мәдениеттің интеграциялық қызметі символдың тұрақтылығымен байланысты. Белгілі бір дәуірге тән символдар барлық салаларда таңбалық жүйеге қатысты табылады. Сондықтан символ сөздер дегеніміз – күрделі құрылымды тілдік таңба, ал санадан тыс бейақиқат дүниенің, шындық өмірдің, эстетикалық әлемнің тілдік бейнесі, ерекше мәдени мазмұнға ие таңбалар жүйесі. Зерттеушілер символды әр ғылым саласына байланысты мақсатпен қарастырғанмен, кейбіреулері *символды* адам танымынан тыс дүниені бейнелеу, идеяны көрнекті тілдік модель арқылы көрсету деп біледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Солнцев В.Н. Язык как системно-структурное образование. — М., 1971. — С. 93.
- 2 Савицкий В.М. Английская фразеология: проблемы моделирования. — Самара, 2006.
- 3 Белый А. Символизм и миропонимание. — М., 1994. — С. 528 с.
- 4 Лосев А.Ф. Реалистическое искусство и проблема символа. — М., 1994. — С. 293.
- 5 Мантатов В.В. Образ, знак, условность. — М., 1980.
- 6 Кант И. Сочинения: В 6 т. — Т. 5. — М., 1966. — С. 564.
- 7 Крейцер Ф. Символика и мифология древних народов. — М., 1973. — С. 502.
- 8 Лотман Ю.М. Внутри мыслящихся миров. Человек-текст-семиосфера-история. — М., 1996.
- 9 Кассирер Э. Философия символических форм. — М., 1923.
- 10 Юнг К.Г. Архетип и символ. — М., 1991.
- 11 Сулова Т. Проблемы художественной условности в современной эстетической теории: Дис. ... канд. филол. наук. — М.: Изд-во МГУ, 1990. — С. 127.
- 12 Маслова В.А., Маслова В.В. Лингвокультурология. — М., 2001. — С. 208.
- 13 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. — М., 2001. — С. 210.
- 14 Гвоздарев Ю.А. Слова-символы в русской фразеологии // Проблема лексики и фразеологии. — Л., 1975.
- 15 Спиркин А.Г. Сознание и самосознание. — М., 1972. — С. 333.
- 16 Тэрнер В. Символ и ритуал. — М., 1983. — С. 277.
- 17 Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. — Алматы, 1998.
- 18 Потебня А.А. О некоторых символах народной поэзии. — Харьков, 1914.
- 19 Краткий словарь литературоведческих терминов. — М., 1978. — С. 347.
- 20 Философский энциклопедический словарь. — 2-е изд. — М., 1989. — С. 581.
- 21 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. — Алматы: Ғылым, 1998. — 52-б.

Ж.С.Байсарина

Краткое исследование символа

В статье предложена детальная разработка символа, определяется его понятие. Символ исследуется с точки зрения лингвистов, философов и др. ученых, т.е. анализируются его свойства, закономерности формирования и особенности функционирования.

Zh.S.Baysarina

Brief study of symbol

Symbol is the most important semiotic system. It has been investigating in linguistics for many years. This article is devoted to detailed working up of symbol. Comparative points of view of investigators: linguists, philosophers, etc, its definition and investigation, pattern of forming, peculiarities of functioning are given too.

Л.Т.Жұмақанова, Ш.Т.Мұхамеджанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Қазақ және француз тілдеріндегі соматикалық фразеологиялық синонимдердің салыстырмасы**

Мақалада қазақ және француз тілдердің соматикалық фразеологиялық тіркестерінің құрылымы қарастырылды. Авторлар қазақ және француз соматизмдерді жіктеп, оларды топтарға бөлді. Ана тілі арқылы француз тілді оқып үйрену мәселесін көтерді. Қазақ және француз тілдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктері бірегей сөздер мен аналогиялардан анық көрінді, ал бұл оқушылардың білімін байытады. Көтерілген тақырыптың өзіндік және ғылыми маңызы зор.

Кілтті сөздер: тіл, қазақ, француз тілдері, фразеологизм, соматфразеологизм, сөз тіркестері, компонент, грамматикалық тәсіл, соматизм, мәдени-тарихи байланыс.

*Филология ғылымдарының докторы, профессор
Х.М.Нұрмұхановтың рухына арналады*

Құрамындағы компоненттерінің (яғни сөздерінің) санына қарамастан, ФЕ-нің мазмұны мен көлемі жағынан өзіндік ерекшеліктері бола тұрғанымен, семантикалық тұрғыдан белгілі бір тұтас мағынаны білдіретін «шоғыр тіркес» болып қабылданатыны ақиқат [1; 499].

Қазақ тіл білімінде фразеологизм мәселесі негізінде І.Кеңесбаев, Г.Мұсабаев, К.Аханов, М.Балақаев, Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, К.Қожахметова, Е.Смағұлова, Р.Жайсақовалардың, неміс тіл білімінде М.М.Копыленко, К.Г.Крушельницкая, З.Д.Попова, А.Д.Райхштейн, Л.И.Ройзензон, А.В.Федоров, К.Флекенштайн, Р.Эккерттардың, француз тіл білімінде Ш.Балли, В.Г.Гак, А.Г.Назарян, Р.А.Будагов, А.Доза, Н.А.Катагощина, Ю.С.Степановтардың еңбектерінде де қарастырылған.

Ал фразеологизмдерді семантикалық тұрғыдан талдау, зерттеу проблемаларына арналған еңбектер осы тілдерде де тым аз сияқты. Мысалы, қазақ тілінен біздің кездестіргендеріміз — І.Кеңесбаев сөздігіндегі «Фразеологиялық мағынаның қалыптасуы» деген тақырып көлеміндегі пайымдауы мен Р.Жайсақованың «Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің семантика-грамматикалық құрылысы» деген тақырыпта жазған кандидаттық диссертациясы.

Бұл мақаламызда біз алдымызға құрамында соматизмдері бар фразеологиялық тізбектерді парадигматикалық тұрғыдан талдау мақсатын қойып отырмыз.

Фразеологизмдердегі парадигматикалық қатынастарын фразеологиялық қатарлармен немесе жалпы лексемамен, фразеологиялық антонимдермен және біз қарастырғалы отырған фразеологиялық синонимдермен байланысты болып келетіні белгілі.

Фразеологиялық синонимдерге де, синонимиялық қатар құрайтын жеке сөздер сияқты, лексикалық мағыналары бір-біріне жақын, парадигматикалық деңгейде жалпы да, сондай-ақ дифференциалды да белгілермен сипатталатын фразеологизмдер жатады.

Алайда «синонимді ФЕ-лар мен жеке синоним сөздер арасында көзге түсер бір айырма бар». Синонимдес сөздердегі мағына жақындағы ФЕ-дағы мағына жуықтығынан әлдеқайда күштірек. Дегенмен «абсолют синонимдер жеке сөздерде де тым сирек кездеседі» деген ғалым сөзі, әрине, шындықтан қорытылған пікір [1; 609].

Орыс тіл білімінде фразеологиялық синонимдердің мынадай төрт түрлі белгісі:

- 1) семантикалық тұрғыдан өте жақын болғанмен, олардың арасында мағыналық, қолданылу реңктері жағынан айырмашылығы;
- 2) нақты бір сөз табымен арақатынасты болатыны;
- 3) құрылымдық-грамматикалық белгілеріне қарай ұқсас та, әр түрлі де болып келетіні;
- 4) бірдей немесе ұқсас лексикалық (және синтаксистік) тіркесімділігімен ерекшеленетіні сараланған [2; 201].

Біз фразеологиялық синонимдерді айқындауда, негізінде, осы белгілерді ескеріп отырдық. Жалпы, қазақ тілінің тұрақты тіркестерге, оның ішінде фразеологиялық синонимдерге де бай екені белгілі. Біздің байқауымызша, француз тілінде де бұл категорияның мол қалыптасқаны аңғарылады.

Бірақ бұл тілдің өзіне тән ерекшелігі, атаулар қайталанып келгенде, олардың мағынаны білдіру тәсілдерін түрлендіріп отыруға ден қойылатыны. Бұл — француз стилистикасының қатаң талаптарының бір шарты. Ашығын айтқанда, «le français a horreur de répétitions» (француз тілі қайталауларды жақтырмайды).

Айта кетейік, қазақ тіл білімінде синоним проблемасын ұзақ жылдар бойы және жан-жақты зерттеген ғалым Ә.Болғанбаев екен. Оның 1956 жылғы кандидаттық, 1970 жылғы докторлық диссертациялары осы мәселеге арналған.

Фразеологиялық синонимдер туралы ол: «Фразеологиялық синонимдер көркем образ жасау үшін қолданылады. Бұлардың өзіне лайықты орын тепкен мекені — көркем әдебиет. Сондықтан бұлар тілдегі кез келген стильде талғаусыз қолданыла бермейді», — деп ой түйеді [3].

Біз зерттеу жұмысымызды академик І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деп аталатын күрделі еңбегі бойынша жүргіздік.

Сөздіктен синонимдес 424 фразеологизм теріп алдық. Математикалық статистика әдісімен есептегенде, бұлардың 210-ының компонентінде соматизмдер бар, өзгелері антонимдес, көп мағыналы (полисемиялық) фразеологизмдер болды.

«Жүрек» сөзінен жасалған соматизм компоненттерден «қорқу» мағынасында қолданылатын синонимдес мынадай фразеологизмдерді кездестірдік: *жүрегі ұшты, жүрегі қозғалды, жүрегі қалтырады, жүрегі суылдады, жүрегі дір ете түсті, жүрегі зу ете қалды, жүрегі қорықты, жүрегі тас төбесіне шықты, жүрегі солқ етті, жүрегі қалмады, жүрегі мұздап сала берді, жүрегі суып қоя берді*.

Ал осы сөзден жасалған *жүрегі аттай дүрсілдеді, жүрегі тайдай тулады, жүрегі аузына тығылды, жүрегі жарылып кете жаздады, жүрегі алып ұшты, жүрегі лүп ете қалды (түсті)*-лерді екі ұдай («куану», «қорқу»); *жүрегі дауаламады, жүрегі торықты, жүрегі сыздады, жүрегі тоқтады*, тағы басқаларды әр түрлі сезімге байланысты қолданылатын фразеологизмдер деп қараймыз.

Сондай-ақ «ауыз» сөзінің доминанттығымен *мылжың, езбе, бөспе* мағынасында жұмсалатын «аузына түскенін айтады; аузына не түссе, соны айтады; аузына келгенді айтады; аузы сөзден босамайды; аузы тыным таппайды; аузы босамайды; аузы қарап отырмайды; ауыздыға сөз бермейді; көк ауыз, көбік ауыз» фразеологиялық синонимдері бар екенін анықтадық.

Алайда бұлардың үшеуін өзара фразеологиялық варианттар деп қараймыз. Себебі *түскенін, түссе, келгенді* дегендер — бір мағынадан, тек аздаған морфологиялық өзгерістерге түсіп, жұмсалып тұрған сөздер. Дегенмен, бұлардың қай-қайсы да, яғни «фразеологиялық синонимдерде, олардың варианттары да әр түрлі... Зат, сапа, іс-қимыл жөніндегі түсінікті айқындауда, сөз қолданыста бір сөздің уәжсіз қайталануын болдырмауда, жарыққа шығарылатын ойға лайықты әсерлік (экспрессивтілік); объективті, субъективті модальдық беруде және тағы басқаларда, бір сөзбен айтқанда, лексикалық синонимдер сияқты, тілде елеулі қызмет атқарады» [2; 265].

Жоғарыдағы «жүрек» сияқты, «ауыз» ұйытқы (доминант) сөзінен жасалған, әр түрлі мағыналық қатарларға жіктелетін фразеологиялық синонимдер де аз емес.

Мысалы, жағымда мәнді «аузы дуалы, аузының желі бар, аузынан дүр шашқан, аузынан жалыны шыққан, аузына қаратты»; жағымсыз мәнді «бейпіл ауыз, аузының дауасы жоқ, аузы желдей еседі, аузы жаман; аузына ақ ит кіріп, қара ит шығады; аузын басса, құйрығы сөйлейді» дегендер осындай тіркестер.

Бірақ мән-мағыналары соншама жақын, ұқсас болып келгенімен, бір қатардағы синонимдер сол фразеологизмдердің өзінің әрқайсысына тән стильдік реңкі болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген жайт.

Бұл тұрғыдан келгенде, мұндай фразеологизмдердің кейбірі белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыра алса, көпшілігі тек өздеріне лайық орындарда ғана жұмсала алады. Мысалдарды көрейік: Ұлы жүзде Қара би деген *аузы дуалы* би бар («Шешендік сөздерден»). *Аузының даруы* бар кісі еді, айтқаны келді («Абай тілі сөздігі»). Өзі де бір *бейпіл ауыз* адам екен: отырған әйелдерден де ұялған жоқ. *Аузына ақ ит кіріп, қара ит шыққан қонақ* сөздікте жоқ сөздерді шұбыртып-ақ отыр (Ғ.Мүсірепов).

Бұл сөйлемдердің алғашқыларындағы да, соңғы екеуіндегі де тұрақты тіркестерді өзара алмастырып қолдануға әбден болады. Себебі бұлар өте жақын мәндес фразеологизмдер. Айталық, *Аузы дуалы кісі еді — аузының даруы бар би, бейпіл ауыз, қонақ — аузына ақ ит кіріп, қара ит*

шыққан адам, сондай-ақ аузы жаман адам қонақ дегеннен контекстердің қай-қайсына да ешқандай (мағыналық та, стилдікте) нұқсан келмейді.

Ал олардың орнына аузының желі бар, аузынан дүр шашқан т.б. немесе аузы желдей ескен, аузын басса, т.б. синонимдерді қолдана алмаймыз. Себебі бұл тіркестердің семантикасында өзіндік реңк, айырмашылық бар. Мысалы, аузы дуалы айтқаны келетін, сәуегей адамға қатысты айтылса, аузының желі бар сөзге ұста, адамды үйіріп әкететін қабілеті, шешендігі бар кісіге қатысты қолданылады, тағысын тағылар.

Енді француз тілінің деректеріне ауысайық. Бұл тілдің тұрақты тіркестері компоненттеріндегі соматизмдердің құрамында *tête* (бас) лексемасының жиі ұшырасатыны байқалады.

Бірақ, өзге соматизмдермен салыстырғанда, бұл бесінші орындағы, 231 тіркестің компонентінде қолданылып жүрген соматизм болып шықты.

Бұл тіркестерде оның адамға берілетін жағымсыз мінездемеде жұмсау сипатын біз шартты түрде мынадай мағыналық топтарға жіктедік:

Топас, парақсыз бас:

tête de mule (сөзбе-сөз: есектің басы) — топас, зердесіз бас; *tête de lard* (сөзбе-сөз: шошқа бас) — ақымақ, қадірсіз бас; *tête de fer* (сөзбе-сөз: темір бас) — тоңмойын ақымақ, қоныр бас; *tête dure* (сөзбе-сөз: қатты бас) — ақпа құлақ; *tête à corvées* (сөзбе-сөз: ауыр жұмысты бас) — ақымақ бас; *tête de cochon* (сөзбе-сөз: шошқаның басы) — арбадан шыққан аттай, жүген-құрық тимеген асаудай, есектей қықар (қисық); *tête de chou* (сөзбе-сөз: орамжапырақты бас) — нақұрыс, қаудан бас; *tête carrée* (сөзбе-сөз: төртбұрыш бас) — топас, кеше бас; *tête de bourrique* (сөзбе-сөз: есек бас) — қықар, қасарма бас; *tête de boche* (сөзбе-сөз: аузы бас) — топас бас; *c'est une tête perdue* (сөзбе-сөз: бұл жоғалған бас) — ол мүлде зейінсіз, ақылсыз бас; *avoir la tête dure* (сөзбе-сөз: қатты басқа ие болу) — миғұла, топас болған бас.

Есерсоқ, жынды бас:

avoir un cafard dans la tête (сөзбе-сөз: басында графин бар) — жынды, есекқор бас, есі дұрыс емес бас; *avoir un grain de folie dans la tête* (сөзбе-сөз: басында мисыздықтың дәні бар) — ақылынан адасқан бас, есі дұрыс емес бас; *avoir la tête felée* (сөзбе-сөз: басында жарық бар) — есі дұрыс емес бас; *tête felée* (сөзбе-сөз: басы жарық) — делқұлы, жынды бас; *c'est une tête mal timbré* (сөзбе-сөз: бұл басы жаман штампталған) — оның есі дұрыс емес бас; *avoir une araignée dans la tête* (сөзбе-сөз: басында өрмекші бар) — өзін-өзі билей алмайтын, есінен айрылған бас.

Дарақы, қылжақ бас:

avoir un coup de marteau sur la tête (сөзбе-сөз: басында балға бар) — оғаш, дарақылау көріну; *avoir un coup de hache à la tête* (сөзбе-сөз: басында балтаның соққысы бар) — ақылына қықым түскен, жынды адамдай болу.

Алаңғасар, ұшқалақ бас:

c'est une tête folle (сөзбе-сөз: бұл есі аусқандай бас) — ол тентек, ұстамсыз, жеңіл ойсыз, алаңғасар, ұшқалақ, жеңілтек бас; *tête écervelée* (сөзбе-сөз: алаңғасар бас) — зейінсіз, ойсыз, желөкпе бас; *avoir beaucoup de lunes dans la tête* (сөзбе-сөз: басында көп ай бар) — есерсоқ, жеңілтек бас; *avoir une chienne de tête* (сөзбе-сөз: ұрғашы иттің басы болу) — жаңғалақ, қаңғалақ, терең ойламайтын бас; *tête vagabonde* (сөзбе-сөз: қаңғыма бас) — миғұла бас, желөкпе бас; *tête sans cervelle* (сөзбе-сөз: ақылсыз бас) — алаңғасар, ұшқалақ, құйын мінезді ұйтқыма бас; *tête légère* (сөзбе-сөз: жеңіл бас) — жеңіл ойлы, жеңілтек бас; *mauvaise tête* (сөзбе-сөз: жаман бас) — ұстамсыз, қисынсыз, ойланбай сөйлейтін бас.

Қарттар мен ауру адамдардың денсаулығы, ақыл-ой қабілетіне байланысты: n'avoir plus de tête (сөзбе-сөз: бассыз) — алжыған, ақылынан адасқан бас.

Әрине, тіл-тілдің қай-қайсы да белгілі бір халықтың ұлттық қазынасы; ұлттық басты белгілерінің бірі болғандықтан, оның сол ұлт табиғатына сай өзіндік ерекшеліктерінде болатыны белгілі. Оның үстіне біздің нысан (объект) етіп зерттеп жүрген тілдеріміз тектес емес, әр түрлі: бірі түркі, екіншісі үндіеуропалық топтарға жататындықтан, бұлардағы айырмашылықтардың алуан түрлі болып келетіні — аксиома. Демек, сондықтан да бұл екі тілдегі қарастырылып отырған соматизмді фразеологиялық синонимдер грамматикалық, семантикалық жақтарынан ұқсастықтары болғанмен, контекстегі жұмсалыуында, стильдік қызметінде т.б. басым бірыңғайлық, дәлме-дәлдік таныта бермейді.

Қазақ және француз тіліндегі фразеологиялық синонимдерді ұйытқы компоненттеріне, жалпы тіркесімдік өрістеріне қарай мынадай түрлерге сараладық:

1) мағыналары бірдей (жалпы тұтас фразеологиялық мәні бар) синонимдер: *иықтан басты* — *иығына су кетті*, *бауыры езілді* — *бауырын елжіретті*, *être sans coeur* (сөзбе-сөз: жүрексіз болу) — *avoir le coeur sec* (сөзбе-сөз: құрғақ жүрек болу) — мейірімсіз, тас жүрек болу;

2) идеологиялық синонимдер: *ауызын арандай ашты* — *аузын үлкен ашты*, *миы айналды* — *миы қайнады*, *иық теңестірді* — *иық салыстырды*, *coeur de poulet* (сөзбе-сөз: тауықтың жүрегі) — *coeur de poule* (сөзбе-сөз: тауықтың жүрегі) — қоян/су жүрек, *coeur de roche* (сөзбе-сөз: тас жүрек) — *coeur de marbre* (сөзбе-сөз: мәрмәр жүрек) — тас жүрек.

Сөз соңында фразеологиялық синонимдердің, негізінде сөздердің ақиқат болмыстың әр түрлі суреттерінен туындайтын бейнелерге лайық метафоралық қолданысы нәтижесінде жасалатын, сонымен бірге екі тілде де, әсіресе атау қайталауларын болдырмауда тиімді қызмет атқаратынын айтамыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1973.
- 2 Фомина М.И. Современный русский язык (лексикология). — М.: Высш. шк., 1983.
- 3 Болганбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 115 б.

Л.Т.Жұмақанова, Ш.Т.Мұхамеджанова

Сопоставление фразеологических синонимов-соматизмов казахского и французского языков

Представлена сопоставительная характеристика фразеологических синонимов-соматизмов казахского и французского языков. Выявлены сходства по типам — общего и идеологического значения.

L.T.Zhumakanova, Sh.T.Mukhamedzhanova

Comparison of the phraseological synonyms somatisms of the Kazakh and French languages

The comparative characteristic of phraseological somatic synonyms of Kazakh and French languages is presented in this article. Similarities of synonyms-somatics of two types — of a general meaning and, so-called, ideological, are revealed in these languages.

Г.А.Қожахметова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қазіргі қазақ тіліне шетелдік лексиканың кіру жолдары

Мақалада кірме сөздердің тілге ену жолдары мен сипаты қарастырылды. Келесі мәселелер: кірме сөздердің тілдегі ассимиляциялануы, олардың тілдің грамматикалық құрылымына және фонетикалық нормасына бағынуы, олардың өз мағынасын өзгертуі мен қабылдаған тілдің сөздік құрамына қандай өзгерістер әкелгені сөз болады.

Кілтті сөздер: тілдің сөздік құрамы, үш тілдік тұғыр саясаты, тілдердің өмір сүру, даму барысы, ағылшын тілінен енген сөздер, кірме сөздердің фонетикалық және грамматикалық ассимиляциясы.

Кез келген тілдің сөздік құрамы үнемі жаңарып толығып, жаңаланып отырады. Елімізде соңғы жылдары жүріп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық және басқа да салалардағы өзгерістер, Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне кіруі, сонымен қатар елімізде жүріп жатқан Үш тілдік тұғыр саясаты тілімізге де өзгерістердің, соның ішінде ағылшын тілінен енген кірме сөздердің пайда болуы арқылы толығына әкелді.

Кірме сөздердің ену себептері: сол сөздермен бірге келетін жаңа ұғымдардың атауы (*блокбастер, джип, сайт* т.б.), тілдегі сөз тіркесін қысқарту мақсатында оны бір сөзбен алмастыру (портативті компьютер — *ноутбук*), кейбір ұғымдарды нақтылау (*мотель* — автотуристер үшін қонақ үй), олардың коммуникативтік өзектілігі (*веб-сайт, провайдер, дефолт*). Сонымен қатар кірме сөздердің пайда болуына ықпал ететін жағдайлар: тілдік қатынастардан пайда болатын шет тілдік сөздерді қазіргі замандық сөз деп қабылдау.

Қазіргі кезде кірме сөздердің өте жылдамдықпен енуіне байланысты оларды сөздіктерден табу мүмкін емес, сондықтан мысалы *пресс-релиз* (бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне басқару органдары беретін арнайы бюллетень) сияқты шетелдік сөздерді оқырмандар БАҚ құралдарында кездестіргенде шарасыздық танытады.

Алайда қазақ тіліне кірме сөздердің енуі жаңалық емес, себебі қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII-XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII-XIII ғасырларда монғол елдерімен, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731), бастап бүгінгі күнге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұзақ байланыстардан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шетел сөздері пайда болған.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: араб тілі, парсы тілі, монғол тілі, орыс тілі. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер қазіргі кезде қазақ тілінің төл сөздеріндей болып кеткен.

Лексикологияны зерттеуші-ғалымдар кірме сөздердің қайдан және қандай себеппен келгендігін зерттеп қана қоймайды. Оларды сонымен қатар бұл сөздердің тілге сіңіп кетуі, оның грамматикалық қатары мен фонетикалық нормаларына сәйкестігі, мағынасының өзгеруі келіп енген тілдегі сөздік құрамға қандай өзгерістер әкелуі деген сияқты мәселелер де қызықтырады. XIX ғасырдағы орыс лингвисті А.А.Потебня не және қай тілден келгендігін емес, не қосылды және басқа тілден енген сөз нәтижесінде не пайда болды деп сұрау керек деген [1].

Тілдер өмір сүреді, дамиды және даму барысында өзгерістерге ұшырауы немесе бүлінуі де мүмкін. Басқа тілден ауысып келген сөздердің жаңа сипат алуы әсіресе маңызды мәселе болып табылады. Кірме сөздер қабылдаушы тілдің заңдылықтары әсерінен фонетикалық, грамматикалық және семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Кейбір сөздер тілге толығымен сіңіп кетсе, кейбіреулері өздерінің өзге тілдік қалпын сақтап қалады. Қабылдаушы тілде жоқ нәрсені қарастырғанда оларды түсіндіру үшін сол сөздерге тән өзіндік сипаттамасы және айырмашылығы көрсетіледі. Қазақ тіліне енген кірме сөздердің түсіндірме сөздіктерінде олардың қандай тілден келгендігі және бастапқы мағыналары беріледі. Алайда соңғы 10 жыл ішінде шетел тілдерінен сөздердің көптеп енуі себебінен олардың көпшілігі сөздіктерде кездеспейді.

Кірме сөздер тілге ауызша және жазбаша жолмен де енеді. Ауызша жолмен енген сөздер тілге тез сіңіп кетеді де, жазбашалары өзінің фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады. Тілге кірме сөздердің келуінің негізгі жолдары: транскрипция, транслитерация, калькалау және семанрикалық кірмелер. Транскрипция — шетелдік сөздердің өз дыбыстық формасын сақтап қалуы. Мысалы: *image, summit, trailer, briefing* және т.б.

Транслитерация — шетелдік сөздердің жазылуында ана тілінің әріптерін қолдану. Мұнда сөздер қабылдаушы тілдің ережесі бойынша оқылады. Мысалы: *nuar (PR), веб (web), провайдер (provider), мотель (motel)*.

Калькалау — шетелдік сөздердің қабылдаушы тілдегі сөздермен берілетін тура аудармасы.

Кірме сөздерді зерттеушілердің бірі А.Т. Исламова өзінің «Шетел сөздерінің белгілері мен деректері» тақырыбындағы зерттеуінде қазақ терминологиясында шетел сөздердің келесі түрлерін ажыратуға болады дейді: 1) материалдар кірмелер; 2) калькалар; 3) аралас кірмелер (полилексемдік терминдер мен күрделі сөздерде) [2].

XIX ғасырдың аяғында — XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің көбінің еңбектерінде «кірме сөздер» термині қолданылады, алайда кейбір зерттеушілер кірме және калькалауды әр түрлі процесс деп қарастыруды ұсынады. Басқа тілден енген сөздердің тілге калька арқылы енуі қабылдаушы тілдің лексикасының толықтырып байытатыны жөнінде көптеген лингвисттер Б.Әбілқасымов, Б.Момынова өз еңбектерінде атап өтеді [3, 4].

Семанрикалық кірмелер — шетелдік сөздердің бастапқы мағынасының өзгеріп жаңа мағынаға ие болуы. Мысалы: *блокбастер* сөзінің мағынасы — 1. жылжымайтын мүлікпен алып-сатарлық жасаушы; 2. танымал фильм. Бұл сөздің ағылшын тіліндегі алғашқы мағынасы «ауыр фугасты бомба» (*block-buster*).

Кірме сөздердің келуі олардың аудармасын табудан басталады. Кірме сөздердің осы аталған келу жолдарының аударма жолдарынан айырмашылығы аудармада сөздік қор көбеймейді, ал кірме сөздерде тілде жаңа сөздік бірліктер пайда болады. Шетелдік атауларды аударуда көбінесе транскрипция, калькалау және түсіндірме аударма қолданылады.

Кірме сөздер, егер лексикалық жүйеде оған алдын ала жағдай жасалса, жеңіл бекіп қалыптасады. Шетелдік лексиканың кіруі ежелгі сөздің полисемиясын жоюға әкелетін тенденцияның нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Көбінесе кірме сөздерге себеп болатын соған сәйкес ұғымды нақтылау және тәптіштеу, әр түрлі сөздерге бекітіп кейбір мағыналық ерекшелігін шектеу (*репортаж* — негізінде әңгіме, *хобби* — әуестену, қызығушылық). Осылай тілде бар сөз бен кірме сөз өзінің семанрикалық саласын бөліседі және бұл салалар қиылысуы мүмкін болғанмен, толық сәйкес келмейді.

Кірме сөздерді жеңілдететін фактор тілде қабылданған лексикалық бірлікпен типтес құрылымы жағынан бірдей сөздердің пайда болу тенденциясының қызметі. Мысалы, XX ғасырда басқа тілдерден енген *кино, авто, такси, метро* сөздері [5, 32].

Шетелдік сөздің тілге кіру себептерін қарастыра отырып, мынадай заңдылықты айта кету керек: ортақ мағынасы мен қайталануына негіздеп, бірнеше лексикалық қатарға біріктіруге болатын кірме сөздер бекітілсе және олар осы қатардың сөздерімен типтес болса, олардың қолданылуы біршама жеңілдейді. Мысалы, *-мен* деген ортақ элементі бар сөздер: *джентльмен, спортсмен, конгрессмен* және т.б. Бұл қатар осы типтес сөздермен бірте-бірте толыға бастады: *бизнесмен, бармен, супермен*.

Кірме сөздер — екі мүшеден тұратын атауды бір мүшеге айналдырудың жолы. Мысалы: *напараци* — атақты адамдардың өмірінен кездейсоқ фотоларды түсірумен айналысатын кәсіби фотосуретші.

Алайда сөз тіркесін шетелдік сөзбен алмастыру тенденциясы заңдылық емес екенін атап өту керек. Берілген сөз тілде қалыптасуы мәселесін қарастырғанда оның оған дейінгі синонимдес лексикалық бірліктермен арақатынасы қандай екенін т.б. анықтауда кірме сөз тілінің жүйесін сипаттайтын факторларды, анығырақ айтсақ, микрожүйені — «тематикалық» принцип бойынша біріккен атаулардың нақты жиынтығын ескеру қажет. Мысалы, бір механизмнің бөлімдерінің атаулары немесе нақты өнімнің атаулары. Мұндай микрожүйенің ішінде кейде ортақ құрылымдық белгілер байқалады. Сонымен микрожүйенің атауы екі мүшеден тұратын болса, оның бір мүшесін сондай мағына беретін шетелдік сөзбен ауыстыру жүрмейді, себебі ол берілген топ ішіндегі жүйелік байланысты бұзуға әкеледі. Сол сияқты сөз тіркесін алмастыратын атаулар бір сөзді болуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұған дейін ерекше атау берілмеген бір детальді немесе кейіпті білдіретін шетелдік сөз құрылған терминологиялық микрожүйеден алынып қалмайтындықтан, тілде тұрақтап қалуға белгілі бір себептері болады.

Сонымен, сипаттамалық тіркестерді (немесе сөз тіркесі) кірме сөздермен алмастырумен байланысты тілдегі экономия принципі деп аталатын мәселе пайда болады. Бұл принциптің ықпалы Е.Д.Поливановтың (негізінен фонетикалық өзгерістерде), Г.Ципфтің, А. Мартиненің және тағы басқалардың еңбектерінде көрсетілген. Алайда морфология, синтаксис, лексика сияқты тілдің салаларында бұл принциптің механизмі ықпалы анықталмаған. Мұндай кірме сөздер коммуникацияда қолданылатын лексикалық бірліктердің жиынтығындағы өзгерістерге әкеледі.

Әрине, бір жағынан, сипаттамалық тіркестерден қысқа кірме сөздер атау бірліктерін сандық жағынан қысқартады. Әрі лексикалық бірліктердің жиынтығы немесе сөздік сол тілдің барлық сөздері көлемінде болса да, бір тематикалық топтың терминдері көлемінде болса да нақты ұйымдастырылған жиынтық сипатын алады. Екінші жағынан, кірме сөздер бірліктер жиынын көбейтеді. Ал жаңа бірліктерді қолдану олардың мағынасын ашу қажеттілігіне әкеледі. Мысалы, *концессия* деген не? Бұл шетелдік сөз *жол беру* деген етістіктен жасалады. *Біреуге немесе бір топқа концессия ұсыну* оларға *елдің табиғи байлығын пайдалануға рұқсат* ету дегенді білдіреді. *Концессиялық міндеттемелер* — *концеденттің жасалған концессия шарттары бойынша инвестициялық шығындарды өтеу бойынша белгілі бір күнге қабылдаған және орындамаған міндеттемелерінің сомасы* (ЕҚ 22.10.2008).

Бұл қарама-қайшылықты кеңірек жағдайда түсіндіруге болады, яғни антонимияда «сөйлеуші-тыңдаушы». Сөйлеуші айтатын мәліметті сөйлеудің мүмкіндігінше ықшамдалған формасына кіргізуді көздейді; тыңдаушы зат туралы толық мәлімдеуге қарағанда мәтінді барынша тез түсіну мүмкіндігіне ұмтылады. Осыған байланысты егер берілген тілді білетіндерді екі тұрақты топқа — сөйлеушілер мен тыңдаушылар деп бөлетін болсақ, сөз үнемдеуді жасайтын жаңашылдыққа, соның ішінде атау сөз тіркестерін алмастыратын шетелдік кірме сөздерді қолдануда сөйлеушілер «кінәлі» болып шығар еді. Ал негізінде тілде сөйлеушілер «сөйлеушінің» де, «қабылдаушының» да ролін атқарады.

Кірме сөздердің тілге енуінің себептері мен олардың бір тілден екінші тілге өтуіне қажет жағдайларды анықтау керек. Кірме сөздер үшін басты шарт — қостілділік деген пікір лингвистер арасында кең тараған. Венгр зерттеушісі Б.Шулан «сөздік кірмелерді зерттеудегі негізгі әдістемелік принцип қостілділіктің кірме сөздердің негізі мен себебі болуы деп саналуға тиіс. Сөздің тілге шетел тілінен еніп жаңа тілде орнығуы үшін алушы тілдік қоғамның мүшелері беруші тілмен біршама таныс болуы қажет. Олар тым болмаса жартылай билингвизм сатысында болуы тиіс, әйтпесе олар сөздің мағынасын түсінбейді де сөз енгізілмейді» [6; 45].

Алайда С.Булич қостілділікті екі көршілес елдің территориялық байланысы деп түсінуге болмайтынын жазған. Қостілділік берілген тілде сөйлеушілердің басқа тілдік ортамен қарым-қатынасынан пайда болады [7].

Б. Шулан «Сөздіктегі кірменің көбісі қостілділік ортадан пайда болады, өз ортасында ғана белгілі шетелдік сөзді алдымен қос тілде сөйлеушілер қолданады, содан соң тілдік салада кең көлемде таралады. Кейіннен ол сөз жазба сөзге кіріп, тілдің барлық саласын қамтиды» деген [6; 122].

Қазіргі жағдайда қостілділік ауызша қарым-қатынаста ғана емес сол сияқты шетелдік әдебиетті, газеттерді оқу мен аудармашылық салада да кездеседі. Кірме сөздер қостілділіктің нәтижесі ретінде қостілділердің ауызша практикада қолданатын стадиясын өтпей, бірден жазбаша сөзге түседі.

Сонымен, беруші тілмен таныс болу, қостілдіктің біраз минимумы лексикалық кірмелердің негізгі шарты болады. Бірақ шетелдік сөздердің сол тілде тұрақтануына бұл әлі де жеткіліксіз. Осы жерде басқа тілден келетін сөздердің сипаттамасына тоқтала кеткен дұрыс болады, яғни барлық шетелдік сөздер бірдей меңгеріле ме әлде олардың кейбір түрлеріне тілдік жүйеге енуге кедергі келтіретін нақты факторлар бар ма деген мәселелер.

Л.П. Крысин өзінің «Иноязычные слова в современном русском языке» атты еңбегінде «лексикалық ауысып келген сөз» термині мен «кірме сөздер» сәйкес келмейді дейді. «Лексикалық ауысып келген сөз» тек қана «сөздің бір тілден екінші тілге ауысуы» белгісімен анықталады, ал «кірме сөздер» ұғымын түсіндіруде сөздің, оның ішінде шетелдік сөздердің тілдегі қызметі, сол жүйедегі әр түрлі лексикалық элементтермен сәйкестігі, тілдегі кездесу жиілігі және т.б. [5, 45].

Қазіргі кезде, өзіміз көріп отырғандай, кірме сөздердің шетелдік сөздерден айырмашылығын көрсететін қалыптасқан ұғым жоқ. Сөздікке тіркелген барлық шетелдік сөздерді кірме сөздер деп есептеу ұсынылады. Бірақ бір сөздің әр түрлі сөздіктерде берілуінде айырмашылықтар болуын ескерсек, бұл мәселенің шешімі емес екендігі көрінеді.

Кірме сөздерді анықтаудағы критерийлердің әр түрлі — диахрониялық немесе синхрониялық болуы қиындық тудырады. Сөзді меңгеру — диахрониялық мәселе, себебі меңгеру уақытпен өтеді; кірме сөздердің шетелдік сөздерден айырмасы этимологиялық тарихи аспектілермен де байланысты. Екіншіден, бір синхрондық кесіндідегі тілдегі шетелдік лексиканың жиілігі, оның бір тематикалық немесе семантикалық саладағы сөздермен лексикалық-семантикалық қатынасы мәселесін қарастырғанда сөздердің тарихына, оның тілге ену жолына, олардың хронологизациясына үнілудің қажеттігі болмайды.

Сөздің берілген тілдің лексикалық жүйесіне жататындығын анықтағанда нақты бір критерийлерді көрсету мәселесіне келейік. Берілген тілдің лексикалық жүйесіне жататындығын көрсететін грамматикалық және фонетикалық сипаттамасына келсек, оларды көрсетуге болады. Бірақ бұл сөздің қай тілде қолданылатынын (мысалы, қазақ тілінде сөйлеушілер тіліндегі ағылшын, француз сөздері) айту үшін бұл жеткіліксіз.

Осы мәселелерді шешудің бір жолы сөзді меңгерудегі өте қажетті және берілген сөзді тілдің лексикалық жүйесіне енген кірме сөз деп санау үшін жеткілікті болатын міндетті критерийлер ретінде берілетін сипаттамаларды таңдау. Бөтен сөздің тілде ассимиляциялану белгілері — жеткілікті қажеттілік.

Л.П. Крысиннің айтуынша, сөздің енгізуші тіл жүйесіне енуі үшін келесі шарттар талап етіледі:

- шетелдік сөздің енгізуші тілге фонетикалық және графикалық жолмен берілуі;
- сөздің енгізуші тілдегі грамматикалық класс пен категориялармен байланысы;
- шетелдік сөзді фонетикалық меңгеру;
- грамматикалық меңгеру;
- сөздің сөзжасау белсенділігі;
- шетелдік сөзді семантикалық меңгеру: мағынасының анықталуы, тілдегі бұрыннан бар сөздер мен шетелдік сөзбен пайда болған сөздердің мағыналары мен олардың реңкін дифференциациялау.

Тілдегі жиі қолданылуы: кез келген бір арнайы стилистикалық сфераға кірмейтін сөз үшін — әдеби тілдің әр түрлі жанрларында; термин үшін — оны енгізген сол терминологиялық салада тұрақты қолданылуы, сол терминологиялық саладағы терминдермен нақты парадигмалық және мәнділік қатынасының болуы [5; 56].

Аталған белгілердің барлығы шетелдік сөздің тілге кіруі мен ондағы қызметі үшін қажеттілік бола алмайды. Факультативтік белгіге жататындар шетелдік сөздің фонетикалық және грамматикалық ассимиляциясы мен оның сөз жасау белсенділігі. Мысалы, қазақ тілінде қазақ тілінің дыбысталуына және грамматикалық жүйесіне сәйкес емес сөздер бар: *имидж (дж), инжиниринг (к)* сөздері.

Қазіргі бұқаралық акпарат құралдарында кездесетін кірме сөздерді қарастыра отырып, олардың енуіне сипаттама беретін болсақ:

1. Кірме сөздердің басым бөлігі қазақ тілінің әріптерімен берілетін шетелдік сөздер: *дефолт, дисплей, принтер, эмитент, стресс, имидж, фаст-фуд, билборд*.
2. Сол тілдің өз графикасын сақтап қалған шетелдік сөздер: *CD, CD ROM, SMS, PR, PhD, mail.ru, megaline, online, show-room, web, IT*.
3. Шетелдік орфографияны сақтап қалған шетелдік сөздер: *брифинг, корпорейшн, инжиниринг, бейсджампинг, кейв-дайвинг, бестселлер*.
4. Жартылай шетелдік сөздер: *web-ресурс, CD, DVD-диск, PR-агенттігі, ҚазNet*.

Әдебиеттер тізімі

1. *Потебня А.* Мысль и язык. — Киев, 1993. — С. 65.
2. *Исламова А.Т.* Шетел сөздерінің белгілері мен деректері. — Алматы, 2004. — 15-б.
3. *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. — Алматы: Ғылым, 1971. — 73-б.
4. *Момынова Б.* Газет лексикасы. — Алматы: Арыс, 1999. — 72-б.
5. *Крысин Л.П.* Иноязычные слова в современном русском языке. — М.: Наука, 1968. — 188 с.
6. *Sulan B.* Zu einigen Fragen des Billinguismus. — III т. — Debrecen: Slavica, 1963.
7. *Булич С.К.* Заимствованные слова и их значение для развития языка. — XV т. — Варшава: Русс. филол. вестн., 1886. — С. 26.

Г.А.Кожаметова

Пути ввода иностранной лексики в казахский язык

Автор рассматривает пути ввода заимствованных слов и их характеристики, касается проблем их ассимиляции подчинения грамматическому строю и фонетическим нормам языка, изменения значений. В статье анализируется какое изменение повлекло появление таких слов в словарном составе языка, который их принял.

G.A.Kozhakhmetova

Ways of introduction of a foreign lexis into the Kazakh language

This article considers the ways of the borrowing the loan words and their features. It also concerns the problems how it became assimilated, submitted to its grammatical structure, phonetic norms and semantic changes.

ӘОЖ 81

Г.О.Сыздықова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана***Зат есімдердің тіркесімділігі мен семантикалық валенттілігі**

Мақалада зат есімдердің тіркесімділігі мен семантикалық валенттілігі қарастырылды. Автор ғылыми ойды, ғылыми ойлауды, тілді бейнелейтін және анықтайтын синтаксистік құрылымды қазіргі тіл мәселесіндегі жетістіктерді ескере отырып, зерттеуді ұсынды.

Кілтті сөздер: контекст, валенттілік, лексика-семантикалық сипат, грамматикалық сипат, сөз тіркесі, сөз таптары, тіркесімділік, грамматикалық форма, мағыналық үйлесімділік, семантикалық валенттілік.

Сөздің контекстуалдық байланысы, түрлі сөз таптарының семантикалық және синтаксистік деңгейдегі тіркесімділігі мен валенттілігі сөз таптарын синтагматикалық тұрғыдан қарастыруда аса маңызды рөл атқарады. Валенттілік теориясындағы өзекті мәселелердің бірі — валенттіліктің сөз таптарына қатысты анықталуы. Жалпы лингвистикалық зерттеулердің басым көпшілігінде, оның ішінде неміс грамматикасында валенттілік құбылысы синтаксистік тұрғыдан етістікпен байланысты қарастырылып, нәтижесінде басқа сөз таптарының валенттілік сипаты назардан тыс қалды. Алайда сөз таптарының ішінде зат есім, сын есім, үстеулердің валенттілік құбылысымен байланысы, валенттілік теориясындағы орны, валенттілік құрылымы туралы мәселелердің зерттелуі Б.А. Адмони, О.И. Москальская, О. Бегагель, тағы басқа ғалымдардың еңбектерінен бастау алады.

Қазақ тіл білімінде сөз таптары жүйесінде лексика-семантикалық және грамматикалық сипатымен ерекшеленетіні — зат есімдер. Қазіргі тілтанымдағы күрделі мәселелердің бірі валенттілік теориясын әрбір сөз табы тұрғысынан зерттеу негізінде валенттілік құбылысының маңызды мәселелерін айқындау болса, зат есімдердің тіркесімділігі мен валенттілік қасиеттерінің өз алдына жеке зерттеу нысанына алынуы да осы мәселелердің қатарынан маңызды орын алады.

Сөз таптарының ішінде зат есімдердің етістікпен қарым-қатынасы олардың семантикалық сипатымен байланысты. Етістік қимылды білдірсе, зат есім зат, құбылыс атауларын білдіреді. Кез келген қимыл белгілі бір субъектіге бағытталады немесе субъект арқылы жүзеге асады. Бұл орайда зат есімдер етістіктің жанындағы барлық бос орындарды иеленіп, осы қасиеті арқылы белсенді валенттілікке ие болады. Етістіктермен қарым-қатынасындағы осындай сипатына қарай зат есімдер әмбебап валенттілік сипатымен ерекшеленеді. Дүниедегі заттар мен құбылыстарға зат есімдер арқылы ат беріледі. Соның негізінде бізді қоршаған ортадағы түрлі заттар мен құбылыстар, деректі-дерексіз ұғымдар зат есімдермен белгіленіп, зат есімдермен аталады. Бірақ затқа ат беру оның сипатын толық аша алмайды. Атаумен бірге оны бағалау, өзі тектес басқа заттардан ерекшелендіретін

сын-сипатын, сапасын, қасиетін көрсету қажет. Мысалы: «аспаннан су тамшылары түрінде жерге түсетін атмосфералық ылғал, жауын-шашын» [1; 267] деген мағынаны білдіретін *жаңбыр* зат есімі бірде қатты, бірде баяу жауу сипатына қарай өзара ерекшеленеді. Атмосфералық ылғалдың бұл түрінің әр түрлі белгілері арқылы оның анықтаушы сөздермен төмендегідей тіркесімділіктері қалыптасады: *қалың жаңбыр, ақ жаңбыр, күзгі жаңбыр, түнгі жаңбыр, соқыр жаңбыр, жылы жаңбыр* т.б. Бұл мысалдардан зат есімге тәуелді, оған бағынышты сөздердің (сын есімдер) заттың айрықша белгілерін толықтыруға ықпал ететіндігі байқалады. Анықтаушы — анықталушы құрылымдағы зат есімнің сын есімдердің белгілі бір түрлерімен тіркесімділігі олардың арасындағы мағыналық үйлесімділік негізінде жүзеге асады.

Сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы сөздердің арасында екі жақты байланыс болады. Біріншіден, олар белгілі бір грамматикалық формалар арқылы тіркессе, екіншіден, тіркесімділікке түскен сөздер семантикалық жағынан да байланысады. М. Оразов «егер бұл екі байланыстың біреуі жоқ болса, не сөйлемдегі айтылатын ой толық жеткізілмейді, не мүлде түсініксіз бір нәрсе болып шығады» [2; 194] деп, сөздердің грамматикалық және семантикалық байланыстарын тең дәрежеде қарастырады. Зат есімдердің басқа сөз таптарымен тіркесімділігіндегі семантикалық валенттілігін анықтауда олардың валенттілік құрылымындағы сөздердің мағынасы мен формасына ерекше назар аударылады. Бұл жағдайда тілдік норманың да маңызын ескеру қажет. Мысалы, *үркек ат, тебеген жылқы, сүзеген сиыр, қабаған ит* т.б. Үрку тек атқа, биеге ғана тән қасиет емес, сиырға да, қойға да, түйеге де тән қасиет. Бірақ *үркек сиыр, үркек қой* деп айтпаймыз [2; 195].

Сол сияқты ғаламзат есімдерінің ішінде өсімдік атауларын білдіретін *жусан, алма, сарымсақ, пияз* сөздері сын есімдер тобындағы кез келген сөзбен тіркесімге түспейді. Мысалы: *ащы* сын есімі *жусан, сарымсақ, пияз* зат есімдерімен тіркескенімен, *алма* зат есімімен лексикалық тіркесімділікке түсе алмайды. Керісінше, алманың ащы дәмін сипаттау үшін *алма* зат есімі *қышқыл* сын есімімен мағыналық жағынан байланысып, валенттілік қатынаста бола алады. Сондай-ақ *ащы* сөзінің антонимі *тәтті* сын есімі бұл топтағы *алма* зат есімімен ғана тіркесе алады. Бұдан жалпы сөздердің семантикалық байланысының лексикалық тіркесімділіктегі маңыздылығы көрінеді. «Сөз тіркестерінің компоненттері өзара байланысу үшін олардың ортақ семалары болу керек не біріне-бірі қарсы келетін семалары болмау керек» [2; 196] деген тұжырымға сүйенсек, *жусан, сарымсақ, пияз* сөздерінің *ащы* сын есімімен семантикалық байланысы олардың арасындағы ортақ сема арқылы жүзеге асырылады. *Жусан* — ащы дәмді шөп; *сарымсақ* — ащы дәмді бақша дақылы; *пияз* — тағамды дәмдендіретін аса пайдалы бақша дақылы [1; 313,676,713]. *Ащы* — 1. тұзы күшті, тұзы көп; 2. дәмі ауызды қуыратын, жағымсыз; 3. құлаққа жағымсыз, жанға жайсыз; 4. жусан, ермен тәрізді ащы шөп [1; 77]. *Ащы* сын есімін *жусан* зат есімімен байланыстырып тұрған оның төртінші семасы болса, *сарымсақ, пияз* зат есімдерімен байланыстырып тұрған екінші семасы.

Зат есімдердің синтаксистік, семантикалық және коммуникативтік деңгейлердегі валенттілік әлеуетіне қарай А.В. Пыриков үш түрін бөліп көрсетеді: 1) синтаксистік-облигаторлық (міндетті); 2) семантикалық-облигаторлық; 3) коммуникативтік, немесе ситуативтік-облигаторлық [3; 94,95]. Бұл топтардың барлығы зат есімдердің сөйлем құрамындағы актанттарының қызметіне қатысты анықталады. Синтаксистік-облигаторлық зат есімдер әр сөйлемді оның грамматикалығы/грамматикалығы тұрғысынан, семантикалық-облигаторлық зат есімдер контексттегі сыңарлардың семантикалық белгілерінің тіркесімділігі тұрғысынан, ал коммуникативтік-облигаторлық зат есімдер сөйлеушінің коммуникативтік ыңғайына қарай сипаттайды. Сөз таптарының валенттілік әлеуетін синтаксистік, семантикалық және прагматикалық тұрғыдан зерттеу тіл біліміндегі валенттілік теориясының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Валенттілік теориясында зат есімдердің лексика-грамматикалық топтарының факультативтік және синтаксистік міндетті актанттары сөйлемде анықтаушы қызметін атқарады. Зат есім актанттарының синтаксистік міндеттілігі немесе облигаторлығы олардың анықтаушы қызметіндегі валенттілік-байланыстырушылық қызметімен анықталады. Соның негізінде зат есімдерді валенттілік құрылымына қарай бірвалентті, эквивалентті, үшвалентті деп бөліп қарастыратын пікірлер де бар [3; 96]. Осы пікірді негізге ала отырып, қазақ тіліндегі зат есімдердің де валенттілік құрылымын актанттарының санына қарай анықтауға болады. Мысалы: *ғылыми жаңалық, саяси жаңалық, мәдени жаңалық, жақсы жаңалық* тіркесімділігіндегі қоғам не адам өміріндегі өзгеріске қатысты ұғымды білдіретін *жаңалық* зат есімі сын есімдердің ішіндегі шектеулі сөздермен ғана мағыналық жағынан үйлесімділік тауып, соның негізінде тіркесімділік байланысқа түседі.

Сын есім — зат есім үлгісіндегі тіркесімділікте сын есімдер зат есімнің актантты қызметінде оның валенттілік құрылымын толықтырып тұрады. Заттың сындық белгісі сын есімдер арқылы анықталғанмен, кез келген сын есім зат есіммен байланыспайды. Тек өзі тіркесетін зат есімнің мағынасымен, оның бір семасымен ортақтығы, ұштастығы бар сын есімдер ғана зат есімдермен тіркесімділікке түсіп, соның негізінде зат есімнің валенттілік құрылымында актант қызметінде қолданылады. Мысалы: *ақ көгершін*, *көк көгершін* тіркесімділігінде *көгершін* зат есімі түсті білдіретін сын есімдер қатарындағы *ақ*, *көк* сөздерімен ғана семантикалық байланысы негізінде тіркеседі. Ал заттың түсін білдіретін басқа сын есімдердің зат есімнің құс атауларын білдіретін тақырыптық тобындағы *көгершін* сөзімен мағыналық байланысының болмауы олардың арасындағы синтагматикалық қатынасқа да әсер етеді.

Есімше тұлғалы етістіктер де анықтауыш қызметінде зат есімдердің актанттары ретінде қолданылады. Мысалы: *оқыған адам*, *барар жер*, *айтылған сөз* т.б. Бірақ сын есімдер мен есімшелердің актант қызметіндегі қолданысының зат есімдердің валенттілік әлеуетіне ықпалы бірдей деңгейде болмайды. Зат есімдердің сын есімдермен тіркесімділігінде, яғни зат есімнің актанты сын есімнен болған жағдайда, зат есімдер белсенді валенттілік сипатқа ие болады. Ал актанттары есімше тұлғалы етістіктерден болған зат есімдердің валенттілік әлеуеті бәсең болады.

Валенттілік теориясындағы өзекті мәселелердің бірі валенттілік түрлерінің аражігін анықтаумен байланысты. Тілдің ғылыми сипатында «валенттілік» ұғымы негізгі екі бағытта түсіндіріледі: 1) мағынаның басқа мағыналармен қарым-қатынасы; 2) тілдің бір деңгейдегі бірліктерінің тіркесімділік қабілеті [3; 29]. Бірінші бағытты С.Д. Кацнельсон, В. Бондцио, К.Э. Зоммерфельдт, С.М. Кибардина, тағы басқалар, екінші бағытты М.Д. Степанова, В.Г. Адмони, Г. Хельбиг, В. Шенкель, тағы басқа зерттеушілер қолдайды. «Валенттілік» ұғымына қатысты бағыттардың даму барысында аталған құбылысты сипаттайтын семантикалық және синтаксистік бағыттар өз алдына жеке бөлініп шықты. Екі бағытта да тіл бірліктерінің сөйлеу бірлігі ретіндегі комбинаторлық мүмкіндіктері негізге алынады. С.М. Кибардинаның пікірінше, валенттілік теориясында сөздің тіл бірлігі ретіндегі қасиеті әлеуетті валенттілікте, ал сөйлеу бірлігі ретіндегі қасиеті іске асырылған (реализацияланған) валенттілікте беріледі [4]. Бұл тұжырымның негізінде сөздің әрі тіл бірлігі, әрі сөйлеу бірлігі ретіндегі сипатын оның валенттілік қатынастағы қолданысымен байланысты айқындауға болады.

Семантикалық және синтаксистік валенттіліктер тілдің синтаксистік және семантикалық деңгейлерінде бір-бірінен ажыратылады. Валенттілік теориясындағы семантикалық бағыттың өкілдерінің бірі В. Бондцио валенттілікті семемалардың қасиеті ретінде қарастырып, оның тек семантикалық талдау жолымен ғана анықталатындығын атап көрсетеді [3; 30]. Сондықтан зат есімдер валенттілік құрылымдағы актант сөздермен ортақ семалары болған жағдайда ғана семантикалық валенттілік сипатқа ие болады.

М. Оразов қазақ тіліндегі зат есімдердің арасындағы синтагматикалық байланысты олардың байланысу формасы мен синтаксистік қызметтеріне де байланысты түсіндіреді [2; 197]. Сөйлем құрамында сөз тіркесінің бір сыңары қызметіндегі зат есімдердің басқа сөздермен синтагматикалық байланысы арқылы олардың валенттілік қасиеті анықталады. Жалпы сөз тіркесінің тіл білімінде синтаксистік бірлік ретінде қарастырылатындығы белгілі. Валенттілік теориясының қалыптасуы, валенттілік мәселесінің тіл деңгейлері тұрғысынан зерттелуі тіл білімі салаларындағы бірліктердің де жаңа қырынан қарастырылуына ықпал етті. Соның бірі — сөз тіркестері. Синтаксистік бірлік ретінде, сөз тіркестері кем дегенде екі сөздің синтаксистік байланысы арқылы қалыптасады. Сөз таптары — сөз тіркесінің ең негізгі бірлігі. Сөз тіркесінің есімді, етістікті болып бөлінуі басыңқы сыңардағы сөз таптарына байланысты. Бірақ сөз таптары сөз тіркесінің бағыныңқы немесе басыңқы сыңары ретінде ғана қолданылмайды. Сонымен қатар сөз тіркесі сыңарларын байланыстырушы құрал ретінде жұмсалады. Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысы олардың сыртқы формасына қатысты анықталса, семантикалық байланысы сөз тіркесі құрамындағы сөз таптарының арасындағы мағыналық ортақтыққа негізделеді. Сөз таптарының валенттілік байланысын анықтауда олардың сөз тіркесі құрамындағы осы қызметі, яғни байланыс құралы ретіндегі қызметі негізге алынады.

Сөз таптарының ішінде сын есім, есімшелермен қатар сан есім, есімдік, үстеу сөздер зат есімнің валенттілік құрылымында валенттілік байланыстың сол жақ сыңары қызметінде жиі қолданылады. Зат есімдердің сол жақ валенттілігінде бұл сөз таптары препозициядағы бағыныңқы сөздің орнында тұрады. Ал зат есімдер валенттілікке тірек сөз қызметінде жұмсалады. Ғалым Ч.К.Найманова ағылшын, қырғыз және орыс тіліндегі зат есімдердің басқа сөз таптарымен сол жақ валенттілігінің

мынадай үлгілерін көрсетеді: 1) Agj+N (сын есім+зат есім); 2) Prn+N (есімдік+зат есім); 3) Num + N (сан есім+зат есім) [5; 101-106].

Қазақ тіліндегі зат есімдердің де валенттілік құрылымын осы үлгі негізінде мынадай түрлерге бөлуге болады: *сын есім — зат есім, сан есім — зат есім, есімдік — зат есім, үстеу — зат есім, есімше — зат есім*.

Сын есімдер деректі, дерексіз, адамзат, ғаламзат, жалпы, жалқы зат есімдермен семантикалық үйлесімділік негізінде тіркесімділікке түседі. Мысалы: *белгілі ғалым, танымал әнші, өнерлі бала; дөңгелек үстел, ащы жусан, өткір пышақ* т.б. Зат есімдердің бір мағыналық тобындағы сөздер сол топтағы басқа зат есімдердің валенттілік байланыстағы сын есімдерімен тіркесімділікке түсе алмайды. Мысалы: *өткір пышақ, өткір қылыш*, бірақ *өткір шоқпар, өткір сойыл* емес. Мұндай ерекшеліктер зат есімнің басқа да мағыналық топтарына тән болып келеді.

Сан есімдердің мағыналық топтарының ішінде есептік, реттік, болжалдық сан есімдер зат есімдермен препозициялық тұрғыдан сол жақ валенттілікте байланысады. Мысалы: *бес орын, екінші кітап, жүздеген адам* т.б.

Зат есімдердің есімдіктермен валенттілік қатынасында бірқатар есімдіктер зат есімдермен семантикалық байланыста болады. Ч.К.Найманова кыргыз тіліндегі синтаксистік байланыс есімдіктің түріне тәуелді болатындығына назар аударады [5; 105]. Бұл қазақ тіліндегі зат есімдердің валенттілік құрылымының препозициясындағы есімдіктерге де тән. Мысалы, жіктеу есімдіктері зат есімдермен матасу арқылы, сілтеу, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік, сұрау есімдіктері қабыса байланысады, мысалы: *бұл жағдай, ешбір адам, біздің ауыл, барлық оқушы* т.б.

Үстеу кимылдың, іс-әрекеттің жай-күйін, амалын, жалпы өту сипатын білдіруіне байланысты негізінен етістіктермен байланысты болады. Соған қарамастан, үстеудің мағыналық топтарының арасында кейбір мөлшер (*сонша, мұнша, бірталай, бірқатар, бірен-саран* т.с.с.), сын-бейне (*қолма-қол, ауызба-ауыз* т.с.с.) үстеулері зат есімдермен препозицияда валенттілік байланысқа түседі, мысалы: *мұнша уақыт, бірталай жер, бірен-саран адам, қолма-қол айырбас* т.б.

Тіл біліміндегі валенттілік теориясында семантикалық валенттілік сөз мағынасының құрамында синтаксистік валенттілікпен өзара тығыз байланыста болып, оның «ішкі мазмұны ретінде өмір сүреді» [2; 199]. Бірақ семантикалық валенттілік мағынаның бір бөлігі ретінде объективтік сипатқа ие болады. Сондықтан сөз таптарының лексикалық синтагматикадағы семантикалық валенттілігі синтаксистік валенттілікпен байланысты анықталады. Сөз таптарының сөз тіркесі деңгейінде бір-бірімен мағыналық жағынан байланысуына олардың арасындағы синтагматикалық байланыс ерекше ықпал етеді. Зат есімдердің басқа сөз таптарымен лексикалық тіркесімділігіндегі семантикалық валенттілігі тіркесімділіктегі сөздермен ортақ семаларының болуы, яғни, мағыналық сәйкестігі және сөз мағынасының объектив дүниемен байланысы негізінде анықталады. Синтагматикалық байланыстағы зат есімдердің синтагматикалық мүмкіндіктері оның валенттілігімен анықталса, осы мүмкіндіктер олардың басқа сөз таптарымен тіркесімділігі негізінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-пресс, 2008.
- 2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. — Алматы: Рауан, 1991.
- 3 Пыриков А.В. Скрытые валентностные свойства основных морфологических классов слов. — Барнаул, 2006.
- 4 Кибардина С.М. Основы теории валентности. — Вологда, 1979. — С. 13.
- 5 Найманова Ч.К. К вопросу о левой валентности существительного в субстантивных словосочетаниях (на материале английского, кыргызского и русского языков) // Вестник ПГУ. — 2005. — № 3.

Г.О.Сыздыкова

Сочетательные и валентные отношения имен существительных

В статье рассматриваются сочетательные и валентные отношения имен существительных. С учетом новых достижений современного языкознания автор предлагает исследовать синтаксистические конструкции, описывающие и раскрывающие научную мысль, научное мышление и собственно язык.

G.O.Syzdykova

Combinative and valence relations of nouns

In clause combinative and valent attitudes of nouns are considered. Author taking into account new achievements of modern language study proposes to investigate sintakticheskie structures describing and revealing scientific idea, scientific thinking and actually language.

ӨЖ 82.0

Р.Оймаутов

*ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты***Дін аясындағы шешендік сөздер**

Мақалада діни шешендіктің табиғатына қатысты мәселелер қарастырылған. Автор шешендік өнердің негізгі теориялық ережелерін зерделей отырып, оның қазақ халқының сөз өнері тарихындағы орнын, қазақ сөз шешендігінің қалыптасуы мен дамуына әсерін анықтай келе, бүгінгі таңдағы шешендіктің жекелеген аспектілері жайында сөз қозғады.

Кілтті сөздер: шешендік өнер, діни шешендік, риторика ғылымы, сөзшешендік, нақыл сөздер, өмір тәжірибесі, мақал-мәтелдер, шарият заңы, дін мәселелері, сүре.

Қазақтың шешендік өнерінің бір арнасы діни шешендіктен желі тартады. Ал діни шешендіктің түп бастауы сонау Араб құрлығына барып тіреледі. Өйткені ежелгі Араб елі шешендігінің негізгі арқауын діни шешендік құрайды. Халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігінің біте қайнасқан айнасы іспетті, наным-сенім негізінде пайда болған арабтың діни шешендігінің өзегінде ақ жүрек адалдық пен бәрін де қанағат тұтар қарапайымдылық сияқты халықтық абзал қасиеттерге толы келетін ықпалы күшті, әсері мол көркем тілмен әспеттелетін діни уағыздамалар жатыр. Діни шешендікті риторика ғылымында діни шіркеулік шешендік тұрғысынан «гомилетика» деп атайды.

Гомилетика — діни шіркеулік шешендіктің туып, қалыптасып, даму тарихын, жүйелік құрылысы мен мазмұндық сипатын, көркемдік әдіс-тәсілдерін зерттейтін шешендік өнердің өрнекті тармағы.

Ислам дінін дүниеге әкелген арабтар көшпелі қазақтар сияқты әуел баста-ақ шешендік өнерді өте қастерлеген. Өйткені исламға дейінгі көшпелі өмір салтын ұстанған араб-«бәдәуилердің бірнеше тайпалары жанжалдасып соғысып қалғанда немесе жер дауы, жесір дауы мәселесін шешкенде, бітімге келіп, берешек, алашақтарын бөліскенде екі жақ та өз шешендеріне жүгінген. Бұл жағынан бәдәуилер қазақ табиғатына тым жақын» [1].

Зерттеуші-арабтанушы, қазіргі бас мүфтиіміз Ә.Дербісәлі ежелгі араб әдебиетінің тарихын жазған атақты әдебиетші-ғалым Ханна әл-Фахуриден мынадай дерек келтіреді: «Шешендер өз шеберлігін жәрмеңке, той, ас кездерінде көрсеткен. Шешендер сөздерін баптап, белгілі бір сазбен айтады. Жұрт жиналған соң биіктеу жерге шыққан шешен найзасын немесе асатаяғын қолына алып, сөйлеуге кіріседі. Сөзін түрлі қимылмен сүйемелдеп отырады. Шешеннің даусы қомақты, қимылдары мығым, дәлелді болуы тиіс. Даусы дірілдеп, қобалжып сөйлейтін шешендерді бәдәуилер бағаламаған. Шешендер өз сөздерінде халық арасына кең тараған мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, ақ өлеңдерді жиі қолданған. Өйткені оның сөзі тыңдаушыны ұйытып, терең сезімге, үлкен әсерге бөленуі тиіс» [2].

Әзірет Әлі — Әли ибн Әбу Талиб жас кезінен-ақ сөзшендігімен ғана емес, көзсіз ерлігімен де аты шыққан. Жастық шағын Мұхаммедтің қасында өткізген ол пайғамбармен бірге талай жорықтарға қатысқан. Майдан даласындағы жаужүректігі үшін «Сайфу-л-Ислам» («Исламның қылышы») деген атақ та алған.

Ә.Дербісәлі мынадай мағлұмат береді: «Әлидің нақыл сөздері әдетте қысқа, мағынасы терең болып келеді. Ол жинақталған өмір тәжірибесі мен ұзақ ой жемісі секілді. Түрі жағынан әсем,

нақышты, образды болғандықтан да, Әли шығармалары оп-оңай есте қалады. Мысалы, «Шегінген кезінде ажал артында тұрады, онымен кездеспей қоймайсың», «Байлыққа жақындаған сайын мақсаттан алыстай түсесің», «Шыдамның екі түрі болады, жек көргендіктен ғана шыдау және сүйгендіктен шыдау», «Үлкен байлық — ақыл, ең үлкен кедейлік — надандық, ең үлкен ақылшы — дер кезінде берілген кеңес, ең үлкен мирас — әдептілік»[1].

Әлидің арнаулары мен шешендік сөздері де өзінің қысқалығымен, жүйелілігімен, автордың жан-жақты ой иесі екендігімен, білім беретіндігімен ерекшеленеді.

Әзірет Әлінің ілімнің қақпасы атанып кеткенін сынау мақсатында жерлестері оған он адамды кезекпен жібермекші болған, олардың бәрі Әзірет Әліге бір сұрақ: «Білім артық па, байлық артық па?» — деп сұрайтын болып келіскен. Егер осы сұраққа он түрлі жауап берсе ғана, халифаны мойындамақ болыпты. Сонда Әзірет Әлі сұрақтарға былай деген екен:

1. Білім артық, өйткені ол пайғамбарлардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мұра.
2. Білім сені бағады, байлықты сен бағасың, сондықтан да білім артық.
3. Білім артық, ол досыңды көбейтеді, байлық дұшпаныңды көбейтеді.
4. Білім іздей берсең көбейеді, оны жұмсағанмен азаймайды, байлық жұмсаған азаяды, білім артық болатыны осыдан.
5. Білім артық, оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді ұрылардан күнде қорғау керек.
6. Білімнің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса қызғанады, білімнің артық болатыны сол.
7. Білім артық, білімнің көп болғанмен есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.
8. Білім қанша көп болса да іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-мал бүлінеді, сондықтан да білім артық.
9. Білім артық, ол жаныңды байытады, байлық жан-дүниенді шектейді, өзіңді тура жолдан тайдыруы мүмкін.
10. Білімді адам орнымен сөйлейді, мәдениеті артады, байлығы мол адам оған мақтанып малданады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық [3].

Білімнің артықшылығын бұдан артық дәлелдеуге болмас. Діни хадисте: білім өмірде — таяныш, жолда — дос, жалғыздықта — жолдас, қуанышта — бастаушы, қайғыда — медет, күресте — құрал, зұлымдыққа қарсы — айла деп бекерге айтылмаған.

XI ғасырдың басында араб әдебиетшісі Аш-Шариф ар-Радж дейтін кісі Әли айтып еді делінген үндеулер мен бұйрықтар, хаттар мен арнаулар, шешендік сөздерді жинап «Наһджу-л-балаға» («Шешендік өнер жолы») деген атпен жариялаған.

Қазақ ғалымы Ә. Дербісәлі өзінің зерттеу еңбегінде төртінші халифа саналатын Әли ибн Әбу Талибтің асқан шешендік өнердің иесі болғандығын ерекше атап өтеді.

Шешен жұрт алдына шықпас бұрын сөйлеуге күн ілгері әзірлік жасап, қарсы жақ қояр сауалдарға да іштей дайындалып алатын. Шешендердің сөздері әдетте қысқа, түрлі теңеу мен Құраннан дейектемелерге, нақылдар мен мақал-мәтелдерге, жұрт жақсы көретін ақын өлеңдерінен үзінділерге толы болып келеді.

Енді көнеден жеткен аңыз былай дейді: «Адамның ақыл-парасат, шарифат, хадистерден мың сұрақ қойып, кім шешсе соған тұрмысқа шықпақ болған патша қыз Мәлике барлық сұрақтарға жауап берген Әбділдаға басын иген» [3]. Соның бірі: «Өзінде бар, оны беруге асықпайды, өзінде жоқты алуға өзгеге жұмсайды, ол қандай адам?» — деген сұрақ еді. Оған Әбділда: «Бұл ақырзаманның дүмше молдалары, олар халыққа насихат айтады, бірақ сол насихатқа лайық қасиеттерді өзінің бойына сақтамайды», — деп жауап берген екен.

Екіншісі:

- Шыққан тесігіне қайтып сыймайтын не?
- Бұл жаман сөз, ауыздан шықты, қайтып кіргізе алмайсың.
- Екінші әфсанада:
- Тақсыр, мен өмірімде көп күнә жасадым. Күнәларымнан арылтып, Алланың кешірімін әперші, — депті бір кісі имамға.
- Сенің жаның бес арықтан лай су ағып құйылып жатқан тоғанға ұқсайды екен. Біріншісі — сенің көздерің, мұсылман әйелдерге көзіңді сүзбе. Екіншісі — сенің аузың, ораза ұстап, дұға оқып жүр, жақсы сөз айт. Шариат қаламағанды ішіп-жеме. Үшіншісі — сенің миің, әділетсіздік пен зұлымдықтан, менмендік пен өркөкіректіктен арыл. Төртіншісі — сенің аяқтарың.

Көргенсіз жолға баспа. Бесіншісі — сенің құлағың. Өсек пен кеселді сөзді терме, естімеген бол. Тек сонда ғана сенің арықтарыңның суы тұнықталады, сенің жаның мен жүрегің тазарады, сені күнәларыңнан мен арылта алмаймын, өзін арылтасың, — депті. Міне, осындай, діни аңыз арқау етіліп, адамды рухани тазару жолына мегзейтін иландыру шеберлігі қарапайым мысалдар келтіру арқылы баянын табады.

Ірілі-уақты қылмыс жасаған адам мұсылмандардың қасиетті кітабы — Құраннан бастау алатын шариат заңы бойынша жауапқа тартылды. Ел ішіндегі қылмысты істерді шариат, дін мәселелері тұрғысынан шешім шығару құқығын қазылар атқарған. Соңғылары өз шешімінің негізіне қасиетті «Құран» кітабын және Мұхаммед пайғамбардың хадистерін басшылыққа алған. Мәселен, «Құран Кәрімнің» «Ниса» сүресінде мұрагерлік, қылмыс туралы, «Маида» сүресінде ұрлық, өтірік, «Талак» сүресінде ерлі-зайыптылық, неке ережелері (заңдары) туралы анық айтылған. Мұндай құқықтық, шариғат заңдары басқа сүрелерде де кең орын алған [4].

«Шариат заңы бойынша («шариат» араб сөзі, мағынасы — *заң, кодекс*, мұсылмандардың «Құранға» негізделген заңы) құқық бұзушылық 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ — Алла құқығына қол сұғушылық, ол нақты хадд (шек) түрімен жазаланады. Екінші топ — жеке адамдардың құқығына қол сұғушылар — қысастық жасаушылар. Олар қауад, не дийа, түрімен жазаланады. Үшінші топқа жататындар — қалған қатаң жаза қолданылмайтын іс-әрекеттер, ол тәзірмен жазаланады», — дейді өзінің зерттеу еңбегінде белгілі арабтанушы-ғалым Нұралы Өсеров. Ғалым хадд тобына 7 түрлі аса қауіпті (қоғамды ыдырататын) қылмыстарды жатқызады. Олар: жезөкшелік, арақ-шарап ішушілік, ұрлық, тонаушылық, дәлелденбеген (жалған) өтірік, жалақорлық, діннен безу және өкіметке қарсы көтеріліс жасау. Екінші топқа қысастық қылмыстар жатады. Жәбірленуші жағы істелінген қылмысқа (жанға-жан, қанға-қан, көзге-көз секілді) орай жаза қолдана алған. Өлім жазасы көбіне таспен ұрып өлтіру, дарға асу, басын шабу, тағы басқа жолдармен орындалған. Ал үшінші топта отбасыға қатысты істер қаралған [4].

Өткен дәуірлердегі қазақ даласындағы қазылық институттың өмір сүріп, қалыптасуына осы ортағасырлық араб елінің діни шешендігінің айтарлықтай ықпалы болды.

Діни шешендік жайында тиіп-қашты пікірлер айтылғанмен, қазақ ғалымдары оны күні бүгінге дейін арнайы қолға алып, тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан тыс қалып зерттеу нысанына айналмау себебінің бір ұшы кешегі кеңестік қоғамда белең алған атеистік түсінікте, саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сезіктенгіш те сескенгіш, дінді сөз етуге қорыққан, одан тек ислам идеологиясының кері әсерін ғана көрмек болған ерсі мінезінде жатыр; екіншіден, қазіргі таңда осы саладағы мамандардың бір қолдың саусағымен санарлық аздығынан болып отыр.

Ғ. Әбсаттаровтың «Қазақстандағы мұсылмандық-құқық мәдениетінің атты ғылыми еңбегінде: «Ислам біздің республика үшін жат емес, керісінше, миллиондаған Қазақстан мұсылмандарының өмір салтының негізгі бастауы, оның тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде анықталады»[5], — деуі бекерден бекер емес.

Ендеше, қазақтың діни шешендігінің де пайда болып, дамуын ортағасырлардағы ислам дінінің таралуымен етене байланыста алуымыздың астарында заңды құбылыс жатыр.

Өркениетті елдерде мемлекетті діннен ада қылмайды. Қандай жүйемен өмір сүрсе де, онда бәрінің шығар қайнар көзі дінге тіреледі. Дін қасиетті құндылық ретінде ұғынылады. Ұлы Абай: «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өнгесі халқа қол емес», — дейді. Жан баласының көкірегіне құнарлы, ажарлы нәрін құятын діни шешендіктің бастау бұлағы — дін. Дін адам бойындағы жағымсыз дерттерден тазартуға мүмкіндік береді. Өтірік айтпауға, кісіні сыртынан жамандамауға, нақақ ғайбаттамауға, ұрлық-қарлық істемеуге үндеп, кісінің көкірегіне жарық сәуле түсіріп, жанның таза болуына шақырады. Адамгершіліктің қадау қазығы. Ой құсасы жүрегің тескен адамдардың көңіліне демеу болады. Осының бәрі көкірегіне ұялар әдемі, негізді сөзбен жүзеге асырылады. Жасыратыны жоқ, діни шешендіктің кей түрі көбіне-көп халық мол жиналған мешітте өтер жұманамаздарында, отырыс-мәжілістерде, қазадан аза тұтып жатқан үйдегі адамдар жиналған жерде айтылып жүр. Мәселен, мұсылмандық бір афсанада былай делінеді: Ата-ана үшін қадір-құрметтің қай-қайсысы да жеткіліксіз. Ата-анасы өсіріп-жеткізгеннің қарызынан перзент ешқашан құтыла алмақ емес. Дүниеден өткен ата-анаға жақсылық істеу туралы Сахих хадистерінің бірінде: «Біз Нәбидің (с.ғ.с.) жанында тұрғанымызда бір кісі: «Я, Рассуллалһ (с.ғ.с.), ата-анам қайтыс болғаннан кейін оларға жақсылық істеудің жолы бар ма?» — деп сұрапты. Ол (с.ғ.с.): «Иә, бар. Қайтыс болған ата-анаға төрт жолмен жақсылық істесең болады: олар үшін дұға етіп күнәлары үшін жарылқау тілеу, орындай алмай кеткен уәделерін орындау, достарын құрметтеу, ата-ананды себепші етіп, олардың

туыстарымен қатынасты үзбеу», — деді». Осы ой ендігі бір хадисте былайша жалғасын табады: «Жан тапсырысымен пенденің барлық амалы тоқтап, тек үш амал өз жалғасын табады. Ол — жария садақа, үйреткен пайдалы білім, артта қалған ізгі ұрпақтың дұғасы». Шұрайлы тілмен айтылған ой жүрекке ендеп енетіні кәміл.

Жалпы қазақтың діни шешендік өнерінің әуелгі сілемдері ортағасырлардың орта тұсында араб-парсы жазба мәдениетінің шарықтап дамыған тұсында көрінетінін айтқан абзал. Ислам діні кеңінен тарап, шариат заңының етек алған кезінде жазылған, шешендіктің небір озық үлгілерін бойына мықтап сақтап жатқан тағылымы мол еңбек — «Қабуснама» [6]. Төл рухани тарихымызға, қазіргі шешендік өнеріне де тікелей қатысы бар бұл жазба ескерткішке арнайы тоқталсақ дейміз.

«Қабуснама» — XI ғасырдың 1021–1098 жылдары өмір сүрген Унсур әл-Маали Әмір Қайқабустың (кейде Қайқауыс деп те аталады) 1082–1083 жылдары өзінің ұлы Гилан шахқа арнап жазған өсиет сөздері, дидактикалық рисалла трактаты. Сөз басында үгіт сөзінің жазылу мақсатын ол былайша түсіндіреді: «Ей, перзентім, сен осы үгітімді ұғып іске асырсаң, мен аталық парызымды өтегенім. Білгенің жөн, ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, тірлікте адамзат елден ел, жерден жер кезіп жүріп, азды-көпті, жиған-терген асыл заттарын артына қалдырады да, оны өзі жақсы көрген адамына тапсырып кетеді. Менің дүниедегі жиған асыл заттарым — осы сөздерім. Сондықтан бар асылымды өзіңе тапсырдым, сен оны дұрыс пайдаланып, қисық жолға қадам баспағайсың». Автор үгіт-насихат сөздерінің баянын қырық төрт тарауға топтастыра бөліп қарастырған.

«Қабуснама» 1430 жылы — түрік тіліне, 1786-1787 жылдары — ұйғыр тіліне, 1881 жылы — неміс және татар, 1886 жылы француз, орыс тілдеріне тәржімеленеді. Қазақ тіліне аударған Тұрсынәлі Айнабеков.

Әсілі, қадым замандардан бері Шығыста өз дәуірінің зиялы азаматы өмірден көрген-білгенін, ұққан-түйгенін, ақыл-кеңесін, ғибратты ойларын, өмір сүрудің моральдық-этикалық жолдарын қарасөз түрінде «нама», немесе «наме» (қазақша: «кітап, өсиет, хат» деген ұғымды білдіреді), жанрында жазып, келешек ұрпаққа мирас еткен. Мұндай жанрдың ұрпақтар үшін атқарған қызметі, қоғамдық мәні аса зор болды. «Панднаме», «Сиясетнаме», «Шайбанинама», «Бабырнама» сынды тарихи-көркем шығармалардың дүниеге келу себебін еске түсірсек те жеткілікті. Біздіңше, ұлы Абайдың «Қара сөздерінің» жазылу сырын осы тұрғыда түсінген дұрыс сияқты. Ол шығыстық «нама» жанрының қазақ топырағындағы қайта жаңғырған бір көрінісі. Оны «Абайнама» десе де боларлық. Өкінішке орай, «Ғақлиялар» әлі күнге жазылу жанры жағынан анықталып, бір ізге түсе қойған жоқ. Оның бірде дидактикалық, философиялық трактат, кейде «Қара сөз», «Ғақлия» аталып жүргені соны аңғартса керек. Қайқабустың өмірден түйген ащы шындықтарды ақыл таразысына салып тебірене толғаған ой түйіндері ұлы классігіміз Абайдың бүкіл шығармашылығымен рухани үндес жатыр. Олардың ойларының өзектестігі бұл жазба жәдігерліктің Абай назарынан тыс қалмағандығынан белгі береді. Абай «Қара сөздерінің» «Бірінші сөзінде»: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [7], — дейді. Екі ғұламаның алдымен азаматтық позицияларын айқындап алуы, бір пікірлерге келуі, бүкіл шығармалары фонының ұқсастығы бізді қызықты батыл байлам жасауға жетелейді. «Қабуснама» мен «Қара сөздердің» көптеген өзара үндес сарындары Абайды рухани дамытқан арна көздердің бірі — ортағасырлық ортаазиялық жазба әдебиеті болғанын растай түседі. Абайдың «Біріңіз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін еңбегінде «Бабырнамаға» сілтеме жасауы және М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында «Абай... кейде Бабыр, Науаи, Аллаяр сияқтыларды оқып-оқып кеп, өзі де соларша бірдеңе жазып кетеді» [8] деген бір сөйлемі жоғарыдағы айтылған пікірімізге негіз береді. Ендеше «Қабуснама» қазақтың әдебиет-мәдениетіне тікелей қатысы бар туынды. Бұл өз алдына бөлек әңгімені керек етер ауаны басқа мәселе.

Екіншіден, «Қабуснама» шешендік өнердің небір озық үлгілерін бойына мықтап сақтап жатқан тағылымы мол еңбек. Онда «Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы», «Кәсіптік білім үйрену, ұстаздық және қазы болу туралы» деп аталатын арнайы тараулардың бары осының дәлелі. Бүгінгі азаматтарға берері мол дүние. «Ей, перзентім, есінде болсын, — деп бастайды бір сөзінде Қайқабус, — өнерсіз жан — өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ тікенді шоңайнаға ұқсайды. Өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады» [6]. «Өнер алды — қызыл тіл» деп білетін қазақтарша «барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн» деп ақыл айтады ол. Жалпы шешендік шеберлікке баулитын тұстар шығармада аз емес. Сол

тұстарынан үзінді келтіре кетейік: «Сөзді орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.

Үгіт-насихатыңды тыңдайтын қарыздар болған жағдайда ғана сөйле. Ықылассыз тыңдаушыға сөз айтқаннан, тыныш отырған мақұл. Жиылған топ ішінде үгіт-насихатыңды тек бір кісіге қарап айтпаған. Өйткені топ ішінде бір кісіге қарап айтылған насихат насихат емес, керісінше, айыптау болып шығады» дейтін сөздері шешендік шеберлікті жолдарына жол сілтегендей болады. «Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы» арнайы тарауы түгел осы шеберлікті меңгеру амал-тәсілдеріне арналған: «Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлем, сөйлесең, шындықты сөйлеп туралықты айтумен атағың шықсын. Кейбір өте қажетті жағдайда айтқан жалған сөзіңе жұрттың сенуі мүмкін, бірақ сен оны әдетке айналдырмай, әрдайым айтқан сөзің шындық болу керек. Жұрттың сенуі қиын жалғанға ұқсаған шындықты айтпағаның жөн. Жалғанға ұқсаған шындықтан, шындыққа ұқсаған жалған жақсы. Өйткені ондай жалған сөзге жұрт сенеді, ал жалған сияқты шындыққа ешкім де сенбейді. Демек, жұрт сенбейтін шындықты айтудан сақ бол.

Қайқабус нақты әңгімелер арқылы шешендік қырларын баяндайды: «Харун Рашид бір күні түс көріп, түсінде аузындағы тістері түгелдей түсіп қалады. Ерте тұрып, түс жорушыны шақырып, түсінің мазмұнын айтады. Түс жорушы: *«Ей, әміршім, сенің жақын ағайын-туысқандарыңның бәрі өліп, сенен басқа ешкім де қалмайды екен»*, — депті. Харун Рашид *«Менің бетіме баттитып қайғы толы қаралы сөз айтуыңа жол болсын. Егер менің барлық ағайын-туғаным қырылып қалса, мен қайтіп күнімді өткізбекпін»*, — деп түс жорушының жонына жүз дүре соғуға бұйырады. Түс жорушының басқа біреуін шақыртып алып, көрген түсінің мазмұнын айтып, түсімді жорып бер дейді. Түс жорушы: *«Ей, әміршім, барлық ағайын-туысқандарыңнан сенің өмір жасың ұзақ болады екен»*, — дейді. Харун Рашид: *«Жалпы ақылдың жолы біреу-ақ, екеуінің де жоруы бір жерден шықты. Бірақ алғашқы жорумен соңғы жорудың нарқы аспан мен жердей»*, — Халифа кейінгі түс жорушыға жүз тілла беруді бұйырады. Ей, перзентім, сөздің оңы мен терісіне, өңі мен астарына айрықша мән беріп, мағыналы етіп сөйлеу үшін әрекет істе. Сөз сөйлеудің кереметтей қасиетіне, міне, осылар жатады.

Бертінге келсек, ғұмыр талайын талас-тартыстарда өткізген сол тілмар Абайдың өзі дүмше молда, схолас фанатиктермен сөйлескенде өзінше тіл өрнектерін, діни шешендіктің тәсілін іздеген. Осы жайында М. Әуезов: «Олармен Абай өте көп дауласады. Кейде дін өсиетшілеріне олардың түнлігін ұшыра, дауылдай соқтығады. Сонда ол сан жерде мұсылманшылық кітаптары мен ұстаздары қолданған сөзді де, сөйлемдерді де мейлінше молынан қолданады. Кейде оларды өз тілімен мұқатпақшы болып, солардың өзі жазып жүрген тіл сөйлем, нақыс-машықтарын қолданады»[8] — деп, Абайдың дүмше, схластарша сөз саптап, әрі олардың сөздігімен сөйлегенін айтып, соның дәлелі ретінде әйгілі жазушы ұлы ақынның «Қара сөздерінен» мынадай үзінділер келтіреді: «Молдалар тұра тұрсын, хусусән бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңдар, олар фитнәи ғалам. Өздері хукім шарифатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһлитариқат біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал. Бұлар адам жазғырушылар, хатта дінге де залалды. Бұлардың сүйенгені — надандар, сөйлегені — жалған, дәлелдері — тасбығы мен сәлделері. Онан басқа ешнәрсе жоқ» [8]. Бұл үзіндіден тілдің хас майталманы Абайдың шешендік шеберлігінің бір қыры айқын қылаң беріп қалады. Қарсы даушарлардың тілімен сөйлеп, шешендік шеберлік танытып, солардың сөз шоқпарларымен өздерін соғады. Бұл сияқты мысалдар Абайда көптеп табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Дербісәлиев Ә.* Араб әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1982.
- 2 *Хана аль-Фахури.* История арабской литературы: В 3 т. — Т.1. — М.: Наука, 1959. — 15 с.
- 3 *Мың сұрақ.* — Алматы, 2002.
- 4 *Шариат / Құрастырушы Н. Өсеров.* — Алматы: Қайнар, 1996. — 52 б.
- 5 *Әбсамтаров Ф.* Қазақстандағы мұсылмандық-құқық мәдениеті // Заң. — 2001. — № 3. — 51 б.
- 6 *Қабуснама.* — Астана: Аударма, 2002. — 179 б.
- 7 *Абай.* Екі томдық шығармалар жинағы. — 2-т. Аудармалар мен қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1986. — 158 б.
- 8 *Әуезов М.* Шығармалар. — 1988. — 4-т. — 298 б.

Р.Оймаутов

Специфика религиозной риторики

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся специфики религиозной риторики. Автор, изучая основные теоретические положения, определяет ее место в истории красноречия казахского народа, влияние на становление и развитие казахской судебной риторики, затрагивает отдельные аспекты риторики нашего времени.

R.Oymautov

The specifics of religious rhetoric

The questions of the religious rhetorics are considered in the given article. It's place in the history of Kazakh people' eloquence. An author studing the basic theoretical positions of rhetorics determines its place in the history of the kazakh people eloquence as well as its influence on the kazakh judicial rhetorics development and separate aspects of nowadays rhetorics aspects which are considered too.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 82-311.6

Ж.Қ.Балтабаева

Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар

Ұнамды кейіпкер сомдау мәселесі және дәстүр жалғастығы

Мақалада қазақ әдебиетіндегі ұнамды кейіпкер сомдау формаларының қалыптасу негіздері қарастырылды. Сондай-ақ кейіпкер сомдау дәстүрінің даму жолдарына талдау жасалды.

Кілтті сөздер: адам образы, көркем шығарма, әдебиеттану ғылымы, ұнамды тұлға, ұнамды қаһарман, әдебиет тарихы, өмір шындығы, кейіпкер бейнесі, қаһарман сомдау, роман жанры, суреттеу тәсілі.

Адам образы — әрбір көркем шығарманың жан-жүйесі, негізі. Әдебиеттану ғылымында ұнамды тұлғаны зерттеу мәселесі ешқашан назардан тыс қалған емес. Ұнамды қаһарман бейнесін суреттеу — әдебиет тарихында көне дәуірлерден келе жатқан әдеби-эстетикалық үрдіс. Әр кезеңнің әдеби даму ерекшеліктеріне, халықтың ұлттық болмысына, сол дәуір мен қоғамның саяси-әлеуметтік ұстанымдарына қарай әдеби-көркем шығармалардағы ұнамды кейіпкер тұлғалары авторлардың өмірлік дүниетанымдары мен көзқарастарына сай әр алуан мазмұнда тұлғаланады. Өмір шындығын кейіпкер бейнесі, жан дүниесі, туындыдағы адам мен қоғам арасындағы тартыс пен сабақтастық арқылы қайшылықты кезеңді суреттеу, қаламгерлердің сол заман тұлғасын көркем әдебиетте сомдау ерекшеліктері әдебиеттану ғылымында әрдайым өзекті болып келді. «Ұнамды образ жасау мәселесі бірыңғай жақсы қасиеттерді бір адамның басына үйіп-төгумен, яки тізіп айтумен шешілмейді. Ол осы адамның бойына табиғи сіңген, характеріне сыйымды, жан жүйесіне жарасымды қасиеттер болса ғана келіседі, сонда ғана олар ұнамды, әсерлі, көркем образ жасайды. Оның үстіне жақсы қасиеттер автордың баяндауымен емес, іс-әрекетте, күрес-тартыста, характерлер қатығысында нақты түрде көзге түсуі керек. Ол үшін өмір шындығы барлық қайшылығымен көрінуге тиіс» [1; 372], — дейді ғалым М.Қаратаев. Ұнамды қаһарман сомдау дәстүрі ауыз әдебиетінен басталатыны белгілі. Дәстүр жалғастығын белгілі ғалым Ж.Дәдебаев ойымен пайымдасақ: «Әдебиет тарихында белгілі кезең мен кейінгі, неғұрлым жоғары дамыған, кезең арақатынасы немесе белгілі әдеби кезең табиғатын танытарлық үлкен творчестволық жеке тұлға мен соңғы қаламгерлер арасындағы қатынас, қалай болғанда да, дәстүр мен оның жалғасуы немесе дәстүр мен жаңашылдық арақатынасы, сөз жоқ, қозғалыспен, дамумен сипатталуға тиіс. Дәстүрдің жалғасуында, жаңғырып, жаңашылдыққа ұштасуында қозғалыс, даму болмаған жағдайда ешқандай дәстүр де, оның жалғасуы да көріне алмайды» [2]. Мәселен, М.Атымұмов қазақ ауыз әдебиеті батырлар жырындағы кейіпкерлер XVIII–XIX ғасырларда тарихи шындықта болған Сырым, Исатай, Махамбет, Бекет, Иса мен Досан, тағы басқа батырлар бейнесімен ауысқанын, кейін Әліби Жангелдин, Тоқаш Бокин, Сәкен Сейфуллин, Ғани Мұратбаев сияқты революционер бейнесімен ұласқанын, ал, ертегілердегі ақылына көркі сай, Кенжекей, Күнікей, батырлардың серігі болған Гүлбаршын, Ақжүніс, Құртқа асыл махаббат символына айналған Қыз Жібек, Айман, Баян сұлу образдарын бейнелеуден басталып, XX ғасырда Қамар, Шұға мен Раушан, Сұлушаш пен Ботакөз, Бәтес пен Гүлнар, Зере мен Ұлжан, Тоғжан мен Әйгерім, Айша мен Сәуле, Жазира, Ақтамақ сынды ұнамды әйелдер образы тұлғаланғандығын айтады [3].

Ұнамды кейіпкерді сомдау кеңес дәуірі кезінде де өз арнасымен дами отыра, романдарда орталық қаһарман ретінде дәуір жүгін арқалай бейнеленді. Кеңес дәуіріндегі әдебиет — жазба

әдебиет дамуының жаңа кезеңі. Бұл дәуірдегі әдебиетте роман жанры қалыптасып, тың образдар тудырған шығармалар дүниеге келе бастады. «Совет әдебиеті — дүниежүзілік әдебиет дамуында жаңа дәуір бастаған жаңашыл әдебиет. Ең алдымен, ол әдебиеттің мазмұнын жаңартты. Жаңа қоғам орнатып жатқан халықтың тосқын күші, көтеріңкі көңіл-күйі, ұлы мақсат жолындағы күресі, коллективтік еңбегі совет әдебиетінің негізгі мазмұнын белгіледі. Сол жаңа мазмұнға лайық әдебиет формаларын жетілдірді. Осының арқасында совет әдебиеті дүниежүзілік әдебиетке жаңа тақырыптар мен образдар алып келді. Совет әдебиетінің басты кейіпкері — адамзаттың жарқын болашағы үшін күрескен жаңа адам» болды [4].

20–30-жылдары жазылған шығармалар ұнамды күрескер тұлғасын сомдап, адамды еңбекпен байланыстырып көрсетті. Ғалым М.Қаратаев пікіріне жүгінсек: «20-жылдар ішіндегі қазақ совет әдебиеті Қазақстандағы революциялық күрес пен ауылдағы тап тартысы тақырыбын жырлауға көңіл бөлді. Соған лайық оның кейіпкерлері де жаңа заманның күрескер ұрпағы, теңдікке ұмтылған ауыл кедейлері болды. 30-жылдарда біздің елімізде социалистік қоғам орнату міндеттері қойылды да, адам еңбегі әдебиеттің негізгі тақырыбы болып кірді. Осы кезде әдебиет жаңа қоғам орнатып жатқан еңбек адамдарын жырлады» [4; 8], — дейді.

30-жылдар ішіндегі роман жанрының галереясын Б.Майлиннің «Азамат Азаматыч», І.Жансүгіровтың «Жолдастар», С.Мұқановтың «Теміртас», «Ботакөз» («Жұмбақ жалау»), М.Дәулетбаевтың «Қызылжар», С.Ерубаевтің «Менің құрдастарым», Ғ.Мұстафиннің «Өмір не өлім», Ғ.Слановтың «Дөң асқан» романдары толықтырды.

Аталған романдарда Ұлы Октябрь революциясының жеңісі, азамат соғысы, қазақ ауылдарындағы тап тартысы, қазақ жұмысшы табының тууы мен қалыптасуы сияқты сол дәуірдің өзекті мәселелері көтеріліп, күрескер азамат, азаттықты аңсаған еңбекші халық арасынан шыққан қарапайым адамдардың ұнамды тұлғалары жасалды.

Соғыс кезінде тылдағы еңбек адамдарының өмірі біршама туындыларда көрінгенмен, қиян-кескі қан майдандағы сұрапыл жылдар шағын жанр шығармаларында ғана бейнеленіп, бірден көлемді жанрда көрсетіп үлгеру қиындық келтірген соң, үлкен шығармалардың дамуы бәсеңдеу болды. Ал, «... әдебиет алдына майдандағы жауынгерлер мен елдегі еңбек ерлерінің ұнамды бейнелерін жасау, оларды көпке үлгі етіп көрсету міндеттері қойылды» [5; 76]. Осының негізінде Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ», Ә.Әбішевтің «Жас түлектер», Ғ.Слановтың «Жанар тау» атты романдары дүниеге келді.

Соғыстан кейінгі дәуірдегі романдарда бейбіт құрылыс кезеңінің сипаты, соғыс оқиғаларын еске түсіру, өндірістегі, колхоз даласындағы еңбекті көрсету, халықтың бейбіт еңбек, құрылыс майданындағы келбеті, ауылдың, өндірістің, мәдениеттің озық өкілдерінің бейнесі суреттелді. Кеңес заманында ұнамды образ қайшылықты, тартысты тағдырымен көрінбей, солақай саясат үстемдігінің ықпалымен жаңалыққа құштар кейіпте бейнеленді. «Коммунистік партия қойған талап бойынша роман, повестерде халықтың қаһармандық еңбегі жарқын көрінуі тиіс, жақсы жұмысшы, озат колхозшы бейнелерін жасау керек еді. Сондықтан да қазақ прозасының алға қойған көп проблемаларының бірі ұнамды кейіпкер бейнесін жасау болды. Замандастарының сыр-сипатына жазушылар жіті назар аударады, қаһармандардың ой-арманы соғыста қираған шаруашылықты түзету, ілгері, өрге бастыру, жұмыстың ескі әдістерінің орнына жаңаша іс-әрекетке ұмтылу болып келеді» [5; 84]. Бұған С.Мұқановтың «Сырдария» романындағы Сырбай, бригадир Айбарша, Ғ.Мұстафиннің «Миллионеріндегі» агроном Жомарт, «Қарағандыдағы» Мейрам образдары дәлел.

50-жылдардағы қазақ прозасының шыңы — М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы. Романның бас кейіпкері — Абай. Шығармадағы барлық оқиға, іс-әрекеттер Абай тағдырымен сабақтас өріліп, оның толысып кемелденген бейнесі ашылады. Надандыққа, зұлымдыққа, әділетсіздікке қарсы шығып, елінің қараңғылықтан жарық жолға түсуін армандап, халқын оқу-білімге, өнерге үгіттеп, ағартушылық қызмет атқарады. Қаламгер романда жұртының мұңын жырлаған, халық перзентінің бұған дейін қазақ әдебиетінде болмаған сом тұлғасын жасайды. Зерттеуші Р.Бердібаев: «М.Әуезов эпопеясының айрықша құндылығының бір көрінісі сол, ондағы ұнамды қаһармандардың тілегі мен аңсары бүгінгі қауымның да мұратымен үндестік табады. Абай ескі ауылдағы түрлі кедергі салтпен, халықты кемшілікке душар ететін күллі кесепатпен күреседі, туған елін мәдениетке, тұрақты, сенімді кәсіппен, еңбекпен айналысуға шақырады; кедейлердің ғарып тіршілігіне жан ашырлық білдіріп, адамшылық, әділет сөздерін айтады; орыс тілін үйрену арқылы еуропалық біліммен қарулануды, елін жаңа бағытқа бастауды үндейді. Арамдықпен, пайдакүнөмдікпен, зорлықпен ымыраға келмейтін,

шындық, әділет үшін «мыңмен жалғыз алысқан» күрескер Абай тұлғасын көрсетуі — суреткердің шырқау жеңісі» [6], — деп баға береді.

Осы жылдары жарық көрген Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке» романы да өзіндік ерекшелігімен танылды. Қаламгер роман-дилогиясында қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысындағы өмірін саяси-әлеуметтік тұрғыдан, ерекше көркемдікпен баяндайды. Мұнда қазақ даласына өндіріс саласы еніп, тұңғыш қазақ жұмысшылары шыға бастаған кезең суреттеледі. Романның сюжеттік желісінен де көретініміз — қазақ қоғамының сол кездегі өмірі. Қаламгер қазақ топырағында тұңғыш пайда болған жұмысшы табының даму, қалыптасу жолдарын, олардың үстем тапқа қарсы күресіндегі іс-әрекетін көркем образдар арқылы шынайы береді.

Әдебиет зерттеушісі М.Қаратаев жазушының ұнамды кейіпкер сомдау шеберлігіне берген бағасында: «Ғ.Мүсіреповтің ұнамды образ жасау жөніндегі бір ерекшелігі — ол ұнамды қаһарман образын бірқалыпта (статикалық қалыпта) алмайды, үнемі өзгеру қалпында, динамикалық қалыпта алады» [1; 316], — дейді.

Романдағы ұнамды қаһарманның бірі Байжан әр қилы мінездері арқылы шығарманың өн бойында дамытылып, түрлі эпизодтар арқылы ашылып отырады. Шығарма басында Байжан аңғал, далбақтаған, жағымпаз мінезімен дараланса, қолына ақша түскенде менмен, мақтаншақ, алаңғасарлығымен ерекшеленеді. Ал, жұмысшылармен қарым-қатынас үстіндегі характері тіпті басқа. Мұнда ол адамгершілік, қайырымдылық, жомарттық, адал, мейірбан мінездерімен көзге түседі. Сонымен қатар ол кез келген жанға қамқор болып, әрдайым қол ұшын соза алатын, өмір тауқыметін терең түсінетін ақылды, адам тани білетін әділетті істерімен де байқалады. Мұның барлығы Байжан образының көп қырлылығын танытса, юмор кез келген ісі мен сөзінен аңғарылып отырады. Осы орайда ғалым М.Қаратаев: «Байжанның образы да өзіндік ерекшелігі бар, құнарлы да нәрлі бейне. Күрделі характерлерге тән әр қилы қырлар осы образда ұштасып жатыр. Оның образын біркелкі, трафаретпен жасау мүмкін емес. Айталық, Байжан жібінің бір ұшы феодалдық-аксақалдық сарқыншақтар мен салт, дағдылар дүниесіне жалғасып жатса, енді бір ұшы жаңарған адам қатынастарына ұласып жатыр. Сондықтан оның характерінде екі қасиет (жаңа мен ескі) қатар өмір сүріп, күреседі де, ескіні жаңа үздіксіз күресте бірте-бірте жеңуге бет алады» [7], — деген баға береді.

Романның сюжеттік желісінде Байжан бейнесі әр түрлі тәсілдер арқылы ұтымды ашылады. Оның бойындағы оғаш кейде сүйкімді көрінетін қимыл-әрекеттер арқылы күлкілі образ тудыра отырып, шынайы адам тұлғасын жасаған.

Қазақ романтауу мәселесімен қоса ұнамды қаһарман сомдау дәстүрі де жалғасын тауып 60-жылдардан кейін толысып, кемелденіп, құлашын кеңейте арна тартты. Ғалым Ж.Ж.Жарылғапов: «Әдебиеттанушы-ғалымдар мен сыншылар назарын бірден баурап алған ұлттық әдеби процестегі екпін, тұтас жанды қозғалыс өзінің бастауын алпысыншы жылдардан алған болатын» [8], — дей келе, осы кезде роман саласында қалам тартқан туындыгерлердің қазақ прозасының профессионалдық деңгейінің көтерілуіне ықпал жасап, назар аударған басты мәселесі — сөз өнерінің Адамды жан-жақты танудағы рөлі екендігіне баса назар аударады.

60-жылдардан кейін қазақ әдебиетінің, оның ішінде роман жанрының жаңаша серпін алып, биікке самғай дамыған кезеңі болды. Ғалым М.Хамзин тілімен айтқанда, осы жылдардан бастап «үлкен өрлеу» [9; 9] туғаны белгілі.

Әдебиет пен қоғам өмірі өте тығыз байланысты болғандықтан, әлеуметтік мәселелер толқыны әдебиетте көрініс табатыны белгілі. Суреткер көкейіндегі асыл арманын, ізгі идеяларын әдеби шығармаларға арқа сүйей отырып, туынды жүгін арқалайтын орталық қаһарман тұлғасын сомдау арқылы жеткізуді көздейді. Қоғамдағы қандай да болмасын мәселелер әдебиетте көрініс табатынын айтсақ, роман жанры да осы мақсатта өмір кешті. Романға бұған дейін саясат жүргізген үстемдіктен құтылып, еркінрек тыныс алуға мүмкіндік туды. Роман жанрының саны да, сапасы да артып, өмірдің бірыңғай күнгей жағын ғана теріп, әсірелеп суреттеу тәсілі ескіргені байқалып, өмір бар жерде, қоғамда қайшылық пен тартыс болатыны ескеріліп, ескі мен жаңаның күресінде өміршең, озық күштің жеңетінін шындыққа сәйкес суреттеу қажеттігі туды. Өмірдің алуан сырын жан-жақты, терең суреттейтін шығармалардың жауыннан кейінгі жайқалып өскен көктей қалың қатары пайда болды. Кең тынысты көркем туындыларда кейіпкер біржақты ұнамды қасиеттерімен ғана танылмай, ішкі-тысқы қайшылықтарымен көрінетін кесек, сом тұлғалы күрделі қаһарман сомдалды. Ғалым М.Хамзин осы кезеңдегі романдарда адамның барша өмір-ғұмырының мәні, өмір сүрудің маңызы, мазмұны, адам мен қоғам, адам мен табиғат, сондай-ақ сол адамның дүниені, әлемді, өзін-өзі тануға

деген талпынысы сияқты мәселелер байқалатынын айта отырып, «60–80-жылдар романы рухани, эстетикалық, көркемдік талаптар деңгейінен көрініп, ұлттық әдебиетімізде айрықша орынға ие болатыны сөзсіз. Себебі осынау көркемдік сипаттарға ие бола отырып, қазақ романы, бәрінен бұрын, рухани әлемімізге ізденгіш, ойлы қаһарман әкелді» [9; 9] дейді. Осыған орай, дәуір тынысын танытарлық шығармаларымен әдебиетте үлкен орын алған заңғар жазушыларымыздың көркем туындыларына тоқталуды мақсат тұттық. Ұнамды образ тудыру дәстүрі жалғасын тауып, өркен жайғандығын жазушылар қаламынан туған кесек дүниелерде бейнеленген қаһарман келбетінен айқын аңғарамыз.

«Көркем прозадағы заман жаңалықтарын кең ашып, адамдардың өсу жолының күрделілігін көрсету, сол арқылы дәуір ерекшеліктерін диалектикалық тұрғыда танытудағы осы бастама Т.Ахтановтың «Боран» (1963) романында жақсы қолдау тапты. Жазушы онда күресте шыныққан, бойында рухани қуаты мол, моральдық сапасы биік еңбек адамының жаңа бейнесін жасады» [5; 116].

Т.Ахтановтың «Боран» романы қарапайым еңбек адамын, оның бүкіл өмірінің қатпар қырларымен көрсететін шоқтығы биік туынды. Роман өзектілігі жайындағы ойын ғалым М.Атымов былай сабақтайды: «Т.Ахтанов «Боран» романында шопандар бригадасын ұйымдастыру мен жастардың малға баруы сияқты екі күрделі проблеманы көтереді де, оны көркем образдар арқылы творчестволықпен шешіп береді» [10], — дейді. Ал, Н.Ғабдуллин романның алғашқы нұсқасы «Дала сыры» повесі екендігіне назар аударта отырып: «Автор «Дала сырын» романға айналдырғанда (1968), повестегі негізгі өзекті мәселені тереңдетіп, әрі тармақтандырып, кеңейтіп көрсеткен. Мұның өзі образдардың түрлі қырлары жақсы ашылуына мүмкіндік берген» [11], — дейді.

Романның бас қаһарманы Қоспан бейнесі, іс-әрекеті, күрделі тағдыры, көзқарасы, ішкі толғаныстары арқылы шертілген өмір шындығы шынайы, шебер суреттелген. «Көлемі шағын романға бірталай тұлғаның өмір тәжірибесі, тағдыры, күрес-тайталасы, өзара араласу тарихы сыйып кетуі кейіпкердің сыртқы, ішкі кескінін қатар, гармониялы бірлікте беруге байланысты. Қаһарманның бүгінгісі мен бұрынғысын араластыра елестетіп, жымдастырып көрсетуі шынайы шеберлікті дәлелдейді» [12; 24].

«Боран» романының оқиға желісіне өзек болатын — орталық тұлға Қоспанның боранға ығып, дүлей табиғат мінезімен алыса жүріп, сол кезеңге дейін сүрген өмірі, сан салалы тағдырын еске ала отырып, сарапқа салуы. Романдағы Қоспан бейнесі тағдырдың ойы мен қырын көріп, ыстығы мен суығын сезініп толыққанды кемелденген кесек тұлға дәрежесіне көтеріледі. Қаламгер Қоспан образын жан-жақты аша отырып, бойына жігер де, қайрат пен қайсарлық та бар, оған қоса бала сияқты аңқау, адал көңіл дарытады.

«Боран» романындағы орталық қаһарман характерін толықтыратын оның іске жауапты, тындырымды, ұқыптылығы. Бірақ Қасболат сияқты адамдардың көкірегін бірден тани алмайтындығы, көре тұра сарапқа салмай, онысын кеш түсінетіндігі біздің қолдай бермейтін қасиеттер. Оның характеріндегі әр қилы қылықтарының ашылып, жинақталып көрсетілуі салмақты, сом тұлғаны танытады.

Қаламгер Қоспан басындағы сергелденді тағдырын уақыт шындығына сай алып, нанымды көрсете білген. Үш-төрт күнге созылған боранда өмір мен өлім тіресіп, басына уайым түскенде Қоспан өткен ғұмырының қуанышы мен қайғысын, жақсысы мен жаманын ой елегінен өткізіп, сын көзімен қарай отырып, сана мен ар таразысына салады. Тіршілікте бейнеті көп болған өмірінің қай кезеңінде болса да Қоспан ешқашан ар-ұжданын саудаға салмай, адал күн кешеді.

Алдағы, тәжірибелі шопан болғанмен, осы жолы алғырттық танытып, күннің райын болжай алмай боранның бел ортасында қалады. Осы уақыттағы іштей арпалысы, қынжылысы, қоймен алысканы туындыда былай беріледі. «Ат үстінде аласұрып жүрсе де көкірегін өкініш оты қарып өтеді. Қара басып, күн райын неғып байқамай қалды» [13; 11]. «Оларды ілгері жылжытайын деп атпен омыраулай бергенде тұтасып, ұйысып тұрған қой қақ жарылып кейін қарай лоқси жөнелді. Тағы да жан дәрмен қылып тырбанып еді, болмады. Бір-екеуінің алдын бөгесе жүзі ағытылып кетеді. Қоспанның манадан бері жан-ұшырып келе жатқандағы қорыққан сұмдығы осы еді» [13; 12].

Қойдың жайын жақсы білетін көкірегі бір сұмдықтың боларын анық сезеді. Алдын ала байқамаған ісіне қынжылып, іштей өкінеді. Қоспанның сұмдықтай көріп қорыққаны алдағы үш-төрт күндік боранмен алысып, қойын шығын етіп, көрер бейнетін мегзейді.

Қаһарманының қажырлы, қайратты мінезіне масаттанған автор: «Өмірдің ыстығы мен суығына қабат піскен денесі әзірге ызғарға төтеп беріп келеді» [13; 36], — дейді. Алай-түлей, бет қаратпас, ұлыған боранмен арпалыса отырып, жер жапсарын жобалап жылжи қозғалып, Кішіқұмның ойпаң

жерінен тыным таптым ба дегенде боранда құтыратын қасқыр ұлиды. Сол түні дала бөрісімен алысып, ақырғы демі қалғанша беріспейді. Тағдырында нелер сұмдықты басынан өткізген Қоспан қойларының аштыққа ұшырап, бірінің жүнін бірі жегенін көреді. Қоспанның қандай қиындыққа да төзіп, жігерлік танытатын мінезі бұл қиындыққа да шыдайды. «Ілгері басқан қадамы кейін кетсе де Қоспан өлерменденіп жылжып келеді» [13; 104], — дейді автор.

Қоспанның көкжалмен алысқаны да шығармада нанымды, шынайы суреттеледі. Дала бөрісімен жекпе-жекте күштілігімен, жүректілігімен, айла-амалымен көрінеді. Қойының көбі шығынға ұшырағанмен, дүлей боранмен арпалысында табандылық танытады.

Қоспан образын сомдаудағы жазушы шеберлігіне назар аударта отырып, ғалым Р.Бердібай мынадай пікір айтады: «Аз өмірінде көп алапатты, аумалы-төкпелі күндерді бастан өткізген, тағдыр салмағынан езіліп қалмай, өмірге сүйіспеншілік қабілетін сақтай білген, пәленің көбінен сабырмен, шыдамдылықпен, рухани таза қайратпен, адал еңбекпен құтылып отырған емендей берік еңбекші адам бейнесін жасауы суреткердің ірі табысы» [12; 27], — дейді.

60-жылдары өзінің өзгеше сипатымен танылып, заманының шындығын ашуда әдебиет әлемінен үлкен орын алған — Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы. Басқаға ұқсамайтын қолтаңбасымен танылған қаламгердің сомдаған ұнамды кейіпкері де дара. «Қан мен тер» романының тақырып өзектілігі мен оқиға сонылығына байланысты ой жүйелерін сарапқа салсақ, ғалым Р.Нұрғали өз ойын былай өрбітеді: «Тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған қазақ романдарының ішінде жанрлық-композициялық, стильдік тұрғыдан «Қан мен тер» трилогиясының өзгешеліктері мол. Біріншіден, шығармада дәуір тынысын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен бастап, Колчак, Дутов армияларының талқандалған шағына дейінгі мерзім кең қамтылып суреттеледі. Екіншіден, «Қан мен терде» басқа туындыларда аталып қана өтетін патшалық ақ әскерінің тіршілік келбеті мейлінше толыққанды бейнеленеді. Үшіншіден, романдағы авторлық мақсат, сюжеттік арналар, көркемдік нысаны жаңа. Төртіншіден, Ә.Нұрпейісов сан алуан қасиеттерімен қалыптасып болған әлеуметтік-психологиялық талдау өнерінің қазақ топырағындағы жетілген өресін танытады» [14; 254], — деп шығарма құндылығын ашып көрсетеді.

Ал жазушының кейіпкер сомдаудағы шеберлігінің қырын ашып көрсетуде ғалым М.Қаратаев мынадай пікір білдіреді: «Көркем өнердің түбегейлі міндеті адам образын жасап, айқын, терең характер ашу екенін ұққан жазушы «Қан мен терде» халық ортасының және үстем тап адамдарының әр қилы жанды бейнелерін көз алдымыздан өткереді. Оның біразы өздерінің балықшылық кәсібімен тың көрінсе, біразы характер ерекшеліктерімен көзге түседі. Соның ішінде ұмытылмайтын, көз алдынан кетпейтін, соқырға таяқ ұстатқандай дерлік кескін мен тұлғалар бар» [15], — дей келіп, «Қан мен тер» романындағы орталық қаһарман Еламан тұлғасының қырларын ашып көрсетеді.

Ғалым І.Омаров та Ә.Нұрпейісовтың жазушылық шеберлігін мүсінделген кейіпкер табиғатымен байланыстырады. «Әбдіжәміл образ жасауға шебер жазушы. Романда адамдардың көптігіне қарамай, әркімнің түс-таңбасы өз алдына жатады. Бұл тек қана сыртқы көрінісін беруде емес, ішкі жан құбылысын, сезімдерін беруде де айқын сезіліп отырады» [16], — дейді. Ал Б.Майтанов: ««Қан мен тердің» басты бір ерекшелігі жазушының қаһарман таңдау, идеялық-ұждандық бағалы концепцияларын образдар табиғатымен жеткізе білу шеберлігіне келіп тіреледі» [17], — дейді.

Роман жайын сөз еткенде, ондағы кейіпкер мәселесі негізгі орында тұрады, сондықтан да Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романы туралы ой қозғай отырып, оның орталық қаһарманы Еламан бейнесін сомдаудағы жазушы шеберлігіне және тұлға сонылығына тоқталамыз.

Қаламгер Еламан образын ауыр жүкті арқалайтын негізгі кейіпкер ретінде танытады. Еламан бейнесі романның өн бойында бір қалыпты болып қалмайды. Әр эпизодтарда жаңа қырынан ашылып, негізгі тұлғасын толықтырып, күрделене түседі. Жетіле отырып, кесек образ деңгейіне дейін көтеріледі.

Еламан жастай әке-шешеден айрылып, жетім өседі. Оның әкесі Науан Тәңірбергеннің әкесі Абыралымен төбелесте қаза табады. Ал бір жылдан соң анасынан айрылып, бай ауылдың қозы, лағын бағады. Жасына сай жұмысы да күрделеніп, есейгенде жеті жыл жылқы бағып, жалшылықпен күн кешеді. Құдаймендеге тәуелді болып, малын бағып, намысқой, кекшіл, тұйық болып өседі.

Бірде ол Сүйеу қарттың үйіне кеткенде Құдайменденің жылқысына қасқыр шабады. Осы іске кінәлап өзіне қамшы ала жүтірген байға қарсы шығып, тап береді. Турашыл, бірбеткей Еламанның теңіз жағасынан промысел ашып жатқан бай орысқа жалдануына да себеп болатын — осы оқиға. Ол Құдайменденің озбырлығына енді шыдамайды. Өз еркімен күнін көруге бет бұрады. Жасынан атастырылған Ақбалаға үйленіп, әке-шешесінің ошағын қайта жағады. Еламан өзінің үй болғанына,

ата-ана шырағын қайта жаққанына, Ақбаладай әйелі барлығына және кешікпей сәбилі болатынына өте қатты қуанады. Ол отбасын жақсы көреді, Ақбаланы ештеңеге қарамастан сүйеді, отбасы тыныштығы үшін қолынан келгенінің бәрін жасайды. Еламанның бақытты, жайдары шағын автор былай баяндайды: «Жаңа үйленген жас жігіт сол кездері бір түрлі өзгеріп кетті. Қуанышы қойнына сыймай үнемі жарқылдап күліп жүрді. Өмірі шаршамайтын. Басқа кісілер әлденеше дем алып, ырсылдап шықса, бұның аяғы жерге тимейтін. Арқасындағы асымдық балықтың да салмағын сезбей, жар басына жүгіріп шығатын. Жаңа түскен жас келіншегі көргенше көңілі алып-ұшып ынтығып тұратын. Алдақашан құлаған ата шаңырағын осы келіншек түскесін қайта көтеріп, ел қатарлы үй болғанына қуанды. Қуаныш үстінде келіншегінің кейбір қытыққа тиер қылықтарын байқамапты» [18; 173]. «Бұған Еламан дән ырза. Екіқабат әйеліне жас сорпа ішкізгенге мәз. Қолтық ұстасқалы ұйқысы қашып кетті. Таң атқанша әлденеше тұрып, жағаға барады» [18; 7], — дейді. Бұл — Еламан өмірінің желсіз, тымық күндей, астан-кестен болмай тұрған шағындағы бейнесі.

Автор Еламанның қуанышынан мұңы, қайғысы көп киын да күрделі өмірінің бір сәттік шаттығын, жайдарылығын «бір түрлі өзгеріп кетті», «жарқылдап күліп жүрді», «өмірі шаршамайтын», «аяғы жерге тимейтін», «жүгіріп шығатын», «көңілі алып-ұшып» деген тіркестер арқылы шебер жеткізе білген.

Еламанға тән қасиеттің бірі — еңбекқорлығы, ешкіммен санаспайтын кеңпейілдігі, қолында барға қанағат ететіндігі. Оның ақ қар, көк мұз үстінде күні бойы жалғыз мұз оюы, ау қарауы, теңізге шыққанда, маңындағы кісі-қараның бар-жоғын байқамауы — осының дәлелі. Оның түнде ұйқы көрмей жағаға барып, балық қарауы, ұйқысының қашып кетуі де өміріндегі өзгеріске деген ризашылығын, қуанышын, жауапкершілік қасиеттерін аңғартады. Бұл қуаныш Ақбаланың келуімен тікелей байланысты. Еламанның Ақбала туралы ойлары нәзік астарға толы. Кейде қолын байлаған жоқшылыққа, әйелінің кірбің қабағына налыса, болашақ сәбиі туралы ойлары үміт отын жағады.

Автор Еламанның күрделі тағдырын баяндауда шынайы, өмір қаталдығына шыдай білетін, берік, бекем, тұтас характерін ашады. Аласапыран заманда өмірмен бірге оның кедергілерімен күресе отырып, бәріне шыдап бағады, төзім танытады. «Еламанның ыза-кегін оятқан тек Федоров қысымы емес. Бала жасынан тартқан жетімдік тақсіреті. Тәңірберген әкесінің қиянаты, жас мырзаның өз өктемдігі, жеке басынан асып, аз ғана қуанышы — жанұя бақытына түскен шіркеу — осының бәрін ерте есейген зерделі жігіт тағдырдың әділетсіздігі санайды» [14; 255].

Романдағы бас қаһарман шығарма жүйесінде сан қырынан танылады. Оның бойындағы негізгі қасиеті — ерекше ұстамды, сабырлығы. Бірақ шыдамы шегіне келгенде, оқыс әрекет етіп, жарылатын кездері де болады. Жасынан ауыр еңбек етіп, психологиялық та, басқа да соққыны көріп өседі. Үнемі қорлық, өктемдік көрсе де бәрін ішінде жияды. Бала кезінен бейнетке шынығып, берік болып өседі. Жылқышы бола жүріп, Құдаймендеге қарсы шығады, бірбеткей мінезі, тайсалмайтын турашылдығы осы кезде алғаш көрінеді. Балықшы ауылға келіп, қарапайым күй кешіп еңбекқорлығымен, парасаттылығымен, ұйымдастырушылық қасиетімен, елді бірлік, бүтіндік, татулыққа ұйыта алатын мінезімен танылады. Өз ортасы оны осындай қасиеттеріне орай сыйлап, құрметтейді. Кей істе басшы да бола біледі. Еламан образы — нанымды. Ол — балықшылардың серкесі, қайыспайтын, табанды күрескер, қаулап көріне бастаған жаңа күштің өкілі.

Жуас, көп ашыла бермейтін, ұстамды, тұйық характері оны әлсіз етіп көрсетеді. Бірақ жасынан жүрегін кек кернеген ашу-ызаға берілсе, мінезінен кесек әрекет күтуге болады. Басын тауға да, тасқа да ұрып, құлап, қайта тұратын, өмірін жаңадан бастап, қайта түлейтін шақтары шығарма бойында дамытылып берілген.

Еламанның соғыстағы тұлғасы бір басқа. Онда да жауапкершілігімен, икемді, сөзге жоқ, істе шеберлігімен көзге түсіп, ерекшеленеді. Қандай істе болсын әділетті қимылмен, таза жүрегімен, адалдығымен жағады. Тапсырылған маңызды мәселені құлшына орындайды. Романдағы Еламан бейнесі жан-жақты ашылып, типтік, дараланған дәрежеге көтерілген. Адам бойында болатын жағымды, жағымсыз қасиеттерді жинақтаған басты тұлға Еламан күрделі, сом кескінімен көрінеді.

«Қан мен тер» шығармасындағы қарапайым балықшы жігіт тағдыры трагедиямен аяқталады. Оның қапыда жауы Федоров ұлының қолынан қаза табуы осыны айғақтайды. Еламанның қай-қайғысына болса да себеп болатын — қас жауы Абралы әулетінің қысастығы.

Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы Еламан тұлғасын кесек тұлға деп айтуға болады. Оған негіз — шығарманың өн бойында ашылатын орталық қаһарманның шынайы, кесек характері.

Ұнамды қаһарман бейнелеу дәстүрі өзінің бастауын ауыз әдебиетінен ала отырып, әдебиеттің даму жолында сол заманның жүгін көтере әр кейіпте тұлғаланды. Әдебиетте ұнамды кейіпкер сомдау жалғасын тауып, 60-жылдардан бастап тың, кемелденген, кесек характерлер дүниеге келді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қаратаев М.* Таңдамалы шығармалар. — 2 т. — Алматы: Жазушы, 1974. — 374 б.
- 2 *Дәдебаев Ж.* Қазақ тарихи романы: дәстүр мен жаңашылдық. — Алматы: ҚазМУ баспасы, 1988. — 29-б.
- 3 *Атымұв М.* Қазіргі қазақ романдарындағы замандас бейнесі. — Алматы, 1977. — 10-б.
- 4 *Қаратаев М., Нұртазин Т., Қирабаев С.* Қазақ совет әдебиеті. — Алматы: Мектеп, 1987. — 6-б.
- 5 *Қирабаев С.* Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. — Алматы: Білім, 1998. — 224 б.
- 6 *Бердібаев Р.* Роман және заман. — Алматы: Жазушы, 1967. — 277 б.
- 7 *Қаратаев М.* Әдебиет және эстетика. — Алматы: Жазушы, 1970. — 268 б.
- 8 *Жарылғапов Ж.Ж.* 70–80 Жылдар қазақ прозасындағы адам концепциясы: Дис. ... канд. — Алматы, 2000. — 9-б.
- 9 *Хамзин М.Х.* 60–80-інші жылдардағы қазақ романының стилі мен типологиясы: Дис. ... д-ра — Алматы, 1997.
- 10 *Атымұв М.* Қазақ романдарының поэтикасы. — Алматы: Ғылым, 1975. — 277 б.
- 11 *Ғабдуллин Н.* Замандас келбеті. — Алматы: Жазушы, 1972. — 51-б.
- 12 *Бердібаев Р.* Қазақ романы. — Алматы: Білім, 1975.
- 13 *Ахтанов Т.* Бес томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1983. — 472 б.
- 14 *Нұрғали Р.* Қазақтың 100 романы. — Астана: Фолиант, 2004. — 456 б.
- 15 *Қаратаев М.* Шеберлік шыңына. — Алматы: Қаз. мемл. көркем әдебиет баспасы, 1963. — 144 б.
- 16 *Омаров І.* Әдеби толғамдар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 147 б.
- 17 *Майтанов Б.* Қазақ романы және психологиялық талдау. — Алматы: Санат, 1996. — 126 б.
- 18 *Нұрпейісов Ә.* Қан мен тер. — Алматы: Жазушы, 2004. — 472 б.

Ж.К.Балтабаева

Проблема изображения положительного героя и продолжение традиции

В статье рассматривается основа формирования изображения положительного героя в казахской литературе. Автором проанализированы пути развития традиции изображения героя.

Zh.K.Baltabayeva

The problem of the image of the hero, and to continue the tradition

The article is devoted to the basis of forming a positive characters image in the Kazakh literature. The analysis of the ways to develop the traditions of character's image has been made in the article.

А.Б.Бейсентай

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Мағжан поэзиясындағы символизм**

Мақалада М.Жұмабаев поэзиясындағы символизм мәселесі қарастырылды. Еуропалық, орыс акындар поэзиясына ұқсамайтын, өзіне тән ұлттық ерекшеліктері сараланып, поэзиялық салыстырулар жасалды.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті, әдеби үлгі, символизм, символизм талаптары, поэтикалық символдар, символистік ізденістер, рухани-эстетикалық әлем, жалпыадамзаттық контекст, еуропалық үлгі, символистік жырлар.

Қазақ әдебиетінің ірі өкілі Мағжан Жұмабаев шығармашылығында тамыр тартып жатқан әдеби үлгілердің бірі символизм екендігі белгілі. Олай болса, «Ақын Мағжанның символизмге айрықша ден қоюының сыры неде? Бұл тарапта оны қызықтырған себептер қандай?» деген сұрақтар төңірегінде ой өрбітіп көрелік.

Эстетикалық негіздері ХІХ ғасырдың 60–70-жылдарында Поль Верлен, Артюр Рембо, Стефан Малларме, Лотреамон сынды француз акындарының шығармалары арқылы қалыптасқан символизмнің негізгі талаптарының бірі жаратылыс тылсымдарына түйсік арқылы бойлауға, түйсінгенін әрқайсысы өзіндік мән, идеяға ие поэтикалық символдар арқылы жеткізуге мүмкіндік беретін ақынның ой азаттығы болды.

Аталған акындардан басталып, Ренье, Метерлинк, Валери, Гофмансталь, Рильке, тағы басқалардың шығармашылығында жалғастық тапқан символистік ізденістер барысында қателесулер де, шығармашылық жаңашылдықтар да молынан ұшырасты. Символизмнің негізгі жетістігі ретінде ой азаттығын, бейнелеу еркіндігін, рухани құлдырауға наразылық, рухани азаттықты аңсау, рухани еркіндіктің орнығуына жол ашатын өзгерістің боларына деген сенім сияқты белгілерді атауға болады.

Еуропалық әдебиетпен таныстық барысында Мағжанды акын ретінде қызықтырған да символизмнің осындай ерекшеліктері болса керек. Сонымен қатар бұл тұста М.Жұмабаев өмір сүрген қоғамның акын Мағжан үшін аса қадірлі ұлттық рухани-мәдени құндылықтарға көзқарасы қандай болғанын да қағыс қалдыруға болмайды. Себебі ұлттық рухани ерекшелік мәселесіне байланысты: «Адамзаттың рухани дамуы алуан ұлттардың рухани өрісіндегі өміршең, өнегелі қасиеттерді игеріп, кәдеге жарата алуымен сабақтасады. Өйткені бір ұлттың рухани-эстетикалық әлемі екінші бір ұлттың болмыс-бітімімен еш уақытта бірдей болмайды. Әр ұлттың болмысты өзінше түйсініп, түсінуі оның табиғатын айқындайды. Сондықтан әрқайсысының өзіндік ерекшелігі дегеніңіз жалпыадамзаттық контексте алып қарағанда әрқайсысының өзіндік байлығы деп бағалануға да лайықты» [1], — деп пайымдайтын біздің бүгінгі түсінігіміз Мағжан өмір сүрген қоғам үшін соншалықты маңызды емес еді.

Аталған жайттерге көңіл аударар болсақ, қазақ акыны М.Жұмабаевтың символизмге бет бұруы еуропалық үлгілерге жалаң «еліктеуден» емес, ақындық жаратылысынан бастау аларын дұрыс пайымдай аламыз.

Салыстырып байқалық:

1. В.Брюсов аударған француз Поль Верлен өлеңі:

*Тянется безмерно
Луговин тоска.
Блещет снег неверно,
Как пласты песка.
Небеса без света
Тверды, словно медь,
Месяц глянул где-то,
Вновь чтоб умереть.*

2. Қазақ акыны Мағжан Жұмабаев өлеңі:

*Кап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Кап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы.*

Көріп тұрғанымыздай, екі символист ақын, екеуінің бейнелегені де — түн, алайда екі ақында — екі түрлі сурет, жеткізгені — екі түрлі рух, екі түрлі сезім.

Француз Верленде үмітсіздік, дәрменсіздік басым, сондықтан да оған дүние түгел сұрқай, суық көрінеді: қары — қатпарлы топырақтай сұрықсыз, аспаны — сәулесіз түнек, әлдеқайдан жылт еткен айы — өлімге асық.

Қазақ Жұмабаевта мұң бар, аңсау бар, түн ұлы — адасқан адам бар, ең бастысы, осы түн ұлын құтқаруға асық Күн ұлы бар, сондықтан да қазақ ақынының өлеңінде кап-қара түнді тіліп түскен «ақ алтын сызық» — сәуле бар, ол — үміт сәулесі, сенім сәулесі.

Батыс символисттері мен Мағжан жырларын өзара салыстырып байқасақ, қазақ ақынынан ұдайы байқалатын бір ерекшелік бар, ол — Мағжанның символистік жырларындағы рух өрлігі. Символист Мағжанда қараңғы түн, қара бұлт, қара қан, қайғылы күй, т.с.с. суреттер жиі ұшырасса да, сол сұрқай тірлікке сәуле себезгілейтін сенім күйі, өршіл рух бейнесі әркез сақталып отырады.

Мағжанның символистік өлеңдеріне тән бұл ерекшелік қазақ ақынының символизмге өз түсінігімен, өз үнімен келгенін аңғартады. Мағжанның символизмге келуі санасыз әрекет, жадағай еліктеу емес, өзінің жан әлеміндегі буырқанысты күйлерді, бүгінгі мұңлы сезімін, ертеңге деген үміт-сенімін барынша әсерлі, бейнелі жеткізуге құштарлықтан туған саналы тірлік. Сондықтан да ол еуропалық үлгіні көзсіз көшіріп алмайды, тылсымына бойлай отырып, қажетін қабылдайды, ақындық жүрек сүзгісінен өткере отырып, шығармашылықпен жаңғырта, жаңарта қолданады.

Қазақ поэзиясына Мағжан әкелген символизм бейнелеу тәсілдерін қолдану тұрғысынан еуропалық символизмге сырттай ұқсастық танытқанымен, ішкі мазмұн жағынан басқаша бағдар ұстанады. Еуропалық символизмде жазмышқа мойын ұсыну, шарасыздық, күйректік, дағдарыс, торығу күйлері басым болып келсе, Мағжанның символистік өлеңдерін айшықтап тұрған ерекшелік — рух асқақтығы, сенім айқындығы.

Осы орайда М.Жұмабаев шығармашылығына батыстың символист-ақындарының әсері төңірегінде ой тиянақтап көрсек, Мағжанның еуропалық символизмнен үлгі алғаны анық. Алайда бұл үлгі еуропалық ақындар поэзиясынан тікелей алынды ма әлде орыс поэзиясы арқылы жанама жолмен жетті ме? — ол туралы кесіп айту қиын. Өйткені Мағжанның Гете, Гейне өлеңдерімен таныстығы анық белгілі болғанымен, өзге ақындар поэзиясымен таныстығы турасында олай айтуға мүмкіндік жоқ. Батыс романтизмінің, символизмінің көрнекті өкілдерінің барлығы дерлік Мағжан өмір сүрген дәуірде орыс тілінде жарияланғанымен, олардың қайсысының шығармалары қазақ ақынының қолына тиді, ол жағы беймәлім. Сондықтан Мағжанның еуропалық символизм өкілдерімен үндестік танытуының себебі қазақ ақынының олардан тікелей үйренуінен гөрі, ішкі сезім, ішкі сұңғыла түйсік арқылы рухани жақындасуына көбірек келеді.

Сондай-ақ батыс ақындарының романтизм, символизмге бет бұруында олардың өздері өмір сүрген қоғамындағы әлеуметтік-саяси оқиғалар, олардың әлеуметтік ой-санадағы салдары қандай маңызды роль атқарған болса, қазақ ақыны М.Жұмабаев поэзиясында символизмдердің бел алуында да қалың ортасында өзі жүрген қазақ қоғамындағы орасан өзгерістер соншалықты маңыз иеленді. Демек, Мағжанның символизмге келуі — «жаңалық ашуға» құштарлықтан туған яки «еліктеуден» туған тірлік емес, көбіне-көп теріске тартқан «төңкерісшіл өзгерістердің» салдарынан жан дүниесінде булыққан сезім күйлерін сыртқа шығаруға ұмтылған қажетті шығармашылық әрекет.

Қазақ ақынының еуропалық әдебиетке бет бұрған кезеңіндегі шығармашылығынан танылатын ерекшеліктер жайына назар аударған тұста Ш.Елеуеновтің: «Мағжан Жұмабаев поэзиясында орыс және дүние жүзі классикалық әдебиетінің іздері сайрап жатыр. Абай үлгі алған батыс, орыс ақындарының қатарына ол Фет, Бальмонт, Мережковский, Брюсов, Блок сынды өз заманының поэзия дәлдіктерін қосты. ...Орыс әдебиетінің, күллі батыс әдебиетінің жетістіктерімен тоғысқанда Мағжан поэзиясы олардың ығында қалып қойған жоқ. Қай уақытта да Мағжан қазақ елінің нақты жағдайына табан тірей сөйлеген» [2], — деп тиянақтай түйіндеген пікірін әркез ойда ұстаған орынды болмақ.

Алаш ақынының еуропалық романтик, символистермен шығармашылық үндестік табуының себебіне қарағанда, орыс поэзиясындағы романтизм, символизм өкілдерімен байланысының сыр-сипаты басқаша мәнде көрінеді. Бұл тұста, бірінші кезекте, «Қазақ ақыны Мағжанды орыс

әдебиетіндегі символизм сияқты ағым-бағыттардың қызықтыру себебі неде?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Бастау кезеңінде батыс әдебиетінен үлгі ала дамығанымен, орыс әдебиетіндегі романтизм де, өз кезегінде одан ірге ажыратып шығатын символизм де Ресей топырағына ғана тән ұлттық, әлеуметтік белгілерімен, сондай-ақ бейнелеу тәсілдеріндегі соны ізденістерімен ерекшеленеді. Бұл сипат әсіресе орыс символизмінде айқын аңғарылады. Орыс ақындары символистік бейнелеу тәсілдерін құбылта қолдану, сөзді ойнату, соны суреттер жасау, тосын ой ұсыну, дыбыстық әуезділікке мағына үстеуге талпыну сияқты жаңашылдықтарымен ерекшеленеді. Бұл бағыттағы ізденістерінде орыс символисттері біріне-бірі ұқсамайды, бірін-бірі қайталамайды. Салыстырып байқалық:

Символист К.Д.Бальмонт өлеңі:

*Мы брошены в сказочный мир
Какой-то могучей рукой.
На тризну? На битву? На пир?
Не знаю. Я — вечно другой.
Я каждой минутой сожжен.
Я в каждой измене — живу, —*

деген үлгіде келсе, орыс символизмінің тағы бір танымал өкілі В.Я.Брюсовтың өлеңі:

*Шорох в глуши камыша,
Шелест — шурианье вершин,*

*Шум в свежей чаще лоцин,
Шепот души заглуша,
Шепот, смущенье и дрожь,
Ширью и тишью живешь,*

*Шумом в глуши камыша,
Шелестом внешних вершин,*

Шорохом в чаще лоцин, —

деп келеді.

Бальмонт өлеңіндегі «ертегі дүниесі» ешқандай да ертегіге қатысты дүние емес, ақынның өзі өмір сүріп жатқан тірлік дүниесінің символы, «құдіретті қолы» — жаратушының символы. Аталған символдардың мәні ашылғаннан кейін өлеңнің мазмұны да айқындалып сала береді: «Ақын өзінің бұл дүниеде не істеп жүргенін, не үшін келгенін түсінбейді. Сондықтанда ол өзіне өзі жат».

Бальмонт өлеңінен айналадағы тірлікке қатысты мезетіне мың құбылған сезім ауанын, көңіл күйді, әсер-эмоцияны, көзқарасты бейнелей жеткізудің символистік поэзияға тән бір үлгісін аңдасақ, символист ақындар қолданысындағы бейнелеу тәсілдерінің келесі бір үлгісін Брюсов өлеңінен көреміз.

Брюсов өлең атауынан («Шорох») бастап «ш» дыбысына символдық-бейнелік салмақ жүктейді. Өлеңнің өне бойында құрамында «ш» дыбысы бар сөздерді пайдалану арқылы символист ақын өзі бейнелеп отырған сыбдырдың және онымен ұқсас өзге де дыбыстардың (*шелест*, *шурианье*, *шум*, *шепот* т.с.с.) құлаққа естіліп тұрғандай әсер қалдыруына ұмтылған. Ақын «дрожь» сөзін қолданғанның өзінде «ж» дыбысының айтылу кезінде «ш» дыбысына ұқсап дыбысталатынына дейін назарда ұстаған.

Орыс символисттерінде жиі ұшырасатын бұл тәсілдердің қай-қайсын да Мағжан өз тарапынан жетілдіре, әсерін арттыра, бейнелілігін күшейте қолданады. Өйткені «...поэзиялық шығармада ойдың, сезімнің мағыналылығымен қоса бейнелілігінің, көркемділігінің мәні зор. Әр сөздің мазмұн-мағынасымен бірге ырғақ-әуезділігі де оқушыға үлкен әсер етеді. Сөз өнеріне, әдеби шығармаларға тән ойдан шығару, әсірелеу, көркемдік шарттылық та поэзияда өзінше сипат алады» [3]. Поэзияға қатысты осы жағдайларды жете түсінгендіктен де, Мағжан ақын таза символистік жырларымен қатар, махаббат лирикасының өзінде де символдық бейнелеу тәсілдерін шығармашылықпен дамыта, көркемдік қуатын арттыра, ұтымды пайдаланады. Мәселен, «Гүлсімге» аталатын әйгілі өлеңінде лирик Мағжан символист Бальмонттың жоғарыдағы өлеңіндегі тәсілдерді кейіпкер (Гүлсім) жаратылысын асқақтата бейнелеу мақсатында жаңғырта қолданады:

*Алмас қанат періште еді,
Мекені оның ғарышта еді,
Жерді көрді қанға батқан.
Жүрегіне қанжар кіріп,
Жапан түзде аңдай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді — жерге түсті,
Жерге түсті — көрге түсті.*

Мағжан өлеңіндегі кейіпкер де — Бальмонт кейіпкері сияқты, өзге әлемнен келген жан. Алайда екі ақын кейіпкерлері арасында маңызды айырмашылық бар. Бальмонт кейіпкері жер бетіне «күдіретті қолдың» ырқына бағынып келіп қалса, өзінің не істеп жүргенін өзі де түсінбей жүрсе, Мағжан кейіпкері жер бетіне өз еркімен келген, «зарлап жатқан елді көріп, от пен суда солармен бірге болмаққа» келген. Бұл айырмашылықтың өзі Мағжан символизмінде гуманистік рух басым түсіп жататынын аңғартады.

Өлең сюжетінің әрі қарай дамуында «жерге түскен періштенің елге жасаған қызметі» суреттеле келіп («Күлгенменен бірге күліп, Өлгенменен бірге өліп, Күйгенменен бірге күйді...»), ақыр соңында періштенің де «тұңғыық теңіз — тұрмыстың» ағынына жұтылып кеткені айтылады:

*Тұрмыс — теңіз сылқ-сылқ күлді,
Сұлу суға кірді де өлді.*

Мағжан ақынның «теңіз, су» деп отырғаны — күнделікті тұрмыс-тіршілік. «Сұлу суға кірді де өлді» деуі де — нақты мағынасындағы қолданыс емес, күнделікті тіршілік қарекетінің кейіпкер жаратылысындағы періште сезімді, асыл мұратты жұтып қойғанын мегзегені. Сондай-ақ «сылқ-сылқ күлу» де, «су» да, «өлу» де — символдық мағынадағы қолданыстар.

Адам болмысының құбылмалылығы Бальмонт өлеңінде:

*Я — вечно другой.
Я каждой минутой сожжсен.
Я в каждой измене — живу, —*

деп суреттелсе, Мағжан өлеңінде:

*Өлді сұлу — өтті жылдар,
Өлді сұлу — бітті жырлар,
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұңды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып, —*

деген үлгіде бейнеленеді.

Шағын үзінділердің өзінен байқалып тұрғандай, Бальмонт символдары шарттылыққа бейім болса, Мағжан символдарында суреттілік басым.

Бальмонт кейіпкері өзінің бұл тірлікке не үшін келгенін түсінбей, әрі-сәрі күйде жүрсе, Мағжан кейіпкері асыл мұратының күйкі тіршілік ағынына жұтылып кеткеніне құсалы. Символист Мағжан өз кейіпкерінің осынау күйін бейнелей отырып та, гуманистік мұраттарға жетелейді.

Бұл — Бальмонт үлгісіндегі символизмге Мағжан үстеген жаңалық. Бұл — символист Мағжанның шығармашылық жаңашылдығы.

Символист ақындардың бейнелеу құралдарының қатарында жиі ұшырасатын тәсілдің бірі, жоғарыда келтірілген В.Брюсов өлеңіндегідей, қайсы бір дыбысқа символдық сипат дарытып, өлеңнің әсерлілігін арттыруға талпыну болса, бұл тәсілді де Мағжан ақын шығармашылықпен түрлендіре пайдаланады. Аталмыш тәсіл Мағжан қолданысында қаншалықты жаңа сипатта көрініс беретінін бағамдау үшін «Шолпы» өлеңіне зер салып байқалық:

*Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!*

Үзінді — бас-аяғы бес шумақтан тұратын белгілі өлеңнің бірінші шумағы. Бес шумақтың да басталуы бірдей: «Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...»

Бұл — бойжеткен бұрымындағы шолпының дыбыстық бейнесін жеткізу үшін ақынның әдейі қолданған тәсілі. Мақсаты жағынан Брюсовтың «Шорох» өлеңіндегі тәсілге ұқсас. Бірақ бірдей емес. Өйткені әр шумақта шолпы сылдырының қозғалысы да, дыбысы да, лирикалық кейіпкерге әсері де өзгеріп отырады. Бұл өзгерістерді ақын әр шумақтың кейінгі үш тармағы арқылы бейнелі жеткізеді.

Өлең динамикаға толы. Динамиканы туғызып тұрған — әр шумақ сайын қайталанып келетін шолпы сылдыры, шолпы сылдырынан сезімнің мың сан құбылуы. Алғашқы шумақта бейнеленген шолпы сылдыры алыстан естілсе, әр шумақ сайын жақындай түсіп, өлең түйінінде лирикалық кейіпкердің құшағынан табылады:

*Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Талдым, қалды сүлдер.
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...*

Символистердің өлең әсерін арттыру, өлеңге эмоционалдық ренк үстеу мақсатында қайсыбір дыбыстарға әдейілеп екпін түсіріп, символдық мән бере қолданатын бейнелеу тәсілін өз поэзиясында пайдаланған тұста М.Жұмабаев аталмыш тәсілдің бейнелеушілік мүмкіндігін одан әрі аша түседі. «Шолпы» өлеңінен аңдалып тұрғандай, қазақ ақыны дыбыстық еліктеу деңгейінде ғана қалып қоймай, бейнеленуші объектіге (шолпының сылдыры) де, оны естуші объектінің (ақын яки лирикалық кейіпкер) ішкі толқынысы, әсер-сезімі мен эмоциялық қабылдауына да динамика дарытады. Нәтижесінде өлең алуан құбылған дыбыстар мен сезімдер қозғалысына толы туындыға айналады.

Бұл ерекшелік те М.Жұмабаевтың символистік поэзия өкілдерінен шығармашылықпен игере отырып, игергенін өз тарапынан кемелдендіре дамытып, төл поэзиямызға енгізген жаңалықтарының бірі екені анық. Бұл тұрғыда алаш ақынының көркемдік әлеміне мархабаттана үңіліп, ақын талғампаздығына тәнті бола ой өрбіткен М.Әлімбаевтың: «Мағжан ақын — көңілдің бір сәттік кернеуінен өз басын босатуды ғана емес, ол — өз сөзінің ыстығы мен жылуын мөлшерлей білетін, оқырманға ой-толғанысының қалай және қаншалық әсер ететінін өлшеп отырған аппарат-аспаптай айырар ақын. Қиялап ұшып, қиядан шолып қияндағыны қапысыз танитындай» [4], — деген пікіріне ықыластана қол қоясың.

Қазақ ақыны М.Жұмабаев шығармашылық ізденіс барысында символист-ақындардың поэтикалық әлеміне барлау жасаған сәттерде де оларды ессіз ұлықтап, көзсіз ілесе кетпей, өзіндік көзқарасын, ұстанымын сақтай отырып, символизм поэзиясына ақынның өзіне ғана тән дүниетанымынан өріс тартып жатқан символдық бейнелерімен араласады. Мағжан ақынның бұл әрекеттерінен де оның болмысына тумысынан дарыған бірбеткейлік, даралыққа ұмтылу қасиеттері аңдалады. Символист Мағжан кей тұстарда тіпті орыс символизмінің тізгінін ұстаған ақындар әспеттеген символдық бейнелерге қарама-қарсы бейнелер жасап, орыс символистерінің идеялық ұстанымына кереғар ойларға бастайды. Мысалға жүгінелік.

Өз туындыларында «Қасірет перзенттері», «Түн балалары» сияқты символдық образдарды мақсатты түрде жиі пайдаланатын орыс символизмі өкілдерінің қолданысындағы символ-образ — Көлеңкелер болып келеді. Аталмыш символ-образ Д.С.Мережковскийдің «Последняя чаша» өлеңінде:

*Последним ароматом чаши —
Лишь тенью тени мы живем.
И в страхе думаем о том,
Чем будут жить потомки наши, —*

деген үлгіде көрінсе, Вл.Соловьевта:

Милый друг, иль ты не видишь,

*Что все видимое нами —
Только отблеск, только тени
От незримого очами?*

*Милый друг, иль ты не слышишь,
Что житейский шум трескучий —
Только отклик искаженный
Торжествующих созвучий? —*

деген сипатта беріледі.

Қарап тұрсаңыз, орыс символистері саналы түрде туындатқан Көлеңке бейнесі — дәрменсіздіктің, шарасыздықтың, амалсыздықтың және ештеңеге құлықсыз самарқаулықтың символы. Ақын Мағжан болса, өз поэзиясында дәл осы әрекетсіз Көлеңке бейнесіне мүлде кереғар символ-образ От бейнесін әкелді. Мағжан поэзиясындағы От — «жарқыраудан, жанудан» тынбайтын толассыз әрекеттің, зұлымдықпен бітіспейтін, қараңғылыққа төзбейтін күрескер кимылдың, жасқанып-жалтаруды білмейтін, «құлашын көкке сермейтін» өр Рухтың символы. Өйткені ол — «Күннен туған, Күнге ғана бағынады».

Мағжан поэзиясында жарқырай көрінетін От, Күн ұлы бейнелері — қазақ ақынының орыс символистері туындатқан Қасірет перзенттері, Түн балалары, Көлеңкелер сияқты символ-образдарға қарсы саналы түрде жасаған бейнелері. Бұл бейнелер арқылы Мағжан шығармашылық ізденістері барысында өзіне әсері тиген орыс символистерінің азамат ретіндегі ұстанымдарына қарсылық білдіреді. Қазақ ақыны олардан суреткерлік тәсілдер тұрғысынан көптеген жаңашыл бояулар тапқанымен, сол бояуларды дамыта пайдаланғанымен, олардың қарекетсіздікке бастайтын көзқарастарымен келісе алмайды. Сондықтанда «Жер жүзіне нұр беруге, Күн беруге» ұмтылған Күн ұлы, От бейнелерін туғызды. Аталмыш бейнелер де — қазақ ақыны М.Жұмабаевтың басқада барды көшіріп әкелуші емес, үйрене отырып, игере отырып, танып-білгеніне өз дүниетанымынан нәр беріп, көзқарасын сіңіріп, төл топырағына жерсіндіріп, жаңа мазмұндағы дүниелер жасауға құштар жаңашылдығын айғақтайтын айшықты көркемдік құбылыстар.

Символист Мағжан жаңашылдығы дегенде назар аударатын жайттердің бірі — қазақ ақынының өзі суреттеп отырған жағдайларға қалыс көзбен қарап, сырттай қызықтаушы деңгейінде қалып қоймайтындығы.

Жоғарыдағы мысалдардан аңдалып тұрғандай, орыс символизмінің өкілдері айналадағы болып жатқан оқиғалардың қай-қайсын да өздеріне еш қатыссыз тірліктей — әлдебір Көлеңкелер мен Түн балалары жасап жатқан шаруалардай қабылдап, солардың салдарына іштей наразылық білдіріп, торығумен, үмітсіздікпен сыртынан қарап қана отырса, символист Мағжан поэзияда өзі туындатқан От, Күн ұлы бейнелеріне («Өзім — күнмін, өзім — от» иә болмаса «Мен — Күн ұлы, көзімде күн нұры бар» т.с.с.) өзі қоса кірігіп, дүниеде жүріп жатқан тірлікке араласуға ұмтылады. Ақынның символ-образдарға айналып яки символ-образдардың ақынға айналып, бірінші жақтан тіл қатуы өлеңнің әсері мен экспрессивті қуатын еселей түседі. Бұл да — Мағжан Жұмабаевтың өзіне дейін қалыптасқан қандай да бір әдеби үлгілерді жаңа сипаттар дарыта, көркемдік әсерін арттыра қолдануға бейім жаңашылдығының бір көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ыбырайым Б.* Эстетикалық тәжірибе және рухани даму // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Акад. Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арнал. жин. — Алматы: Комплекс, 2002. — 121–125-б.
- 2 *Елеуенов Ш.* Батыс-Шығыс әдеби тоғысуы проблемасы және Мағжан Жұмабаев // Қазақ ССР ҒА хабарлары. — Тіл, әдебиет сер., 1990. — № 2. — 41–43-б.
- 3 *Ахметов З.* Ақын тұлғасы, адамгершілік максат-мұраты // Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық. — Астана: Фолиант, 2003. — 108-109 б.
- 4 *Әлімбаев М.* Толқыннан толқын туады. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 29 б.

А.Б.Бейсентай

Символизм в поэзии Магжана

В статье рассматривается проблема символизма в поэзии Магжана Жумабаева. Автор описывает, как Магжан творчески использует приемы символизма в поэмах, и даже в любовной лирике, которые способствуют художественному совершенствованию произведений. На основе поэтических сравнений выявляются национальные особенности поэзии М.Жумабаева, не похожего на других европейских и русских поэтов.

A.B.Beysentay

Symbolism in the poetry Magzhan

In this article the question of symbolism has been considered in M.Zhumabayev. The comparison was held in the poetry of M.Zhumabayev, while analyzing national peculiarities which are quite different from others. The fact that Kazakh poetry has been put on international level shows akyn's inborn talent.

ӘОЖ 82.0

Н.Ә.Демеуғалиева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Ұлттық тарихи драматургиядағы Абылай тақырыбы

Мақалада Абылай хан тұлғасына арналған тарихи драмалардағы бостандық және тәуелсіздік идеялары ашылған. Автор тарихты, дәуірдің болмысын ұлы тарихи тұлғаның армандары мен қызметін зерттеп, оның ой-арманы мен әрекеттерін талдап, салыстырады. Тіршілік шындығы мен Абылай ханның өмірлік көзқарастарының сәйкестіліктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: тарихи драма әдеби жанр, тарихи дерек, казак ұлтының данасы.

Еліміз еркіндікке қол жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа белесіне көтерілгелі мәдениетіміз бен әдебиетіміз қайта жаңғырып, театр өнері тарихи дамудың жаңа бір сатысынан көрінуде.

Театрдың тірегі — драматургия. «Драма жоқ жерде театр өнерінің ғұмыры ұзаққа бармасы — аксиома. Яғни, театр негізі — әдебиет. Драматургия — әдебиет жанры. Осы ретте драмалық шығарманың екі бағыты айқындалады. Біріншісі — көркем әдебиет туындысы қалпындағы нұсқасы болса, екіншісі — оның сахналық материал тұрғысындағы көрінісі. Бұл екеуін бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені драма сахна үшін де, көркем әдебиет үшін де аса қажетті рухани құндылық» [1].

Қай дәуір, қай заманды алып қарасақ та, өз көздеген мақсаты, айтар ойы мен мұң-мұқтажы, мүддесі болмақ. Еркіндік туымыз желбіреген, шұбарлана бастаған тілімізді, ұмытылып кеткен салт-сана, әдет-ғұрып, дінімізді, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді қайта түлетер сәтте жазушы-драматургтер де қарап қалған жоқ. Олар халқымыздың тарихы туралы, заман ағымы жөнінде, ұрпақ тәрбиесі мен қоршаған қоғамның өзіндік іс-әрекеті жайлы еңбектерін дүниеге әкелді.

«Бүгін ешбір театрға, оның қайраткеріне, режиссер мен актерге, пьеса жазатын драматургке не қоямын, сахнада не айтамын, қалай айтамын деген мәселелерге ешбір тосқауыл, шектеу жоқ. Бәрі де өз еркінде, бұрынғыдай сескенбей, жоғарыға жалтақтамай өз білгенінше, өз шамаңның жеткенінше сахналық шығарма жасау құқығына қол жеткізді» [2]. Осы еркіндіктің арқасында біздің бүгінгі ұлттық театр сахнасында өзгерістер, жаңа бағыттар, өзіндік ізденістер көрініп келеді. Мысалы, С. Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер», Ш. Мұртазаның «Бесеудің хаты», Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан», М. Байсеркеновтің «Абылай ханның соңғы күндері», Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», тағы басқа пьесалары дәуір мәселелеріне терең мән бере отырып, адам жанының қуанышы

мен қайғысын, адал махаббат пен арам пиғылды жіті таразылайтын туындылар ретінде көрермен көңілінен орын тапты.

Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі — трагедия. Академик Р. Нұрғали трагедия жанрының табиғатын түсінуде: «Трагедия — драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы — қат-қабат өмірдің объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы-шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ғаламат әсермен оқырманға (көрерменге) берілетін, болмыстың қаны сорғалаған сұрапыл шындықтарын айқара ашып, қопара бейнелейтін іргелі жанры... Трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін, сюжеттік материал мен көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырыптық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясын мынадай салаларға бөлуге болады: а) эпикалық трагедия; ә) тарихи трагедия; б) адамгершілік-тұрмыстық трагедия» [3], — дейді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары тарихи драматургияға өз үлестерін қосып келе жатқан жазушы-драматург Ә. Кекілбаевтың «Абылай ханы» мен режиссер-драматург М. Байсеркеновтің «Абылай ханның соңғы күндері» ұлы тұлғаның сахналық кескінін еске ұстай отырып, жалпы әдеби драматургиялық нұсқаның ішкі қақтығысқа толы күрескерлік, қаһармандық рухы табиғи қалпында сақталып жазылған туындылар.

XVIII ғасырдағы қазақтың атақты ханы Абылай хан көп уақытқа дейін кеңестік кезең тарихында идеологияландырылған қайшылықты тұлға саналып, есімі ел санасынан өшірілді. Дегенмен халқымыздың тәуелсіздігі жолында күрескен қайраткер тұлғаларды кеңестік саясат қанша бұғаулағанымен, уақыт ақыры ақтап шықты. Егеменді еліміздің тарихында Абылай хан ұлттың ұлы қайраткері санатында тарих тұғырына берік орнықты. Ел тәуелсіздік алар тұста Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың: «Ел басына ауыр күн туған он сегізінші ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз керемет қолбасшы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де таныла білді. Сондықтан Абылай секілді хандарымызды тек өзіміз ғана біліп қоймай, Қазақстанның барлық халқына танытайық» [4], — деген сөзі де қаламгерлерімізге, зерттеушілерімізге жаңа тарихи туындылар мен зерттеулер жасауға ой салғаны анық.

Шындығында да бұл тарихи кезең қазақ тарихының алтын беттері болған. Абылай заманы оның саяси, қайраткерлік қызметі көп уақыт бойына тарихи сахнаға шықпай жатса, қазақ әдебиеті тарихында Абылай хан туралы біржақты, қаралайтын дүниелер берілді.

Ә. Кекілбаевтың «Абылай хан» туындысы — ХІІІ ғасырдағы қазақ халқының азаттық үшін ерен ерлікпен күрескен тарихи кезеңін бейнелейтін, ақ өлең үлгісінде жазылған төрт көріністі пьеса. Қара сөз шебері Ә. Кекілбаевтың азаттық аңсаған халықтың басына түскен ауыртпалықты өлең тілімен баяндауы драмаға ерекше серпін беріп тұрғандай. Сонымен қатар Абылай ханның ақылшысы Бұқар жырау мұхиттың тереңінен маржан тере сөйлейтін ғұлама болған соң да, бұл шығарма өзінен өзі өлеңге сұранып тұрары сөзсіз.

Автор «Абылай хан» пьесасын драмалық дастан деп атап, кең ауқымды құбылысты суреттеуге бүгінгі күннің биік талап-талғамымен келген. Пьеса тұтас философиялық топшылауларға, астарлы ойға құрылып, келісті поэзиялық тілмен өрілген. Қаншама дастан-поэмаға жақын десек те, мұнда тапқырлықпен жазылған Әбілмансұр мен Қалдан, Абылай мен Күлпаш, Топыш бейнелері, зынданның маңынан өрбитін қым-қиғаш сахналары ішкі тартысқа, ордалы ойға құрылып, идеялық нысананы тереңдете түседі.

Ә. Кекілбаев өткенімізді айта отырып, пьесаның кейбір тұстарында бүгінгілік астар, мән-мағына беруі сол идея айқындығынан туындаған. Абылайдың жерін жауға, елін дауға бермейтін егемендігіміз, жан-жақтан көз алартқан теріс пиғылдардан сақтануға, халқын ауызбіршілікке, ынтымақ пен өнегелі еңбекке жұмылдыру арманы — бүгінгі қазақ елінің тәуелсіздігі.

Кейуана мен Диуананың ұзақ монологтары мен диалогтарынан дәстүрлі дастандық үлгімен өтіп жатқан немесе өтетін оқиғаның мазмұнын кеңінен баяндап, суреттеуінен басталуы еститін құлаққа поэзиялық сырлы үнімен әсерлі. Мұндай көріністер пьесаның әр тұсынан қылаң беріп қалады. Дегенмен тыңдаушысын еш жалықтырмайды.

«Диуананың бейнесі әбден қорқып қалған халықтың үркек көңілі мен күдігінің бейнесі іспетті. Халықтың жақсы өмірге деген сенімі қазір бар да, қазір жоқ. Мұз үстінде тайғанағандай хал кешкен жұрттың бір парасы осындай ойда болғанда, дала кемеңгері Бұқар жыраудың прототипі Кейуана халықтың келешегіне өзі де сеніп, өзгені де сендіре алар ғұлама... Екеуінде де — бүгіннен бастау алар ертеңнің не болып кетеріне алаңдаған ала көңіл» [5].

Ешбір адам дайын күйінде өзінен-өзі әдеби бейне болып шыға келмейді. Оның ішкі дүниесі барша болмысымен ашылғанда ғана, ол шын көркем бейне дәрежесіне көтеріледі. Ә. Кекілбаев драмасының басты кейіпкерлері: Сабалақ — Әбілмансұр — Абылай. Үш есім бір адамға қатысты. Әбілмансұрдың Сабалақ аталуы, Абылай атасының әруағын ұрандап шақырып, киелі есімге ие болуы, күрескерлік рухы драмалық тартыста, іс-әрекет белсенділігінде танылады. Осы үш есімді драмада автор тарихи тұлға Абылай тағдырының үш кезеңін көзге мөлдірете құйып, көрерменге ұсынуға негіз еткен. Қаламгер шынайы тарихи материалдарға иек арта отырып, нысаналы идеясына байланысты көркем бейне сомдайды.

Дастанның тағы бір ерекшелігі — тарихи кейіпкерлер жүйесінің молдығы. Олардың бәрі де Абылай заманындағы белгілі адамдар: сұлтандар, билер, батырлар, ел жақсылары. Атап айтқанда, тарихи драмадағы Бұқар, Ораз аталық, Дәулетбай, Қабанбай, Олжабай, Тұрсынбай, Малайсары, Әбілмәмбет, ойрат тайшылары Лама Доржы, Сыбан Доржы, Дабашы, Әмірсана, Қалдан Серен қызы Топыш ханым, тағы басқа бейнелер драманың тарихилық аясының кеңдігін көрсетеді. Көріністердің «Сайыс», «Арбасу», «Нартәуекел», «Жорық» аталуы да Абылай өміріндегі елеулі кезеңдерді әрі батырлық, қолбасшылық, елбилеушілік қырларын айқындап тұрғандай. Диуана (Ораз аталық) пен Кейуана (Бұқар жырау) арасындағы диалогпен басталған драма Ақтабан-Шұбырынды қасіретін бірден көз алдына әкеледі. «Сардарлары қайта соққы алған, сарбаздары қайта сартылдаған», — деген Диуана сөзінде қасіретті қырғында сансырап кеткен елдің басын қосып, жауға қарсы жұмылдыратын қаһарманды, ел басшысын аңсау, іздеу аңғарылады [6].

Жазушының ойлау парасаты мен суреткерлік шеберлігі жоғары деңгейге тоғысқанда ғана дәуір талабына лайықты келіскен шығарма жасалуы мүмкін, сонда ғана тарихи шындық пен жазушы қиялы арасында жарасым орнайды, шығарманың тарихи негізі айқындалып, мән-маңызы арта түседі. Сондықтан «Абылай хан» атты тарихи драмасымен Әбіш Кекілбаев тағы бір соны қырынан елең еткізді десек, еш артықтығы жоқ. Тарихи деректер мен ауыз әдебиеті мұраларын ұштастырып, бір дәуірдің тарихын қамтыған драма, сол замандағы Абылайдың батырлық болмысын, саясаткерлік, қолбасшылық, қайраткерлік тұлғасын толыққанды сомдауымен құнды.

Ал тәуелсіздік жылдары дүниеге келген Маман Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» — бас-аяғы үш кейіпкердің әрекетіне, үлкен тарихи құбылыстың желісіне құрылған сәтті драмалық туынды. Айналасы үш күннің ішінде өтетін оқиғаға автор Абылай заманындағы аласапыран қоғамдық қайшылықтың тарихи болмысын ашып, көркемдік таным биігінен көрінеді. Талай дүбірлі де шытырман, небір сойқан оқиғаларға толы күндерді, жақсы мен жаманды, жеңіс пен жеңілісті басынан кешірген Абылай сырқатының сыр беруі үлкен толғанысқа, іштей күйзеліске әкелген.

Абылай — драмадағы басты тұлға. Тарихи шындық пен көркемдік сипаттаудың ажырамас бірлігінде, дәуір — тарих — халық сабақтастығында айқын сомдалған драмалық бейне. Абылай ойлары мен армандары тәуелсіздік мұраттарымен үндестік тапқан. Оның өткен дәуірдегі күрескерлік рухын драматург ел егемендігінің биігіне көтереді. Өткен тарихты, дәуір болмысын, тарихи тұлға іс-әрекетін, ой-армандарын бүгінгі заман, қоғам көзқарасымен бағалау, тарихилықтың композиция арқауымен сабақтасуы Абылайды өмір шындығымен танытуға мүмкіндік жасаған.

Пьесада үш кейіпкер ғана болғанымен, барлық оқиға мен ішкі тартыс желісі Абылай мен Бұқар жырау арасында кейде монолог, кейде диалог арқылы өрілген.

Заманынан озып туған Абылай хан бейнесінің көркемдік сипаты драмада жан-жақты ашылған. Жиырма жасында тәж киіп, бар ғұмырын билікпен өткізген Абылайдың да төрт жағы құбыла емес екен. Ол да ет пен сүйектен жаралған, тірі пендеге ортақ арман мен мұң, сүйініш пен күйініш, іштей мазалайтын көңіл-күй арпалысы бұған да тән. Абылайды алаңдататын меңдеген сырқат пен тақап қалған ажал емес, артында қалып бара жатқан жалпақ елінің тағдыры, соның бүгіні мен ертеңі. «Алты алаштың айбыны мен айбары... Алда-жалда туы қисайып, шаңырағы шалқия қалар күн туса, бұл халыққа кім ие?.. Айдынынан, Абылайынан айрылған күні не болмақ?» деген сұрақ-жауаптармен берілетін монологтар қазақтың кешегі мен бүгінгі тірлігінің жанды суретіндей көз алдыңнан елестеп тізбектеліп өте береді. Бұдан біз драматургтің монолог құрудың да шебері екендігін көреміз [7; 86].

Абылайдың кейде қиялға беріліп, болашаққа ой жүгіртуі шығармада шындық аясынан өрбіген. Жерге шапанын жайып жіберіп, ханның бар ықыласымен кең даланың «қартасына» үңілуі, үй салып, кент тұрғызуды, қалаларды байланыстыратын керуен жолымен Қытай, Орыс патшалығымен алыс-беріс жасайтын сауда көзіне айналдыруды армандауы — сол кездегі саяси өмірден туындап отырғандай әсер қалдырады.

Қаншама жан күйзелісін бастан кешіп отырса да, Абылай — өр, менмен, тәкаппар. Өзімен өзі қалып оңаша сыр ашқан сәттерде неғұрлым толқулы, тебіренулі болса, Бұқар жыраудың, әсіресе ханға қалтқысыз берілген күзет басшысы Сейістің алдында соғұрлым ұстамды, соғұрлым салқын. Қараға сыр алдырмайтын хандық қасиет басым. Бұқар жыраудың сөзімен айтқанда: «Аузынан шыққан жарты сөзін атанның құнына бұлдамаса, Абылай Абылай болар ма еді!» [7; 84].

Абылай пьесада әр қырынан суреттеліп, күрделі бейне дәрежесіне көтерілген. Оның әрекеті өкініш-күйінішпен шектелмейді. Ханның елбасылық биік парасаты, тектілігі мен өктемдігі драмада салқын салмақтылықпен, жалпақ қазақ жұртының кемеңгері кейпінде шынайы көрініс тапқан.

Ханның биік парасаты, өр мінезі «Қазақ хандығының есігін теуіп кіруге құқығымыз бар» деп екіленген орыс пен қытайдың елшілері әдеттен озып, тым еркінсіп кететін хабарды жеткізгендегі Абылайдың сөзі мен қимылы егеменді елдің басшысына тән, оқырман қауымның бұл көріністі асқан ілтипатпен қабылдауы содан. «Мұнда орыстың әмірі де, қытайдың жарлығы да жүрмейді! Бұл — қазақтың жері. Ханы — Абылай!» [7; 69]. Бұл — елінің егемендігіне, қазағының бірлігіне, өзінің сара саясатына сүйенген Абылай сияқты кемеңгердің аузынан ғана шығатын қасиетті сөз.

М. Әуезов: «Ел сауығына ақыл, өсиет сияқты ой-санаға желі беретін үлгіні кіргізу керек болса, ертеде, заман шерін айтып зарлаған Асан Қайғы, толғау айтқан Бұқар сияқты жырауларды тірілту керек. Осылардың барлығының жайында толып жатқан сұлу әңгімелер бар. Солар болымсыз ғана мәдениет ісін сіңірсе, әрі ел өнері тіріліп, әрі театрдың іргесі құрылады» [8], — деген еді.

М. Байсеркенов осы пікір негізінде шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнының толық ашылуы Бұқар жырау бейнесінің сахналық деңгейіне тікелей байланысты екендігін ашып көрсетеді. Жырауды Абылайдың ел басқару жұмысына ақыл-кеңесімен, асқан ой-парасатымен ықпал жасап, саясат таразысын тең ұстауға, ел-жұртын талай алапаттан аман алып қалуға және оның болашағын бұлжытпай болжауда ерекше көрегендік танытқан қазақ ұлтының данасы мен дара тұлғаларының бірі етіп көрсетіп, қазіргі тілмен айтқанда, ханның идеологы, яғни оң қолы болған ойшыл қоғам қайраткері, ретінде бейнелейді.

Сонымен, Бұқар бейнесі шығармада халқының мұңын шаққан, Абылайдай ел билеушісінің ойлы да алғыр кеңесшісі, ақылына құлақ асқан кемеңгері дәрежесіне көтерілген.

Әрекеті шағын Сейіс пьесада орда мен сырт әлемді байланыстырып отыратын, өзіне лайық драмалық жүгі бар бейне. Орда сыртында өтіп жатқан оқиғалардың сыр-сипатын осы Сейістің қимыл-қозғалысы мен бет-жүзінен тануға болады. «Мал ұрлап, ел тонамасам, кісі өлтіріп, құн тартпасам, қайда жүріп күнәкар болам, Алдияр? Ең әрісі жалған сөйлеп, өтірік айтқан да кісі емеспін. Ес кіріп, етек жапқалы бірде атыңды баптап, бірде Орданды сақтап бар өмірім көз алдында өтті. Хан иемнің жарлығынан бөтен қия басқан жерім болса, құдай тапсын!», деп ақталуынан ханның адал көмекшісі болғанын көреміз [7; 56].

Маман Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері» пьесасының аяқталуы қайғылы көрінгенімен, оның оптимистік рухы төмендемеген. Және туындыда бүгінгі қазақтың көкейінде жүрген көп жағдайлары сөз болып, ұлттық намысты қозғайды.

Қорыта айтқанда, жоғарыда қарастырылған тарихи шығармалардан халқымыздың қилы да қиын замандарының тынысын сезінеміз. Қайраткер тұлғалардың сөзі мен іс-әрекетінен егемендік, тәуелсіздік үшін күресінің қымбат құны, қадір-қасиеті айқындалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сығай Ә.* Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ драматургиясы // Жұлдыз. — 2007. — № 6. — 137 б.
- 2 *Академик З. Ахметов және руханият мәселелері.* — Алматы, 2003. — 399 б.
- 3 *Нұрғали Р.* Драма өнері. — Алматы, 2001. — 10, 11-б.
- 4 *Назарбаев Н.Ә.* Бәрін де ақылмен істеу керек // Социалистік Қазақстан. — 1991. — 9 сәуір. — 2-б.
- 5 *Көкейкесті әдебиеттану.* — Бірінші кітап. — Астана, 2001. — 306 б.
- 6 *Кекілбайұлы Ә.* Дүние ғапыл. — Алматы, 1999. — 182 б.
- 7 *Байсеркенов М.* Абылайдың аманаты // Жұлдыз. — 1996. — № 8.
- 8 *Әуезов М.* Уақыт және әдебиет. — Алматы, 1962. — 29-б.

Н.А.Демеугалиева

Тема Абылая в отечественной исторической драматургии

В статье раскрывается идея свободы и независимости в исторических драмах, написанных в годы независимости и посвященных личности Аблайхана. Автор изучает историю, бытие эпохи, деятельность и мечты великой исторической личности, анализирует и сопоставляет мысли, мечтания и действия Аблай хана. Рассмотрены пути гармонизации образа Аблай хана с жизненной правдой.

N.A.Demeugaliyeva

Subject of Abylaya in domestic historical dramatic art

The author reveals the idea of liberty and independence in the historical dramas, which were written in the sovereign years in honor of Ablay khan. He studies history, epoch's existence, being and dream of historical person in connection of modern views. The author analyzes the combination of these thoughts and dreams of Ablai Khan and his spirit of struggle for freedom in desire of independence. Ways to harmonize the image of Ablai Khan with true life are considered.

ӘОЖ 894.342:398

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Айтыс өнерін дамытуға мол үлес қосқан кемеңгер ақын

Мақала XIX ғасырдың әйгілі ақыны Орынбай Байқожаұлының қайталанбас шығармашылық қызметіне арналды. Ақынның сол кезең ірі ағартушыларымен кездесуі жайлы баяндалды. Орынбайдың басқа ақындармен поэтикалық айтыстарына, осындай кездесулер кезіндегі шығармашылық толысуларға баға берілді.

Кілтті сөздер: ақындық өнер, ақын, өлең, ой жүйесі, ұстаным, нысана, сөз шеберлері, сөз сайысы, дін жайы, шариғат сөздері, арнау өлеңдері, діни сөздер.

Кіріспе сөз

Орынбай Байқожаұлының ақындық өнерін Ш.Уәлиханов, В.Радлов, поляк зерттеушісі А.Янушкевич, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин, С. Мұқанов, Е.Ысмайылов, тағы басқа зерттеушілер жоғары бағалап, шығармаларын жинап, жариялаған.

Орынбай ақын 13-14 жасынан өлең шығарған. Кезінде Арыстан, Сералы, Шортанбай, Сақау, Шөже, Балта, Дана, Ақан сері, Тоғжан, Құлтума, тағы басқа ақындармен айтысқа түскен [1-3].

Орынбай мен Шортанбай

XIX ғасырдың екінші жартысындағы ең көрнекті ақындардың бірі — Шортанбай Қанайұлы. Әр кезде Шортанбай ақын көбірек сөз болып, орынды-орынсыз сынға ұшырап келді. Оның шығармаларында біреулер біле-түсіне тұрып, бірде дұрыс, бірде бұрыс баға беріп келсе, керісінше, қайсыбіреулер ештеңесін оқымай-ақ, тексермейінше әйтеуір даттасам адаспаспын деп, бар бәлені ақынның басына үюмен шұғылданды. Әрине, тап осындай екі ұдайы жағдайда Шортанбайдың есімі қаншама жиі аталғанмен, оның әдеби мұрасы көпке шекті өзінің әділ бағасын ала алған жоқ. Оның үстіне Шортанбай жөніндегі мәліметтер мол емес, тіпті шағын, ал бірен-саран деректер бола қалса, олардың көпшілігі шашырап жеткен үзінділер, ауызша айтылып келген естеліктер.

Ақынның өмірбаяны турасындағы азын-аулық мағлұматтар мынадай: Шортанбай Қанайұлы 1818 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан өлкесінің Түркістан төңірегіндегі Қаратауда туған. Оның өз кәулігі бойынша, ержете келе өмір кешкені Арқа қазақтарының ортасы болған тәрізді:

Қаратауда халық едім,

*Қазақ емес, сарт едім,
Көк есекті мінуші ем,
Масақ теріп жүруші ем.
Арқаға шығып нан жедім,
Нан жеген соң дәндедім...*

Шортанбай айтысқа көп қатысыпты. Алайда бізге келіп жеткені бір ғана қақтығыс. Ол жөнінде не деуге болар еді?

Шортанбайдың Орынбай ақынмен кездесуін сүбелі егестердің қатарына қосуға қиын, олардікі әншейін күш сынасу, дәлірек бағалағанда, онша зілі жоқ қақтығыс, үлкен өнердің ырымын жасау болып шыққан.

Бізге қажеті Шортанбайдың ой жүйесі, түсінігі, көзқарасы болғандықтан, осы айтыстың бойындағы оның ұстаған позициясы мен көздеген нысанасын ашуға тырысалық. Мұнда ақын, бір жағынан, айтыс өнерінің қазақ арасында үйреншікті көрініс болумен қатар көп жағдайда ақынның атағын жайып, қарсы жақты тоқтататын, керек десеңіз тұқыртатын өткір құрал екенін де жақсы түсінеді. Сол себепті қызу үстінде Орынбай тілін батыра түскен шақта, Шортанбай да тартынбай азуды басып-ақ жібереді. Екіншіден, қаруын тежеп жұмсайды да түптеп келгенде шын бет жыртысуға бармай зілсіз жай қақтығысумен аяқтайды.

Осы екі ақынның арасындағы айтыс туралы Василий Радлов былай деп жазады: «Тұрлыбектің қасында бір Орынбай деген ақын бар екен. Тұрлыбек қырға барыпты. Қырда Құсбек төренің қасында бір Шортанбай қожа деген бар екен. Құсбектің алдында Орынбай көп өлең айтты. Құсбек оған көп сый қылыпты. Онан соң Шортанбай қожаменен айтысыпты» [4].

Бұл айтыста **Шортанбай** ақын сөзін былайшы бастапты деседі:

*Жаратқан бәрімізді бір құдайым,
Падиша пендесінің білер жайын.
Атыңа анық, түсіңе танық едім,
Жолың болсын, жүріңсің, Орынбайым?*

Орынбай:

*Дуана, қожа атасы барар Мекке,
Мейрамға имам болған жалғыз-жеке,
Жолың болсын дегенің жақсы лепес,
Құдай берсе, мол болсын, е-Қожеке!*

Шортанбай:

*Өлеңге бір кісідей тынысың бар,
Бақ берген тіл мен жаққа ырысың бар.
Барымташы кісідей, мол болсын деп,
Әлде қандай кісіде жұмысың бар?*

Орынбай:

*Былтыр бізді шақырды Құсбек батыр,
Хан шақырса, не тұрсың ақын батыр.
Ақсұңқардың дидарын көрейін деп,
Орынбай сол жарлықпен келе жатыр.*

Шортанбай:

*Айтасың мақтан қылып батыр, ханды,
Ар көрерсің құр келіп бақырғанды.
Билейтін ел бітімін би емеспін,
Құсбек сені не қылсын шақырғанда.*

Орынбай:

*Қожеке, ханға тағы сөйлеймісің,
Ханыңды шақырма деп билеймісің?
Ішің тар бұл қайдағы жарықтықсың,
Тыңдамай хан шақырса қой деймісің?*

Шортанбай:

*Еліңе мен насихат кеп айтамын,
Бар демей беті-жүзің дөп айтамын.*

- Орынбай:**
*Елімнен былтыр алып кетпеп пе едің,
Ұялмай тағы келдің бе деп айтамын.*
- Шортанбай:**
*Тереңнен алатұғын алымым бар,
Жақсыдан алып өскен қалыбым бар.
Төреңе әлің келсе бердірмей бақ.
Күндесең алғаныма ішіңді жар.*
- Орынбай:**
*Орынбай Тұрлыбекке ерген екен,
Әркім-ақ сұрамшаққа берген екен.
Елімді өзім жоқта қойдай шауып,
Бұл мұндар сонан дәндеп келген екен.*
- Шортанбай:**
*Қожеке, соны сөз деп айтармысың,
Қуанып бердірмесең қайтармысың?
Мейрамның қарлығаштай малын қорғап
Қызғанған тәңір малын сайтанбысың?!*
- Орынбай:**
*Білдің бе сөйткенменен берерімді,
Бағана біліп едім келеріңді.
Жан жоқ деп менен басқа мақтанасың,
Түк бермен асырмасаң өнеріңді.*
- Шортанбай:**
*Шығыпты Орта жүзге атың Қожә,
Айтасың әлімдікпен батыл, Қожә.
Көздерін сендей сарттың уқалаушы ем,
Боларсың бергізбесең, қатын Қожә.*
- Орынбай:**
*Орынбай Тұрлыбекпен келді, кетті,
Әй, бәлем, бергізбеспін сөзің өтті.
Жалынсаң, Қожеке деп, кешер едім,
Түбіңе, сорлы, өзіңнің сөзің жетті.*
- Шортанбай:**
*Қожеке, сырттан сұрап сағынғаным,
Құсбектен тәуір болды табылғаның.
Бұл жерде қожә билер Қаратау жоқ,
Арғынды сенен сұрап не қылғаным.*
- Орынбай:**
*Қарауыл өрши берді шындамаса,
Айтпаймын халық кеңес тыңдамаса.
Тіленіш елге келген сен деймісің,
Көрейін халық сөзімді бұлдамаса.*
- Шортанбай:**
*Қожасың, Қарақалпақ, атаң басқа,
Шығыпсың жақпай жалғыз қарындасқа.
Баласын бір арғынның екі айырып,
Мұндайды кім үйретті сен құбасқа?!*
- Орынбай:**
*Болсада баяғыдай заманым жоқ,
Бозбала бәрің тәуір, жаманың жоқ.
Пір болған жеті атаңа, қожәң едім,
Көрген соң бір заржақты амалым жоқ.*
- Шортанбай:**
*Нәсілің төрт-жар дейді, дегдар Қожам,
Алдында сөзге жүйрік мен бар, Қожам.*

Шортанбай: *Еліңе дәріс айтып, дін үйретпей,
Қазақтың өлеңінде нең-бар, Қожам?!*

Орынбай: *Еліңе мынау ақын жағады екен,
Сөйлесе сөз мәнісін табады екен.
Алдыңа осындайда бір шықпасам,
Жаныңа қоя берсем жағады екен.*

Шортанбай: *Айтасың жүйріктікпен, шешен Қожам,
Күнәңді тәуба қылсаң кешер, Қожам.
Алдыма шығарыңды қайдан білдің,
Айтасың соны білмей есер, Қожам.*

Орынбай: *Беріп пе жалғыз саған тіл мен жақты?
Деймісің сөзден кедей біз бейбақты?
Қожанды жұрт пір қылған «есер» дейсің,
Әй, бәлем, ұмыттың ба аруақты.*

Шортанбай: *Деп едім тілім тиер мен бағана,
Жаратты Қожаны есер Алла Тағала.
Ишан өлең айтқанын қашан көрдің,
Өлеңіңді айт, пірліктен кет садаға!*

Орынбай: *Хан, қара шақырған соң келе қалдым,
Жел сөзбен көп алдында желе қалдым.
Қожаны пірлігінен айыратын,
Молданы дәріс айтқан көре қалдым!*

Шортанбай: *Қоже-еке, көп шайтанмен салыспаңыз,
Қараға төре тұрып таныспаңыз.
Айтамын жаным ашып ақсүйекке,
Жасыққа бола алтынды алыспаңыз.*

Орынбай: *Өтерін дүниенің ойламасам,
Алдында хан-қараның сайрамасам,
Орынбай — елге келген бұл бір мейман,
Жұртыма енді айтып майламасам...*

Осылайша біраз қағысқаннан кейін екеуі де байсалды қалпына қайта көшіп, айтысты доғарады. Осындай бір ғана және шағын қақтығыс көлемінде Шортанбай ақынның жаңа бір қыры мен сырын аша қою өте қиын. Алайда, біз бұл жерде оның өз заманындағы көркем әдебиеттің қай саласына болсын ат салысып, белсене қатысып отырғанын ескерте кетуіміз керек.

Орынбай мен Арыстанбай

Арыстанбай Тобылбайұлы XIX ғасырдың басында Көкшетау облысында туып, сол ғасырдың соңғы ширегінде қайтыс болған. Орынбаймен айтысында ақын әкесінің би болғанын мәлімдейді. Ол Шөже, Орынбай сияқты атақты сөз шеберлерімен замандас болған және олармен әркез айтысып, өнер салыстырады [5; 97].

Арыстанбайдың, әсіресе Орынбаймен сөз сайысы кеңірек таралған. Олардың кездесуі көп билер жиналған үлкен жиында өтеді де, сөзді алдымен Арыстанбай бастайды:

*Жаратқан баршамызды бір құдайым,
Алдында ақиықтай саңқылдайын.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен Орынбайым?!*

Орынбай:

*Арыстан, сен де шешен, мен де шешен,
Басып айтпай, тасып айт мені десең.
Көрмегелі біз сізді көп күн болды,
Өзіңізде жүрмісіз аман-есен?!*

Арыстанбай:

*Кез қылған екеумізді жалғыз Құдай,
Екі жүйрік кездеспес күнде мұндай.
Сөйле деп екеумізді билер отыр,
Жарқыным енді мұның жөні қалай?*

Орынбай:

*Мақтанғанға қампайып тасушы емен,
Егеспеген кісіні басушы емен.
Маған берген Құдайдың бір мінезі,
Өзі тиген кісіден қашушы емен.*

Арыстанбай:

*Адамзат не қылмайды мас күнінде,
Жұртыңа туралық қыл бас күніңде.*

*Манадай мен Дүйсеннің қосшысы едің,
Сонда қайда қалып ең жас күніңде?*

Орынбай:

*Өтірік айтып мақтанад кейбір залым,
Сенің мені жеңбесің жұртқа мәлім.
Сонда да шарға түскен менің малым,
Енді жетер деймісің маған әлің.*

Арыстанбай:

*Олай айт та бұлай айт, жан шырағым,
Бір адамнан кем емес бірден бағым.
Сен өзің «сөзім көп» деп мақтанасың,
Өлеңші ең қайда жеткен аруағың?*

Орынбай:

*Мен Қызылтау, Баянауыл, Семей бардым,
Қыпшақ Тәті мырзаға салық салдым.
Он құр ат, қос ішек пен тоғыз жамбы,
Сол секілді олжаны бір жолда алдым.*

Арыстанбай:

*Патша болсаң құрулы алтын тағың,
Мырза болсаң ерттеулі арғымағың.
Мынау тұрған Семейге барған болсаң,
Әлі ұзамай жүр екен аруағың.*

Орынбай:

*Сырдан өтіп қол бердім жеті пірге,
Кімдер әуес болмаған біздей дүрге.
Семей барған кісіні мұнда дейсің,
Өзіңіз ұзап барғансыз қаниа жерге?*

Арыстанбай:

*Төрт аяқты құтқармас сен бір тұлпар,
Құдигаңды құтқармас мен бір сұңқар.
Қоқан, Созақ, Ташкентің мұнда қалып,
Барғанымның алысы Үргеніш, Бұхар.*

Орынбай:

*Патша болсаң мінерсің алтын таққа,
Кімдер әуес болмаған біз бейбаққа.*

*Қоқан, Созақ, Ташкенді көктей өтіп,
Не жұмыспен барғансыз сонша жаққа?*

Арыстанбай:

*Өтірік айтпан күнәға бекер батып,
Мен келдім талай жердің дәмін татып,
Бұл қыдыртқан керуенге басшы болып,
Мен жүрдім серілікпен пұлым сатып.*

Орынбай:

*Олай болса Орынга бергей несіп,
Өз ағаммен ойнайын әзілдесіп.
Бұл қыдыртқан керуенге басшы болсаң,
Мәз болыпсың жоныңды арқан тесіп.*

Бұл жерде Арыстанбай Орынбайға мен сен сияқты өлеңмен тілемсектеніп жан асырамаймын, әкем би болған, сен ата-тегіңнен өлеңмен жан асырағансың деген емеурін танытады:

*Молда емессің мал жиган қаламменен,
Жұрт алдында шықпассың жегенменен.
Менің әкем Тобылбай би кісі екен,
Мен сендей тіленбеймін өлеңменен.*

Сонда Орынбай:

*Ол рас, әкем ақын, жолын құдым,
Өлеңменен топ сайын бетім жудым.
Сенің атаң Тобылбай - жұрттың биі,
Би болмай өлең айтып неге тудың? —*

дейді.

Қапелімде абдырап, жауап таба алмай тоқталып барып Арыстанбай:

*Орынбай, жеңілдім деп бас ұрмаймын,
Басымнан ақын сөзін асырмаймын.
Менің әкем Тобылбай билік еткен,
Онымды сенен қорқып жасырмаймын, —*

дейді.

Орынбай:

*Білмесең қырық парыздан үйретейін,
Сөзімді өзегіңнен түйретейін.
«Би баласы би бол» деп айтып едім,
Би болмасаң бақсы бол мен не дейін?! —*

дегенде, айтысты тыңдап отырған билер бұл сөзге күліп жіберіпті.

Ұтылған Арыстанбай:

*А, жаным, бидей шешен қызыл тілің,
Өлең жақтан жоқ екен сенің мінің,
Билер сенің сөзіңе езу тартып,
Сөзің асты, сөйлей бер жүйрік інім, —*

деп өзінің жеңілгендігін мойындаған екен.

Әлкей ақынның Орынбай мен Арыстанбайға билік айтуы

«Орынбай билердің аға сұлтаны болсын, оған тете билік айтатын Арыстанбай болсын» депті билер. Атығай Әлкей ақын намыстанып, оған қол қоймай, былайша деген екен.

Ә л к е й:

*Жастан кірдім жақсының арасына,
Сөйледім мен қазақтың баласына.
Қызыл тіл онда да бар, менде де бар,
Қол қойман Қарауылдың баласына.*

О р ы н б а й:

*Өлеңге таусылмастай кең деуші едім,
Қызғанда жаман сөзді жөндеуші едім.*

*Екі жақ пен бір тілдің арқасында,
Бастарын сендей таздың емдеуші едім.*

Сонымен Әлкей ақын тоқтап қалып, Арыстанбай екеуіне билік айтады.

Орынбайға:

*Орынбай, дәл жиырмада жасың бар ма?
Тазын айтып, ағаңда қасың бар ма?
Көп ішінде ағаңның тазын айтып,
Тазға бөліп беретін шашың бар ма?*

Сонан соң Әлкейге:

*Аққу болғың келді ме қаз дегенмен,
Көбейер деп пе едің аз дегенмен.
Ініңнің базынасын көтере сал,
Шығын аз сенен шығар таз дегенмен.*

Соңында екеуіне:

*Бұл жерде өлең айтып керіспеңіз,
Керісіп бір-біріңді сөгіспеңіз.
Атығай, Қарауылмыз — бір ауылмыз,
Брыссыздың тайындай тебіспеңіз, —*

депті.

Орынбай мен Қожабек

Орынбай ақын дін жайын, шариғат сөздерін біраз білген адам. Сондықтан да айтыстарында, арнау өлеңдерінде діни сөздерге көбірек жармасады, өзінің ойына, пікіріне, ұғымына одан сүйеніш тапқандай болады. Оның осындай ерекшелігін Шоқан да байқап, оған: «Татар, фарсы сөздерін араластырмай таза қазақша айт» [6], — депті.

Бірақ ақын өлеңдерін халықты дін жолына үгіттеу мақсатымен шығармаған, айтысқа да осы оймен түспеген, көбіне-көп өзіне қойылған діни сұрақтарға ұтымды жауап беруге тырысқан. Осыны Орынбай мен Қожабектің айтысынан байқауға болады.

Қожабек:

*Биік құмның басына бітер жуа,
Бәйбіше атын шығарған жақсы тума.
Тілі аузына сыймаған ақын болсаң,
Он екі айда келеді неше жұма?*

Орынбай:

*Екі шешен қосылса аттай жселер,
Көп жаңалық шешеннің сөзін бөлер,
Алла тағала демесе асылық болар,
Он екі айда қырық сегіз жұма болар.*

Қожабек:

*Бес уақыт намаз, бесін намаз,
Қожалардың қолында ала қағаз.
Қанат қаққан әуеде неше құс бар,
Соны табар ма екенсің, міне, сабаз?*

Орынбай:

*Қара құстар, ақ құстар, құстар-құстар,
Алтайыға шұға мен мәуіті тыстар.
Сен білмесең, бейақыл мен айтайын,
Әуеде ұшып жүрген мың сан құс бар.*

Қожабек:

*Бейақыл, он екі ала, сегіз бала,
Ұяң құс, ілік-ілік жұмыртқа ала,
Жұмбағым таба алмасаң, ақын бала,
Сұм бала көп пе саған, бермен қара.*

Орынбай:

*Он екі ала дегенің — он екі ай-ды,
Сегіз бала дегенің — сегіз жұма.
Ілге-ілге дегенің — ұшап бұлт,
Құс жұмыртқа дегенің — күн мен ай-ды.*

Қожабек:

*Орынбай, оныменен жеңесің кім,
Адамзат оны білер заманы сұм.
Теңдесіп қан алады-ай қадалғаннан,
Күніне шаршамайды болса да мың?*

Орынбай:

*Қожабек, сені көріп болдым ынтық,
Жаманның сөзі жаман, өзі сылтық.
Дәрідей кім дегенің мен айтайын,
Теңдесін қан алған оқ, жеткен мылтық.*

Осы жерде:

*Орынбай, өзің ақын, сөзің тәтті,
Сіздердей көргенім жоқ адамзатты.
Келгенше жетпіс беске өлең айтып,
Намаз жоқ, ойламайсыз ақыретті, —*

деп, Қожабек ақын Орынбайдың намаз оқымайтынын оған айып қып тапқан.

Әріптесінің айыптау сөзіне, **Орынбай:**

*Құдайым айырмасын жоралардан,
Мал кетсе сыз қалмайды қоралардан.
Бұрынырақ бейіш жайға барсам керек,
Шылымқор осы күнгі молдалардан.*

Қожабек:

*Баймын деп налымағайсың жеріңізге,
Мақтанба күштімін деп піріңізге.
Кетерсің мұрдем өліп, Орынбайым,
Біздердей тіл тигізсең піріңізге.*

Орынбай:

*Пір десем кереметің көрінбейді,
Айналдыра бересің Орынбайды.
Көп жұлдыздың ішінде айдай болып,
Орынбай еш нәрседен қорынбайды.*

Қожабек:

*Көп жұлдызым дегенің мұрттарыңыз,
Біз десе құрбан болған жұрттарыңыз.
Тауап қылып біздерге сыйынбасаң,
Хақ болыпты дін исламнан шыққаныңыз.*

Орынбай:

*Қожабек, ақ тайлақтай ойнақтайсың,
Әр шоқтың басына кеп қонақтайсың.
Дін емес, ұйқы болып іздегенің,
Кәрілікпен сахар тұрып бұлақтайсың.*

Сөзден жеңілген Қожабек үндемей отырып қалыпты.

Орынбай мен Серәлі Қожа қақтығысы

Серәлі Еруәліұлы 1835 жылы Қостанай уезі Шұбар болысының бесінші ауылында туып, сол жерде 1876 жылы қайтыс болады. Ол әке-шешеден ерте айырылып, жоқшылық-кедейлікпен күн кешеді. Еті тірі, пысық әрі сөзге шешен Серәлі жанынан өлең-жыр шығарып айтуға бейімдік танытады. Есейе келе ол ел ішіндегі әр алуан айтыстарға қатысып (Ұлбике, Кете, Ешнияз, Орынбаймен айтыстары), ақын ретінде аты шығып, жұртқа танылады. Оның екі әйелінен бірнеше

балалары болған. Солардың ішінен белгілі журналист, ақын, көрнекті қайраткер Мұхаметжан Сералинді бөле айтуға тура келеді [5; 218,219].

Сол баласының айтуынша, Серәлі хат білетін сауатты адам болған, өлеңді ауызша да, жазып та шығарған. «Серәлінің өзі XIX ғасырдағы үлкен ақынның бірі, — деп жазады әйгілі жазушымыз С. Мұқанов, — оның атақты Орынбай ақынмен айтысы және басқа да бірнеше өлеңдері бар».

Серәлі алғаш ауыл арасындағы дәстүрлі қайымдасу, кішігірім айтыс-қағыстарға қатысып жүреді де, бірде әйгілі ақын Орынбаймен айтысады. Міне, осыдан бастап оның өнері елге кеңінен тарайды.

Оқиға Қарақалпақ ханы Махметтің ордасында өрбіген. Орекең мынау Арқадан сонау Қарақалпаққа үш ай жүріп жеткен. Ойы — дүниеден өткен хан әкесінің орнында дұға оқып, көңіл айту болса керек. Осы тұста жөн сұрасып болғаннан кейін-ақ Серәлі ақын (ол елге Серәлі Қожа деген атпен де танылған) сөйлей отырып, Ореке, деп бірден он жанбасқа алады. Сонда **Орынбай** ақын былай деп сөз бастайды:

*Шыққалы біздер елден талай болды,
Ауылым «Көкөртөңге» жанай қонды.
Сұлтаным бес-алты ауыз айтсын дейді,
Серіжан-ау, мұның жайы қалай болды?
Баласы Бертағының Орынбаймын,
Жалтақтап мен ешкімнен қорынбаймын.
Мойнында бір адамның қырық парыз бар,
Әр жерде әрқайсысын орындаймын.*

*Момынның малын жейді зекет алып,
Кеңеске кеткен аузым қалыпталып.
Серіжан-ау, қандай дертке ұшырадың,
Басыңды орамалмен таңып алып.*

Серәлі:

*Ассаламағалейкүм, Орын аға,
Жел сөздің сізге құйған қорын, аға.
Дәм бұйырып бұл елге келе қапсың,
Бір сапар болып қалсын жолың, аға.*

Орынбай:

*Уағалайкүмүссәләм, Серәлі інім,
Дәулет бітсе көркейсін көрген күнің.
«Жақсы лепес, — деп айтқан, — жарым ырыс».
Шоқтығын бір көтердің көңілімнің.*

Серәлі:

*Аузыңда лағыл, жауһар, күмісіңіз,
Бір Алла мол жаратқан тынысыңыз.
«Жолың болсын» дегенімді тәуір көрдің,
Адамда әлдеқандай жұмысыңыз?*

Орынбай:

*Үш жүзге аты шыққан ақын төре,
Төренің үш ай жүрдім жолын көре.
Ақ сұңқардың дидарын көремін деп,
Әдейі шығып едім сәлем бере.*

Серәлі:

*Әз Жәнібек ханға Көсе барған,
Көсе тілін Жиренше шеше барған.
Хандарын сіздің елдің көремін деп,
Ақыны біздің елдің неше барған?*

Орынбай:

*Келістіріп айтпасаң сөзіңнен көр,
Жақсыны танымасаң көзіңнен көр.
Басқа жұртқа баруға өнер керек,
Өнеріңнің жоқтығын өзіңнен көр.*

Серәлі:

*Халайық мен сөйлесем аң-таң қалған,
Естіген, көргендердің мейірі қанған.
Орын-ау, «артықпын» деп айта көрме,
Әзәзіл бұл пиғылмен қайда барған?*

Орынбай:

*Төрт шардан нәсілің артқан, дегдар қожам,
Қисық жүрме, түзу жүр, жөн бар, қожам.
Шаригат айтар болсаң кітап ұста,
Қазақтың өлеңінде нең бар, қожам?*

Серәлі:

*Бұлайша сөйледің бе, Орынбайым?
Сақтасын бұл пиғылдан бір Құдайым.
Алсаң да әдеппен ал, әдетпен жүр,
Деп айтам дабыра салып неғылайын!*

Орынбай:

*Қожа біткен Сыр, Қуаңға барған болар,
Елді алдауға құранын алған болар.
Алты алаштың баласын қойдай сауып,
Қоржын салмақ қожадан қалған болар.*

Серәлі:

*«Правитель», жүрген жерің күнде жиын,
Асады күн-күн сайын құрмет-сыйың.
Бір елдің адамына тіл тигізсең,
Бергізбен, бәлем саған, жалғыз тиын.*

Орынбай:

*Қожеке-ау, алыс жүрсең сағынғаным,
Жарайды кең ордадан табылғаның.
Сенен сұрап алатын қайыршы жоқ,
Алаш малын сенен сұрап неғылғаным?*

Серәлі:

*Жұртқа артық шешендердің бұл қызметі,
Шұбырады сен келген соң елдің шеті.
Орынсыз тіленшілік құрған жанның,
Мақшарда күйер дейді екі беті.*

Орынбай:

*Серәлі, тәуір көрдім мінезіңді,
Балаймын мың қожаға бір өзіңді.
Тіленшілік кітапта ұнамаса,
Қожаларға неге айтпайсың бұл сөзіңді?!*

Сонымен, аңдаусызда құрулы қақпанға тап болған Серәлі аталы сөзден тосылып тоқталады. Ал Махмет хан Серәлі Қожаға алая бір қарап іштей ренішін білдіріпті.

Серәлі қожа:

*Болжауы болмайды ойдың дейді,
Сөзбенен мені іреп сойдың дейді.
Бұл үйде айтысуым қате болды,
Аяғыңа жығыламын,
Тоқтатып мен сөзімді қойдым дейді.*

Орынбай:

*Төресің, үкімің бар гаділ атты,
Нақақтан істемейсің қиянатты.
Бұлардың тілі тәтті, діні қатты.
Жеңілдім деп өзі айтты зой,
Алып бер айыбына тор жорға атты.*

Серәлі қожа:

*Төрме сәлем бере келдім дейді,
Бұл үйдің аруағымен жеңдің дейді.
Айтқаным айтқан.*

Айыбыма тор жорға атты бердім, —
дейді. Махмет хан айыбына Қожаның торы жорға атын алып беріп, өз иығындағы ішігін Орекеңнің иығына жауыпты. Орынбай бұл тұста да кідіріс таппай Серәліге сөз арнайды.

*Серәлі, маған келіп өзің тидің,
Қадірін жаңа білдің үлкен үйдің.
Дәулеттінің дәмінен деген рас,
Астыма сенен алып жорға міндім,
Үстіме жарқыратып ішік кидім.
Қарақалпақ, Сүгірәлі елдің байы,
Төресі, міне, отыр, күн мен айы.
Серәлі ат бердім деп ренжіме,
Баласын сүндетке отырғызғанда,
Торы жорға өз байымның берген тайы.
Жүйрік ем шалдырмаған топтан торай,
Жағыма жәрдем берген жаппар Құдай.
Алаштың ақынымен айтысқанда,
Сөзден жеңіп, астынан атын алып,
Талайлар кетуші еді жылай-жылай.
Қазақтың ақынына кезіккенде,
Байқап бас аяғыңды бұдан былай.*

Осы тұста Махмет жылқысынан өзі мінігін Керойнақты алдыртып, Орекеңнің жетегіне байлатады.

Орынбай:

*Орамды аймақты бол жанды-жақты,
Аямай тәңірім берген мал мен бақты.
Ғайып ерен, қырық шілтен қызмет қып,
Ата-бабаң кісі екен аруақты.
Солардың біреуі де бытырамай,
Атаның аруағы сізде қапты.
Болғанда сүйегің мырза, ниетің жомарт,
Төрт аяғы төрт бесті болатұғын,
Аямай бердің маған Керойнақты.
Торы жорға басады екен жайтаң-жайтаң,
Ырғиды жер кездесе ойпаң-тойпаң,
Төренің аруағын көкке ұшырып,
Мырзалығын жүрген жердің бәріне айтам.
Ойнатып Керойнақты жетегімде,
Үйірлеп ағайыннан айдап қайтам.*

Жеңілгеніне қарамай, Серәлі жұрт алдында өзінің кішіпейілділігін, әдептілігін сақтайды. Әйгілі жүйрік Орынбайға осыншалық қажыр-қайрат көрсетуі жас ақынның ел ішінде аты жайылып танылуына жағдай жасайды.

Екінші бір жаңадан табылған деректе [7] Орынбай Серәліден жеңіледі.

Оқушы мағлұмат алу үшін, халыққа кең тараған айтыстың бұл нұсқасы мынадай.

Орынбай:

*Шыққалы біздер елден талай болды,
Ауылым «Көкөртеңге» жанай қонды.
Сұлтаным бес-алты ауыз айтсын дейді
Серіжан, мұның жайы қалай болды?*

*Баласы Бертағының Орынбаймын,
Алашта ақын бар деп қорынбаймын.*

*Мойнында бір адамның қырық парыз бар.
Әр жерге әрқайсысын орындаймын.
Момынның малын жейді зекет алып,
Кеңеске кеткен аузым қалыпталып.
Серіжан-ау, нендей дертке ұшырадың,
Басыңды орамалмен таңып алып?*

Серәлі:

*Ассалаумағалейкум, Орын аға,
Сұрайсың шарияттың төрін, аға.
Атығай, Қарауылдан жол тартыпсың,
Бір сапар болып қайтсын жолың, аға.*

Орынбай:

*Уағалейкүмүссалам, жарқын інім,
Көркейсін дәулетпенен көрген күнің.
Айтады сөзді қалай таза қылып,
Баласы ақсүйектің тақсыр пірім.*

Серәлі:

*Асыл сөз — тілден шыққан күмісіміз,
Емес те бұл өтірік, шын ісіміз.
Атығай, Қарауылдан жолдағанда,
Бұл жақта немене еді жұмысыңыз?*

Орынбай:

*Бұйырған шықтым елден несіп тере,
Сұлтанның үш ай жүрдім соңына ере.
Атығай, Қарауылдан сапарланып,
Келіп ем сұлтанымның жүзін көре.*

Серәлі:

*Алдауға Жиреншені Көсе барған,
Жиренше Көсе сөзін шеше барған.
Дидарын сұлтанымның көремін деп,
Мүбәрәк сіздің елге неше барған?*

Орынбай:

*Сөз таппас жаман адам сасқаннан соң,
Көңілден сөзін бұзар ашқаннан соң.
Сен де жүр олай десең, Серәліжан,
Өнерде кім жүрмейді асқаннан соң.*

Серәлі:

*Көп жылқы көк алалы байда бар-ды,
Ағын су аққанынан сайға барды.
Астым деп айта көрме, Орын аға,
Ғазәзіл үлкендікпен қайда барды?*

Орынбай:

*Орынбай артық туған кен ағаң-ды,
Қайда жүрсем сыйлаймын мен ағамды.
Үш күндей ауырдым деп келмей жатып
Берерге жүр екенсің сыбағамды.
Өлеңді отыр едім құрастырып,*

*Қу бала, жаңа жеттің жанастырып,
Кетуші ем сендейлерді адастырып.*

Серәлі:

*Өлеңді отырар ма едің қарастырып,
Білдің бе жеткенімді жанастырып.
Әлеумет осы отырған қалайды көп,
Болады кезек берсең санастырып.*

Орынбай:

*Арғы атаң Хазірет Әлі, текті қожам,
Алдында қисық жүрсең, жөн бар, қожам.
Наданға насихатын айта бермей,
Құранның лұғатында нең бар қожам?*

Орынбай соңғы сөзінде Серәліге:

*Серәлі, соны сөз деп айтармысың,
Жолың боп мені жеңіп қайтармысың?
Шашылған несібемді теріп жүрмін,
Қызғанған хан мен халық шайтанысың, —*

дегенде, бұл:

*Шайтан боп неге тәубамнан жаңылайын,
Сақтай гөр мына сөзден бір құдайым.
Айтып ем аяғаннан жаным ашып
Ел ақтап дабыра сал, не қылайын! —*

деп жауап беріпті.

Орынбай мен Тоғжан

Тоғжан соқырдың аты Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романында, Сәбит Мұқановтың Үкілі Ыбырай жайында жазған мақаласында аталады. Оның ақын ретінде ірілігі Орынбаймен айтысынан аян. Құлтумамен де сөз қағыстырып бой бермейтіні бар.

Тоғжан Көкшетау топырағында туған, руы — Атығай.

Бір жиында Орынбай біреулерді көкке көтере мақтап, шапан киіп, басқа ақындардың алдын кескестеп сөз бермейді. Бұған шыдай алмаған Тоғжан:

*Тоғжанның он үшінде көзі кетті,
Бір Құдай көзін алып еңіретті.
Кезінде тұзу мылтық, құлан атып,
Көрмедім, өнер-білім, жігіттікті.
Нағашым Көлдей еді Жаулыбайым,
Ежелден белгілі еді сенің жайың.
Соқырдың бір шекпенін тартып алып,
Жүрмісің аман-есен, Орынбайым, —*

деп табан астында айтыс басталып кетеді.

Орынбай:

*Келемін аяғымды қадам басып,
Кеңеске Құдай берген кеудем ашық.
Қу соқыр, келген жерден не сөйлейін,
Бұқадай дөнен қара топырақ шашып?*

Тоғжан:

*Келесің аяғыңды қадам басып,
Кеңеске құдай берген кеудең ашық.
Келдім бе бар жазғаным — амандастым
Не дедім одан басқа топырақ шашып?*

Орынбай:

*Әй, Тоғжан, есерлігің, бисерлігің,
Қалмайды қартайғаниша есерлігің.*

- Т о ғ ж а н:** *Ағадан амандаспақ болушы еді,
Асығып неге айтасың есендігің?*
- О р ы н б а й:** *Ауылым құтты қоныстан келген көшіп,
Құдайым Орынбайға берді несіп.
Толғанып домбыраңды түзеткенше,
Мен сорлы шыдамадым ішім пысып.*
- Т о ғ ж а н:** *Алдында жүйрік туған Орын ағаң,
Деп не едің теңелейін, соқыр маған?
Ағадан амандаспақ болушы еді
Ғазәзіл үлкендікпен қайда барған?*
- О р ы н б а й:** *Алдымда жүйрік туған Орын ағаң,
Соқырың теңелген жоқ әлі саған.
Қорқасың ғазәзілдің ғазабынан,
Бар ма екен соқыр хақын тартып алған?*
- Т о ғ ж а н:** *Асылға жасық темір иілмейді,
Көңілге айта берсе не келмейді.
Болғанда біз жалтыр көл, сен шұқанақ,
Аруағың қанша айтқанмен теңелмейді.*
- О р ы н б а й:** *Сен сондай жомарт па едің Атымтайдай,
Қайырсыз қу емес пе ең Қарынбайдай,
Соқырдың бір шекпенін тартып алып,
Ант ұрған кедей бар ма Орынбайдай?*
- Т о ғ ж а н:** *Ә, Тогжан, сен өлеңді айтар едің,
Жолың боп мені жеңсең қайтар едің.
Мен дария жайлаған жайын едім,
Ә, Тогжан, мен туласам қайтер едің?*
- О р ы н б а й:** *Көңілге жаман қиял алып жүрме,
Қартайдың, жас күңгіңнен қалып жүрме.
Жайлаған рас дария жайын едің,
Қайрылып көл суалса қалып жүрме!
Ауылым құт қоныстан келді көшіп,
Құдайым Орынбайға берді несіп.
Сен неге, ей, Ореке, мақтанасың,
Басыңды жарды қыздар төбелесіп.*
- Т о ғ ж а н:** *Бір қыздың бақанменен салуы рас,
Орекең аттан ауып қалуы рас.
Орекең аттан ауып қалса-дағы
Бес тоғыз нар бастатып алуы рас.*
- О р ы н б а й:** *Бұл Тогжан естір сөзге қу құлақты,
Сен қашан қосып едің ынтымақты?
А, балам, ат пен шапан, тоғыз қайда,
Үш теңгелік алып ең көк шолақты?*
- Т о ғ ж а н:** *Тогжан-ау, мына сөзге тоқта деймін,
Тәңірі берген таласпа баққа деймін.*

*Айыпқа алған тоғызды алмады деп,
Бекерге маған жала жаппа деймін.*

Т о ғ ж а н:

*Тағы да Орын батыр, Орын батыр,
Балтамен шабар мінің толып жатыр.
Құдайды бір алдамай, үш алдадың,
Дініңді сен емес пе бұзған кәпір?*

О р ы н б а й:

*Келеді жайылған мал оттап тоймай,
Мен жүрмін өлеңімді айтқан қоймай.
Қойып тәубе өлеңге етсем дағы
Айттырды төрт қара ерікке қоймай.*

Т о ғ ж а н:

*Тоғжан мен Нұртай шықты Атығайдан,
Нұрәлі, жүйрік озбас Орынбайдан.
Қорықсаң төрелерден тәубе бұзып,
Япыр-ай, артық па еді бір Құдайдан?*

Сонымен, тарих сырына үнілсек, Орынбай мен Тоғжан сынды ақындар тақыр жерден емес, тамырын тереңге жіберген құнарлы топырақтан нәр алып, өскен өнер адамдары екенін көреміз.

Ал Тоғжанның кім екендігіне келетін болсақ, ол Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Орынбайларға ілесе шығып, эпикалық жанрлар толғаған. Тоғжан Біржан сал, Шәрке сал, Нұркей ақындармен замандас. Айтулы жәрмеңкелерде Әз Шөжемен қатар зарлап, Алшынбай, Құнанбай, Шыңғыс, Құсбек төрелер мен Зілғара, Жанбота, Азынабайлардың алдында тілін безеп, арнау сөздер төккен. Қаннан да, қарадан да ықпапты, кейде дауылдаған шаршы топ, мәртебелі жиын үстінде уәжден тосыла қалса, өзі сияқты бір өткір жанға сөз кезегін беріп: «Жөнін сен айтып жіберші» деп қыздырмалап, күпініп отырады екен.

Жоғарыда айтылған сөзімізді қорыта келгенімізде, XIX ғасыр поэзиясында алатын өзіндік орны бар көрнекті ақын Орынбай халқымыздың аялай, қастерлей алып келген айтыс өнеріне жаңа леп қосып, келесі ұрпаққа байыта, түрлендіре жеткізушілердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Каренов Р.С. Сұңқардың жебесіндей ұшқыр ақын // Азия-Транзит. — 2003. — № 8 (41). — 14–19-б.
- 2 Каренов Р.С. Сұңқардың жебесіндей ұшқыр ақын // Азия-Транзит. — 2003. — № 9 (42). — 10–14-б.
- 3 Каренов Р.С. Сұңқардың жебесіндей ұшқыр ақын // Азия-Транзит. — 2003. — № 11(44). — 46–49-б.
- 4 Радлов В. Алтын сандық. — Алматы: Ана тілі, 1993.
- 5 XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988.
- 6 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: В 5 т. — Т. 4. — Алма-Ата, 1961. — С.579.
- 7 Айтыс: 2 т. — Алматы: Жазушы, 1988. — 263-265-б.

Р.С.Каренов

Ақын, внесший огромный вклад в развитие и становление жанра «айтыс»

Статья посвящается неповторимой творческой деятельности выдающегося акына XIX столетия Орынбая Байкожаулы. Освещаются встречи поэта с крупными просветителями того времени. Автором дается оценка поэтического состязания Орынбая с другими акынами, их творческого взаимообогащения в ходе таких встреч.

R.S.Karenov

Bard who made an outstanding contribution to Aitys

Orynbaja Bajkozhauly is devoted to unique creative activity outstanding XIX centuries. Meetings of the poet with large educators of that time are shined. The estimation is given to poetic competition of Orynbaja with others, their creative Enrichments during such meetings.

ӨОЖ 894.342:398

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Арқалы жырдың кең сабазы Орынбай ақын
Туғанына 190 жыл толуына орай

Мақалада XIX ғасырдың әйгілі ағартушы ақыны Орынбай Байқожаұлының өмірі мен қызметі зерттелген. Әр түрлі түпнұсқа деректерін талдау нәтижесінде оның дүниеге келген және дүние салған уақыты нақтыланып, шыққан тегі анықталған. Қазақ халқының мақтан тұтар ұлының шығармашылығына қысқаша баға берілді.

Кілтті сөздер: әншілік дәстүр, ақындар шығармашылығы, айтыс өнері, жыр-толғаулар, ойын-сауық, әзіл-оспақ өлеңдер, өнер сайысы, жыр жүйріктері, талант иесі, айтыс ақыны.

*«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып
байқа,
Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа,
Ақындықтың қуаты есіңді алып,
Бас алмастан оқырсың, қайта-қайта.
Кешегі Бұқар жырау, Жанақ ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жайған
даңқын.*

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Кіріспе сөз

Шіркін, қасиетті топырақ! Хан жайлаған Көкшетау! Қасым Аманжолов тілімен айтқанда: «Жаннаты жер мен көктің сұлуы Көкше!».

Көгілдір Көкше өңірі өнердің талай тарланбоздары мен ақиық ақындар, әншілер мен күйшілер жасаған сырлы өлке. Сұлу табиғат өзі қандай сұлу болса, өзінің аясында өмір сүрген жандардың да болмыс-бітімінің сұлу, нәзік талғамды, сыршыл сезімді болып келуі жаратылыстың бір заңдылығы тәрізді.

Арқадағы әншілік дәстүрдің ұйтқысы болған, аспандағы аққуға үнін қосқан сал Біржан, ән мен жырдың Құлагері Ақан сері, гәкку үнді Үкілі Ыбырай, сегіз қырлы бір сырлы Балуан Шолақ, әріде өткен ақындар шығармашылығының көш бастаушыларының бірі Шал ақын, біз сөз еткелі отырған арқалы жырдың кең сабазы Орынбай ақын да осы Көкше перзенті еді.

Орынбай ақынның ата-тегі туралы деректер

Сәбит Мұқанов «Айтыстың» бірінші томына жазған алғы сөзінде [1]: «XIX ғасырдың айтыстарын жасаушы ақындардың көпшілігі тарихқа мәлім. Мәселен: Орынбай, Серәлі, Тоғжан, Сақау, Шөже, Балта, Сүйінбай, Кемпірбай, Жанақ, Құлмәмбет, Тәбия, тағы басқалар», — депті. Оның бұл пікірінен Орынбайды XIX ғасырдың белді ақындарының қатарына қосқанын аңғарамыз.

Байқожаұлы Орынбай XIX ғасырдың қазақ поэзиясында өзіндік үлкен орны бар зор талант иесі, айтыс өнерін дамытуға мол үлес қосқан, жыр-толғауларының ойлылығымен, ұйқастарының шеберлігімен көзге түседі.

Ол ақындар шығармашылығын аса үздік дамытушы жүйріктеріміздің бірі. Қолда бар мұрасын талдай келгенде, оның өз кезіндегі талай дүлдүлдермен кездескенін және олардың көбісін жеңгенін көреміз. Сөйткенмен де айтулы өнер иесінің өмірі мен шығармашылығы оқушыға жете таныстырылған емес [2,3].


Қазақтың аты мәшһүр ақындарының бірі Орынбайдың туған жері — қазіргі Көкшетау өңіріндегі Айыртау ауданы, Ақбас көл мен Сары өзен бойы. Руы — Қарауыл.

Орта жүздегі Арғын тайпаларының бір бөлігі «Жеті момын», немесе «Бес момын», тайпа бірлестігі ретінде белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлының атақты «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбегінде «Жеті момын» тайпалық бірлестігін құраған тайпалардың құрамы мен саны нақты берілген. Автор «Жеті момынға» Атығай, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты (Тауфиықты) және Бәсентиннің үш баласын (Айти, Байымбет, Жанай) кіргізген.

Біздің пікірімізше, сондықтан бұл тайпалар ел аузында «Жеті момын» деп Бәсентиннің үш баласын жеке-жеке есептегенде, кейде Бәсентиннің өзін атағанда «Бес момын» деп атала беретін болса керек.

Қарауыл руы (тайпасы) — Арғынның «Жеті момын» деп аталатын тайпалар тобындағы жеті (бес) рудың (тайпаның) бірі. Ел аузында сақталған шежіре нұсқалары бойынша, Арғынның екінші әйелі Момын анадан Қарасопы, ал одан Қарауыл туылған. Қарауылдар Арғын ішіндегі саны жағынан да, алар орны мен беделі жағынан да ірі тайпалардың біріне жатады. Қарауылдар қазақтың үш жүзінің басын қосқан ірі саяси тұлға, мемлекет қайраткері Абылай хан арқа сүйеген тайпа ретінде де белгілі. Қарауыл тайпасынан ерлігіне елі сүйсінген батырлар, ел тізгінін қолына алған билер, бүкіл қазаққа өнерімен танымал болған небір дүлдүл ақын-әншілер шыққан. Орта жүз рулары туралы сөз еткенде: «Қарауылдың ішінде өлең айтпа» деген сөздің сақталып қалуы да көп нәрсені аңғартса керек.

Қарауылдардың ұраны туралы алғашқы мәлімет Г.Н. Потаниннің еңбегінде кездеседі. Онда Қарауылдың ұраны — Қарақай деп көрсетіледі. Халық аузында сақталған кейбір шежіре үлгілерінде Қарақай — Қарауылдың әкесі ретінде айтылады. Бұл үлгі бойынша оның шығу тегі: Арғын — Қодан (Қотан жырау) — Дайырқожа (Ақжол) — Қарасопы — Қарақай — Қарауыл болып келеді [4].




Қолда бар дерек мәліметтері негізінде Қарауыл тайпасының Құланшы (Қарт), Құрман, Бөлкей ру бірлестіктерінен құралатынына көз жеткіземіз. Құланшыдан (Қарттан) тарайтын Күшектің (Көшеннің) төрт ұлы Атқы, Жауар, Мөңтік, Сары және Құрманнан тарайтын Есенбай, Қараша, Әнәнәй, Қоңырша ел ішінде «сегіз ата» аталған Қарауыл руларын құрайды. Ал Бөлкейден тарайтын Құлымбет пен Тұнқатар ұрпақтары бұл сегіз атадан бөлек таратылады. Сонымен, айтылғандарды кесте түрінде былай беруге болады:

Құланшы руының кейбір шежірелік нұсқасы бойынша Жаулыбай руы Құланшыдан таратылады. Қарауыл тайпасының шежіресі туралы мәліметтер беретін кейбір деректерде Жаулыбай руы Құрманнан таратылады. Халық аузынан жазып алынған нұсқаларда Жаулыбай былай таратылады: Қарауыл — Майқы — Мәшек баба — Құрман — Есенбай — Жаулыбай.

Сонымен, Орынбай ақынның шығу тегі былайша таратылады: Қарауыл — Майқы — Мәшек баба — Құрман — Есенбай — Жаулыбай — Көлдей — Қасқа — Амалдық — Бертағы — Байқожа — Орынбай (кестені қара.).

Айыртау өңірінде бір-бірімен шынтақтаса жатқан шағын-шағын екі көл бар. Көктемгі қар суы кемерін лықылдата кішірек өзекше сол екі көлді көктей өтеді де, барып-барып Торанғұл өзеніне құяды. Оны жергілікті халық Көкөзек атайды.

Айдыны күміс теңгедей жарқыраған, айнала жасыл құрақ, нар қамыс көмкеріп, аққуы, қазы мен үйрегі бір кездері жыртылып айырылатын қосарлы көлдің теріскей беті кең жазық айқай дала да, түскейін ақ қайыңды сұлу тоғай шымылдықтап қоршаған. Тоғайдың жылы ұдай әдемі қойнауына аз үйлі ауыл қоныс тепкен. Ақындығымен, жыршылығымен айнала атырапқа аты жайылған Бертағы есімді қадірменді кісінің ауылы.



XIX ғасырдың алғашқы жартысының бір сәтті күні осы ауыл абыр-сабыр күйге түсті де қалды. Бертағының белбаласы Байқожаның шаңырағын шаттыққа бөлеп, өмірге Көбеген келді. Атасы азан шақырып, атын Орынбай қойды.

*Ақынның туған және дүниеден қайтқан
жылдары туралы деректер*

Бір қызығы, Орынбай ақынның туған жылы мен дүниеден қайтқан жылдары, әкесі мен атасының аты-жөні туралы деректер, оқулықтар мен арнайы басылымдарда әр түрлі жазылып жүр.

Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты кітабында [5]: «Орынбай Кертағыұлы деп көрсеткен. «Бес ғасыр жырлайды» жинағының екінші томында [6]: «Орынбай 1813 жылы қазіргі

Көкшетау облысы Айыртау ауданында туып, 1891 жылы қайтыс болған. Орынбайдың өз әкесі Байқожа, арғы атасы Кертағы ақын, жыршы болған» деп жазылған.

Ал «Қазақ совет энциклопедиясында» оны Бертағыұлы деп берген.

Дұрысы: Орынбай Байқожаұлы, Бертағы — оның атасы.

«Жеті ғасыр жырлайды» аталатын екі томдықтың бірінші кітабында [7] Орынбай ақынның 1813 жылы туып, 1891 жылы қайтыс болғаны айтылған: «Көкшетау өңіріндегі Айыртауда туған. Өз Әкесі Байқожа, арғы атасы Бертағы ақын. 13-14 жасынан өлең шығарған».

«XIX ғасырдағы қазақ ақындары» атты жинақта [8]: «Соңғы дәлелді деректерге қарағанда, ол (Орынбай ақын) 1816 жылы туып, 1891 жылы қайтыс болған», — деп көрсетілген.

Мыңбай Ысқақовтың «Орынбай туралы» атты мақаласында [9] былай делінген: «Орынбай ақын 1846 жылы мамыр айының бас кезінде Аягөз түбіндегі ауылдардың бірінде Сібір мен Қазақстанда айдауда болған поляк А. Янушкевичпен (1803—1857) кездеседі. Онымен екі айдай бірге жүріп, Алматының іргесіндегі Қарғалыға келіп қайтады (қазіргі Алматы қаласы, 1854 жылы салына бастаған). Бұл — Жамбылдың туған жылы. А. Янушкевичтің жазып қалдырған кітабы 1966 жылы орыс тіліне аударылып басылды. Онда Орынбай жөнінде бірсыпыра мағлұмат бар. А. Янушкевичтің айтуынша, 1846 жылы Орынбай 30 жаста болады, демек ол 1816 жылы туған. Орынбайдың әкесі де, атасы да ақын болған, өзі 10 жасынан бастап ақындық жолға түскен».

Қаратай Биғожаұлы мен Ғазиз Мұсаұлы жазған «Орынбай ақын» атты мақаласында [10] мынадай қызық деректер келтірілген: «Орынбай 1819 жылы қазіргі Көкшетау облысының Айыртау ауданындағы Қабақ көлінің маңында Байқожа деген орта шаруаның шаңырағында дүниеге келіп, 1906 жылдың қыркүйек айында Атбасар қаласы төңірегінде, сексен жетіден сексен сегізге қараған жасында қайтыс болыпты. Сүйегі сол маңдағы бейітке жерленіпті (сол жылы күзде Атбасар жәрмеңкесіне барған базаршылардың айтулары бойынша)».

Орынбайдың бәйбішесі Бибатпа, балалары Омар, Оспанның айтулары арқылы жеткен дерекке қарағанда, Шөже одан бір мүшелдей үлкен екен [11]. 1808 жылы туған Шөжеден Орынбай бір мүшелдей кіші болса, оның 1819 немесе 1820 жылы туғанын шамалау қиын емес.

Ал ақынның өлген жылын анықтауға келер болсақ, бұл ретте Орынбай Байқожаұлының 1891 жылдан көп кейін қайтыс болғанын дәлелдеу қиын емес. Өйткені ол Шөже ақын Қаржаубайұлынан (1808–1895), Зілғара, Шопан Байтоқа ұлдарынан, Мұстафа батыр Сегіз Серіұлынан (1840–1899), Біржан сал Қожағұлұлынан (1825–1897), Шыңғыс Уәлиханұлынан (1811–1902) кейін қайтыс болыпты [10].

Орынбайдың ақындық өнерге араласуы

Орынбай бес жасынан ауылда ескіше оқып, сауатын ашады. Сол кезден-ақ оның бойында халық әдебиетіне деген сүйіспеншілік ояна бастайды.

Ол ақындық өнерге ерте араласып, 10-15 жасынан бастап, әуелі жырды жаттай айтып, кейін ойын-сауық керегіне жарар әзіл-оспақ өлеңдер шығарып танылған. Ер жете келе төселген ақын дәрежесіне жетіп, өз кезінің ірі ақындарымен өнер сайысына түсіп өткен. Орынбай көп ақындармен айтысқан. Оның Шөже Қаржаубайұлы, Ақансері Қорамсаұлы, Арыстанбай Тобылбайұлы, Серәлі Еруәліұлымен және басқа белгілі жыр жүйріктерімен айтысып, олардың көбін жеңуі топ жарған, тегеурінді талант иесі екенін танытады.

Орынбай ақын жас кезінен Шоқанның әкесі Шыңғыс төремен қоныстас, замандас болған; шекара бастығының кеңесшісі Тұрлыбек Көшеновпен құдандалы, жолдас болған. Тұрлыбектің ағасы Жанбай деген кісінің қызын алған. Шыңғыс Уәлиханов та, Тұрлыбек Көшенов та өз заманының озық ойлы, көзі қарақты кісілері болған.

Орынбай Шыңғыс Уәлихановтың «оң тізесі» болған ақын деген дерек бар. Өйткені Шыңғыс Уәлиханов Орынбайдан ауыз әдебиетінің көптеген өлең-жырларын жазып алған. Бұл туралы Ө. Марғұлан Шоқан әкесінің Орынбайдан көптеген өлең-жырлар жазып алғандығын, бірақ сол хатқа түскен материалдардың әлі күнге дейін мәлімсіздігін қынжыла айтқан дейді.

Білген адамдардың айтуына қарағанда, Орынбай әр кездегі жиындарда жүзден астам ақынды жеңген. Осы айтыстардың біразы кезінде баспа бетінде жарық көрген.

Арқаның көптеген өлең-жырлары, айтыс-толғаулары XX ғасырдың 35-жылдарына дейін әр мерзімде баспадан шығып отырған. Мәселен, Орынбайдың Арыстанбай, Қожа (Қожабек), Шөже, Тоғжан, Серәлі ақындармен айтыстарының ертерек баспадан шыққаны белгілі. Ақынның Қожамен айтысы 1883 жылы Я. Лютштің «Киргизская хрестоматиясында» (124-128 б.) жарияланды. Бұдан

кейін Орынбайдың Арыстанбай ақынмен айтысы 1929 жылы «Жаңа әдебиет» журналының 12-ші санында басылды. С.Сейфуллин жинағында жарияланды. Ал Орынбай мен Шөженің айтысы С.Сейфуллин жинап бастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларында» (1931) келтірілген болатын. Тек 1936-1938 жылдардағы саяси жағдайдың шұғыл өзгеруіне байланысты, «Абылайдай, Шыңғыстай, Ердендей хан, сұлтандарды мақтаған, яғни шынжыр балақ, шұбар төстердің заманын көксеуші сарай ақыны болған» деген біржақты баға беріліп, Орынбайдай атышулы ақынның өлең-жырларын ашық айтқызбайтын болған, ел есінен ұмыттырып жіберуге тырысқан. Осынау күнгі әдебиетіміз бен тарихымыздан ақынның өз орнын, өз бағасын ала алмауы, Орынбайдың өз өлең-жырларында аз ғана ұлтымызды тапқа, топқа бөлмеуінен, сол заманның жарлысын мақтамауынан, кедейін жақтамауынан болуы керек. Ағиық ақынның көптеген асыл шығармалары сол себепті жойылып кеткені анық та. Тек жаны ашыр туыстары мен заман ағымының түзелетініне сенімі болған сауатты жандардың ғана қолында сақталған ақынның кейбір өлеңдері, айтыстары бүгінгі күнге жетті. Белгілі әдебиетші Есмағамбет Ысмайлов пен Мәлік Ғабдуллин, тағы басқа да азаматтардың көмегімен, ізденуімен Орынбай ақынның кейбір айтыстары, жырлары мен арнау өлеңдерінің аз ғана бөлігі халыққа ұсынылды.

Сонымен, XIX ғасырда өмір сүріп, асыл сөздің бұлбұлы, айтыс өнерінің дүлдүлі атанған Орынбай шығармашылығының алатын орны әдебиетіміздің қазіргі кемелденген шағында да өз биігінен түскен жоқ, өз шағында да өз биігінен түскен жоқ, өз бағасын жоймақ та емес. Қайта болашақтағы мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, өнеріміздің нәрлі, құнарлы бастауларының бірі болмақ. Орынбай ақын жайында көптеген тарихи деректер, естеліктер, әңгіме-аңыздар баспасөз беттерінен жарық көріп те жатыр. Осынау сөз зергері өз заманының адамын өнер мен мәдениетке, бірлік пен парасаттылыққа шақырған жаршы болып өткеніне тарихымыздың өзі куә. Сондай-ақ ақынның өз заманының өзгелерден өресі биік алыптарымен, атап айтқанда, Шоқан, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Шөже, Арыстанбай, тағы басқалармен жақсы қарым-қатынаста болуы оған үлкен әсерін тигізді. Орынбайдың сол заманда ел тізгінін ұстаған Шыңғыс, Ерден, Ғұбайдолла, Зілғараның Әлібегі сияқты атақты адамдардың көбімен дәмдес болып, кейбіріне жыр арнауы ақынның ел арасындағы беделін, абыройын көрсетеді.

Орынбайдың халық арасындағы бедел биігіне орай, оның ақындық шалымын Шоқан да, ұлы түркітанушы-ғалым Василий Васильевич Вильгельм де, поляк революционер-демократы Адольф Янушкевич те, ұлы ағартушы-ғалым Ыбырай Алтынсарин де және басқалары сол кездің өзінде-ақ аса жоғары бағалады. Шоқан Уәлиханов қазақ өлеңдерінің түрлерін жіктейтін «Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде» деген еңбегінде Орынбай ақын туралы былай деген: «5 өлең. Бұл форманы қазір барлық жаңа ақындар айтыста да, сондай-ақ жырда қолданады, әсіресе оны қолдануға үлес қосқан Қарауыл руынан ... шыққан Орынбай мен Атығай руының Жаңа қырғыз дейтін атасынан шыққан соқыр ақын Шөже».

Жалпы алғанда, Орынбай — айтыс ақыны. Айтыста оған тән қасиет — өзі жақсы білген, терең ұғынған жайды бетке ұстап, қарсыласының аузын аштырмауға тырысуы, тізгінді өз қолынан шығармауға, қара нөсер жауындай төгіп айтуға ұмтылуы. Бұл оның жүйріктігінің, хас шеберлігінің белгісі еді. Оның бір топ айтыстарының ішінде алдымен ойға оралатыны Тана (Дана) ақынмен айтысы. Өйткені Орынбай ақын қартайған шағында өзінің жыршылық жолын есіне алғанда, осы айтысты өмір бойы ұмытпай жиі-жиі тебірене есіне алып отырған екен.

Орынбайдың алғаш үш жүзге танылуы

Қаракесек Шаншардың асын ұрпақтары үш жүз баласына жар салып, бұрын-соңды берілген астардың бір үлкеніне айналдырып өткізгені тарихтан белгілі. Міне, осы асқа Орта жүзден жас Орынбай ақынды жарты жыл бұрын шақырған екен. Әдетте ас беру мейрам ретінде, діни ғұрыптардан басқа ат шабыста, палуан күресі, көкпар тартуда, ақындар айтысы да басқа да сайысқа түсетіні хақ.

Алдымен өнер сайысына Балта мен Шөже шығады. Айтыс аяқталып, Шөже жеңімпаз аталады.

Ақындар айтысының ең соңында Найман елінен келген Тана (кейбір деректерде Дана) деген ақынмен Орынбай ақын айтысады.

«Шу» дегеннен-ақ Тана ақын өзінің руын айтып, аруағын шақырып:

Мен-дағы Найман деген ел болармын,

Дәрежем Арғынменен тең болармын.

*Тобықты, Төлеңгітті зар жылатып,
Айдаған Көкше жаяу мен болармын, —*

деп тұқыртпақ болғанда, Орынбай оның ұрлығы мен өтірігін бетіне басып, ретті жерінде өзге де өнеге-өсиет сөздерін айта отырып, тебірене жырлап, былай дейді:

*Маған неге айтасың Наймандықты,
Әлі қойған жоқпа едің айуандықты.
Ұрлық пенен өтірікті бір қоймасаң,
Ұрлық қылған оң жолға қашан шықты?*

Орынбайдың шымыр шешендік сөздерді түйдегімен тастайтынын, еті қызған сайын көсіліп, ширыға, шамырқана түсетінін сезген қарсыласы оған: «Қайта-қайта келесіз Аягөзге!» — деп мін айтып, тоқтатпақшы болады. Бұл сөз оны қамшылай түсіп:

*Сөзім жақсы көңілді ашқаннан соң,
Шыдамаймын өнер, шіркін, тасқаннан соң,
Жөнін тап та, сен де бар, Найман інім,
Сайран қылам өнерім асқаннан соң, —*

дейді. Бұдан ештеңе өнбеген соң Тана ақын айтыс ыңғайын өзгерте, шарифат сөздеріне көше келе:

*Ореке, қазақ жетсе өлемісің,
Хақлығың ісләм дінін білемісің?
Шарифат сұрауынан мен сұрайын,
Бір деген немене білемісің?—*

деп өз үкімін өзі айтып, сағағынан ілінеді.

Сонымен, ол 12 сұрақ беріп, мүдірте алмағаннан кейін Орынбай: «Ендігі кезек менікі болсын», — дейді. Бұған қарсыласының ризалығын алғаннан кейін, Тананың діни сауатының өзінен төмендеу екенін сезген Орынбай айтысты аяғына жеткізу ниетімен, ал енді сізден менің бір сұрағым бар депті де:

*Мұндайда аса жүйрік бойын сақтар,
Жұртқа мәлім болғанды әркім мақтар,
Пайғамбар, мүрсәл, машайық, сахабалар,
Бас иіп бәрі келіп неге тоқтар, —*

дейді.

Көп ойланып, жауап таба алмаған Тана:

*Жанасып жақсылармен жүре алмадым,
Қасында ғалымдардың бола алмадым.
Ғұлама екеніңді мойындадым,
Мәнісін өзің айтшы біле алмадым, —*

деген екен.

Сонда Орынбай сөзін түйіндеу мақсатымен:

*Ғалым болсаң, әрине, таласарсың,
Надан болсаң жолыңнан адасарсың.
Жалғыз ауыз сөзімді өзім шешсем,
Тағыда сылтау тауып жалтарарсың! —*

дейді.

Сөзден бұлтаруға шамасы келмеген Тана:

*Қазыбек Қаздауысты келген елің,
Жарайды сөзге дәлел бергендерің.
Жалғыз ауыз сұрағың шешілсе егер,
Таласпаймын, бәйгеден қалған жерім, —*

деп мойындаған соң, Орынбай:

*Әуелі сөз бастайын ағузы билә,
Мұхаммед Құдай досы өзің қолда.
Жиырма тоғыз ғаріпсіз сабақ болмас,
Әл-хамсыз намаз болмас,
Екі жиһан саруар рәсулолла,
Бәрінің бір тоқтар жері Хұлху Алла, —*

деген екен.

Осы айтыстан кейін Орекең аты үш жүзге аян болып, белгілеген бәйгеден басқа Құнанбай алтын оқалы шапан жапса, ояз мың теңге ақшадай сыйлық берген деседі.

Орынбай ақынның өлеңдері

Орынбай тек айтыс ақыны ғана емес, оның басқа да өлеңдері болған. Ол жастайынан ауыз әдебиетін еміп өскен, соның үлгілерін бойына сіңірген ақын. Сондықтан да халық арасындағы жалпақ әлеуметтің көңілінен шыққан тамаша жыршы да болған.

Орынбай тек ел аузындағыларды айтып қоймай, сонымен бірге өз жанынан ұзақ толғаулар, жыр шығарған. Олар ақын туындыларының тақырып шеңберін, оның дүниетанымын, өмірге, адамға көзқарасын нақты аңғартады. Орынбайдың өлең түрінде жазылған «Жұмбақтары», «Тақпақ сөздері», «12 айдың атынан айтқан өлеңі» және басқа жыр, толғаулары бар.

Өзінің шығармаларында ақын ел ұйытқысын кетірушілерге, озбыр үстем өкілдеріне наразылық білдіріп, өзінше адамгершілік ойлар ұсынған. Аталмыш шығармаларының кейбірі бізге баспа арқылы да, ауызша да жеткен. Бірақ оның әр тұста жазылып алынған өлеңдері әлі ғылыми жүйеге түскен жоқ. Ал Орынбайдың баспа көрген өлеңдерінің өзі оның өз кезіндегі әлеуметтік мәселелерге үн қосқан ойлы ақын екенін танытады. Ақын, әсіресе, старшын, аға сұлтандық сайлаудың сырын ашуға тырысады. Билікке таласып, ақылы болмаса да ақшасы барлардың бел алып бара жатқанын ашық айтады:

*Бір жан жоқ болыстыққа талас емес,
Бір-бірінен көңілі аласа емес.
Бір Құдайдан басқаға исінбеген,
Біздің қожа үш жүздің баласы емес.*

*Бастан бұлт кетпейді күн жайланып,
Сақау озды шешеннен, тіл байланып.
Тұлпардан есек озып бәйге алып жүр,
Бұл күнде заман кеткен теріс айналып.*

*Тұлпар басы тоқтамас тасқа ұрынбай,
Ораз атаң отаудың басқұрындай.
Жақсылық жақсы күнде атың шығар,
«Ене табар Қайнардың қасқырындай».*

*Шын болат шынар шапса майрылмас-ты,
Ермек бажаң ұраны — айрылмас-ты.
Бір жаман ұран айтып, салса сауын,
Қатыны, бажаң түгіл, қайрылмас-ты.*

*Бұрынғы өткен істі қуғаны жоқ,
Болмас іске белдерін буганы жоқ.
Ақылға Алатондай болса-дағы,
Бұл күнде болыс болмас туғаны жоқ.*

*Оман аққан дарияның құруы жоқ,
Әділ төре билігін бұруы жоқ.
Тіріліп Наушаруан әділ келсе,
Бұл күнде болыс болмас руы жоқ.*

*Насыбайға жарымас шақшасы жоқ,
Қызға көпшік жараспас боқшасы жоқ.
Қайратқа «Рүстем-Дастан» болсаң-дағы,
Бұл күнде болыс болмас ақшасы жоқ.*

*Керуен шығар қалаға қостарымен,
Амандасып кетеді достарымен.*

*Әркім теке қояды өз лағын,
Ісі бар ма біреудің қошқарымен?*

*Әркім тойда сөйлесер іңкәрімен,
Бектер ауға шығады сұңқарымен.
Әркім бақпай өзінің қотыр тайын,
Ісі бар ма біреудің тұлпарымен?*

*Бір атты бір атпенен өңгере ме?
Айбатын арыстаннан кем көре ме?
Әркім бақпай өзінің көтеремін,
Біреудің тұлпарына жем бере ме?*

*Асқар таудың айбыны қарыменен,
Өзен көркін көреміз жарыменен.
Әркім үкі тағады ботасына,
Ісі бар ма біреудің нарыменен?*

*Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа тереңге бойламайды.
Ақша берген кісіні болыс сайлап,
Елубасы ел қамын ойламайды.*

*Орның бар өткен биден, өткен ханнан,
Озып жүрген тұлпар бар мың мен саннан.
Көкірексіз көзіменен ой ойлайды,
Бұ күнде бірлік кеткен мұсылманнан.*

*Сөйлейді әр палуан пенде ағасы,
Жыласа, қабыл болар көздің жасы.
Закон жабу жабады шолпыменен,
Есекті ат сайласа елубасы.*

*Құдайым барша жанды жаратып тұр,
Бірін аз, бірін көп қып таратып тұр.
Елубасы тышқанды болыс сайлап,
Арыстанды аузына қаратып тұр.*

*Ақшаңды шашып қара, иә, сенбесең,
Құлан жылқы бола ма кісендесең?
Ағайынның аздығы бос тұрғаным,
Болмаса мен де осал кісі емес ем.*

*Қартайып, ақылымнан танғаным жоқ,
Өлеңде алдыма жан салғаным жоқ.
Руымның аздығы бұл тұрысым,
Болмаса ғибрат таппай қалғаным жоқ.*

*Көкірегім дариядай шалқушы еді,
Қызыл тілім кемедей қалқушы еді.
Сөйлесем мың кісінің ортасында,
Тыңдаған қорғасындай балқушы еді.*

*Қаниша шешен болғанмен, тілің балдай,
Қалың жұртың болмаса қара талдай.*

*Қара тасты балқытсын қанша тілің,
Сайлау күні болмайды керім салдай.*

*Көп хукімді өткіздік көзімізден,
Қате кетсе, кешіргейсіз, сөзімізден.
Кімдер бар гаділетпен сайлау түзер,
Бұқара ғайып етсе өзіңізден?*

*Сөз үлгі болады нақылдының,
Оңбасы, сый көп шығар жақындының.
Ақша шашқан адамдар болыс болып,
Бәрі де жайында жүр ақылдының.*

Орынбайдың кейбір өлең-жырлары данышпан Абай поэзиясымен үндес болып келеді. Мысалы:

*Есті кісі есермен ойнамайды,
Бойы қысқа тереңге бойламайды.
Ақша берген кісіні болыс сайлап,
Елубасы ел қамын ойламайды,—*

деуі осыны аңғартады.

Орынбайдың баспа бетінен мәлім өлеңдерінің бірінде Абылай және оның ұрпақтары мен батырлары дәріптеледі. Ақын Бұқар жырау сияқты, Абылайды «қазақтың үш жүзінің басын құраған», қалмақты жеңген қолбасы сұңқар еді деп ардақтаған:

*Бөгенбай, Жанай, Олжабай
Сабалақ атын қойдырып,
Оң қолына қондырып,
Хан Абылай сұңқарға
Қызметші болған ер екен.
Еділдің бойын өрлеген,
Қазаққа теңдік бермеген.
Он сан қара қалмақты,
Ұса менен Серенді,
Жүргенде жері Сайранды,
Соны да алған Абылай...*

Бірде Орынбай денсаулығы онша болмаған соң, көзі тірісінде қарындасы мен жиендерін көріп, амандықтарын біліп қайту үшін Атбасар жаққа барған екен. Сол Алтай еліне барған сапарына мына өлеңі дәлел:

*Дін күткен таза молда пірден артық,
Ғафусыз қамқор әйел ерден артық.
Мысырдан Ескендір тағын тапсаңдағы,
Болмайды туып-өскен жерден артық.
Аққайраң су ішінде тоңбайды екен,
Айрылған ел-жұртынан оңбайды екен.
Бал құйып шыны аяққа берседағы,
Әркімнің өз жұртындай болмайды екен.*

Ақынның өлең-толғауларының мазмұны мен тыңдаушыларына берер үлгі-өнегесіне келетін болсақ, «Бір генералға айтқанына» айрықша тоқталар едік. Мұнда ел билеушілерінің образы ұтымды берілген. Өлеңді оқып отырғанда ақынның ащы мысқылмен шекеп, мүсіндеген, қара ниетті, құлағына менмендігі сай кейіпкерінің портреті көз алдыға келеді. Бастапқыда ол тыңдаушы қауымға арнап:

*Жақын зой деп жалбаңдап,
Сырыңды айтпа ұлыққа, —*

деп бір ескертіп алады да, ары қарай нөсерлете жырлап кетеді.

Орынбай сараңдық сияқты жұғымсыз қылықтарды қатты сынап, адамгершіл ақылдар айтқан. Мысалы, оның Бұқарбай деген бір сараң байдың қарау мінезін және оның сараң бәйбішесінің берген қонағасысын сынап айтқан сөзі бар:

*Бұқарбай нашарларға қараспайды,
Жақсыға жаман сөзі жараспайды.
Қолында дәулеті мол адамға,
Қонаққа лақ сойған жараспайды.*

*Бәйбіше лақ деген сөзің айып,
Кетсе дәулет өкінерсің қолдан тайып.
Аты шыққан ақынға лақ сойып,
Кетпеймін бе өлеңмен елге жайып.*

*Мен Орынбай ақын едім жұрт білетін,
Алдында оның тәмам жұрт телміретін...*

Бұл сияқты сын-сықақ, әзіл-оспақ сөздерді Орынбай көп те, дөп те айтып жүрген, күні бүгінге дейін ақын сөздері ел аузында әлі сақталған. Тек жиналып, зерттелуі кенже қалып, шығармаларын толық таныту, оны халық игілігіне ұсыну жолға қойылмай, Орынбайдың даналық сипаты жете танылмай келуі өкінішті-ақ.

Орынбай мен Үкілі Ыбырай

Кезінде Орынбай ақынның: «Үкілі Ыбырайдай жампоз өнершінің жарқ етіп көрінуі — оның өскен өлкесінің ән мен жырдың бесігі екендігі ерекше еленерлік құбылыс», — деп баға бергені ел аузында сақталып қалыпты.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы (шын аты Ыбырай) (1860, Көкшетау облысы Володар ауданы — 1930) — қазақтың халық сазгері, белгілі әнші (тенор) әрі суырып салма ақын, классикалық халық музыкасының ірі өкілдерінің бірі. Кедей шаруа отбасында туған. Үкілі Ыбырай бала кезінде молдадан оқып, арабша сауатты болған. Жасынан әнге, өлеңге құмар Үкілі Ыбырай қазақтың атақты әнші-ақындарынан (Орынбай, Арыстанбай, Шөже, Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Тезекбай) үлгі-өнеге алып, олардың шығармашылық дәстүрін бойына сіңірді. Өз заманында әнші-сазгерлігімен аты шыққан Үкілі Ыбырайдың музыкалық мұрасында 40-қа жуық әндер бар. Мысалы, «Гэкку» (4 түрі), «Қарақат көз», «Арарай», «Кідік-ай», «Бір қызық ит жүгіріп аң ауласа», «Дүние», «Шалқыма», «Көкше», «Сүйгенім кете барды қасыма еріп», «Қалқа бел», «Қалдырған», «Желдірме» т. б.

Ел арасына кеңінен тараған «Гэкку» әні Ыбырай шығармашылығының шыңы болып табылады. Ыбырайдың әндері жастық шақтың жалын атқан нәзік, таза махаббат сезіміне, оптимистік әуенге, мелодиялық көркем сазға толы, терең ойлы болып келеді.

Е.Г.Брусиловский «Гэкку» әнін «Қыз Жібек» операсында (Жібектің негізгі ариясы), «Арарай» әнін «Ер Тарғын» операсында (Ақжүністің ариясы) пайдаланды. Ыбырай әндерін алғаш нотаға түсірген А.В.Затаевич пен И.В. Коцык. Ыбырай ақындық өнерімен де әйгілі болды. Ыбырайдың өлеңдерін «Бостандық туы» газетіне жариялап, ақынның творчествосы туралы келелі пікір айтқан жазушы С.Мұқанов, сондай-ақ әдеби мұрасын байсалды зерттеген әдебиет сыншысы Е.Ысмайылов болды. Драматург Ш.Хұсайынов Ыбырай туралы «Қайран Гэкку» пьесасын жазды (Тарихи тұлғалар. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 241, 242-б.).

Осы авторлардың пікірлеріне ден қойсақ, Үкілі Ыбырай аты аңызға айналған аяулы халық перзенттерінің көпшілігімен дәмдес-тұздас, сырлас болған. Бозбала кезінде Орынбай мен Біржан салға жолығып, жыр толғап, ән шырқаған. Сонда Орынбай: «Ауылда, үйде жүріп өнер таппайсың, шырағым, алысқа көз жібер! Ел кез, сонда жақсыларды, әншілерді көп тындап, көп көресің, мен алыс елді көп аралағанымнан опық жегенім жоқ», — деп кеңес берген. Көргені жақсы, көшелі атаның ақ тілегі қабыл болып, жас пері Қызылжар, Атбасар, Ақмола, Омбы шаһарларын емін-еркін шарлаған. Қоянды, Қараөткел, Тайынша жәрмеңкелерінде игі жақсылармен дидарласып, өнерін сынатқан. Орыс, украин, татар әндерін нақышына келтіре орындаған.

Орынбай, Арыстанбай, Шөже және Ұрқия қыз

Әйгілі бұл үш айтыс ақыны бір ауылда сөзден тосылмайтын Ұрқия ақын қыз бар дегенді естіп, сол қызды өлеңмен қақпақылдап, келеке етпек болып, қыздың үйіне іздеп келіпті. Келсе, үй іші адамдары тойға кетіп, қыз үйде жалғыз отыр екен.

Қыз үйіне келген соң әдет бойынша жасы үлкен Арыстанбай ақын, одан кейін Орынбай, сосын Шөже - әрқайсысы бір шумақ өлеңмен өздерін былай деп таныстырады:

Арыстанбай:

*Сұрасаң менің атым Арыстанбай,
Қыз пішер қызыл тонды қарыстамай.
Келгенде ауылыңа ойна да күл,
Арасын екі ауылдың алыстамай, —*

десе, **Орынбай** ақын былай депті:

*Сұрасаң менің атым Орынбай-ды,
Кең саба қымыз құйған «қорылдайды».
Бас қосып отырса да тәмам ақын,
Өлеңнен Орынбай да қорынбайды.*

Ең соңында кезек алған **Шөже** ақынның айтқаны мынау екен:

*Сұрасаң менің атым ақын Шөже,
Жақпайды тамағыма күйген көже.
Бұрынғы сенің апаң буаз өткен,
Сен де боларсың, бойың теже.*

Сонда осылай екпіндеткен үш ақынға қыз бір-ақ ауыз сөзбен былай деп жауап қайтарған екен:

*Арыстанбай өлеңді оқып жүрген,
Орынбай кеудесіне тоқып жүрген.
Сүйегіме мін тақтың ойбай, Соқыр,
Көзіңді қарға-құзғын шоқып жүрген.*

Осыдан кейін алғашқы екі ақын Шөженің қызға орынсыз тиісе сөйлегеніне наразылық білдіріп, Шөже ақын да ұтылғанын мойындап, дереу қоштасып, шығып кеткен екен.

Шөже қайтыс болғанда Орынбайдың айтқаны

Орынбайдың Омар деген баласы «ақын боламын, батаңды бер» деп, әкесін мазалай беріпті. Сонда әкесі: «Кәне, бір-екі ауыз өлең айта қой, мен тыңдап көрейін», — дейді. Омар:

*Баласы Орынбайдың атым Омар,
Жол шетінде жатады шірік томар... —*

деп бастай бергенде әкесі тоқтатып, «Қарағым, сенен шірік томар шығар, жақсы ақын шықпас, ең болмаса:

*Баласы Орынбайдың атым Омар,
Өнер құған жігітке өлең-сонар.
Жамандықпен семіріп ешкім оңбас,
Жақсылықтан жадырап көңіл толар, —*

демейсің бе?» — депті. Омар шынында да айтарлықтай ақын болмаса керек.

Орынбайдың осы үлкен баласы Омар үйленгенде алыстан іздеп Шөже келеді. Сонда Орынбай алдынан жүгіріп шығып, екеуі жылап көріседі. Әзілдері жарасқан атышулы айтыскерлер сонымен бірін-бірі қатты құрметтеп, сыйласып өткен.

Ал Шөже қайтыс болғандағы шығарған Орынбай толғауы ұзақ болса керек. Мынау ел есінде қалған соның бір үзіндісі ғана:

*Бай мықты, батыр шешен малыменен,
Ат мықты, айғыр күшті жалыменен,
Хан, сұлтан, кісі елінде жүрсең-дағы
Әркімді алсын Құдай табыменен.
Балықшы байымайды көлден алған,
Өлеңші байымайды сөзден алған.
Ошақтың үш бұтынан бермеген соң,
Кетеді тарап-тарап желден алған.
Көгалдай көлге біткен құрақтарым.
Иіріліп тастан аққан бұлақтарым.
Құдайым Шөжені алған бізді де алар
Сол күнде тиыш болар құлақтарың...*

Орынбай мен Ақан серінің өлеңмен қағысулары

Орынбай қартайған шағында атақты Ақан серімен кездеседі.

Сырымбет бауырында үлкен бір той болады. Тойға жан-жақтан көп адам шақырылады. Тойға жиналғандардың ішінде, әрине, Орынбай ақын да болады.

– Ореке, дайындықта бол, бұл тойға Ақан сері ініңіз де келіп қалар, сізбен кездескен соң сөзбен бір қағыстырармыз, — дейді жиналғандар.

– Е, келсе-келсін, көз алдарыңда Ақанды бүркітше бір бүрейін, — деп менсінбей сөйлейді Орекең.

– Осы кезде Ақан да келіп қалады.

– Дұрыс болған екен, Ақанды алдымен мен отырған үйге түсіріңдер, ағасына сәлем берсін, арғысын өздерің көре жатарсыңдар, — депті Орынбай.

Айтыс десе елегізіп тұратын қазағым, екі дүлдүлдің сөз жарысын естуге құмартып, олардың кездесуін асыға күткен. Жігіттер Ақанның атын кермеге байлап, өзін Орынбай отырған үйге бастап алып келеді. Жолай Орынбайдың сәлемін түйедей ғып жеткізіпті. Мұны естіген Ақан сері: «Жарайды, өлеңді мен бастайтын болғамын ғой» деп үйге кіріп келген бетте:

*Ассалаумағалейкум, Орекем-ай,
Бір өзің мың кісілік берекем-ай!
Кешегі тәні Шыңғыс заманында,
Сайран ғып жүретұғын мерекем-ай,
Сіздерге біздей іні жар болармыз,
Қалайша кемеңгерге нар болармыз.
Басың бұлбұл, аяғың дүлдүлім-ай,
Бір кезде өзіңізге зар болармыз, —*

деген екен.

Осылай деп Ақан сыртқы қапталын шешіп шегеге іле бергенде Орынбай:

*Үстіңде шапаның бар жалбыраған,
Әкеңнің киіміндей қолбыраған.
Киімі әр заманның басқа-басқа
Бұл киім ұнамайды інім саған, —*

дегенде, Ақан сері тоқталмастан:

*Ақан да сөз табады ағасына
Қарайды ағасының бағасына.
Бұрынғы ата-баба киген киім,
Мирас боп қалмай ма екен баласына, —*

дегенде Орекең: «Тауып кеттің Ақанжан, тауып кеттің, сөз тапқанға қолқа жоқ» деп інісіне қатты риза болған екен. Алайда ол іліп-қағып, жас Ақанды тағы да қайрай түседі.

Ақан сері тазалық сақтайтын әдетімен қолын жуады. Бұлай етпей басқа адамдардың қолын алып амандаспайтын әдетін білетін Орекең:

*Дәретсіз неге керек қолды жуып,
Жігітсің өзің зерек дінге жуық.
Ақанжан, сенен мен бір сөз сұрайын
Шәждаға бас тиді ме өзің туып? —*

деген екен.

Сонда Ақан:

*Хақтығын дін исламның білген шығар.
Хақтықта көңіл жібіп иген шығар.
Ореке, сіз сұрасаң мен айтайын
Иншалла бас шәждаға тиген шығар, —*

дейді.

Орынбай Ақанды әрі қарай қайрай түседі:

*Алданба бұл дүниенің опасы жоқ,
Қалмаған кімнен өтіп бұл дүние боқ.
Шәждаға бас тиді деп айта алмаймын,
Мен оны өз көзіммен көргенім жоқ, —*

дегенде, Ақан:

*Ореке, мақтаныштың реті келмес,
Тәңірім жалғандықты жақсы көрмес.
Бір Алла іш пен сыртты өзі білер,
Пенденің көрмектігі деркар емес, —*

дейді. Осы жерде Орекең: «Тоқтадым, Ақанжан!» деп, әрі қарай сөз қоздырмай, Ақанға ақ батасын берген екен.

Бірде Ақан «өлеңді қойдым» деп пірге қол тапсырған Орынбай ақынның үлкен жиында бай әйелдерінің ортасында өлең айтып отырғанын көріп, оған:

*Сіздер кеме болғанда, біздер қайық,
Жөнді сөзді айтты деп қылма айып.
Пірге барып қол берген имам едің,
Намахрамға көз салдың неге барып? —*

депті. Сонда Орынбай ойланбастан:

*Ақыл аста, күш атта, сөз малдыда,
Ақыл, айла болмайды жоқ-жарлыда.
Парыз, уәжіп сұнатты ада қылып,
Жалғыз-ақ «намахрам» деген сөз қалды ма? —*

деп жауап беріпті.

Орынбай мен Әлібек

Әлібек Зілғараұлы — батыр, шешен, өз заманының көзі ашық азаматтарының бірі болған. Ол аузымен құс тістеген, алдына қара түсірмеген, атқанын құлатқан, қосқанын оздырған, істің ағын ақ деген, қарасын қара деген, ар-намысын ешкімге бермеген, Құдайдан өзгеге бас иеген кісі.

Әлібек 1815-1876 жылдар шамасында өмір сүрген. Өз өсиеті бойынша зираты Көкшелі тауының етегінде жатыр.

Әлібек батыр әнді-жырды жанындай жақсы көрген, әділ билердің дана сөздерін жатқа қайталап өскен. Шөже мен Тоғжан, Орынбай, Арыстанбай ақындар, Біржан салдар үйінде көп болған адамдар.

Бірде Әлібектің үйіне Орынбай ақын келіпті. Бұлар бірін-бірі сыйласқан дос адамдар болыпты. Орынбайдың Әлібекке арнау өлең шығарғаны белгілі.

Орынбай әңгімелесіп отырып:

— Әлібек, мен бір сұрақ қояйын, — деген екен.

— Қой, қой, — депті Әлібек.

— Дүниенің азабы кімдікі, рахаты кімдікі? — депті Орынбай.

— Дүниенің азабы — ақылдынікі, рахаты — ақымактікі, — депті Әлібек.

— Шайтан бұза алмаған үйді кім бұзады? — депті Орынбай.

— Шайтан бұза алмаған үйді қатын бұзады, — депті Әлекең.

— Тірілердің өлмейтін жері, өлілердің мекені не? — деп сұрапты сонда Орынбай.

— Осы сенің жаңағы айтқан сөздерің қай жерде өлмейді? — деп

Әлібек қарсы сұрақ қойыпты.

— Кітапта, — депті Орынбай.

— Ә, ендеше, тірілердің өлмейтін жері, өлілердің мекені — кітап, — деген екен Әлібек.

Орынбай мен ақын қыз

Орынбай ақын қартайып, шөгіп жатқанда сәлем беруге барып отырғандардың бірі:

— Ореке, талай елде, талай жерде болып, талай ақындармен айтыстыңыз. Сонда жеңілген жеріңіз болды ма? — депті.

— Неге болмасын... Жас жігіт кезімде бір қыздан жеңілгенім әлі есімде, — депті.

— Бір бай қызын ұзататын болып той жасады. Сол кеште қызойнаққа баруды ұйғардық. Күндіз бір топ жігіттер келе жатқан жолымызда балалар қар таудан кішкентай шанамен сырғанақ теуіп жүр екен. Олармен араласып төрт-бес бойжеткен қыздар да сырғанақ қызығына түскен. Бір қыз шанамен біздің алдымыздан заулатып өте шықты. Шанасы тоқтайтын жерге жетер-

жетпесте ауып қалып, орнынан тұра сала үстіндегі қарды қағып жатыр. Қасымдағы жолдастарыма: «Осы қызға бұрыла кетейік» дедім. Бұл қызбен айтысу бұрыннан ойымда болатын. Әлгіндей болмай басқа қыздар да шаналарымен заулатып келіп, бірінен сон бірі қарды бората жанымызға тоқтап жатыр. Әлгі қыздың ақындығын осы жерде сынап алғым келіп:

*Су ағар жылға сайдың жантағынан,
Өлеңімді қызға деген жарты қылман.
Зымырап тау басынан сырғызғанда,
Етегіңе кесек-кесек қар тығылған, —*

дедім. Сонда қыз:

*Су ағар жылға сайдың жантағынан,
Мен де өлеңді тап сізге жарты қылман.
Етегіме кесек-кесек қар тығылса,
Жақын кел, асатайын артығынан, —*

деді.

— Бұдан кейін тілім байланып, ұялғанымнан кешкі қызойнаққа да бармай қалдым.

Сөзімізді қорыта келгенімізде, XIX ғасыр поэзиясында алатын өзіндік орны бар көрнекті ақын Орынбай халқымыздың аялай, қастерлей алып келген айтыс өнеріне жаңа леп қосып, келесі ұрпаққа байыта, түрлендіре жеткізушілердің бірі. Оның өміршең, өзекті өлең-жырлары, толғаулары өрісті ойларымен, шымыр өрілген ұйақтарымен ерекшеленіп тұрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқанов С. «Айтыстың» бірінші томына жазған алғы сөзі / Айтыс. — Алматы: Жазушы, 1965. — 9,10-б.
- 2 Каренов Р. Айтыстың асқан шебері // Қазақ әдебиеті. — 1994. — №46. — 18 қараша.
- 3 Каренов Р.С. Мәңгілік құндылықтар саңлақтары. — Қарағанды: «Қарағанды полиграфиясы» баспасы, 2000. — 224 б.
- 4 Қазақ ру-тайпаларының тарихы: Арғын. IX-т. — Үшінші кіт. — Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2007. — 345,346-б.
- 5 Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы: Санат, 1997. — 531 б.
- 6 Бес ғасыр жырлайды. — Алматы: Жазушы, 1984 — 2-т. — 57-б.
- 7 Жеті ғасыр жырлайды. — Алматы: Жазушы, 2004. — 389 б.
- 8 XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988. — 89-б.
- 9 Ысқақов М. Орынбай туралы // Жұлдыз. — 1978. — №5. — 204–206-б.
- 10 Бигежаұлы Қ., Мұсаұлы Ф. Орынбай ақын // Жұлдыз. — 2001. — №1.
- 11 Қазақстан Ғылым академиясы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры (633-к.) — 32–34-б.

Р.С.Каренов

Жизнь и творческая деятельность выдающегося акына Орынбая

К 190-летию со дня рождения

Автором изучены жизнь и деятельность выдающегося поэта-просветителя XIX столетия Орынбая Байгожаулы. Предложена родословная акына, уточнены даты его рождения и смерти в результате анализа различных источников. В статье дана краткая оценка творчества славного сына казахского народа.

R.S.Karenov

Outstanding akin Orynbay

Due s190 anniversary of his birth

The Studied life and activity of the prominent poet-просветителя XIX centuries Orynbay Baygozhauuly. The Offered pedigree akyns, is elaborated date of his birth and deaths as a result of analysis of the different sources. Short estimation creative activity glorious of kazakh folk is Given.

Т.Т.Савченко

*Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова***Художественное бытие невымышленного: проза Е.А.Букетова**

В основе повести Е.А.Букетова «Досыма алты хат» лежит автобиография самого автора. В статье проанализировано произведение. Исследованы художественный мир, прозаические качества текста, а именно изложение, портрет, композиция.

Ключевые слова: художественное бытие, творческий процесс, корни в литературе, проза Е.А.Букетова

В прошлом столетии наметилась тенденция разнообразного обращения к документу как составляющей художественного текста. Л.Я. Гинзбург, исследуя связи художественных и документальных текстов, отмечала: «Непрерывная связующая цепь существует между художественной прозой и историей, мемуарами, биографиями, в конечном счете — бытовыми «человеческими документами»./.../ Литература, в зависимости от исторических предпосылок, то замыкалась в особых, подчеркнута эстетических формах, то сближалась с нелитературной словесностью» [1]. В наследии Е.А. Букетова есть произведения, которые соединяют в себе документалистику и вымысел. Это постоянное соединение объясняется доминантным интересом его к научному мышлению. В наследии Е.А. Букетова отсутствуют произведения, которые основывались бы на чистом вымысле, фантазии. Однако творческое воображение было развито чрезвычайно. Особый интерес представляют три его сочинения — «Святое дело Валихана», «В орбите кочевков» и «Шесть писем к другу». Не будем вспоминать драматическую судьбу «Шести писем другу» [2]. История эта обстоятельно освещена в книгах Камзабая Букетова «Друг мой, брат мой» [3] и Медеу Сарсеке «Евней Букетов» [4]. «Шесть писем другу» остается наиболее выразительным в художественном отношении произведением Е.А.Букетова. В этой повести документальное, предстающее в истории, мемуарах, биографии (все это в прозе Е.А. Букетова присутствует), и художественное соединились своеобразно и органично. Зададимся вопросом, как реальные события, судьбы, люди приобретали свойства художественности.

Все пишущие об этой книге определяют жанр как повесть. Истоки документально-мемуарного художественного повествования — в западно-европейской и русской литературе XIX в. Некоторые свойства повести Е.А. Букетова соотносятся со страницами прозы С.Т. Аксакова («Детские годы Багрова-внука»), Л. Толстого («Детство. Отрочество. Юность»), А. Герцена («Былое и думы»), М. Горького («Мои университеты») и др. Но и следы влияния А.С. Пушкина оказываются очевидными.

Письмо первое носит программный характер. В нем определяются предмет и форма изображения. Адресат писем — «друг» — лицо вымышленное. Функция адресата-друга значима — он определяет границы и направленность повествования. Адресат обосновывает и выбор формы письма. Это письмо литературное, хотя в общих чертах ориентировано на форму дружеского бытового письма. Эта традиция была распространена в русской литературе XVIII в., в какой-то степени она поддерживалась и в XIX в. Однако если русская проза в эту форму обязательно влила любовный сюжет, то Е.А. Букетов исключает такой сюжет абсолютно. Становление ученого, перипетии его душевной и интеллектуальной жизни становятся основой сюжетной канвы повести. Повесть, появившаяся в первом варианте в 1978 г. [5] (Простор, № 8, 9), с ее тематикой и проблематикой была актуальна для той поры. Это было время взлета технической научной мысли в Советском Союзе и зарождения науки в национальных центрах. Но что примечательно, и это автор повести сознает и подчеркивает, это время, когда в науку приходят национальные кадры («молодые деятели науки», по словам Владимира Фридриховича Пенера, «которые пользуются особым, невиданным почетом народа... ваш народ гордится вами, как своими достижениями в той деятельности, которая неведома ему») [2; 96]. Становление национальной науки осознается повествователем как дело, которое входит в противоречие с национальным укладом жизни. Об этом автор рассуждает иронично: «вопреки зову предков поболтаться в горах и степях наука требует методичных систематических занятий, с кровью впитанных навыков к спокойному, упорному, ежедневному труду» [2; 87]. Сюжет строится на преодолении стихийности поведения, постепенного приобретения навыков постоянного думания, ежедневного труда и благодатного соединения «зова предков» и упорного труда (Письмо четвертое).

Потому художественное осмысление становления национальной научной интеллигенции говорит о смелости и оригинальности творческого поведения Е.А. Букетова.

Начинается повествование с творческой рефлексии. Это не только письма о жизни повествователя, но о том, как пишутся эти письма («Письмо первое»). Это введение в творческую лабораторию обусловлено поисками формы повествования. В этих поисках отведено место объяснению заглавия создаваемого произведения. Эпиграфы, которые предпосланы повести, вероятно, появились, когда она была закончена. Они зримо и рационально педалируют две важные для автора составляющие повествования. Это, во-первых, самоанализ, рефлексия, сопутствующие всем этапам жизни повествователя («давай сам себе отчет, как ты за это время вел себя в жизни»), во-вторых, предмет самоанализа — нравственная сторона человека в науке («честность является основой добродетели ученого»).

Осознание творческого процесса занимает значительное место в прозе Е.А. Букетова. В Письме первом, к концу его, определяется характер повествования: «Я буду излагать, не мудрствуя лукаво, то, что мне будет вспоминаться по утрам» [2; 18]. И тут же появляются сомнения в легкости такого изложения: «Когда сяду восстанавливать все, что приходило в голову по утрам, наверняка они потеряют первозданную свежесть — не обойдется без рассудочных наслоений» [2; 18]. Рассуждения о том, как писать, в какой последовательности располагать картины воспоминаний, появляются вновь и вновь. Письмо третье: «...я полагал, что стоит вспомнить что-то связанное с моим обучением и становлением как научного работника ...как станет писаться легко и просто [2; 68] необходимо, как теперь я начал постигать, особое приношение, особое искусство тормозить в голове прохождение картин прошлого ...Легко сказать — затормозить, задержать кадр. ...это не дается даром: в душе поднимается что-то такое, что до сих пор было мало знакомо для меня ...воспоминания берегут далекую боль...громоздятся люди, события, смешивается их последовательность ...попробуй отобрать «кадры», чтобы не сместить с истинного его положения в цепи описываемого... И это, как теперь я убедился, дается очень нелегко» [2; 69]. Это письмо Е.А. Букетова перекликается с романом Пушкина: «Я думал уж о форме плана, И как героя назову, покамест моего романа Я кончил первую главу».

В Письме первом демонстрируется процесс осознания важного свойства художественности — типизация. В теории литературы это свойство художественности формулируется как одно из первичных. Однако человек, приходящий в художественное творчество из мира понятийного, логического, научного, самостоятельно осваивает прием типизации на практике. Осознание приема становится фактом творческого понимания пути создания произведения. «Друг» открывает автору-повествователю прием типизации. Прием рождается в полемике между автором и адресатом писем. В ответ на сомнение в целесообразности изображать «собственные деяния, как бы тщась выглядеть значительной личностью» [2; 15], друг, оказавшийся знатоком художественности, убедительно формулирует принципы типизации: «Ты — это не только ты, а десятки-сотни твоих коллег, которые имеют одинаковую с тобой судьбу. Погляди позорче на своих коллег, прибавь чуть-чуть воображения, и ты оторвешься от себя, но это не будет означать, что ты оторвешься от правды жизни... Отбирать наиболее характерные черты своих сверстников...будешь делать из нескольких одного» [2; 15].

Рефлексия творческого процесса постоянна на протяжении и других писем: «начал думать о себе, о своем деле, о людях, среди которых вращаюсь, пытаюсь на все это как-то смотреть со стороны: сверху, сбоку, с отдаленья и т.д.» [2; 15]. Воспоминания как основа художественной типизации становятся той почвой, на которой вырастает сюжет повести. Безусловно, читатель быстро осознает, что адресат писем, «друг», к которому постоянно обращается повествователь, — это вымышленный образ, который во многом является вторым «я» автора. Ему оказываются известны «тайны» художественного творчества, он наставляет ученого в области образного мышления, он предстает более осведомленным в творческой типизации, чем создатель писем. Безусловно, этой собственной осведомленностью делится автор с вымышленным другом.

Е.А. Букетов попадает в характерную для писателя ситуацию поиска угла зрения, с которого ведется повествование, определения последовательности рассказывания. Л. Толстой, Л. Леонов, А. Толстой и многие другие литераторы оставили записи о своих мучительных поисках наиболее убедительного, эстетически значимого построения высказывания. Однако у предшественников Е.А. Букетова эти раздумья оставались за пределами художественного текста. Е.А. Букетов же эти размышления ввел в художественный текст, придав им тем самым эстетическую значимость: «Не могу связно рассказать о путях, которые привели меня к тем или иным жизненным и творческим результатам» [2; 16]. Здесь же автор отказывается писать «нечто анкетного или мемуарного характера», что требует «думать, сопоставлять, обращаться к архивным документам (поскольку дневников я никогда

не вел)» [2; 16]; «в этом писании ... не жди какой-то системы или последовательности» [2; 17]. И как бы иллюстрация к этому суждению — обращение к самому значительному событию жизни героя — окончание вуза — «когда мне шел двадцать седьмой год». Но этот факт далее оснащен множеством эстетически значимых подробностей, в том числе рисующих ментальность героя: хорошая сытная еда и — полнота «на радость маме». «Полнота являлась показателем авторитета и ... достатка. ... Появление живота у сына для нее более всего свидетельствовало о том, что выбивается в люди». Автор-повествователь, как и другие персонажи, в самом начале предстает во внешней характеристике: «Мне показалось, что моя трясущаяся, тяжелая, рыхлая, полная фигура с выдающимся вперед животом точь-в-точь напоминает нашу серую кормилицу (кобылу) в упряжке» [2; 18].

В создании образов-персонажей, окружающих героя-рассказчика, писатель прибегает к традиционным приемам, в числе которых описание, повествование, рассуждение, изображение. Но наиболее художественно выразительным оказывается портрет.

Традиция портретного изображения персонажа имеет глубокие корни в литературе. Но, вероятно, ближайшими учителями Е.А. Букетова были русские классики и первый из них, как кажется, И.С. Тургенев. Портретные характеристики по-тургеневски развернуты, обстоятельны. Они своего рода визитная карточка персонажа. Как правило, писатель вводит персонаж в сюжетную канву портретной изобразительностью. Быть может, в отличие от тургеневского портрета, который, как и у предшественника Е.А. Букетова, обстоятелен, он более метафоричен и крупен. Как правило, портреты персонажей, занимающих важное место в сюжете, развернуты. Портрет включает в себя не только описание внешних телесных, возрастных свойств, наружности в их динамике, но и формы поведения персонажей. Такими оказываются профессора Пенер, Дьячков. Вот портрет одного из персонажей: «Он (профессор Владимир Фридрихович Пенер. — Т.С.) входил семенящей, чуть ли не старческой походкой и, став на кафедру, начинал читать очень тихим голосом. Он был высок и даже чуть дороден, но эта семенящая походка и этот тихий, отдававший, казалось, робостью голос сбивал с него начисто ту солидность, которую подобало ему иметь по положению. Когда же он изредка снимал очки и протирал их, на нас по-рыбы смотрели большие, выпуклые, невыразительные, будто отливающие оловом глаза, и нам хотелось, чтобы он водрузил очки обратно. Эти очки удобно и, казалось, навсегда оседлали большой нос, буровой картошкой свисавший едва ли не до самых постоянно сжатых тонких губ. За этими губами, обрамлявшими небольшой рот, никогда не были видны зубы, возможно, потому, что профессор не имел обыкновения смеяться громко, всегда ограничиваясь тихой, застенчивой улыбкой. Маленький мягкий подбородок совершенно не соответствовал его большому лицу, крепкой, короткой шее. Он был уже сед, но его еще густые волосы не привлекали взор благородной белизной, а представляли собою беспорядочные серые клочья» [2; 99]. Автор нередко возвращается к портретной характеристике персонажа при его повторном появлении в повествовании.

Портреты психологизированы, в них нередко предвосхищается судьба персонажа. Портреты, как правило, оценочны. Они не нивелируют авторскую позицию, а выражают ее непосредственно, прямо, открыто. Вот портрет приятеля, иронизирующего над героем повести по поводу его желания учиться в аспирантуре: «Я посмотрел на сытую, лоснящуюся, самодовольную физиономию друга, на его модный в то время полувоенный костюм, завидно облегающий его полнеющее тело с уже обозначившимся животом ...» [2; 71]. И далее — портрет Толи Сучкова: «Лобастый, белокрысый, толстогубый Сучков...обнажив в улыбке верхние рыхлые десны, выступавшие над короткими зубами, вдруг засверкал на меня большим серыми глазами» [2; 72].

Особую функцию выполняют автопортретные характеристики. Самоирония нередко окрашивает портрет повествователя («порядком раздобревший аспирант» [2; 116]. Саморазоблачительная направленность характеристики внутреннего состояния свойственна повествованию Е.А. Букетова: «податливость к обольщению и самообольщению» [2; 89]; «предложение, импониравшее моему неутоленному тщеславию»; «с удовольствием принимал преувеличенно-почтительное внимание сослуживцев, которые только вчера гордо проходили мимо»; «я был доволен собой, своим положением, и это выражал разными способами среди друзей » [2; 155]. Повествование о событийной канве жизни постоянно сопрягается с сосредоточенностью на психологических, эмоциональных, умственных состояниях.

И когда повествователь заявляет о том, что он будет писать о своей жизни без какой-то системы и последовательности [2; 17], то здесь очевидна творческая игра. Системность и последовательность складываются в процессе повествования.

Своего рода графическим, сюжетным, композиционным центром оказывается «Письмо четвертое», в котором герой переживает кризис. Преодолеть его позволяет обращение к истокам, природе, возвращение в родной аул, встреча с дядей-конюхом Жактай-ага. Лирические страницы, изображающие красоту степи, реки, луга, выразительны и строятся на реминисценциях. Цитирование, нередкое в прозе Букетова, функционально. В нем проявлены начитанность, великолепная память, тонкий вкус, развитые эмоции автора.

Дорогой друг, знаешь ли ты степную реку, ту реку, которая, выжурчав ручейками где-то в плоскогорьях Сары-Арки, затейливо вьется затем по Караоткельским равнинам, прорезает все глубже и шире тучные черноземы с березовыми рощами, которые ныне превратились в целинные поля, и несет свои воды туда, на север, стремясь соединиться с могучим Иртышом?

Сравните: «Дорогой друг, знаешь ли ты степную реку... Нет, мой дорогой друг, не знаешь ты мою реку...» [2; 117-130]. «Знаете ли вы украинскую ночь? О, вы не знаете украинской ночи!» [6].

Нередко в прозе борются художник и аналитик. Там, где автор рассуждает об опытах, недающемся решении специфических технических задач, он избегает терминологии, превращается в замечательного популяризатора науки, что оказывается органичным для повествования, в задачу которого входит изображение пути в науку.

Таким образом, в «Шести письмах другу» Е.А. Букетов предстает как писатель, владеющий мастерством. Это эстетически значимые портреты, интонация, композиция, реализуемая в соразмерности и соотнесенности частей. Он оказывается наследователем традиций художественности русской литературы, причем той ее части, которая создавалась не столько художественным воображением, сколько художественной обработкой воспоминаний, реальных жизненных событий и впечатлений.

Список литературы

- 1 Гинзбург Л. О психологической прозе. — Л.: Сов. писатель, 1971. — С. 6.
- 2 Букетов Е. Шесть писем другу. — Алма-Ата, 1989. Далее произведение цитируется по этому изданию с указанием страницы в тексте.
- 3 Букетов К. Друг мой, брат мой: воспоминания. — Караганда, 1994.
- 4 Сарсеке М. Евней Букетов. — М.: Молодая гвардия, 2007.
- 5 Букетов Е. Время светлой судьбы. — Простор. — 1978. — № 8, 9.
- 6 Гоголь Н.В. Майская ночь, или Утопленница // Гоголь Н.В. Собр. соч. в 6 т. — Т.1. — М.: ГИХЛ, 1959. — С. 64.

Т.Т.Савченко

Ойдан шығармаудың көркемдік болмысы: Е.А.Букетовтың прозасы

Е.А.Букетовтың «Досыма алты хат» повесі автордың өмірбаянына негізделген. Мақалада өмір шындығын көркем әлемге ауыстырып жататын оның прозасының қасиеттері, нақты айтқанда, баяндау, портрет, композиция талданады.

T.T.Savchenko

Art life of not invented: E.A.Buketov's prose

Buketov's narrative «Six letters to a friend» is based on the author's biography. Such features of his prose as the narration, the portrait, and the composition which transpiciate the worldly reality into an artistic world are analyzed in the article.

Ө.Оралбаев

*ҚР Президенті Әкімшілігі, Астана***Ақындық жауапкершілік және тәуелсіздік тынысы**

Мақалада белгілі ақын, Қазақстан Республикасы сыйлығының иегері Нұрлан Оразалиннің шығармашылық лабораториясы, оның көркемдік-тақырыптық ізденістері мен шығармашылығының көркемдік әдіснамасына тән белгілер контекстінде жүйелі түрде талданды. Ақынның ерекше және қайталанбас көркемдік әлемін құрайтын поэзиясының идеялық-тақырыптық, көркемдік және мазмұндық деңгейі бір тұтас жүйеде зерттелді.

Кілтті сөздер: уақыт, заман, ақындық жауапкершілік, қайраткер тұлға, азаматтық болмыс, қазақ поэзиясы, ақындық парыз, азаматтық парыз, қазақ жыры, қазақ өлеңі, азаматтық әуен.

Уақыт, заман алдындағы ақындық жауапкершілікті терең сезіну сол ақынды қайраткер тұлғаға айналдырады. Бірақ оған әуел бастан ақындық азаматтық болмыс іргетас болуы шарт. Қандай ақын болса да өнер жолын бастарда бата алады, өзіне серт беріп, жүрер жолын айқындап алады. Бұл қазақ поэзиясында ғана емес, жалпыадамзаттық қадам. Тіпті жалпы өнер атаулыға тән қадам. Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Әдебиет құрмет тақтасы да, мазақ тақтасы да емес. Ол тек біржақты мақталуға, не біржақты датталуға лайық адамдардан гөрі, өз басындағы драма халық басындағы драманы ашып бере алатын, өз тағдыры халық тарихына ұласып жататын, күрделі де қайшылықты тұлғаларға да көбірек көңіл бөледі» деп жазушының болашақ жүрер жолындағы кездесер кезеңдер мен болар баяндарға сілтеме жасайды [1].

Жалпы, қазақ поэзиясында өлеңге серт беру, өлең алдындағы ақындық және азаматтық парызды терең сезіну тұрғысында жазылған жырлардың өзі бір антологияға толық жүк болады. Арысын айтпағанда, кешегі Жүмекен мен Мұқағалидың, бүгінгі күні арамызда жүрген олардың құрдастары Қадыр мен Тұманбайдың поэзия алдында ақтарылып сөйлеп, адалын жеткізген жырлары баршылық.

Біз осы ғылыми еңбектің кіріспесінде қазақтың белгілі ақыны Нұрлан Оразалиннің поэзияға келу, ақындық ғұмырды бастау, өзінен бұрынғы ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ жырының қасиетті дәстүрінің дамуы ағысында ақынның өз қолтаңбасын танытуы, өз даусын өзгеше үнмен басқаларға жеткізуі, өзінің ақындық-азаматтық кредосы мен адамгершілік болмыс-бітімін жыр тілінде сомдауы, қазақ өлеңінің талантты толқындарының бірінің поэзия ауылынан тапқан олжасы мен сыбағасы, оның ақындық келбетінің ғылыми-талдамалық аспектіде саралануы тұрғысында біршама тоқталдық.

«Аса құрметті ақындар! Поэзия көлеммен емес, салмақпен өлшенетін қазына екендігі әлімсақтан белгілі ақиқат» деп [2], — сыншы Амангелді Кеңшілікұлы шығарманың көлемі ең негізгі критерий емес екенін алға тартады. Және осылай дей отырып, Нұрлан Оразалиннің поэзиясы салмақты, саннан сапаға маңыз берілген, мазмұны мен айтар ойы ақындық-азаматтық мықты іргетастан құйылған тума жырлар екенін айтады.

Бір айта кетер жайт, бұ мақала 1997 жылы, бұдан он екі жылдан астам бұрын, жазылған. Мүмкін, сыншының осы сөзі, бір жағынан, ақынды қамшылау болды ма, одан кейінгі жылдарда ақын біршама өнімді еңбек етті. Осы ғылыми еңбекте сөз болып отырған таңдамалы үш томдық Нұрлан Оразалиннің ақындық қоржынындағы олжаның аз еместігін де білдіреді деп айтуға болады. «Соғыстан соңғы туғандардың жырлары шөліркеп қалған қазақ поэзиясының кең сахарасына дауылдан кейінгі нөсерлеп құйған алғашқы ақ жауын еді. Сондықтан бұлардың табиғатына көктем стихиясы көбірек тән:

*Бастауын шайып бұлақтар,
Тулаған кезде келермін,
Шашбауын өріп қарақтар,
Шулаған кезде келермін...*

Ақынның осы өлеңін оқыған кезде көктемнің алғашқы самал желінің лебін сезгендей әдемі рахат күй кешесің», — деп өз ойын одан әрі жалғастырады сыншы Амангелді Мырзабеков [2].

Кезінде, 70-ші жылдардың басында, ақынның жастар арасында хат ретінде қабылданған, яғни «мода өлең» боп кеңінен таралған «Түнгі ырғақтар» атты өлеңі әлі де оқырман құлағын елең еткізіп, өзінің самал желдей әдемі де жұмсақ, әуенді де ерке ырғағымен жүректі баурайды, көңілді жаулайды:

*Оңымнан соққан жел ме екен,
Солымнан соққан жел ме екен,
Салғырттау жүрген кезімде,
Сабылып қайдан келді екен?*

*Жалын боп жалап өтті не,
Өртеніп кетсем, не дермін?!
Жасын боп түнде көк тіле,
Жарқ ете түссе, не етермін?!
Жалын боп жалап өтті не,
Өртеніп кетсем, не дермін?!
Жасын боп түнде көк тіле,
Жарқ ете түссе, не етермін?!
Оңымнан соққан жел ме деп,
Солымнан соққан жел ме деп,
Созылып жатқан белдермен,
Қашар ма едім өрмелеп?!
Қуанып, толқып, сол шақта,
Көзімнің жасы моншақтап,
Жығылар ма едім кеудеңе,
Тығылар ма едім кеудеңе,
Кеудеңе сенің жан сақтап?!
Оңымнан соққан жел ме деп?!
Солымнан соққан жел ме деп?! [2; 132]*

*Оңымнан соққан жел ме деп,
Солымнан соққан жел ме деп,
Созылып жатқан белдермен,
Қашар ма едім өрмелеп?!
Қуанып, толқып, сол шақта,
Көзімнің жасы моншақтап,
Жығылар ма едім кеудеңе,
Тығылар ма едім кеудеңе,
Кеудеңе сенің жан сақтап?!
Оңымнан соққан жел ме деп?!
Солымнан соққан жел ме деп?! [2; 132]*

Осы өлеңнің ішкі музыкасы, әуені мен ырғағы ақынның бұдан кейінгі күллі поэзиясының негізгі сазды желісіне айналды. Жалпы өлең өзінің ішкі дауыс әлемінсіз, сөздің сазы мен сұлу ырғағынсыз жүрекке жете бермейді. Тіпті қара сөздің өзінде ішкі ырғақ, тылсым музыка барын талай әдебиет зерттеушілері де, атақты ақындар да сан рет айтып, сан рет жазған.

Өмірге құштарлық — әрбір адамның қасиеті. Ал ақындардағы өмірге құштарлық бұл жеке адамның ғана стихиясы емес, бұл ақынның заман, қоғам, уақыт алдындағы үлкен жауапкершілігі. «Ешкім оған қоя алмайды нүктені, өмір деген сөйлем емес үйткені» деп Төлеген Айбергенов асқақ жырлағандай, Нұрлан Оразалин де өзі білетін өмірді шетсіз, шексіз мәңгілік құбылыс, адамның бақыты мен арманы, адамзаттың ғарыштық ғұмыры деп есептейді:

*Өмірге мынау
Өле бір ғашық болмасаң —
Өлең де, жыр да, болмас ән.*

*Өзегің талған кезде егер,
Шалғынды кешіп,
Шашаны шыққа малмасаң;
Аязда, қарда тоңбасаң,
Жауында ойға шомбасаң,
Сүймесең желді,
Мінбесең жүйрік,
Көрмесең тауды, даланы,
Бұрқылдап ізде жолда шаң —
Өмірге мынау
Өле бір ғашық болмасаң... [2; 65]*

Поэзияның күші мен құдіреті де осында, ол — өмірге құштарлық, ғашық болу. Өмірдің мәні мен мазмұнын тереңнен түсінуге, байыптап түйсінуге, барлап сүйсінуге негізделген. Ақынның заман алдындағы, қоғам алдындағы, керек десеңіз, өзінің ар-ұжданы алдындағы жауапкершілігі мен міндеті оның ақындық көркемдік қуаты мен ақындық шеберлігіне тікелей тәуелді.

Сондықтан да жалпы оқырман қауым, немесе әдеби орта, шартты түрде ақындарды «жақсы ақын», «нашар ақын» не болмаса талантты, талантсыз ақын деп бөліп жатады. Ақынды жас ақын, қарт ақын деп бөлу де тым шартты. Ақын сезімге келгенде қашанда жас, көңілге келгенде қашанда

ояу, ақыл-ойға келгенде әрқашан қарт-қария. Өйткені ол — адам жанының бағбаны, адам көңілінің айнасы, уақыт жанының ыстық-суығын, ауа райын көрсетіп тұратын баға-барометрі.

«Поэзияда азаматтық әуеннің басымдығы, көркемдік түйіндеулерге ойысқандық, адамның ішкі әлемін аша түсуге машыктану тәрізді сипаттар барған сайын бой көрсете түсуде» деп жазды ақын-ғалым Сағынғали Сейітов кезінде жастар поэзиясын талдау мақаласында [3]. Қаламгердің заман алдындағы жауапкершілігі дегенде, оның шығармаларындағы шыншылдық пен көркемдік, идеялық және тақырыптық ізденістер сол ақынның жеке шаруасы ғана емес, яғни жеке адамның жалпыға ұмтылған, жалпының жалқыға игі әсер етер ықпалы түсініледі. Бұл бағытқа келгенде, ақын Оразалин ежелден өзінің заман алдындағы ақындық жауапкершілігін терең сезінген және сол сезінуді өлең арқауын құрауда әркез есінен шығармаған, ақынның иығына түскен әлеуметтік жүкті көтерудегі азаматтық тұлғасын аласартпаған ақын:

Жолдан...
 Шаңнан...
 Қыраттардан...
 Теңіздерден тулаған,
 Бұлақтардан,
 Түннен,
 Шамнан сыр ақтарған,
 Сабырсыз құрақ, талдан,
 Қайыңнан жылап қалған,
 Саябыр тауып оқшау
 Еменнен құлап қалған,
 Сені іздедім!
 Өрімнен дүлдүл ұшқан,
 Күндерден
 Бір-ақ тарлан,
 Төрімнен бұлбұл ұшқан,
 Түндерден жырақ қалған;
 Биіктен,
 Ғарыштардан,
 Жақыннан,
 Жырақтардан,
 Жұлдызды аспанымнан,
 Нұр ақтарған,
 Сені іздедім!
 Іздедім мәңгілігім!
 Мазасыз сұрақтардан,
 Ақ айдын дәптерімнен,
 Ақ толқын сәттерімнен —
 Сырнайлы шақтарымнан,
 Сырғалы түндерімнен
 Жыр ақтарған [2; 94].

Жетпісінші жылдардың басында жазылған бұл жырда ақынның ең алдымен өзін іздеуі, өзінің қоғамдағы орнын іздеуі бір қарағанда махаббатқа астасқан сырдай болып көрінсе, үніле қарағанда ақынның заман тынысын сезінуге деген тынбас талпынысы айқын аңғарылады. Осылайша өзін өмірден іздеген ақын бірте-бірте, уақыт өте келе жаңа биік, жаңа арналардан өзін көрсете бастайды. Ақындық алып-ұшпа сезім мен көңіл-күй енді байсал тартып, ақылмен суарылып, қаламгер халықтық аудитория алдындағы сөзін бұрынғыдан да көркемірек, бұрынғыдан да тегерінділеу шабытпен жырлауға көшті.

Ақынның романтикалық сарындағы жүрек лүпілінің замана тынысына орай байсал тартып, барша халықтың көкейіндегі сөзін айтуға барынша жауапкершілік танытқаны жіті байқалады. Ақынның ең қымбат құралы — суреткерлік адалдық екенін қапысыз аңғарасыз. Нұрлан Оразалин осы қасиетін баса көрсете отырып, қаламгердің заман алдындағы өсу, жетілу, даму кезеңдерін де өз оқырманының назарына ұсынады.

Ақын алдан көңіл мен ақаулы тірліктің мазасыз болмысын көріп қана қоймайды. Мейірімнің соңынан ерген қатыгездік барын, өмірдің соңында өлім барын ескерте отырып, әділет пен адалдықтың жеңуі үшін көріп, сезудің аз екенін, әркім өз қуатын жұмсауы қажеттігін меңзейді. Әділет пен шындықтың аспаннан салбырап түспейтінін еске салады.

Жұлқып-жұлқып өтердей жүрек тұсын,

Бұлқын!

Сілкін!

Өмірді жыр ет күшім.

Жағаласып,

Әлемдік сұмдықтардың,

Күрес керек қазатын күрек тісін, —

деген ақындық байламын Ф.Оңғарсынова дұрыс байқаған. Біз де қаламгердің осы бағасын дұрыс деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, ақын Нұрлан Оразалин заман алдындағы қаламгер жауапкершілігін барынша терең түсінген және өз шығармаларында замана шындығын өз дауысымен, өз поэтикалық қуатымен жырлай алған ақын дейміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Кекілбаев Ә.* Азаттықтың ақ таңы. — Алматы: Қазақстан, 1998. — 207 б.
- 2 *Оразалин Н.* Үш томдық таңдамалы туындылары. — Алматы: Жазушы, 2006.
- 3 *Сейітов С.* Өлең өлкесінде. — Алматы: Қазақстан, 1984. — 243 б.

О.Оралбаев

Гражданская позиция поэта в отображении современности

В статье системно анализируется творческая лаборатория известного поэта, обладателя премии Республики Казахстан Нурлана Оразалина в контексте его художественно-тематического поиска и специфики художественной методологии творчества. Комплексно проанализированы идейно-тематический, художественный и содержательный уровни его поэзии, составляющие особый и неповторимый художественный мир поэта.

O.Oralbayev

Artistic and thematic search of independence and progress

The present dissertation work gives the systematic analysis of the creative laboratory of the well-known poet, Kazakhstan's State Prize winner Nurlan Orazalin in context of his artistic-thematic searches and specifics of an art creative work methodology. The ideological-thematic, artistic and content stages of his poetry, comprising special and poet's artistic world are analyzed in full complex.

А.С.Шыныбекова

*М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы***Көркем-драмалық коммуникация онтологиясы**

Драма әлемінің тарихында екі мың жыл өтсе де құндылығын жоймайтын ежелгі дәстүрлі драмалар Эсхил, Софокл, Еврипид есімімен байланысты. Олар драма әдебиетінің тегі мен өнердің түрінсіз ақылға сыймайды деген ядроны құрайды, сондықтан да драманың характерлі логикалық белгілерін бейнелейді.

Кілтті сөздер: драма, драмалық шығарма, грек өнері, драматургия, трагедия, Софокл, Эсхил, Еврипид.

«Пәннің тарихы болмай, пән теориясы да болмайды, сонымен бірге пән теориясынсыз оның тарихы туралы ой да болмайды, өйткені пән туралы түсінік те жоқ, оның мәні де шекарасы да жоқ» [1], — деген ұлы ойшыл Н.Г.Чернышевскийдің тұжырымдамасын еске ала отырып, тарихқа қысқаша шолу жасаймыз. Мұнда біз драманың тарихи қалыптасуына дәстүрлі поэзияның, халық ауыз әдебиетінің, әдебиет дамуының белгілі бір деңгейі алғы шарт болғанын байқаймыз. Сонысымен белгілі бір дәрежеде әдебиеттің осы түрінің синтетикалық сипаты біріктірілген.

Бұдан екі жарым мың жыл бұрын пайда болған драма туралы зерттеу Аристотельдің «Поэтикасынан» бастау алған, сол кездің өзінде осы әдебиет түрі туралы құрама оқу қалыптасқан болатын. Әдебиеттің бұл түр эволюциясының ерекшелігі, «Поэзия өнері туралы» болғандығында (б.э.д 384 — 322 жж.) Аристотельдің шығармасында жазылған негізгі қағидалар бүгінге дейін бар (соның ішінде жүз жыл бұрын ғана пайда болған, өзінің түпкі қазығы — ежелгі грек драмасымен салыстырғанда — өте жас қазақ драмасы да бар) және әлі де қызмет етуде. «Поэтика дамудың ең жоғары шегіндегі ежелгі грек өнерінің теориялық жалпыландырылған көркем тәжірибесін көрсетеді, — деп жазған болатын белгілі драматургия теоретигі А.А.Аникст. — Бірақ сол өнердің өзі адамзат көркем даналығының ең жоғары көрінісі болып табылады, сондықтан да оның бірқатар заңдылықтары әлі де болса үлгі мен нормалық мәнін сақтаған» [2; 21].

Аристотельдің көрегендігі сондай, біздің э.д. V—IV ғғ. даму кезеңінің өзінде ежелгі грек драмасының ауқымды фактілік материалдарынан ең негізгісін «қағып ала» білген, қосымша, кездейсоқтарын лақтырып тастай білген және оның заңды нәрсені көре білуі ғылыми құндылықты және оның ізбасарлары жалғастырған, жалғастырып жатқан теорияның үш бірлігін негіздеп береді.

Драманың бастау кезеңдерін зерттеушілер оның тарихын жүзім иесіне және табиғаттың жан беруші күшінің символы — Дионисқа арналған халықтық салт-дәстүр әндерінен көреді. Алғашқыда «драма» мен «трагедия» түсініктері ажыратылмаған болатын, «трагедия» терминінің тура мағынасы «бақташының» — әрекетке қатысушылардың киімдеріндегі ешкі терілері немесе осы құдайдың мифологиялық серігі — ешкі аяқты Сатира сияқты Дионисқа құрбандық шалуды еске түсіретін «ешкі әні» деген мағынаны берген. Дионисқа арналған халықтық салт-дәстүр әндерінен пайда болған трагедия б.э.д V ғасырда Эсхил (б.э.д. 524 – 456 жж.), Софокл (б.э.д. 496 – 406 жж.) және Еврипидтің (б.э.д. 480 – 406 жж.) творчествосында өзінің шарықтау шегінде болады. Осыдан барып трагедия дәл осы жанрлардың бастау көздері болатыны, біртіндеп кейіпкерлер диалогына ауысқан, трагедиядағы хордың болуы оның бастау тарихынан келіп шығады. Мұнда автордан авторға дейінгі біршама пісіп жетілген эволюция да байқалады. Осылайша, егер құжаттық деректерге сүйенсек, Эсхилге дейін театрлық қойылымдарда хор, хорды бастаушы және бір актер ғана қатысады, ал Эсхил екінші актерді енгізген, Софокл болса содан соң үшіншісін енгізген. Егер Эсхилда әрекет етуші адамдарға немесе мінез-құлықтарына, Аристотель айтқандай, бір ғана қасиет — өрлік, әділдік, ер жүректік және т.б. ғана тән болса, Софоклда «жалаң идея, тенденциялар емес, рельефті бейнеленген адамдар тартысады, мінез-құлықтар, индивидуумдар қақтығысады» [3; 18]. Еврипид өзінің алдындағыларға қарағанда трагедияға «асқақтай, кейде тіпті бәсең тілмен сөйлеушілерді», нағыз шынайы тұрмыстық жағдайларды және оның алдындағы Эсхил мен Софокл — негізгі әрекет етуші тұлғалар ретінде — мифологиялық кейіпкерлерді қалдыра отырып, құлдардың өзін де енгізеді, яғни шыншылдыққа қарай ұмтылады. Трагедияның (Эсхилдің құдайлары мен билік етуші тұлғаларынан бастап Еврипидтің құлдарына дейін) әрекет етуші адамдарының әлеуметтік статусын демократизациялаудан басқа қарапайым

түрде кейіпкерлер тілін демократизациялау мен олардың психологиялық жағдайымен негізделетін, кейіпкерлер әрекетімен қозғалатын уәждерді адамдандыру мағынасындағы «демократизациялау» да байқалуда.

Жоғарыда аталған үш ұлы трагиктер ұштағанының әрқайсысының творчествосы тәжірибеге жаңаша қарау, оны одан ары жетілдіруді білдіреді. Софоклдың Афинада бірнеше күн, он жеті мың (Дионис театрын сонша адам сыйған) көрерменнің көз алдында өтетін драмалық жарыстардың басында тәжірибелі Эсхилге орын беруі, бірақ драматургиялық техниканы жетілдіру бойынша (оның кейіпкерлері Эсхилдің кейіпкерлеріне қарағанда икемдірек) бұл жарыстарды ұтып алуы да кездейсоқ емес. «Бірақ осы әлемнің орталығында — өзінің еркіндікті сүйетіндігін жар салған, өзі және өзінің табиғат патшалары — құдайларын жетілдіруші адам тұрса да, біз эсхилдік адамнан монументті фигураны психологиялық портретке айналдыратын, жамандық пен жақсылық иелерін толыққанды образға айналдырудың нәзік қырларын әлі де көре алмаймыз», — деп жазады, эсхилдік драмаға Софоклдың әкелген өзгерісі туралы ой қозғаған ғалым С.Апт [3; 17]. Эсхилді жеңген оның келесі жетістіктері драматург шеберлігі және драмалық өнердің дамуымен қоса мыңдаған көп көрерменнің өсуімен бірге көрерменнің эстетикалық идеалдары мен талғамы да өсті.

Эсхилді бірінші деп айтсақ, біршама шартты болады, өйткені оның творчествосында берілген трагедия бірден пайда бола алмайды: оның алдындағы «Милетті алу», «Финикияндіктер» трагедиялары сақталынбаған Фринхті атайды, бірақ тарихи құжаттарда айтылып отырады. Сондықтан да үлгі ретінде, перстерді жеңуге байланысты жалпыэллиндік патриоттық көтеріліс толқынында жазылған, «қорқыныш пен аяушылық» (Аристотель) арқылы көрерменді тазалап алған трагедияның туындауына кедергі бола алмаған, осы күнге дейін жеткен Эсхилдің ертеде жазылған «Перстер» трагедиясын алады (Аристотель). Жеңіс тақырыбын соғыста қолдана отырып, автор алдына азаматтық жан ашу және патриотизмге тәрбиелеу міндетін қояды:

... чтобы граждане наши
Все горели желаньем врагов побеждать;
этим я свою драму украсил [3; 12].

Бастапқыда, байқап отырғанымыздай, драма топты тәрбиелеуге бағытталған, бірақ көңіл-күйге әсер ете отырып, «адам жанының сырларын» ашқан тіршілік және әлем туралы ой-толғаныстармен тәрбиелеуге негізделген өнер ретінде қабылданған. Тұтастай мәдениет сияқты ежелгі грек драмасының бар әлемге тарау себебінің бірі, біздің ойымызша, еркіндікті сүйген адамды, табиғат құдайын жырлау (адам қоршаған ортамен болған күресте жеңіп шығу керек сол кезең үшін, бұл конструктивтік тәсілге жатады). Осылайша, Эсхилдің трагедиясында Отан үшін патриоттық мақтаныш сезім демократиялық мемлекетте еркін өмір сүретін адамның мақтаныш сезіміне айналады. Афинаның дамудың шарықтау шегінде құлиеленуші демократия болса да еркіндік пен әділеттік қасиеті әрбір азаматтың бойында болған демократиялық республика болғанын еске түсірейік. Сонымен, бізге қоғамдағы драманың ұлы миссиясы, оның қолданыс бағыты туралы қорытынды жасауға болады. Оның тарихы, біздің ойымызша, театрдан басқа ешқандай бұқаралық ақпарат құралдары болмаған мереке күндері қатарынан бірнеше күн бойы, таңертеңнен бастап алдымен трагедия, содан соң комедияны, театр өнерін тамашалаған ежелгі эллиндерден көреміз. Хор әні ашық костюмдер киген мифтік кейіпкерлер мен құдайлардың, актерлердің әрекетімен жалғасқан сөздің, көркем сөздің күші тікелей осы жауапты миссия — адам жанын сауықтыруға әкелді.

Ежелгі Грециядағы драмалық өнердің тұрақты эволюциясы мен тәлімгерлік байланысы туралы айтқанда, жаңа әрекет етуші тұлғаларды енгізуден бастап, әрекет етуші тұлғалардың психологиялық портретін жасаудағы біртіндеп шеберлікке жетуге дейін көрініс табатынын айтып өткенді дұрыс деп ойлаймыз.

Өлгендер әлемінде Дионис сотына жүгінген, әрқайсысы трагедия туралы ойларын қорғайтын Эсхил мен Еврипид (қарама-қарсы пікірлер айтушылар ретінде) арасындағы тартысқа құрылған Аристофанның «Бақалар» (б.э.д. 446–385 жж. дейін) деп аталатын комедиясы үлгі ретінде қызықты. Еврипид ескі трагедияны хордың басып кеткені, статикалық түрде болғаны үшін сынға алады және жанды драмалық әрекеттің принциптерін (бүгінгі күнге дейін бар) негіздейді:

И после первых слов уже все действовали в драме,
И говорили у меня и женщина, и дева,
И господин, а также раб, старуха ... [3; 11].

Аристофан комедиясының кейіпкерлері — Эсхил мен Еврипид драманың мақсаты туралы түсінік бойынша бір-біріне қарсы келеді, егер Эсхил драмалық өнердің міндетін азаматтық қамқорлық пен патриотизмнен көрсе (жоғарды қараңыз), Еврипид болса «өзінің творчествосында адамгершілік кодексіне жатқызудың негізгі белгілерін: ескі наным, азаматтық мораль дағдарысын, индивидуализм мен скептицизмнің дамуын көрсетеді» [4]. Бұл олардың әр түрлі күнтізбелік, хронологиялық уақытта өмір сүргендігімен ғана емес, сонымен бірге сол қоғамда қалыптасқан идеялар, ақыл-ой күйлердің әр түрлі болғанымен түсіндіріледі. Осылайша, егер Эсхилдің перстерді жеңген ежелгі гректер жеңісінің куәгері болуы қоғамда эмоциялық көтеріңкі күй жасап, оптимизм мен сенім берсе, Еврипид Афинаның Спартадағы Пелопоннескілік соғыстан жеңіліп қалған кезінде өмір сүрді, ол өз кезегінде демократияның жоғалуына, содан келіп шығатын барлық салдары бар авторитарлық режимнің күшеюіне, демократияның жоғалуына әкеліп соқты. Нағыз суретші ретінде Еврипид тұрмыстық өмірге жақындай отырып, өз уақытының ауруын жасырды. Және бұл ежелгі грек драмасының дәстүрі басқа дәстүрлер сияқты, бүгінде өз мәнін жоғалтқан жоқ, өйткені Еврипид жасаған қоғам назарын аударған өткір проблеманы қою кей уақытта маңызды да болады.

Әлем драмасының тарихында Эсхил, Софокл, Еврипид, Аристофан аттарымен екі мың жылдан астам уақыт өмір сүріп жатқан, сонысымен де дәстүр болып табылатын ежелгі грек драмасының үздік дәстүрлері байланысты болып отыр. Олар өнер түрі, әдебиет тегі ретінде мүмкін болмайтын драманың негізін құрайды, сондықтан да олар драманың сипаттамалық белгілерін көрсетеді. Аукымды фактілік материалдарды талдауға негізделген драмалық өнердің ерекшеліктері туралы ой қозғау ұлы драматургтен кейін өмір сүрген Аристотельдің кейіннен заң деп аталып кеткен өнердің ерекше түрі ретіндегі драманың канондары мен ережесін жазып шығаруына жағдай жасады.

Драманың күрделілігі осы әдеби творчествоға деген талаптардың сақталу қажеттілігімен түсіндіріледі. Оны Аристотель алдыңғы және сол замандағы бай драматургиялық тәжірибеден алады, кітап басылымдары, газет пен журналдар жоқ кезде «ресми халық жиналыстары мен бейресми нарықтық жиындардан» басқа жалғыз бұқаралық ақпарат құралы болды, сондықтан да пьесада кемшілік кездеспейді.

Осы ережелерді ритористикалық сақтауды талап ете отырып, оны басты деп санамауы мұғалімнің данышпандығы болып отыр, біздің байқағанымыздай, бұл ежелгі рим кезеңінен кейін қалыптасқан. Ежелгі Грецияда оларды драматургтің мақсатына қарай түрлендіріп, қолданудың творчестволық тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік берілді, оларды қолданудағы еркіндік бүгінде драма өнері саласын өзекті де құнды етіп отыр. Аристотель драмасының теориясы басқа да өнер түрлері сияқты драманы «ұқсату» (қазіргі ғылым тілімен айтқанда, шындықтың бейнесі) деп түсінуге негізделген болатын. Мұнда драма тек қана көшіріп (бүгінде айтсақ, фотография немесе компьютерлік томография) қана қоймау керек, авторда қалыптасқан өмір туралы белгілі бір түсініктерге сәйкес шындықты жасау керек. Мұнда драма өнері азаматтық ерлік пен патриотизммен (Эсхил) ғана шектелмеу керек, оның қолданыс бағыты — адамның жан-жақты рухани дамуына ықпал ету керек деп есептеген Аристотель ұлы Эсхилденде асып кетеді. Бүгінде сол б.э.д IV ғасырына дейінгі Аристотель қалыптастырған бұл талап әлі де өзекті болып отыр, тіпті одан да өзекті болуы мүмкін, өйткені техниканың дамуы мен жоғары технологиялар, жоғары, гуманистік идеалдарға рухани бай адам болмаса, адамның өз басына қауіпті болатын адамды — «табиғат патшасы» жасаған қауіпті жағдайды туғызды.

Аристотель драма үшін фабуланың маңызды мәнін көрсетеді («әрекетсіз өмір сүре алмаса да, мінезсіз трагедия өмір сүре алады»). Мұндағы «трагедия» сөзімен әдебиеттің түрі ретіндегі драма берілген, драматургиялық жанр ретінде комедияға қарама-қарсы қойып, трагедияны бөлу кеш қарастырылған) [5]. Дәл осы фабула драманың негізгі құрылымдық элементін көрсетеді және алғашқы атаулық мәнге ие. Мұнда іштей тұтас, аяқталған, өзінің бастапқы пункті — түйіні, содан соң логикалық аяқтау — әрекеттің шешімі болатын фабуланың бөлімдерінен Аристотель көрерменге эстетикалық ықпал етудің көздерін көреді. Осыдан барып (2) әрекет бірлігінің заңында нақтыланатын (1) фабуланың аяқталуы мен ішкі тұтастық заңы келіп шығады. Мұнда фабуланың «жеңіл шолынатындығы» талап етіледі, яғни уақыт бойынша созылып кетпеу керек. Осыдан барып хронологиялық шектеулер: драмадағы әрекеттер бір күнде ішінде кішкене ауытқумен өтеді. Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда Аристотель қалыптастырған бұл талап кейіннен заң дәрежесіне ие болады (XVI ғасырда итальяндық Джиральди Чинтио уақыт бірлігінің заңын шығарады) [2; 119].

Драманың хронологиялық жіктеуімен бірге тағы да бір талап XVI ғасырда басқа итальяндық ғалым Кастельвестро тұжырымдаған орын бірлігі заңымен байланысты және сонымен негізделеді

[2,120]. Оның мәнісі сол уақыт шамасы бойынша бір күн ішінде кейіпкер алғашқы әрекет орнынан алысқа кете алмайды. Негізі Аристотельдің «Поэтикасында» жазылған үш бірлік теориясы — әрекет бірлігі, уақыт бірлігі және орын бірлігі XVI ғасырда Италияда біртіндеп барлық драматургтерге міндетті композиция заңы деп танылады. Әлемдік драматургияның көп ғасырлық тәжірибесі көрсеткендей, уақыт бірлігі мен орын бірлігінің талаптарын сақтамауға болса, Аристотельден шыққан әрекет бірлігінің ережесі бүгінге дейін «көркем шығарма ретіндегі драматургиялық шығарманың түпнұсқалық қажетті шарты» болып қала береді» [6].

Данышпан Аристотель мінезді нақты танытатын, драманың орталығы болатын, маңызды элемент — жағдайдан да өтіп кетпейді. Қазіргі тілмен айтқанда, драманың әрекет етуші тұлғалары өзара әрекет ете отырып, «кейіпкерлердің өздерінің шығармасы сияқты басынан бастап аяғына дейін сап түзейтін» конфликтіге түседі. Олар оны бастайды, жүргізеді және аяқтайды» [7]. Қандай ауқымда болса да әлеуметтік конфликтінің, тіпті ол халық соғысы, революция болса да «кіші» кеңістік деп аталатын — отбасы, ұжымдағы кейіпкерлердің нақты конфликтісі арқылы бейнеленуі драманың ерекшелігі болады, ал көрермен болса оның ішіне кіріп кетеді, бірге қайғырады, бірге сезінеді, ойланады. Бұл оқырманның/көрерменнің бейнеленген адамдық қатынастарды танығаны кезде, оқиға шынайы болған кезде, яғни бейнелеудің шынайы негізінде ғана мүмкін болатын құбылыс. Драма кейіпкерлері қызықты да түсінікті болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Словарь философских терминов / Науч.ред. проф. В.Г. Кузнецова. — М.: ИНФРА-М, 2004. — XVI. — С. 5.
- 2 Аникст А.А. Теория драмы от Аристотеля до Лессинга. — М.: Наука, 1967.
- 3 Ант С. Античная драма: Вступ.ст. //Античная драма. / Пер. с древнегр. и лат. — М.: Худ. лит., 1970.
- 4 Ярхо В. Комедии Аристофана // Аристофан. Избр. комедии / Пер.с древнегр. — М.: Худ. лит., 1974. — С. 54, 18.
- 5 Аристотель. Об искусстве поэзии / Пер. В.Г. Апелльрота / Под ред. Ф.А. Петровского. — М.: Гослитиздат, 1957.
- 6 Волькенштейн В.М. Драматургия. — 5-е изд., доп. — М.: Сов. писатель, 1969. — С. 30.
- 7 Романов П.В. Проблемы драматургического жанра: Учеб. пособие. — СПб., 1993. — С. 10.

А.С.Шыныбекова

Онтология художественно-драматической коммуникации

В истории мировой драмы с именами Эсхила, Софокла, Еврипида, Аристофана связываются лучшие традиции древнегреческой драмы, которые потому и являются традициями, что продолжают жить даже спустя более двух тысяч лет. Они составляют то ядро, без которого драма как род литературы и вид искусства просто немыслима, и поэтому представляют собой характерологические признаки драмы.

A.S.Shynybekova

Ontology of artistic and dramatic communication

In the history of a world drama with names of Eshila, Sofokla, Evripida, Aristofana the best traditions of an Ancient Greek drama which therefore are traditions that continue to live even after more two thousand years communicate. They make that kernel without which the drama as a sort of the literature and an art form is simply inconceivable and consequently represent characterologic signs of a drama.

Г.Е.Әшірбекова

*Қазіргі заманғы гуманитарлы-техникалық институты, Қарағанды***Діни дастандардағы антропogондық мифтердің көрінісі**

Мақалада қазақтың діни эпосындағы антропogондық мифтердің қолданысы жан-жақты зерттеліп жазылған. Сонымен қатар осы жанрдағы көркемдік сипаттарды қалыптастырудағы рөлі де айқындалған.

Кілтті сөздер: мифологиялық мотив, діни эпос, антропogондық миф, мифтердің түрленуі, мифологиялық дәстүр.

Жалпы адамзаттың ой-өрісінің дамуына, табиғаттың тылсым сырын танып-білуге миф аңыздарының көне дәуірде орасан зор үлес қосқандығын жоққа шығаруға болмайды. Өйткені кез келген құбылыс туралы қиялдан құрастырылған әңгіменің сол жағдайдың адам санасындағы түсінігін қалыптастырады. Бірақ бұл алғашқы түсінік болғандықтан, бірте-бірте жетіліп, өрістейді, сұрыпталады, жинақталады, сөйтіп, белгілі бір қалыпқа түседі. Нәтижесінде жалпақ жұртқа тарап, айналымның аясына түседі. Сондай туындылардың бір тобын адамдар туралы және олардың жаратылуы жайлы айтылатын антропogондық мифтер құрайды.

Негізінде адам жаратылысына қатысты мифтердің басым көпшілігі топырақтан жаратылды деген ортақ сюжетті құрайды. Кейбір әңгіме-аңыздарда балшық болмаса жердің қыртысы деп аталады. Өзге де негізгі діндер тәрізді, ислам діні де осы аңызды қуаттайды. Негізінде ислам діні өзіне дейінгі наным-сенімдерді халық санасынан ығыстырумен келді. Көптің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап бере алатын және ғылымның барлық қырларымен сабақтасып жатқан ислам өзінің адамгершілікті қуаттайтын бағыттарымен елдің ойына орнықты. Бұл туралы зерттеушілер былай дейді: «Ислам діні енгеннен кейін бұрынғы шаманизмнің белді өкілі болған бақсыларды ығыстыра бастағандығы мәлім, көптен-көп жағдайда бақсыларға қарсы күрес жүргізді. Осыған байланысты көне заманның атақты аңыздары мен бақсылары біртіндеп ұмыт болуға айналды немесе исламға лайықты өзгерістерге ұшырап, екі идеологияның да белгілерін ұштастырған күрделі синкреттік тұлғаға айналды» [1] десек, ең көнеден келе жатқан түрлі мифтер де исламдық бағыт-бағдармен үндесіп өзінің өміршеңдігімен жалғастылығын тауып жатты. Солардың бірі — адамның топырақтан жаратылуы туралы миф.

Ерте замандардан келе жатқан мифтердің бірінде былай дейді: «Қыпшақтар өз руының ең алғашқы ата-аналары «Ай ата» мен «Ай апа», лайлы сел ағызып әкеліп, үңгір тасқа толтырған балшықтан бейнеленіп, тоғыз ай бойы күн нұры қыздырып, желдің үрлеуі арқылы кеуіп, жанданып, адам болып жаралған. Бұдан соң «Ай ата» мен «Ай апа» бір-біріне қосылып балалы болған. Олардың ұрпақтарынан рулы ел өскен» [2]. Бұл мифтегі көрініс. Енді діни аңызға құлақ түрелік: «Алла тағала балшықтан Адам ата — Сапиолланы жасады. Оған жан салды. Сонымен ол тіршілік тынысына ие, кәдімгі адам болды» [3]. Ел ішіне кең тараған ақындар айтысының озық үлгісін көрсететін Біржан мен Сараның айтысында Сараның тарапынан мынадай өлең жолдары айтылады:

*Адамды топырақтан жаратты Хақ,
Надандығың білінсін бұл сөзге бақ.
Хауа Анаға барды өзі Адам ата,
Есіткенің жоқ па еді мұны бірақ [4].*

Шумақтың мазмұнында мифтің негізі жатыр. Бұл көрініс бізге мифологиялық аңыздардың өзегін жоғалтпай жалғасып келе жатқандығын айғақтай түседі. Олай болса, ұлттық мұралардағы мифтердің қолданылуын қалыпты дәстүр ретінде қабылдағанымыз жөн. Бұл жайт діни дастандарда сырт қалмаған.

Адамның жаратылысы адамзатты көне заманнан бері толғантып келе жатқан құбылыс. Сондықтан бұған қатысты әңгімелер әр кезеңнің өзіне сәйкес туындап отырды. Антропogондық мифтер — осы көріністің бағзы уақыттағы бастамалары. Ал, бүгінгі таңда сол адам баласын топырақтан жаратылды деген мифтік туындылардың өзегінде шындықтың негізі жатқандығын ғылыми зерттеулерде жоққа шығармайды. Мүмкін, осындай мифтердің жойылмай, жоғалмай

жалғастылығын тауып келе жатуының мәнісі астарында ақиқаттың жатқандығы шығар. Енді дастандарға назар аударып көрелік.

Қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі діни дастандардың қай-қайсысын алып қарасақ та, негізгі өзегі ислам дінімен ұштасып жатыр. Ал, біз жоғарыда адамның топырақтан жаратылғандығын исламның мақұлдайтынын айтқан едік. Олай болса, діни дастандардағы адамның топырақтан жаратылғандығын жырлауын үндестіктен туған қалыпты сипат деп түсінген жөн. Бірақ діни мұралар адамға дейінгі жаратылысты да назардан тыс қалдырмаған. Бұл жайт әсіресе «Сияр Шариф» дастанында көрініс тапқан. Негізінен аталмыш дастан соңғы пайғамбар Мұхаммедтың (с.ғ.с.) өмір жолын баяндауға арналған поэзия түрінде шыққан көлемді туынды. Көркем тілмен діни бағытта шығарылған дастанның оқиғасы қызықты, түсінуге жеңіл, тартымды, әсерлі. Шығарманың кіріспе тәрізді бастау-толғауында жаратылыс құбылысына қатысты көптеген діни ұстанымдарды паш етеді. Алғашқы жаратылыс Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың нұры десе, онан кейін Аспан, Жер, Ғарыштың пайда болғандығын айтады.

*Аспан, Жер, Ғарыш-Күрсілі Лаулы ғалам,
Сындырған Жаннат,тозақ бәрін тәмам.
Ол нұрдың фазылынан пайда болды,
Жаралған он сегіз мың күллі ғалам [5; 8].*

Осылардан кейін ғана барып Адам жаратылады, және адамзаттың жан мен тәннен тұратынын да хабардар етеді.

*Адамды топырақтан қылды бейне,
Кірген деп пәрмен етті жанды Құдай.
Қараңғы, қорқынышты жай екен деп,
Жан қорқып қарап тұрды кірмей мұнда [5; 8].*

Бұл шумақтағы бірден-бір көрініс адамның топырақтан жаратылғандығын көрсететін жолдың көнеден келе жатқан мифпен үндестікте екендігі. Бірақ мұндай жайітті осы бір ғана шығармадағы айтылыммен шектеп қоюға болмайды. Біз мысал келтірген туынды — өмірбаяндық дастан. Ал, ел аузында сақталған мұралардың арасында аңыздың желісіне шығарылған дастандарда баршылық. Солардың біріне Жамсап туралы аңыз туындысын жатқызуға болады. Шығармаға ертеден келе жатқан Даниял пайғамбардың баласы Жамсап туралы оқиға өзек болған. Мұнда оқи отырып, біз бірнеше мифологиялық сарындардың қолданылғандығын аңғарамыз. Осы қолданыстар туындыны ертегі тәріздес етіп ғажайыптандырып жіберген. Дастанның кіріспесінде біз тағы да адам — топырақ деген мифтік қағиданың куәсі боламыз.

*Сыйынып жәрдем күтем бір Алладан,
Жаратып топырақтан еткен адам.
Тарихтың көп сырынан ашылмаған,
Бастайын бір оқиға келсе шамам [6].*

Тағы да сол миф, сол топырақ. Бірақ тағы да бір айта кететін ерекшелік аталмыш миф жыр-дастандардың қай-қайсысында болмасын алғашқы бастамаларда ғана айтылып отырған. Ал, шығарманың орта немесе соңғы тұстарына қарай кездеспейді. Бұл, мүмкін, адам санасында қалыптасқан жаратылыстық даму заңдылығына тән реттіліктің көрінісі шығар. Қалай десек те мифтің де аясында белгілі бір деңгейде ақиқаттың жататындығы рас. Миф жайында айтарлықтай ой тастап, пікір білдірген Қондыбай Серікболдың тұжырымдары да осыған саяды. «Миф — нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, нақты бір саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан, адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктердің жиынтығы, дәлірек айтқанда, «түсіндім» деген стереотипі. Яғни, бұл жағдайдағы миф ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда, «шын»деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейіндегі Ақиқаты. Миф, әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан, «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние» [7].

Олай болса, мифті қалай болса солай шығарыла салған дүние деп қарамау керек екен, ертедегі адамзаттың таным-түсінігінің, қоршаған ортаны қабылдауының, бағалауының айнасы деп ұғынуымыз қажет екен.

Сонымен, адамның топырақтан жаратылуы туралы айтылатын мифтердің қайнар көзінде шындықтың жатқандығын аңғардық. Сондықтан халықтық шығармаларда бұл мәселенің көрініс беріп отыруы осы негізде жатыр деп түйіндеуге болады.

Ел ішіне кеңінен тараған «Наушаруан сұлудың баяны» дастанының алғашқы шумағы да осы біз айтып отырған мифтік баяндаудан басталады.

*Атамыз Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралған.
Мұсылман, кәпір халайық,
Сол адамнан таралған.
Тарихын мұсылманның баян етсем,
Дін ислам, Мұхаммед деп аталған. [8].*

Негізінен дастанның өлең жолдары он бір буынды кара өлең ұйқасы жүйесіне құралған. Өзге тұстарында қысқа жолды жеті, сегіз буынды тармақтар жоқ. Сондықтан бастамадағы төрт жол өзге шығармадан алынып қойыла салған тәрізді. Десек те, кіріспе дәл осылайша орналасқан. Дәл осы тектес жолдар Шортанбай ақынның «Бала зары» деп айтылатын толғауында тұр.

*Атамыз Адам пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халық боп,
Сол адамнан таралды [9].*

Енді, сұрақ туындайды: біріншіден, аталмыш діни дастанның авторы Шортанбай емес пе екен? Екіншіден, Шортанбай сол дастанды білгеннен кейін, өз толғауында алғашқы жолдарын пайдаланды ма екен? Бірақ екі жауапты да мақұлдай алмаймыз. Өзегінде миф жатқан адам жаратылысын ислам дінінің қуаттай келгендігін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал, діни сауат ашқандардың барлығы адам баласының топырақтан жаратылғандығын мойындады. Діни дастандарды өмірге әкелушілер діни сауатты ақындар еді. Сондықтан, оларға аталмыш жағдайды енгізіп отыру, көпшілікке осы мәселені насихаттаудың, таратудың бірден-бір жолы болды. Бұл — бір. Екіншіден, фольклорда қалыпқа түсіп, дәстүрге айналған сарындар бар. Атап айтқанда: «Он үш — мүшел жас», «алпыс үш — пайғамбар жасы», тағысын тағылар. Сондай-ақ көптеген ақындарға бала кезінде ақындықтың қонуын, түсіне әулие бабасының кіруімен байланыстырады. Осыған қатысты екі варианттық қолданыс бар. Ол ұйқыда жатқан баланың түсіне кірген ақ сақалды адам: «Өлең керек пе, көген керек пе?» немесе «Сөз керек пе, көз керек пе?» — дейді. Яғни, мұндай қолданыс — фольклорлық дәстүрдің көрінісі. Олай болса жоғарыдағы дастаннан толғаудың бастамасын да біз осы тұрғыдан қабылдауымыз керек. Оның негізгі бастауы мифте жатыр. Мұндай кіріспелердің шамалы өзгеріске түскен нұсқалары да кездесіп отырады. Әсіресе халық ақындарының мұраларынан жиі байқалады десек, артық айтқандық болмас. Жоғарыдағы Шортанбай ақынның толғауы бұған дәлел бола алады.

Біз жоғарыда өмірбаяндық діни дастандардың бастауында адам жаратылысына қатысты мифтің көрініс беретіндігін айтқан едік. Әрине, жеке адамның өмір тарихына байланысты болғандықтан, аталмыш мифтің кіріспе ретінде қолданылуы заңдылық. Десек те, кейбір өзге мазмұндағы дастандарда бұл аңыздың көрініс беретіндігін аңғаруға болады. Мәселен, сондай мұралардың бірі — «Мәлике қыз» дастаны. Шығарманың мазмұны бір патшаның жалғыз қызы күйеу таңдау жасап, өзін алғысы келетін адамға жүз жұмбағымды шешу керек деп шарт қояды. Күйеу жігітке қалыңдықтың шарт қоюы ертегі, аңыздарда кездеседі. Сондықтан ол біз үшін таңсық емес. Бірақ, жүз сұраққа жауап табу оңай емес. Ал, сұрақтар таза діни қағидалармен байланысты. Мәликенің осыншама сауалына түркістандық діншіл жігіт толық жауап табады. Осы сұрақтардың барысында тағы да адамның топырақтан жаратылғандығы жайлы мәселе айтылады:

*Екі адам Мәликені жеңе алмаған,
Көңілін жеңбегенге бермейді екен.
Алладан Мұса үш ауыз сөз сұрапты,
Кәрі аға білсең айтшы ол не деген? [10; 30] —*

деген сауалға жауап беру барысында былай дейді:

*Мұса айтты: — Бұл жарлығың тағы рас,
Құдайым қадіріңе үш қайтара бас.
Адамды топырақтан жаратқан соң,
Дені сау ауырудан қылсаң алас [10; 30].*

Сонымен, осы көріністерден қандай қорытынды шығаруға болады? Біріншіден, адамның топырақтан жаратылғандығы туралы мифтің діни дастандарда жиі, әрі кеңінен қолданылу барысында таза діни наным-сеніммен біте қайнасып кеткен. Сондықтан бұл сипат көпшілігінде миф емес, діни байлам, түсінік ретінде қабылданады. Екіншіден, осы көрініс өзге де мифологиялық сарындар тәрізді, шығарманың көркемдігіне, тартымдылығына, мазмұнына айтарлықтай деңгейде әсерін тигізеді. Бірақ, антропогондық мифтердің қолданылуын осы бір ғана көрініспен шектеуге болмайды. Алғашқы адамдарға қатысты айтылатын аңыздардың біршамасын діни дастандардан кезіктіреміз. Олардың да өздеріне лайықты орындарының бар екендігі ақиқат.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Фольклор шындығы. — Алматы: Ғылым, 1987. — 68-б.
- 2 Қазақтың мифтік әңгімелері. — Алматы: Ғылым, 2002. — 80-б.
- 3 Құран хикаялары. — Алматы: Жалын, 1992. — 6-б.
- 4 Ақын Сара. — Алматы: Жазушы, 1985. — 48-б.
- 5 *Жәңгірұлы III*. Назым Сияр Шариф. — Алматы: Санат, 1995.
- 6 Жамсап туралы аңыз // Орталық Қазақстан. — 1991 — 13 ақп. — 6 б.
- 7 *Серікбол Қ.* Арғы қазақ мифологиясы. — Алматы: Дайк-Пресс, 2004. — 25-б.
- 8 Наушаруан сұлудың баяны // Ислам әлемі. — 1997. — № 4. — 14-б.
- 9 Шортанбай. Толғаулар, айтыстар. — Алматы: Айқап, 1993. — 21-б.
- 10 Мәлике қыз // Ислам әлемі. — 2000. — № 32.

Г.Е.Аширбекова

Проявление антропогонических мифов в религиозных эпосах

В статье рассматривается проблема всестороннего исследования использования антропогонических мифов в казахских религиозных эпосах. Также раскрывается их роль в создании художественности данного жанра.

G.E.Ashirbekova

Antropogonic myths in the Kazakh religious epics

The article devotes problem of whole research of using of antropogonic myths in Kazakh religious epics. So its role in making of artistic of this kind have been shown.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 809.51

М.Бөделхан

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қытай тілін оқытуда назар аударатын кейбір мәселелер

Мақалада қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту мәселелері қарастырылды. Мақала авторы әлемдік жаһандану жағдайында аталған тілді оқытудың әдістері мен ұстанымдарына басты назар аударады. Сондай-ақ қытай тілін оқытуда оқушыларға фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам және синтаксис бөлімдерін меңгерту мәселесі сөз болады.

Кілтті сөздер: қатынас құралы, қытай тілін оқыту әдістері, ғылыми-техникалық жетістіктер, бәсекеге қабілетті маман, екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыру, оқытудың жан-жақты әдістемелерін қолдану, білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлғатәрбиелеу.

Тіл — адам қажетін өтейтін, ой сезімді және шындықты білдіретін, қоғамға қызмет етіп өзара барыс-келісті күшейтетін, бірлікті сақтап, ортақ гүлденуге, мәдениетті арттыруға, экономиканы жандандыруға дәнекер болатын маңызды қатынас құралы. Қоғам мүшелері тіл арқылы бір-бірімен пікір алысып, түсінісіп, идея көзқарасы мен көңіл-күйін ауыстырып, қимылдарын селбестіріп, ортақ мақсатына жетіп, көздеген мүддесіне кенеліп отырады. Сөйлесу, араласу, әрине, осындай қоғамдасқан адам бар жерде ғана болады. Адамзат қоғамы қашан пайда болған болса, тіл де сол кезде пайда болған. Тілдің пайда болуы адамзатты мәңгірттіктен арылтып, хайуанат дүниесінен айырса, жазудың пайда болуы, адамзат қоғамының мәдени дәуірге қадам басқандығының айғағы болды. Тілдердің ұқсастығы ежелден барлық дәуірде де адамның қарым-қатынасына, қоғамның экономикасын гүлдендіріп, мәдениетін дамытуға кедергі болған. Сондықтан адам тегіннен мұндай тілдегі кедергіні жаратушы иенің жұмыр басты пендеге әдейі сыйлаған тылсым әрекеті деп бой ұрмай, осы кедергіні жоюдың шараларын іздеп, жолын тауып, құлшыныстар көрсетіп, ақыры, бұл тылсым бөгетті жеңген. Мұны тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Адамзат қоғамы үздіксіз дамиды. Қоғамның дамуы тілдің дамуына түрткі болып жеделдете түседі. Дүниедегі озық мәдениетпен озық ғылым-техника жетістіктері бір ұлт (мемлекет) көлемінде қалыптасқаннан кейін ол басқа халыққа тілді дәнекер етіп тез арада таралып, бүкіл адамзаттың ортақ рухани байлығына айналады. Демек өркендеп алға ілгерлеуде дүниедегі түрліше халықтың озық мәдениеті мен ғылым-техника жетістіктерін қабылдаудағы алтын көпір, әрине, тіл деп кесіп айтыуымызға болады. Шынында, басқа ұлт тіл-жазуын үйренумен қолдану сол халықтың алға басуға ұмтылғандығының, дәуірдің даму аяқ алысына сәйкесуге бейімделгендігінің бейнесі. Ал енді бүгінгі таңда дүние жүзіндегі елмен халық көп тілді болу деген тамаша орайға кенеліп отыр. Әрине, ғылым-техника барынша дамыған бүгінгі білім экономикасы ғасырында ұлт пен ұлтты, халық пен халықты теңестіре алатын бірден-бір алып күш ғылым-техниканың тетігін игеруде екендігі баршамызға аян [1].

Мұхтар Әуезов: «Кімде кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты да мәдениетті адам деп санауға болмайды», — деген. Сондықтан ана тіліміз — аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Әр қандай бір ұлттың өз ұлтының тіл-жазуына терең сүйіспеншілігі болады. Ана тілдің тағдырына қамқор көзбен қарап, болашақта даму беталысы жөнінде жауапкершілік арқалау — әрбір азаматтың борышы. Алайда бір ғана тілмен шектеліп қалмау керек.

Дүниеде бір ғана тілді білсең — бір адамсың, екі тілді білсең — екі адамсың, үш тілді білсең ... деп атап өткен алға басатын, дамитын ұлт басқа ұлттың озық нәрсесін үйренуге шебер болады [1].

Елбасымыз білім беру жүйесінің алдына бірнеше тіл меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін қойып отыр. Көп тілділік — бүгінгі күннің талабы. Жоғары оқу жүйесіндегі басты мақсаты — Қазақстан Республикасының білім сапасының деңгейі мен болашақ бағытын анықтау, әлемдік өркениетке жетудің жолын қамтамасыз етер білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу.

Бұл мәселе әсіресе ХХІ ғасырда әлемдік руханият таразыға түсіп, ерекшеленіп жатқан тұста айрықша маңызды екені ақиқат. ҚХР мен Қазақстан Республикасы ежелгі көрші ел. Яғни қазақ халқы мен қытай халқының бір-біріне ықпалдастығы өте ертеден қалыптасқан. Сонау Үйсін мемлекетінің тұсынан бастап бүгінге дейін бұл екі ел арасындағы байланыс еш үзілген емес, мұның дәлелі бес мың жылдық жазба тарихы бар қытай жазбаларында жазылған. Сондықтан да біздің бүгінгі өскелең ұрпақ ата-бабамыздың басып өткен жолын біліп, бағасына жетіп, даңқын асқақтату үшін сол тарихымыз жазылып қалған елдің тілін біліп, жазуын меңгеру өте қажет болып отыр.

Қазіргі кездегі әлемді аузына қаратқан Конфуцийдің отаны — Қытай мемлекетімен тығыз бейбітшілік, іскерлік қарым-қатынастамыз. Қазіргі таңда біздің жастарымыз қытай тілін оқып-білуге үлкен қызығушылық танытуда.

Жоғары оқу орындарында мектептерде қытай тілін оқыту қазіргі таңда едәуір биік өрге көтеріле бастады деуге болады. Ендеше алдағы жерде қытай тілін оқытуды одан әрі дамытып, оқыту әдісін үздіксіз жаңалап, қытай тілін оқыту сапасын биік деңгейге көтеру үшін қалай ізденіс жасауымыз керек?

Қытай тілін оқытуды фонетика бөлімінен бастаумен бірге ондағы «төрт негізгі дыбыс ырғағына» жаттығу, бір-бірімен парықтай білу жалаң дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды, мұрын жолды дыбыс пен қосар дауысты дыбыстардың оқылуын, жазылуын меңгерту керек.

Қытай тілін қазақ тілді аудиторияда шет тілі ретінде үйретуде кездесетін қиыншылықтардың бірі — фонетикалық ерекшеліктердің көптігі. Сондықтан оны танып-білудің маңызы зор.

Фонетикалық жағынан алып қарасақ, қытай, қазақ тілдерінде айырмашылықтар өте көп. Қазақ тілді аудиторияда қытай тілін үйретуде біраз қиыншылықтар кездеседі. Осы арада екі тілдің екі тілді семьяға жататындығын ұмытпаған жөн. Қытай тіліндегі дыбыстық және буындық құрылымдардың өзіндік ерекшеліктері болғаны сияқты қазақ тіліндегі буындар да фонетикалық өзгешеліктерге ие болады [2].

Қытай тілінде буын өзіндік ерекшеліктерімен айшықтанады. Бір иероглиф бір ғана буынның көрінісін беріп, лексикалық мағынаға ие болады. Буын негізінен *sheng mu yun mu* және тон арқылы жасалынады. Мысалы: *ch – ang, sh-ei, b-ang*. Сонымен қатар бір дауысты дыбыс бір буын бола алады. Мысалы: *a* (а, сенсің бе?)

Ал қазақ тілінде бір дауысты дыбыс бір буын құрағанымен, дербес сөз болатын жағдай өте сирек.

Буынның өзі қытай тілінде бірнеше түрлі тондармен дыбысталып және әрбір дыбысталуында әр түрлі мағына береді. Қытай тілі мен қазақ тіліндегі буындардың арасындағы ең үлкен айырмашылығы осы тондар болып келеді. Және осы айырмашылықтардың қытай тілін оқытуда, әсіресе бастапқы кезеңде маңызды екенін есте ұстаған жөн.

Қытай және қазақ тілдеріндегі буын, фонемалардың саны, олардың буын құрау тәсілі және буын құрамындағы ұқсас фонемалардың айтылу ерекшелігі бірдей бола бермейді. Қытай тіліндегі буындардың жасалу ерекшеліктері, оны қазақ тілді аудиторияларда оқыту мәселелері ортаға қойылады. Қытай тілінде *sheng mu* (инициал) дегеніміз — буын басында келетін дауыссыз фонемалар. Жалпы қытай тілінде 21 дауыссыз фонема бар: *b, p, m, t, d, f, n, l, z, c, s, zh, ch, sh, r, j, q, x, g, k, h*.

Ал, кейбір буындар дауысты дыбыстан басталады, оларды нөльдік буын деп атайды. Бірақ қытай тілінде буын құрамында екі дауысты дыбыстар қатар келе береді.

Қазақ тілі буын құрамының қытай тілі буын құрамымен ортақ жақтары бар. Екі тілде де дауыссыз дыбыстар жеке буын құрамайды. Қытай тілінде негізінен «*yun mu*» дауысты дыбыстардан құралатындығын, сонымен қатар «*yun mu*» құрамында дауыссыз фонемаларда болатындығын байқауға болады [2].

Қытай тілі буын құрамының қазақ тілінен ең бір өзгеше жері екі-үш дауысты фонема қатар тұрып күрделі «*yun mu*» құрайды. Екі немесе одан көп дауысты фонемалар дыбысталу барысында

өзара ұласып белгілі бір әуенмен айтылады. Айтылу барысында оларға түсетін екпін де түрліше болады. Міне, осының салдарынан сөз, буынында тон пайда болады. Қазақ тіліндегі екпін сөз, ой, тіркес, көңіл-күй екпіндері деп бөлінеді. Олардың сөздеріне тән ерекшеліктері бар. Екпін сөздің соңғы буынына, кейбір сөздің алдыңғы немесе ортаңғы буынына қойып айтсақ, қалыпты екпін бұзылады да өзгеше естілуі мүмкін. Сол сияқты қытай тілінде де әрбір сөздің өзіндік екпіні, яғни тоны, болады. Қытай тілі тондық тілдерге жатады. Путунхуада 4 тон бар. Диалектіге байланысты олар 9 тонға дейін болады. Қытай тілін үйренуде осы тондарды меңгерудің орны ерекше. Ұқсас бір дыбыс тонның түрліше болуына қарай түрліше мағына береді [2].

Қытай иероглифтерін үйрету барысында оқушыларды қызықтырумен бірге есіне сақтау жағына да көңіл аударуымыз керек, сол үшін тек қана жазылу қағидалары мен қытай иероглифтерінің жазылу сызықтарының ретін мықты ұстаумен бірге, қытай иероглифтерінің шығу тегіне қарай, әр түрлі заттардың суретін сызып, көрсетпелі оқыту құралын жасап, өзіміздің әрекетімізбен бейнелеп, жанды мысалдармен түсіндіріп, оқушыларды өзімізге баурап, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруымыз керек.

Жалпы қытай тілінде төрт жүзден аса буын бар. Бұл қытай тілінде төрт жүз ғана сөз немесе әріп бар дегендік емес, керісінше, төрт мың тіпті одан да көп. Айтылуы бірдей бір буыннан сөзден бірнешеуі келе береді. Мысалы: «*та*» деген бір буынды сөзден дыбыстау ырғағына, таңбалануына қарай төрт сөзді айтуға болады. Олар: *та, та, та, та*.

Бұл бір буынды, бір дыбысталуы сөздердің қазақша мағыналары мүлде басқа сөздер болып табылады. Олар сұраулы сөйлемнің соңындағы жалғаулық сияқты.

Міне сондықтан да, қытай тілін үйренуші ең әуелі қытай алфавитіндегі дауыссыз, дауысты дыбыстарды, әрі осы дауысты, дауыссыз дыбыстардан жасалған кез келген сөзді (буынды) өз ырғағында дұрыс дыбыстай алуы шарт. Әйтпесе қытай тіліндегі дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа-басқа сөздерді бір-бірімен шатастырады да мағынасы жағынан көп қате жібереді.

Бұл қытай тілін үйренудегі ең негізгі шарт.

Ендігі мәселе, қытай тілін үйренуде дұрыс жаза білу. Әр ұлттың жазу мәдениеті, жазу тарихы бар екені белгілі. Қытай халқының жазу тарихы ұзақ, өзіндік жазу мәдениеті бар. Олар да дүниедегі көптеген ұлттар сияқты алғашқы жазуларын тасқа, сүйекке, ағашқа жазған.

Ең әуелі айналадағы заттардың пішініне сәйкес суретін сызған. Мысалы, «күн» деген сөзді жазу үшін дөңгелек сызып, дәл ортасына бір нүкте қойған. Бертін келе бұл таңба немесе әріп өзгеріп, бүгінгі күнде «*гі*» деген әріп болып белгіленіп, қазақша «күн» болып қалыптасты.

Қытай әріптердің қалыптасуы ең әуелі жоғарыдағы ереже бойынша жасалуымен қатар мазмұндық жағынан да қалыптасқан. Мысалы, қытай елі әуелі егіншілікпен айналысқан ел. Соған байланысты егіс алқаптары көп болған. Демек егіс алқаптарына еңбек күш те қажет болған. Еңбек күші ер азаматтардан болуын талап ететін еді. Сондықтан «ер» деген сөз (әріп) таңбалануы керек болған. Осындағы «ер» деген сөз қытай тілінде «*nan*» деп айтылды да, жазылуы «егістік» (қытай тілінде «*tian*») және күш (қытай тілінде «*li*») деген екі сөздің (әріптің) қосындысынан құралады, сондықтан «*nan*» деп жазылады.

Қытай әріптерінің қалыптасу барысы осылай, ал енді осы әріп болып қалыптасқан, белгілі формада жазылған әрбір қытай әріптерінің өзіндік жазылу тәртібіне тоқталайық.

Жалпы қытай әріптерінің төмендегі сегіз түрлі жазылу тәртібі бар. Мұны қытай тілінде «*bi shun*» дейді.

1. Алдымен көлденең, сосын тік сызық.
2. Солдан оңға қарай сызық.
3. Жоғарыдан төменге қарай сызық.
4. Алдымен оңға қиғаш, сосын солға қиғаш.
5. Сырттан ішке қарай.
6. Алдымен ішке кіріп, сосын есікті жабу.
7. Алдымен ортасы, сосын екі жағы.
8. Алдымен орнығып алып, сосын жүру.

Әрбір әріптерді осы тәртіптер бойына жазу керек.

Бұдан өзге әрбір әріп үлкен немесе кішілігіне қарай айтылуы да, жазылуы да бөлек, бөлек сызықтардан құралады. Бұл сызықтарды қытай тілінде «*bihua*» дейді. Әрбір «*bihua*» өзіне тән бағыттық сызу тәртібі болады. Бір сызықтың орнына басқа бір сызықты сызуға мүлде болмайды. Онда жазған әрібіңіз, сөзіңіз басқа әріпке өзгеріп кетуі әбден мүмкін.

Мысалы, «piu» қазақшасы «сиыр» деген сөз бен «wu» қазақшасы «түс мезгіл» деген сөздің жазылуы өте жақын, бір ғана сызықтың айырмасы арқылы парықталып тұрады. Сондықтан, қытай әріптерін жазған кезде «bi hua» мен «bi shun» екеуіне баса назар аудару керек [2].

Қытай тілін үйренушінің тағы бір білуге тиісті нәрсесі — ол өзінің ана тілінің грамматикасын анық білмей тұрып, өзге тілді меңгеру мүмкін емес.

Қазақ тіліндегі сөз таптарын, сөйлем мүшелерін дұрыс ажыратып, оның сөйлемдегі орнын да жақсы білу керек.

Қазақ тілінде зат есім сөйлемде көбінесе бастауыш қызметін атқарады десек, қытай тілінде де солай болады. Қазақ тілінде баяндауыш немесе етістік сөйлемнің соңында келсе, қытай тілінде сөйлемнің ортасында келеді.

Мысалы, қазақшада «мен үй тазаладым» болса, қытай тілінде «мен тазаладым үй» түрінде келеді. Міне, осы сияқты екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыра білу керек [3].

Қытай тілі еуропалық және басқа тілдерден морфологиялық және синтаксистік, грамматикалық ерекшеліктерімен ажыратамыз. Қытай тілінде тілдің әр түрлі грамматикалық қатарларында көрінетіндей, грамматикалық тәсілдерді қатаң үнемдеу тән.

Қытай тіліндегі сөздерді қандай да болсын сөз таптарына жатқызатындай, көп жағдайда ішкі морфологиялық ерекшелігі жоқ. Сондықтан белгілі бір сөздің қандай да бір сөз таптарына жатқызу үшін басқа өлшемдерді қолдануға тура келеді. Мысалы, кез келген формалды көрсеткіштер мен басқа сөздердің қатарын қосқанда, сол сөз қабілеттілігі белгілі бір сөйлем мүшесін құра алмайды.

Қытай тіліндегі зат есімдер септіктерге және родқа жіктелмейді, түрлерге өзгермейді. Қытай тілінің морфологиялық ерекшеліктерінің ең негізгі көрсеткіші «мен» жұрнағы. Бұл жұрнаққа есімдіктің көпше түріне міндетті түрде, ал зат есімдермен кейбір жағдайларда ғана қолданылады. Зат есімдердің саны кез келген жағдайда контекстпен, яғни сан көрсеткіштерімен, анықталады. Зат есімнің роды қажет болғанда лексикалық түрмен сипатталады.

Қытай тілінде еуропалық тілдері сияқты саналатын және саналмайтын болып екіге бөлінеді. Бірақ еуропалық тілден айырмашылығы қытай тілінде зат есімдер өзіне тән ерекше көмекші сөздермен саналады, олар сандық сөз деп аталады. Зат есімдердің барлығы кластарға бөлінеді. Бұл кластар заттардың ішкі түріне сәйкес ажыратылады, бірақ көбінесе негізгі тілдік салт-дәстүрмен бөлінеді. Сонымен қатар белгілі бір кластың зат есімдері бір сандық сөзбен қолданылады.

Зат есім бастауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш және баяндауыш атаулы мүшесі ретінде пайданылады. Қытай тілінде баяндауыштың атаулы мүшесі кез келген шақта жалғамамен қолданылады. Зат есімдер пысықтауыш қызметін атқара отырып, берілген затқа ұстанымды анықтай отырып, шылау қызметтегі сөзбен құралады. Қытай тілінде етістік зат есім сияқты жаққа, родқа және түрге жіктелмейді де, өзгермейді. Қытай тілінде шақтың мағынасы әр түрлі шақтың болымсыз түрінде болады [3].

Шақ мағынасының көрсеткіші жұрнақ хаттамасының жоқтығымен анықталады. Хатталмаған етістік ережеге сәйкес осы немесе келер шаққа қатысты іс-әрекетті білдіреді.

Қытай тілінің тағы бір ерекшелігі, етіс пен рай болмайды. Ырықсыз етіс — аналитикалық, яғни белгілі бір көмекші сөзбен анықталады. Қытай тілінің жалғыз райы потенциалды болып табылады. Ол белгілі бір іс-әрекеттің мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл форма сөз ішіндегі қойылатын суффикс-аффикстермен орындалады. Қытай тілінде іс-әрекеттің болатынын, қажеттілігін немесе қалауын білдіретін өте көп модаль етістіктер жүйесі бар. Бұл «етістік» ұғымының ерекшелігі, оның морфологиялық қызметі толық өзгермейді.

Қытай тілін үйренудегі басты нәрсе — үйретушінің біліктілігі мен үйренушінің ізденісінің сәйкесуі. Қытай тілін студенттерге үйретуде ең алдымен олардың қызығушылығын туғыза отырып, оқытудың жан-жақтылы әдістемелерін қолданып оқыту керек [4].

Қытай тілін оқытушылары сабақ мазмұнын бағдарлама бойынша өтуден сырт, жаңа сабақтың талабы бойынша түрлі жасампаздық қимылдарды қанат жайдырып, оқушылардың қытай тілін үйрену қызығушылығын жоғарлатуға мән беру керек. Мысалы, шағын мақала жазу жарысын өткізу, кітап оқу, газет оқу қимылы, қытай тілінде көркем фильмдер көрсету, шағын сөз сайысы — мұндай оқыту әрқандай бір заттың аты-жөнін түсіндіргенде, сол заттың немесе құбылыстың пайдалы мен зиянды жағына пікір таластыру.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ли Жан Сұң, Хан Чянь Таң.* Қытай мәдениеті / Қытай тілінде. — Пекин: Тілдер ун-ті баспасы, 2004.
- 2 *Дүкен Мәсімхан, Қайролла Мамытан.* Қытай тілі фонетикасының негіздері. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2001.
- 3 *Тұрсынхан Дәуітқанқызы.* Қытайша-қазақша салыстырмалы грамматика оқулығы. — Үрімжі: Шиң Жиан Жастар-өрендер баспасы, 2006.
- 4 Тіл мен мәдениет жөніндегі ізденістер-құраст. Шың Шиялоң. — Шанхай: Шанхай халық баспасы, 1986.

М.Баделхан

Некоторые проблемы преподавания китайского языка

В данной статье рассматривается проблема преподавания китайского языка как иностранного. Автор особое внимание уделяет методам и принципам преподавания данного языка в условиях мировой глобализации. Наряду с этим речь идет о проблеме усвоения слушателями фонетики, лексикологии, морфологии, словообразования и синтаксиса современного китайского языка.

M.Badelkhan

Some issues in teaching the Chinese language

The article devotes problem of study of Chinese language in national class. The author gives his opinion to methods and principles of studying this language in situation of world globalism. Besides this, the problem of learning the spheres of modern Chinese language, such as phonetics, lexis, word making and syntaxes have been talked.

УДК:366.63(053.81): (574)

М.С.Жапек, Т.А.Голубцова

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Формирование региональной молодежной печати Казахстана
На примере Карагандинской областной газеты «Пятница»

В статье рассмотрены новые факты о региональной молодежной печати «Молодежь Караганды» — «Пятница». Авторами дана оценка по широте охвата поднятой темы региональной статьи, как образцу республиканской молодежной печати. В статье также показаны язык, стиль и инновации молодежной печати. Авторами выделены основные вопросы, исследуемые в статье. Отмечено несколько причин закрытия региональной молодежной печати.

Ключевые слова: молодежная газета «Пятница», история, рубрикация, тематика, корреспонденты, закрытие газеты.

Известный советский лозунг «Будущее — за молодежью» вполне актуален и сегодня. Однако наше время придало иное звучание проблемам молодежи, что отразилось и на формате молодежной прессы.

Молодежная печать советских лет разительно отличается от сегодняшней: Если на заре становления СССР страницы газет буквально «дышали» передовицами о различных подвигах комсомольцев, то послевоенная тематика была посвящена партийному идеологическому воспитанию. Проблемные и уже более «читабельные» материалы появляются в середине 80-х годов; а сегодняшняя молодежная журналистика ориентируется в основном на заполнение досуга молодежи. В этом плане становится интересным изучение молодежной печати «переходного периода» — начала 90-х годов, на примере региональной газеты «Молодежь Караганды», позже — «Пятница».

Формирование казахстанской молодежной печати происходило поэтапно. Каждый из этапов включал в себя то или иное отражение реальной советской действительности. Газета «Пятница» стала своеобразным заключительным аккордом в истории советской казахстанской журналистики и одной из первых ласточек журналистики нового суверенного государства — Республики Казахстан.

Газета «Пятница» как региональный еженедельник

Итак, последний номер газеты «Молодежь Караганды» выходит 28 декабря 1990 г., а уже 4 января 1991 г. появляется молодежный еженедельник «Пятница». Были выпущены 54 номера газеты «Молодежь Караганды», 147 номеров газеты «Пятница». Новая газета стоила всего 15 копеек, выходила на 8 полосах формата А3.

«Каждому Робинзону — по «Пятнице», — гласил слоган над названием. Само название родилось не сразу: еще будучи «Молодежью Караганды», газета провела конкурс среди читателей. Победителем оказался ученик темиртауской школы №20 Александр Жилкин. На первой полосе была помещена его фотография и следующие строки: «Виновник — вот он собственной персоной...» [1]. Письмо ученика 11 класса, пришедшее на конкурс названий для областной «Молодежки», в свое время произвело в редакции фурор. В вариантах недостатка не было, но в конце концов проголосовали за «Пятницу». Жилкин тогда выдвинул серьезные аргументы, напомнив про день выхода газеты, про легенду о Робинзоне и другие его Пятнице и, наконец, заметил, почему бы в таком случае не на-

звать газету «Молодежью Темиртау (Сарани, Шахтинска, Абая)»? И убедил. В последние дни уходящего года Госкомпечать Казахской ССР зарегистрировала газету под названием «Пятница».

Сашу Жилкина редакция пригласила к сотрудничеству, и уже в первом номере была помещена его заметка о проблеме с пассажироперевозками в Темиртау. Впрочем, Александр Жилкин — не единственный, кого первый, пилотный выпуск «Пятницы» приглашает к сотрудничеству. В верхнем левом углу было помещено следующее обращение к читателю: «Ко мне в окно залетел голубь. Соседке на голову обрушилась крыша. Затопило редакцию дружественной газеты, да так, что газету пришлось закрыть. Забастовка сантехников. Это — информация, которую хочется застолбить где-нибудь на первой полосе. Это — информация, за которую мы будем платить. За телефонный звонок, письмо, открытку, телеграмму — мы платим наличными. Отлично?» [2].

Приемы привлечения аудитории, которые использовала «Пятница», активно используют все СМИ сегодня. Можно вспомнить хотя бы карагандинские каналы «5 канал» и ТВК, которые в конце выпуска всегда напоминают свои координаты, призывая телезрителей к сотрудничеству. Не говоря уже о газетах, где простой телефонный звонок или письмо может послужить поводом к публикации.

Новую газету с сегодняшней точки зрения сложно назвать молодежной. В «Пятнице» ставились серьезные социальные и даже политические проблемы. Молодежная же пресса начала третьего тысячелетия тяготеет больше к развлекательности и креативности.

Рубрикация и тематика материалов газеты «Пятница»

Газета «Пятница» отличается разнообразием рубрик и тем. Пожалуй, одной из самых популярных рубрик была «ТЕТ-А-ТЕТ» (аналог современных «Вы спрашивали — мы отвечаем» или «Горячая линия»). Темы и вопросы, которые волновали молодых людей в 1991 г., довольно разнообразны — от секса до проблем с милицией. Вот пример из № 1 за 1991 г. Редакция открывает рубрику со слов: «Первых звонков долго ждать не пришлось. То ли разговор тет-а-тет слишком долго назревал, то ли жизнь в последнее время — сплошные вопросы и междометия. Но как бы то ни было, звонков ждем, звонкам рады. Далее шли вопросы и претензии — и, соответственно, ответы со стороны редакции: «...В заметке про наш автовокзал вы написали, что милиция дежурила у нас только один день. Это неправильно. Наряд дежурит ежедневно (Э.А.Граф, начальник Темиртауского автовокзала).

- Как наш корреспондент уточнил позже, посадку на автовокзале в Темиртау милиция действительно обеспечивает каждый день. Другое дело, что делает это она в определенные часы утром, отчего наряд не всегда можно видеть на перроне. В общем-то, речь в заметке о другом — о сознании граждан. Но все равно исправляем ошибку.
- Извините, слышала о том, что будто бы есть телефон, по которому можно заказать ... ну, мужчину на ночь. Это правда? (не представилась).
- Км-м, вопросик... Но делать нечего — обзвонили все мыслимые и немыслимые инстанции, телефон доверия, службу знакомств. Телефон, по которому вам могут помочь, есть! 65-14-32. Это филиал агентства «Меркурий», которое первым в стране с глубоким тактом и уважением обратилось к столь деликатной, но актуальной проблеме» [3]. Как можно заметить, рубрика «ТЕТ-А-ТЕТ» сохраняет ироничный тон.

Другая рубрика с большей серьезностью отвечала на вопросы читателей; она называлась «Слух этот нами проверен». Так, например, читатель спрашивает, правда ли, что ожидается сильное похолодание в ближайшую неделю, и газета звонит в службу Гидрометеорологии. Разница между этими, на первый взгляд, похожими рубриками, очевидна. Если «Слух этот нами проверен» — рубрика чисто справочная, где на конкретные вопросы даются конкретные ответы; то «ТЕТ-А-ТЕТ» напоминает психологическую службу доверия, где вполне можно и поиронизировать, и посмеяться вместе с читателем, что вполне соответствует семантике названия рубрики.

Примечательно, что в «Пятнице» не существовало наименования полос, зато каждая статья находилась в «СВОЕЙ» рубрике. И если какой-либо проблеме, теме отводили целую полосу, а то и разворот, то именовалась лишь рубрика. Например, разворот газеты под названием «Жаркое лето — 91. Ноу проблемс?!» [4] знакомит читателя со всеми прелестями и недостатками курортного сезона. Так, на этой полосе, например, есть материалы следующего содержания. Начинается тема со слов: «На нашей старенькой планете, это знают даже школьники, знакомые с курсом географии, есть места, где столбик термометра никогда не поднимается выше минус двадцати, есть уголки, где круглый год палит солнце, а ровно в полдень хлещут тропические ливни. Нам с вами довелось жить в местах с резко

континентальным климатом. Зимой мы ждем теплого лета, а когда оно начинает надоедать пылью и зноем, мечтаем о февральских морозах и метелях.

Вряд ли можно найти среди тысяч горожан хоть одного, который мог бы сказать: «Лето? Ноу проблемс! У меня все окей!» Каждый год лето поднимает массу проблем, а мы в ответ поднимаем руки и готовы кричать «капут». За примерами не нужно ходить далеко — они на каждом шагу...».

«В эти действительно жаркие дни все мечты сводятся к стаканчику любого живительного напитка», — начинает повествование о проблеме прохладительных напитков внештатный корреспондент Аля Рахманова в статье «Пейте, дети, лимонад...». Корреспондент в этом материале выясняет весьма интересные факты того, что добавляют в лимонады производители. Добавки оказываются далеко не безвредными: порошок «Дуболит», влияющий на структуру кости человека, компоненты дурман-травы, наркоманский препарат «Коноплит». Материал сопровождается коллажем — девушка, выплевывающая изо рта напиток. Столь же актуальна в летнее время и проблема с мороженым, которую раскрывает в своем материале Руслан Телегин. Здесь он рассматривает вопросы инфляции цен на мороженое, организации производства на гормолзаводе: «...умудряются выпускать по 6 тонн в день, а дневная потребность Караганды — 15-20 тонн».

В газете также существовала рубрика «Про это». Под столь многозначительным названием скрываются письма читателей юного возраста в редакцию, в которых они рассказывают о своих радостях, горестях, проблемах, чаще всего в жизни личной: «Экономический кризис, политическая нестабильность, черный юмор природы... А письма о любви идут. Правда, пишут в основном женщины, девушки и совсем девчонки. Наверное, просто слабый пол. Но сильный волнуют их строки».

Одно из писем называется «Сережа, милый, прости!»: история о том, как некая Вера П. поссорилась со своим парнем и вышла замуж за другого, родила сына и только тогда осознала, как любит этого самого Сережу.

В принципе, все письма и истории очень похожи. Редакция делает первые шаги навстречу молодежи. Так, в № 39 за 13 октября 1991 г. она публикует выдержку из книги Шна Хайт и Кэт Коллерен «Никаких мужчин любой ценой» (США, 1939). Логические и психологически продуманные советы могут помочь в критической ситуации. Все это очень напоминает письма в тинейджерские современные журналы «COOL» и «COOL-Girl». Сегодня они отличаются тем, что каждое письмо сопровождается индивидуальным комментарием психолога, либо другого специалиста, исходя из возникшей проблемы [5].

В современных СМИ все большую популярность приобретает криминальная тематика. В газете «Пятница» существовал подобный раздел под названием «100 ° по Цельсию» — прототип современных «Криминальных хроник». Газета уже тогда заботилась о моральной и этической стороне публикаций, соблюдая правила анонимности [6].

О культурной жизни можно было прочитать в таких рубриках, как «У муз» и «I am РОК». Примечательно, что если в первой освещались встречи с интересными людьми, живущими или жившими в Караганде, то ведущий второй рубрики журналист Игорь Нестеренко интервьюировал своих известных героев «на месте события», не только в Караганде, но и в Москве. Если материалы в рубрике «У муз» зачастую были полосными (например, интервью Владимира Вишнякова с альтернативными художниками «Станьте тоже и на голову»), то публикации в рубрике «I am РОК» могли быть размещены на развороте с фотографиями и коллажем [7].

Игорь Нестеренко проводил в газете придуманный им «Конкурс двойников» среди карагандинцев: так на страницах «Пятницы» появились местные Жан-Клоды Ван Даммы и Вадимы Казаченко, Батырханы Шукеновы.

Представляет интерес специализированная рубрика «Юноше, обдумывающему житие, с миру по строчке». Её вел доктор экономических наук, профессор Р.Каренов. Здесь помещались короткие заметки, поясняющие значение и применение некоторых экономических терминов.

Позже, когда «Пятница» стала затрагивать более серьезные, «немолодежные» проблемы, появилась рубрика «Векания в верхах», комментировавшая действия тех, кто стоял у «руля власти». Так, например, первая полоса газеты называлась «НЭП», что расшифровывалось не иначе, как «Наша экономическая полоса»: «НЭП — Неведомый эксперимент политиков? Неизвестная экзотическая программа? Новые идеи карагандинских экономистов? Нет. «НЭП» — «Наша экономическая полоса». Давайте отбросим бледные призраки идеологических жупелов и начнем жить. Просто жить, перестать строить общества светлого будущего. Надоела бесконечная болтовня — давайте что-то де-

лать. Мы будем рады видеть в НЭПе мнения тех, кому тоже безразлично — как жить. Новые идеи карагандинских политиков и экономистов — все НЭП» [2].

В рубрике «Чистая доска», которую вела Ольга Моос, каждый желающий мог высказаться о наиболее болезненном, авторами становились читатели, приславшие в «Чистую доску» свои письма.

Познакомиться с новостями мира моды помогала рубрика «Мини-Макси». Но она выходила не столь регулярно, обычно помещалась на последней полосе.

В рубрике «Дарю», автором которой была Ольга Моос, читатели предлагали в дар всякую всячину, причем чаще всего дарили котят. С новостями кино можно было познакомиться в рубрике «Кинок», которую вели И. Нестеренко, В. Богарт, В. Вишняков.

С новостями спорта читателей знакомила рубрика «СПОРТ». Примечательно, что когда-то в ней печатался известный в республике спортсмен Георгий Лутошкин [8]. Он вел разделы «Как защитить себя» и «Черный пояс».

Привлекали внимание читателя и фотоподборки «Картины моего двора», «Фотовернисаж», выполняемые фотографами Б. Копыловым, В. Альбрехтом и специальным корреспондентом из Москвы В. Хреновым.

«Связь» с читателями обеспечивала рубрика «Почта «ПТ», в которой читатели делились советами, рецептами, проблемами и радостями. Очень интересно, например, письмо за подписью «Ваш читатель»: «НАС обманывает ГОСУДАРСТВО!» Читатель в нем рассуждает о конкурентной борьбе: «... Да, спекулируют многие люди, и на чем угодно... Возьмем барахолку... Возьмем «комки»... Вообще я ненавижу государство и то правительство, которое делает все во вред людям» [9].

Письмо датировано 2 августа 1991 г. — до августовского путча осталось семнадцать дней, а люди уже тогда не боялись открыто выражать свои мысли и чувства, а помогала им в этом региональная пресса — областной молодежный еженедельник «Пятница».

Авторы газеты

Редактор газеты Салтанат Алшагирова собрала в газете плеяду талантливых молодых журналистов, которые в будущем стали известными и маститыми «акулами пера» города Караганды, Республики Казахстан: Олег Серов, Ольга Моос, Ерлан Жанабеков (он часто писал под псевдонимом Китаец с длинной косой), Станислав Песнев, Владимир Вишняков, Александра Комарова, Руслан Телегин, Игорь Нестеренко и многие другие штатные и внештатные корреспонденты.

Проанализируем наиболее интересные и заметные публикации. Актуальны проблемные материалы Олега Серова. Статья «Война на уничтожение» рассказывает о браконьерском истреблении сурков: «... Это война на уничтожение. Она ведется без правил, до тех пор, пока жив хоть один сурок в степи. Старожилы говорят, что до 70-ых сурков никто не трогал. Не понимали тогда великой выгоды от грызунов. Теперь же бьют капканами, ставят петли. Додумались до того, что втыкают у входа в норы заостренные электроды — бегущий сурок накалывается на железную спицу и висит на ней, истекая кровью» [10].

Автор часто работает в жанре интервью, например, материал «А по городу ходят экстрасенсы...»: «Он вернулся. Покинул на время столицу и приехал в Темиртау, в город, где остались родные, где двадцать лет проработал электриком на Карметкомбинате и где был даже секретарем парторганизации бригады. Но теперь Анатолий Фадеевич Дегтярев вышел из КПСС. Нынче он стал экстрасенсом. Лечит от многих заболеваний, включая энурез, заикание и импотенцию» [11]. Такое ироничное начало привлекает читателя, но далее в интервью Серов пытается выяснить у новоявленного экстрасенса все более детально.

Именно в «Пятнице» Олег Серов выработал своеобразный, несколько ироничный стиль, который потом и перенес в свою газету «Новый (карагандинский) Вестник». Впрочем, не все статьи Серова носят оттенок скандальности — есть у него и серьезные аналитические статьи. Так, в № от 4 марта 1994 г. он подготовил к публикации статью о Льве Михайловиче Премирове, узнике КарЛага. Здесь же приведены его рисунки, изображающие жизнь арестантов — страшные рисунки правды. Да и название у статьи соответствующее — «Это наш Освенцим».

Именно Олег Серов начал в газете публиковать материалы на политические темы.

Интересны материалы Ольги Моос. Уже здесь она проявляет себя как подающий надежды журналист. Стоит взять, к примеру, ее подборку в рубрике «Повод» по поводу 155-летия со дня смерти А.С.Пушкина. В статье «Честное слово, красная звезда, Ленина-Пушкина обманывать нельзя» и ниже: «страшная детская клятва». В ней Моос пытается выяснить, что же знают и думают дети о таком

гениальном русском поэте, как Пушкин. И выяснила: не знают и не думают ничего: «— Мог бы кто-нибудь из вас влюбиться в Пушкина? — спрашиваю у десятиклассниц. Дружное: «НЕ-Е-Т». Они, кажется, даже возмущены. В самом деле, как можно полюбить нечто бесплотное или памятник, например? А может быть Пушкин слишком дурен собой? Если кто-нибудь из юношей повесил на стену своей комнаты портрет Пушкина, что бы вы подумали о нем?

— Что он debil (всеобщее веселье, шиканье учителей)... Я не предлагаю Пушкина любить. Любовь — дело не планируемое.

Жил себе добропорядочный немец в своей Западной (тогда еще) Германии и однажды услышал на лекции, что два бессмертных сюжета — «Мертвые души» и «Ревизор» — подарил Гоголю Пушкин. Такие сюжеты так запросто подарить... с того дня стал немец пушкинистом». У Ольги Моос подобный стиль сохраняется и в публикациях в областной газете, — неповторимый стиль, создающий впечатление, что она со своими читателями ведет нечто вроде душевного разговора.

Об Игоре Нестеренко мы уже говорили как о талантливом авторе статей о культуре, музыке, кино. Однако этими темами он не ограничивал себя. Когда в Москве случился августовский переворот, Нестеренко вместе с фотокором Хреновым незамедлительно отреагировал на него фоторепортажем. На развороте под названием «ГКЧПутч (постфактум): «С автором этого фоторепортажа В. Хреновым мы познакомились в дни последнего Московского кинофестиваля. Было это в июле, и, казалось, ничто не предвещало беды... едва ли не первый свой удар заговорщики обрушили на свободную прессу... вспоминаются слова одного известного кинорежиссера, видимо, давно разуверившегося и в дни переворота сделавшего свой выбор — Бог ему судья: «Наш народ устроит любая платформа, лишь бы она была с колбасой». Но разве это так?» — так выражает мысли и чаяния людей того времени Игорь Нестеренко.

Печатался в «Пятнице» и ныне заместитель главного редактора областной газеты «Индустриальная Караганда» Станислав Песнев, причем публиковал он и проблемные зарисовки, и интервью (одно из самых интересных — «Виталий Гаркуша: партбилет останется со мной» от 13 сентября 1991 г.); и Руслан Телегин (сфера его творческих интересов разнообразна — от проблемных публикаций на социальные темы до обзора русского карагандинского рока в статье «Гитара — подвал = андеграунд», в мае 1991 г.).

В целом тематика статей и жанровое разнообразие материалов были разноплановыми. Главное, что объединяло всех авторов, публиковавшихся на страницах «Пятницы», — это свежий, новый, молодежный взгляд на проблему.

Газета «Пятница» первой ввела целый ряд интересных рубрик и способов подачи материала, позже перенятых многими газетами. Это, в первую очередь, такая рубрика, как «Дарю». Также новшеством стал бесплатный купон на частное объявление в рекламном отделе газеты. Это было оригинальным и смелым маркетинговым ходом, преподнесенным читателям как новогодний подарок, как сюрприз. Сейчас это используют многие карагандинские газеты, привлекая дополнительную аудиторию. Газета одной из первых открывает на своих страницах прототип «Криминальной хроники» — рубрику «100° по Цельсию». Наконец, «Пятница» первой использовала принцип материального поощрения своих читателей, тем самым находя потенциальных и талантливых корреспондентов. Потом эту идею продолжил телеканал «АРТ».

Причины закрытия газеты

На протяжении всего периода выхода газета «Пятница» оставалась одной из самых популярных и читаемых газет города. Ее закрытие не могло быть незамеченным: сразу становилось ясно, что по большей части оно было «искусственным». Так на самом деле и было — закрытие газеты произошло под давлением «верхов», которым была неужодна свободомыслящая пресса. Дело в том, что первоначально учредителем газеты был Областной комитет по делам молодежи. Он-то и курировал все, что было связано с «Пятницей». Но газета «допускала» свободные материалы, свой взгляд на происходившее вокруг, что совершенно учредителя не устраивало, так что находилось достаточно порой даже самых нелепых поводов, чтобы газету прикрыть. У «Пятницы» была еще одна «проблема» — в 1993 г. газета позволила себе поддержать голодовку на областном телевидении во главе с депутатом Бахытжаном Мукушевым и тем самым навлекла на себя опалу. Ее объединили с газетой «Замандас».

Областной комитет по делам молодежи объясняя это... неурожаем в одном из совхозов области, деньги от продажи зерна в котором должны были пойти на издание молодежных газет области. Планировалось выпускать новую газету — «Орда». Но так как «Пятница» не согласилась на условия ко-

митета, то осенью ей было отказано в соучредительстве. Газета рассчитывала только на друзей, на читателей. Она нашла себе нового учредителя, но это спасло ситуацию ненадолго: после того, как в одном из номеров появился аттестат акима области Нефедова с удовлетворительными оценками, зародив в душе читателя сомнения в компетентности «отца» города, газета подверглась новым гонениям.

В феврале 1994 г. читатели не дождались одного из выпусков газеты — тираж снимают с печати. В следующем номере редакция приносит свои извинения читателям: «Пятницу» остановили внезапно, на полном ходу. Министерство печати и массовой информации РК объяснило, что произошло это в силу, якобы, «юридической неопределенности между соучредителями — коллективом редакции и облкомитетом по делам молодежи». Газета еще пытается себя спасти — она собирает пресс-конференцию с местными СМИ, чтобы как-то разъяснить ситуацию, выявить причины. Но и это помогает ненадолго — в экономическом плане газета теряет обороты: сотрудникам не всегда выплачиваются гонорары, тираж падает, иногда свежие выпуски не доходят до читателя. Значительно снижается и удельный вес рекламного отдела. Газета держится только за счет сил и энтузиазма редактора — Салтанат Алшагировой, представляя из себя перепечатки из других изданий, набор текстов.

Последний номер, № 21 (220), выходит в августе 1994 г. Это был заключительный аккорд в жизни молодежного регионального областного еженедельника «Пятница».

Газету «Пятница» можно назвать Колумбом карагандинской журналистики. До неё никто не решался в открытую писать о проблемах и затрагивать действительно актуальные темы. Советская журналистика всегда отличалась некоторой натянутостью и идеологизированностью материалов.

Сделаем некоторые выводы: Газета «Пятница» появилась на стыке двух «эпох» — распада СССР и возникновения нового суверенного государства. Она отличалась разнообразием рубрик и тем, что одной из своих главных задач считала привлечение читателя, надеясь на его доверие, как в рубриках типа «ТЕТ-А-ТЕТ» и «Слух этот нами проверен», и в плане материального поощрения информации от читателя. Материалы всегда придерживались избранной газетой ниши, определенного стиля, освещая актуальные и важные темы. Из недостатков газеты можно отметить низкое качество полиграфии. Многие из новшеств газеты с успехом применяются в республиканских СМИ.

Редактору С. Алшагировой удалось собрать замечательный коллектив. Многие из журналистов «Пятницы» стали видными мастерами пера и телерадиовещания в Казахстане. Несмотря на то, что газета выходила в начале 90-х годов прошлого века, многие сегодняшние молодежные СМИ проигрывают по сравнению с ней.

Список литературы

- 1 Виновник — вот он собственной персоной... // Пятница. — 1991. — № 1 (54). — 14 янв.
- 2 Пятница. — 1991. — № 1 (54). — 14 янв.
- 3 Пятница. — 1994. — № 3 (202). — 11 февр.
- 4 Жаркое лето — 91. Ноу проблемс?! // Пятница. — 1991. — № 23. — 2 авг.
- 5 Пятница. — 1991. — № 39. — 13 окт.
- 6 Напился и забылся // Пятница. — 1994. — № 2 (204). — 24 февр.
- 7 Станьте тоже и на голову // Пятница. — 1991. — № 34. — 13 сент.
- 8 Как защитить себя // Пятница. — 1991. — № 45. — 29 нояб.
- 9 НАС обманывает ГОСУДАРСТВО! // Пятница. — 1991. — № 28. — 2 авг.
- 10 Война на уничтожение // Пятница. — 1991. — № 45. — 29 нояб.
- 11 А по городу ходят экстрасенсы... // Пятница. — 1991. — № 28. — 2 авг.

М.С.Жапек, Т.А.Голубцова

Формирование региональной молодежной печати Казахстана

На примере Карагандинской областной газеты «Пятница»

Мақалада аймақтық жастар басылымы «Молодежь Караганды», кейін «Пятница», туралы тың фактілер қарастырылған. Авторлар аймақтық басылымның көтерген тақырыбының ауқымдылығына қарай оған жалпы, республикалық жастар басылымы ретінде баға береді. Жастар басылымының тілі мен стилі, жаңашылдығы мәселесі де сөз болады. Сондай-ақ бұл басылымның көтерген өзекті мәселелері жіктеледі. Аймақтық жастар басылымының жабылу себебін бірнеше бағытта түсіндіреді.

M.S.Zhapek, T.A.Golubtsova

Formation of the regional youth press of Kazakhstan

On the example of the Karaganda regional newspaper "Pyatnitsa"

In this article, the author considers development and functioning of a regional weekly titled «Molodezh Karagandy» — «Pyatnitsa» from the point of Kazakhstan in journalism aimed at young people. The author researches subjects, topics and styles of stories published in the newspaper, analyzes the reflection of problems covered in the stories, as well as novelties that appeared for the first time in «Pyatnitsa» newspaper. The article also deals with the reasons of closing the newspaper (several versions).

ӘОЖ 94:821.512.122

З.Жұмағали, Т.Б.Қазбеков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**Өмірін күреспен өткізген Алаштың ардақты
арысы туралы құнды зерттеу***

Алашорданың танымал қайраткері Имам Әлімбековтің өмірі мен шығармашылық жолы осы мақалада жан-жақты көрсетілген. Алашорда қозғалысының көсемдері: А.Бөкейхановпен, А.Байтұрсыновпен, М.Дулатовпен, А.Ермековпен, М.Жұмабековпен байланыстары ашылып көрсетілген. И.Әлімбековке танымал саясаткер, философ, журналист, тарихшы, педагог ретінде баға берілген.

Кілтті сөздер: Алаштың ардақтысы, Алаш партиясы, ұлт қайраткері, танымал тұлға, сындарлы саясаткер.

Алаш қозғалысының ардақты арыстарының бірі Имам Әлімбековтың туғанына 125 жыл толуына орай белгілі ғалым Рашид Әл-Каренидің (Кареновтың) «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков» атты монографиясы [1] жарық көрді. Монографияда өткен ғасырдың 20–30-жылдарында қазақ халқының басына бұлт үйірілгенде ұлт мүддесі үшін тоталитаризмге қасқая қарсы тұра алған, сол жолда сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап ғазиз басын өлімге қиған Алаш қозғалысының жалынды қайраткері һәм көсемдерінің бірі Имам Әлімбеков туралы кең көлемде, мол мұрағат деректер негізінде, ғылыми тұрғыда дәйекті зерттеліп жазылған.

Алаш қозғалысы мәселесі жалпы Кеңес үкіметі кезінде және одан кейінгі тәуелсіздігімізді алғаннан бергі кезеңде алаштанушы-ғалымдар мен осы тақырыпқа қалам тартқан ақын-жазушылар, журналистердің әрдайым назарында болып келді. Алаш қозғалысының тарихын тыңғылықты зерттеген тәуелсіз Қазақстанның Манаш Қозыбаев, Кеңес Нұрпейісов, Рымғали Нұрғали, Мәмбет Қойгелдиев, Қайдар Алдажұманов, Талас Омарбеков тәрізді, тағы басқа да көрнекті ғалымдардың зерттеу еңбектері бүгінгі Алаштану ғылымына жақсы негіз қалап берді [2–8].

Автордың зерттеп көрсеткеніндей, Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі, Алаш қайраткерлері туралы шетелдерде қазақтар Мұстафа Шоқай, Хасен Оралтай, башқұрт Зәки Тоған, өзбек Баймырза Хайт, орыс, неміс, ағылшын, жапон ғалымдарының еңбектері басылды. Мәселен, Хасен Оралтай 1973 жылы Түркияда «Алаш — Орта Азия түркі қазақтарының ұлттық ұраны» атты кітап шығарды. Ол өз қолы жеткен құжаттар, деректер, суреттер, мәтіндер арқылы Алашорда, Алаш қайраткерлері туралы қысқаша анықтамалық, шағын энциклопедия дерлік еңбек тудырған. Кейін бұл еңбектерін «Елім-айлап өткен өмір» және «Елім-айлап өткен өмірден кейін» кітаптарында толық тиянақтады [8; 4].

Осы күнге дейін жазылып келген әдеби зерттеулерден «Алаш» сөзінің «Қазақ» сөзіне балама екендігі, бүкіл қазақтың ұраны болған «Алаш» ұлттың басын біріктірген қасиетті ұғым екендігі белгілі. XVI ғасырдың ортасында — XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығы құрамына енген алты ірі саяси бірікпе «Алты алаш» деп айтылды. Олар: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз, қырғыздар, қарақалпақтар және құрамалар, яғни Орта Азиядағы жартылай отырықшы қыпшақ рулары. Хандық тарқаған соң, XVIII ғасырдың ортасынан бастап «Үш алаш» сөзі «қазақтың» баламасына айналды. Қазақтың ұлы перзенті Шәкәрім Құдайбердіұлы осылай жазған деп ой қорытады автор.

* Рашид Әл-Карени (Каренов). Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков. — Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2010. — 134 б.

Алаш идеясы — азаттық идеясы, ол басқа нөкта киілген қандай сұрқай замандарда да халықтың санасынан арылмаған.

«Алаш» партиясының азаматтары шетінен көсем, шешен, білімді, сарабал және ірі мінезді болған. Оларды тарих өте қатаң, аяусыз сынады. Бірақ олар осы қатаң да қатты сыннан абыроймен өтті.

Монографияда Имам Әлімбековтың қазақ ұлттық демократиялық интеллигенциясының саяси қызметіне, әсіресе 1905-1907 жылдардағы Бірінші орыс революциясы жылдары оған өз көзқарасын білдіріп, қоғамдық-саяси қызметке араласуы жайлы нақты деректер келтіріліп жазылған.

Автордың көрсеткеніндей, XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезең болып табылады. Сол кездегі қазақ зиялыларының сіңірген еңбегі мен атқарған рөлін автор былайша бағалайды: «Олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарып, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздестірді, бұл үшін Бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланады, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды» [1; 17]. Мұның қиын күрес, күрделі тартыстар мен ізденістер жолы болғаны күмәнсіз. Сондықтан бұл жолда жетістіктермен қатар, қателіктер де, жаңсақтықтар да болып отырды. Алайда кейіннен, сталиндік идеологияның түсіндіргеніндей, оларды өз халқына деген қаскүнемдік көзқарас емес, қайта, өз халқының өмірін жеңілдету жолындағы күрестің табиғи қиындықтары туғызды.

XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдыктан азаттық алу жолындағы күресінде көмектесуге ұмтылды, әрбір адамның және әрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар үшін күресті. Зиялылардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметіне араласуына Бірінші орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады. Революция жылдары қазақ зиялылары саяси қозғалыс ықпалымен елде орын алған хал-ахуалға сергектікпен әрі сын көзбен қарады, ал содан кейін барып сол кезде империяның орталықтарында пайда болған саяси ұйымдардың қайсысынан үлгі алу мәселесін шешуге тырысты.

Өзінің зерттеу кітабында автор сол кездегі Ресейдегі патша үкіметінің революцияға жауап ретіндегі саяси жарлықтарын мұрағаттық құжаттардан алып, дәйекті дерек ретінде келтірген. Мысалы, солардың бірі Ресейдегі бірінші революцияның алғашқы күндері-ақ оның дүмпуінен қорыққан патша үкіметінің «Қандай дінді болса да ұстауға, Ресей империясына қарайтын халықтар өз қажеттіліктері туралы патшаның атына арыз-тілектер (петициялар) жазуына болатындығы» туралы Жарлығы. Бұл мүмкіндікті қазақ зиялылары да пайдаланып, Ресейден Қазақстанға қаптап келіп жатқан көшпенділерді тоқтату, саяси жүйені реформалау және т.б. қоғамдық-саяси мәселелерді көтереді [9].

Монографияда Алаш көсемдері қолдаған 1916 жылғы көтерілістің қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысындағы ерекше орнына зор маңыз берілген. Ол халыққа ұлттық мүдденің ортақ екендігін ұғындырып, оның сана-сезімінің жетілуіне мол мүмкіндік жасады. Оны белсенді саяси өмірге жұмылдырды. Ол Ресей империализміне үлкен соққы болып тиді, патша үкіметінің соншалықты керемет, «күдіретті» еместігіне көздерін жеткізді. Қазақ халқы өзін отаршыларға қарсы ұйымдасқан күрес жүргізе алатын күш ретінде сезінді. Қаншама жұрт әскери-тыл жұмыстарына бармай қалды. Патша үкіметіне бұл халық ұйымдасса зор күш екенін, онымен санаспауға болмайтынын көрсетті. Ресей әкімшілігі Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің нәтижесін еске ала отырып, онда да қозғалыстар туа ма деп қорқып, Кавказ елдерінде әскери-тыл жұмыстарына адам алуды тоқтатты. Империяның отарлау саясатынан құтылудың бірден-бір жолы ұлт-азаттық көтеріліс екендігін дәлелдеді.

Монографияда Алаш көсемдерінің ағартушылық қызметі де жеткілікті дәрежеде бағаланған. Автордың пайымдауынша, қазақ оқығандары мерзімді басылымдар арқылы білімнің пайдасын насихаттап қана қойған жоқ, нақты шараларды жүзеге асырды. Ұлттық мектептер ашып ағартушылық бағыттарын идеологиялық мақсаттарымен сабақтастырып отырды. Олардың ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы ең негізгі міндеттерінің бірі — ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, жас жеткіншектердің санасына патриоттық сезім қалыптастыру болды.

Автор өз зерттеулерінде ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үрдісіндегі негізгі алғы шарттарды және идеялық-саяси көзқарастарының дамуына әсер еткен тарихи жағдайларға жалпы сипаттама бере отырып, келесідей тұжырымдамалық қорытындылар жасаған:

- патшалық Ресейдің отарлық жүйесінде болған қазақ халқы саяси-экономикалық тұрғыда ғана езгіге түскен жоқ, рухани қысым да көрді, бұл ұлттық интеллектуалдық мүмкіндіктерге үлкен зардабын тигізді;
- қазақ жерінің бөлшектенуі ұлт зиялыларының бірлігіне нұқсан келтірді;
- отарлық саясатқа қарсы күрестің рухани қайнар көзінің кеңеюіне орай, яғни Абайдың зиялылық мектебінің қалыптасуы, мерзімді қазақ басылымдарының шығуы қазақ қоғамында саяси ойдың дамуына ұйытқы болып, әрбір аймақтарда зиялылар қауымы шоғырланып, әлеумет істерінде белсенділік таныта бастады;
- ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары арасында қазақ халқының болашағы үшін рухани нысандарды, өркениет бағытын айқындау туралы болған саяси-идеялық күрес қоғамдық сананың дамуына серпін берді;
- ұлт зиялылары арасында қазақ жұртын азаттыққа жеткізудің жолдарын айқындау бағытында жүргізілген саяси-идеялық күресі қазақ қоғамын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде де, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін де қарама-қарсы лагерге бөліп жіберді;
- саяси-идеялық күрес ұлт-азаттық қозғалыстың бағытына, сипатына жаңа реңк беріп, оны саналық жағынан саяси–интеллектуалдық деңгейге көтерді.

Монографияда алаш көсемдерінің ағартушылық қызметі де жеткілікті дәрежеде бағаланған. Монографияның орталық тарауларында Имам Әлімбековтың Алаш арыстарымен, атап айтқанда, Әлихан Бөкехановпен, Ахмет Байтұрсыновпен, Міржақып Дулатовпен, Жүсіпбек Аймауытовпен, Әлімхан Ермековпен, Жақып Ақбаевпен, Мағжан Жұмабаевпен, Халел Ғаббасовпен және Райымжан Мәрсековпен қоғамдық және шығармашылық қызметтегі достық қарым-қатынасы жайында егжей-тегжейлі және тереңірек зерттеліп жазылған.

Соңғы тарауларда Имам Әлімбекұлының тоталитаризм құрығына түсуі, Алаш қайраткерлерінің саяси және шығармашылық тұрғыдан толық ақталуы, Имам Әлімбековтың биік білім-парасаты, өмірі мен ағартушылық қызметінің қиындығы туралы баяндалған.

Монография соңында автордың Имам сынды тұлғаларды жаңаша сезінуге және оның есімін мәңгілік етуге мүмкіндік беретін нақты ұсыныстары келтірілген.

Тұтастай алғанда, Рашит Әл-Каренидің аталмыш еңбегі өзекті тақырыпқа және барлық талаптарға сай, жоғары деңгейде жазылған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Әл-Карени (Каренов) Р.С.* Алаш қозғалысының ақиығы Имам Әлімбеков. — Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2010. — 134 б.
- 2 *Қозыбаев М.* Жауды шаптым ту байлап. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 192 б.
- 3 *Нұрпейіс К.* Еңбегі ерен ұлттық интеллигенция // Жұлдыз. — 2007. — № 12. — 148–166-б.
- 4 *Нұрғали Р.* Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: Зерттеу. — Астана: Күлтегін, 2002. — 528 б.
- 5 *Қойгелдиев М.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII—XX ғғ.): Зерттеулер. — Алматы: Жалын, 2004. — 400 б.
- 6 *Омарбеков Т.* Алаш атауының тарихынан // Қазақ әдебиеті. — 2008. — № 52 (3108). — 23 желт. — 26-б.
- 7 *Құл-Мұхаммед М.* Алаш қайраткерлері // Қазақ. — 2009. — № 27–29 (436-438). — 3–17 шілде. — 8,9-б.
- 8 *Нұрғали Р.* Сабақтастық // Егемен Қазақстан. 2008. — 19 қараша. — 4 б.
- 9 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). — 3-ші кіт. — Алматы: Атамұра, 2002. — 768 б.

З.Жұмағали, Т.Б.Қазбеков

Ценное исследование о неутомимом борце, лидере Алашординского движения

Статья посвящена жизни и деятельности видного деятеля Алашорды Имама Алимбекова. Описывается его связь с лидерами алашординского движения: А.Букейхановым, А.Байтурсуновым, М.Дулатовым, А.Ермековым, М.Жумабаевым и другими. Авторами дана обобщающая оценка деятельности И.Алимбекова как известного политика, философа, журналиста, историка, педагога.

Z.Zhumagali, T.B.Kazbekov

Research about the leader of alashorda movement

The life and activity of outstanding figure Alashordy of Imam Alimbekova are shined. The Literary language describes its communication with leaders movements: A.Bukejhanovym, A.Bajtursunovym, M.Dulatovym, A.Ermekovym, M.Zhumabaevym other Is given a generalising estimation of activity of I.Alimbekova as known politician, philosopher, journalist, historian, teacher.

ӨОЖ 821.512.122

М.Хамзин¹, Т.Б.Қазбеков²

¹Қарағанды «Болашақ» университеті;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Өрен жүйрік Ахметбек ақынның құрметіне*

Ахметбек Байсалбайұлының шығармаларының ерекшелігі жан –жақты ашылған, сондай-ақ қоғамдық өмірімен табиғаттағы көкей тәсті мәселелер оның шығармаларының басты тақырыптарына айналғандығы көрсетіледі. Ақынның негізгі шығармаларына тарихи шолу жасалған.

Кілтті сөздер: Айшықтау сөздер, көркемдік тәсілдер, жанрлық сипат, ақындық әлем, тарихи таным, тоғысқан тағдыр.

XIX және XX ғасырлардың тоғысында өмір сүрген өрен де ерен көрнекті ақындардың бірі Байсалбайұлы Ахметбектің туғанына 130 жыл толуына орай белгілі ғалым Рашид Әл-Каренидің (Кареновтың) «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын» атты кітабы жарыққа шықты. Кітапта автор ақынның бүкіл саналы өмірінде қалың бұқара халық жағында болып, оның жоғын жоқтап, мұңын мұндап, мүддесін қорғап өткендігін, ақынның өмір сүрген кезіндегі қоғамдағы келеңсіздікті, халық басындағы ауыртпалықты, сол дәуірдегі көкейкесті мәселелерді өз жырының тақырыбы еткендігін тұңғыш рет кең көлемде ғылыми-публицистикалық, танымдық тұрғыда зерттеп жазды [1]. Жалпы осы тұста айтылуы тиіс жайт — өткен ғасырда өмір сүрген бірқатар қазақ ақындарының, қаламгер жазушыларының көптеген туындыларының ұзақ уақыт бойы заман тезіне орай жұртшылыққа кеңінен жария болмауы, әдеби-ғылыми айналымға кеш қосылуы, сондай-ақ ұстанған бағыт-бағдары кеңестік идеологиямен үйлеспеген кейбір шығармашыл тұлғалардың еңбектерінің жарық көрмеуі, жалпы әдеби мұра мәселесінің игерілуін біршама қиындатқаны айдай анық. Ел тәуелсіздігімен жарыса жеткен жаппай жариялылық бұрынғы мұндай жасанды кедергілердің бәрін алып тастады, қолдан жасалып келген күллі кертте кері ысырылды. Нәтижесінде — асыға күтіп, аңсай қауышқан мол қазынаға киліктік. Талай арыстардың танылмай келген еңбектері есігін ашты. Бірақ бүгінде біреудің шығармасы біреуге телініп, бұрыннан белгілі шығармалардың жаңа авторлары табылып дегендей, сырт көзге білінбесе де, осы салаға қатысы бар адамдар сезіп жүрген қызық «қойыртпақтар» да көрінбей қалып жатқан жоқ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы ширегінде өмір сүрген кейбір ақын-жыраулардың соңында қалған мұраларының осыған сабақтасатын

* Рашид Әл-Карени (Каренов). Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын. — Қарағанды: Қазақстан-Ресей ун-нің баспасы, 2008. — 78 б.

мысалдарын кездестіре аламыз. Қайталанбас көрнекті ақын Байсалбайұлы Ахметбектің мұрасы да бұдан сырт тұра алмайды.

Ақын Ахметбектің шығармашылығы жөнінде бұл кезге дейін жеткілікті деңгейде тереңдеуге болатын зерттеулер бола қойған жоқ. Бұдан Ахметбек ақынның мұрасы мүлде елеусіз қалды деген ұғым тумаса керек. Ақынның өмірі мен өлеңдерін таныстыруға, талдауға арналған мақалалар кейінгі жылдары жарық көре бастады. Бұл ретте белгілі қарағандылық жазушы Жайық Бектұровтың 1989 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласын алдымен атап өту парыз. Ол мақаланың құндылығы — Ахмет Байсалбайұлының шығармаларын және ақынның ағайын, ауылдастарының аузынан естіген деректерді алғаш рет жұртшылық назарына ұсынуында [2].

Ахметбек ақынның мұрасына алғашқылардың бірі болып ілтипат білдірген Ғабиден Мұстафин атындағы кенттің өлкелік мұражайының негізін қалаушы белгілі журналист Василий Иванович Колыш [3]. Ол кезінде өлкеге қатысты көп деректер жинап, сол жөнінде көптеген мақалалар жазып, басылымдарға жариялап, халыққа үнемі жаңа мәліметтер жеткізе білген.

Ахметбек Байсалбайұлы туындыларына ұлы жазушы Ғабиден Мұстафиннің көңіл бөлуі де кездейсоқ емес [4]. Ахметбек ақынның аты С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында да бар.

Көрнекті ғалым Рашит Әл-Каренидің аталмыш кітабында Сарыарқаның белгілі ақыны Байсалбайұлы Ахметбектің шығармаларының ерекшеліктері ашылып көрсетілген. Осы тақырыппен ұзақ жылдардан бері айналысып келе жатқан автор ақын туындыларының шығармашылық тарихын таразылайды, аймаққа белгілі ақынның табиғат пен қоғамнан тақырып жинақтап табу, өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру сырларына үңіледі, жекелеген шығармаларының тарихи-шығармашылық тағдырын баяндайды, ақындар арасындағы шығармашылық туыстық сабақтарын және ерекшеліктерін саралайды. Ақын шығармаларының зейінді, тағылымды парақтарын тарқата баяндап, талдайды, һәм жинақтап, ой қорытады.

Ақындардың алтын құндақтағы асыл қазынасы сөз екені мәлім. «Көне мақал көп жасайды» дегендей, бүгінде Байсалбайұлы Ахметбек ақынның кеңестік тапшыл заман тұсындағы көсем һәм көркем сөздегі мұрасына сыздана қараушылар шаң беріп қалатынына қарамастан, бәрібір сол кезеңдегі ақынның шешен сөздерін сандықтан шығаруға тура келеді. Өйткені сөз мұрасының көлемі де, көптігі де осы дәуірге тиесілі.

Қазақы сөздің қадірін білетін Ахметбек ақынның тіл байлығына тереңдеуді, ақынның сөз қолдану орайындағы үрдістеріне үңілуді медет тұтқан ғалым Рашит Әл-Карени осы саладағы зерттеулердің әлі де жеткіліксіз екендігін мойындай отырып, өз тарапынан ақынның сөз саптау мәнерін бірнеше бағытта қарастыру мүмкіндігі бар екенін көрсеткен.

Халықтың бай ауыз әдебиетінен сусындаған, Абай поэзиясын жетік меңгерген Ахметбек ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын інжу-маржан сөз өрнектерімен ерекшеленеді. Оның шығармаларының ұзақ уақыт бойы ұмытылмай, ел аузында сақталғандығының өзі халық жүрегінен орын алғандығын көрсетеді.

Автордың саралап екшеуінше, Ахметбек ақынның өлең-жырлары өзі өмір кешкен дәуірдің (1878–1937) шындығымен биікке көтерілген, тыңдаушы санасын тынымсыз қалдырмайтын шырайлы дүниелер. Кедейліктен, кемшіндіктен, теңсіздіктен тұралаған еңбекші қауымның мұң-мұқтажын ашық айтып, жыр арқауын әділдіктің ақ арқанымен тартқан Ахметбек озбырлықты, зорлықты әшкерелеуші, шыншыл жырлар туғызған. Ақын өлеңдерінің қоғамдық бағыты нысанашыл, әлеуметтік аясы кең. Тақырыптық жіктеу тұрғысынан алғанда — адалдық, адамгершілік, ынтымақтастық, теңдік, бірлік, достық, кәрілік, жастық мәселелері жыр өзегін құрайтынын көруге болады.

Ғалымның зерттеп пайымдауынша, Ахметбек Байсалбайұлы суырып салма, импровизатор болған. Оның бойындағы өнер жырауларға да, ақындарға да тән. Жыраулар сияқты ел басындағы ауыр жағдайды айтып, ағыл-тегіл жыр да төккен, ақын болып сол кездегі күнделікті өмір күйін де шерткен. Ақын шығармаларының негізгі арқауы — Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күрес.

Өз заманының тарихи, әлеуметтік ахуалын терең пайымдап, Ресей қарауына түскен елдің өміріндегі күрделі өзгерістерді Ахметбек Байсалбайұлы көп ақыннан қырағы көреді, болмыстың ақиқатын қаз-қалпында нақтылы, тұжырымды баяндайды.

Автордың зерттеуінше, Ахметбек Байсалбаев тұтас халықты, орыс біткенді жау санамаған. Орыс шаруаларының қала салып, отырықшылық өмір кешетінін, жер жыртып, егін салып, ел ырысын молайтар еңбекқорлығын, қиын-қыстау күндерде қол ұшын берер бауырмалдығын ол жақсы түсіне

білген. Ақын тек отарлау саясатын құрып, оны жүзеге асырушыларды дұшпан тұтып, өткір тілмен соларды тілгілейді. Бұған келгенде сөз қисынын қиыстырады. «Тарих тараулары» деген өлеңі осыны айғақтайды:

*Мың жеті жүз отыз бір санасында,
Біз кірдік Россияның панасына,
Байлығымыз, достығымыз көрінген соң,
Қызықпас кім қазақтың даласына?*

*Жыл қыста, мың сегіз жүз алтыс сегіз
Қазыналық, — деді, жердің хаммасында,*

*Тарылып жылдан жылға жер-суымыз,
Кәпірдің кетті бәрі пайдасында.*

*Қадірмен халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске фәкім назар саласың ба?
Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?*

*Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа қош аман боп барасың ба?
Қасиетті бабамыздың зираттары,
Қалдың ғой «Карлагтың» табанында.*

*Моншаға зираттардың тасын алып,
Ағашын отқа «Карлаг» жағасың ба?
Таба алмай барғаныңда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың ба?*

Бұл толғауында Ахметбек ақын ел басына түскен ауыртпалықты ақ патша тұсындағы отарлау саясатын басқаша жолмен жалғастырып отырған Кеңес үкіметінен көреді, бақытты қолдан, малды жолдан алған Кеңес үкіметіне қарғыс айтады.

Зерттеу барысында автор XVIII–XIX ғасырдағы Ресей Империясының отарлау саясатына қарсы наразылық ретінде айтылатын қазақтардың жермен қоштасу өлеңдері ауыз әдебиеті тарихында өте көп екендігін дәлелдейді. Мысалы, XVIII ғасырдың 30-жылдарынан патшалық Ресей Кіші жүз жеріне әскери бекіністер, шағын қалалар орната бастағанда: «Еділді алды, елді алды, Жайықты алды, жерді алды» деп жергілікті ақындар енді қайда барарын білмей, тұйыққа тіреліп, шарасыздыққа ұрынады.

Сол сияқты Орталық Қазақстанға, яғни Сарыарқа жеріне, XIX ғасырда Ресей патшасының қарулы күштері басып кіргенде, Орта жүз елі тау-тасты паналап, қорғансыздың күнін кешеді. Автор сол заманда Нарманбет ақынның «Сарыарқа» деген өлеңінде сол кездегі қайғылы халді жырлап айтқанын келтіреді:

*Сарыарқа, сарқыраған суың қайда,
Түнде шық, күндіз мұнар, буың қайда?
Найзағай жарқ-жұрқ етіп, нөсер құйған,
Көк-жасыл, кемпірқосақ туың қайда?*

Иә, Атырау, Алтай, Жетісу сияқты ежелден айрықша қастермен айтылған, қазақ жерінің бірі — Сарыарқа. Бұл өлкені бұрынғы-соңғылар жердің жәннаты, тіршілік-тұрмысқа аса қолайлы деп ардақтаған.

Автор да қасиетті Сарыарқа өңірін «алтын дала, асыл дала» деп бағалай келіп, «көк қарағайлы ормандарымен қапталып өрнектегендей, ерен Ертісі мен ерке Есілі, нұрлы Нұрасы мен шулы, сулы көлдері, бойына тұнған Торғайы мен береке байлыққа батқан Тобылы — бәрі-бәрісіне еншілеген ұлы дала — Сарыарқа» деп тебірене суреттеген.

«Сондай сырлы, сиқырлы болмаса күй атасы Құрманғазы барлық күйлерінің ішіндегі шоқтығы биік «Сарыарқасын» осы ұлы далаға бақыт арнағандай бағыттамас еді ғой. Жүрек қылын, жан сезімін қоса шертетін шертпе күйдің атасы Тәттімбет «Саржайлауы» арқылы туған жерін аялап, аймалап

отырып жанды сурет жасамас еді ғой. Сәнді жырдың сардары Сәкен Сейфуллин «Сарыарқа» деп тебіреніп, әнге қоспаса, бұл даланың салтанатын танымағаны болар еді. Қазақта осы ұлы өңірді жырламаған қай ақын бар? Данышпан Абай суреттеген бай табиғат, осы Сарыарқа жері емес пе!» — деп паш етеді автор.

Ахметбек ақынның өлеңдерінің негізгі өзегі де — тамылжып тамсандырған табиғат көріністері мен кіндік қаны тамған Сарыарқа жеріне шексіз сағыныш. Ақын өлеңдері жолдарынан көрінетіндей, ол әдетте мұңая қалса да, өзі өскен ортаның тау-тасымен, бұта, тобылғысымен ойша сырласып, мауқын басқан.

Ақын өзінің ата-бабасы мыңдаған жылдар мекен етіп, ғасырлар бойына басқыншылармен қан майданда шайқасып, шет-пұшпағына дейін шетінетпей, сақтап келген туған жерін «Құланөтпес» деген тамаша өлеңінде былай бейнелейді:

*Келеміз Құланөтпес сенен өтіп,
Жолшыбай тынбай жүріп, ат терлетіп,
Басына мұнар бұлтын жинап алып,
Тәкаппар Амантау тұр елеңдетіп...
Мүлгіп тұр Сарыадыр да басын иіп,
Ойнап жүр бауырында бала киік.
Көкпеңбек темір сауыт киіп алып,
Қабағын Жыланды тау тұрған түйіп...
Келеміз Бұрмашадан Сарыбөз құлақ,
Ұзын жол көлденеңдеп жатыр сұлап,
Аймысық, Көкжез деген екі тауда,
Ағады сайларынан жетпіс бұлақ.
Күркіреп жазға салым Көлсай тасып,
Жазыққа кетуші еді төмен құлап.*

Бұл жолдар арнайы талдау, түсіндірмені талап етпесі анық. Өйткені ақын атамекеннің қадір-қасиетін барынша әділ, мейлінше ақиқат биігінде бедерлеген.

Зерттеуші-ғалым сыршыл ақынның терең философиялық жұмбақ әлеміне де үнілуге ұмтылыс жасаған. Ахметбек ақынның ақыл-нақылға, қанатты тіркестерге толы даналық сөздері тіл байлығымен, ой тереңдігімен бірге айқындылық, бейнелілік, қарапайымдылық, көркемділік қырларымен ерекшеленетінін байқаған. Мұның өзі Бұқар жыраудың:

*Ел бастау қиын емес —
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес —
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топтан сөз бастаудан
Қиынды көргем жоқ, —*

деген парасатты пайымдауымен немесе кемеңгер Абай айтқан:

*Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпай сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар, —*

деген ақиқат ойларымен үндесіп, терең тамырлы тұтастық тапқандығын көрсетеді. Ахметбек Байсалбайұлының әдеби мұрасына ден қойып талдаған автор ақынның өз өлеңдеріне қоғамдық, әлеуметтік мазмұн беріп, көбіне шешендік үлгімен, бір оқығанда ұғылып, есте қаларлық ауызекі түрімен жазғандығын бағалайды. Оны ақынның «Мысал өлең» деген шығармасының алғашқы шумағынан-ақ көруге болады:

*Дүниені қанша күресей,
Қолыңа сенің жұға ма?
Төбеңмен көкті тіресей,
Басыңа мүйіз шыға ма?*

Әрине, жүйелі сөйлеген сөз, орынды айтылған ой-пікірлер қалың көптің үдесінен шығып-ақ отырады.

Автордың пайымдауынша, ойшыл шайыр философиялық пікірлер айту дәрежесіне еркін көтерілген.

Ақынның адамның жас кезеңдері жөнінде толғаған өмірлік мағынасы терең «Жиырма бес» атты сын толғауында теңеу сөздер, әрі ұйқасым жағынан, әрі мәнді мазмұн тұрғысынан түйдектеле әсерлі қолданысқа енген:

*Бір жастан жиырмаға келгенше өстік,
Мысалы, қызғалдақтай жазғытұрым.
Майдағы райхан гүлі секілденіп,
Өңді беріп, жарастықты жайнар нұрың.
Отызда, жиырма бесте өсіп бойың,
Өмірдің базар етіп айт пен тойын.
Бір сүйіп, бірде күйіп, бірде елжіреп,
Ашқандай ару сәулем күнде қойнын.
Қылауың келе қалса, қырық алып,
Ол кезде бөгелмейсің, онша налып.
Елудің асқарына шыға келсең,
Қарайсың жан-жағыңа, сонда ұялып.
Алтыс жас басы қырау асқар таудай,
Күн қайда ашақ басқан, омыраулай.
Бұрынғы өткен күнді ұмытасың,
Жетпістің ызғары өтіп, боз қыраудай.
Сексенде шал боларсың селкілдеген,
Аузыңда ақ жабағы желкілдеген.
Домалап, соққан желдің екпініне,
Қаңбақтай ыққа қарай елпілдеген.
Тоқсанның келіп жетсең толқынына,
Қоңызбен жарысасың жортуылға.
Үй-іші, бала-шаға асығады,
Бір жерді жерошақтай толтыруға.*

Мұндағы әр сөз адам жасының сипатын дәл берумен де, образдылық орамдарымен де іштей сабақтасып жатыр. Ақын қолданған теңеулер тек белгілі нәрсені белгісіз нәрсемен салыстыру үшін емес, ең бастысы поэтикалық тәсілге бағынып, бейнелілік сипаты бар көркем теңеу дәрежесіне жеткен.

Автор өз кітабында Ахметбек Байсалбайұлының ақындық шығармаларын ғана талдап қоймай, оның XX ғасырдың 20–30-жылдардағы солақай саясатқа қарсы шыққандығы жайында да егжей-тегжейлі тұшымды етіп жазған.

Кеңес үкіметінің 30-жылдары қазақ ауылында жүргізген асыра сілтеу, ұрда-жық саясатына көзі ашық, көкірегі ояу, тілі өткір Ахметбек Байсалбайұлы наразы болды. Ақын реті келгенде елді жайлаған келеңсіздікті өлеңмен әжуа етіп отырады. Тілі уытты ақын шолақ белсенділердің көрсетуімен қайта-қайта тергеуге шақырылды.

Ахметбектің де 20–30-жылдардағы ашаршылық, асыра сілтеу, қуғын-сүргін оқиғалары кезінде айтқан нақыл мәнді, қанатты сөздері сол кезде елдің арасында кең тарайды. Ғұлама ақын 1931–1933-жылдардағы ашаршылықты, бакытсыздықты ыза-ашумен өлтіре сынап, сол үшін жан азабын шегіп, көпке дейін ар азабынан арыла алмаған. «Аштық азабы» деген өлеңінде ізгі ниетті адамдар қуғын сүргінге түсіп, олардың орнына алаяқ кулар, пайда күнемдер, берекесіз сұмдар келгенін көпшілік алдына жайып салды [5–7]:

*Ата сөзі балаға мирас екен,
Айтылған соң бір болмай қалмас екен.
Аштан өлген кісінің моласы жоқ,
Деуші еді, осы мақал рас екен.
Моласы қайдан болсын, көмген жан жоқ,
Ауырып өз үйінде өлген жан жоқ.
Ауырды деп аузына сусын беріп,
Таза арулар қолынан көмген жан жоқ...
Жолдың бойын қан қылған жазалы кім?
Кім болды қазалыға жазалы кім?
Табаны қап-қара боп қаңғып жүрген,*

Қазақтың баласына азалы кім?

Сонымен, Ахметбек Байсалбайұлы сол жылдары жүргізілген солақай саясатқа ашық қарсы шыққандардың бірі болды. Бұл жолдардан күні кешегі «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген көрсоқыр замандағы «шолақ белсенділердің» қылығын табамыз, олардың маскара іс-әрекетін айнадан көргендей боламыз.

Бүгінде біз Ахметбек Байсалбайұлының 1937–1938-жылдардың сергелдеңіне тап болғанын еске ала отырып, артында қалған шығармашылық мұрасын көңілге жұбаныш етеміз. Азамат ақын тағдыры халқымыз жүріп өткен тарих көші жолымен біртұтас. Ақын мұраларын зерделеп, шығармаларын оның мерейтойына орай қалың оқырман назарына ұсынуын аса көрнекті ғалым Рашит Әл-Каренидің ұшан-теңіз ерен еңбегі деуге болады.

Зерттеу деректерінің сонылығы, автордың өзіндік жаңаша ой-пікірлері кітап мазмұнын байытып, оқырман қауымының көңілінен шығатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Рашит Әл-Карени (Каренов)*. Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын. — Қарағанды: Қазақстан-Ресей ун-нің баспасы, 2008. — 78 б.
- 2 *Бектұров Ж.* Ахметбек ақын // Орталық Қазақстан. — 1989. — 19 қант.
- 3 *Кольш В.* Семья акына (А.Байсалбаев) // Рассвет. — 1992. — 23 мамыр.
- 4 *Мұстафин Ф.* Қарағанды: Роман // Бес томдық шығармалар жинағы. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1982. — 384 б.
- 5 *Каренов Р.С.* Аспанның аясында ән шалқытқан Ахметбек ақын // Азия-Транзит. — 2004. — № 12. — 7–13-б.
- 6 *Каренов Р.С.* Арманда кеткен ақын // Жұлдыз. — 2006. — № 4. — 192, 193-б.
- 7 *Асқарова М.* Алаш деп туған арысым (А.Байсалбайұлының қайтыс болғанына 70 жыл толуына орай) // Сарыарқа. — 2007. — 12 мамыр.

М.Хамзин, Т.Б.Қазбеков

**Дань уважения
поэту-импровизатору Ахметбеку Байсалбайұлы**

Авторами раскрыты особенности творчества поэта Ахметбека Байсалбайұлы, а также его умение находить актуальные темы из жизни общества и природы. Сделан исторический экскурс по основным произведениям поэта.

М.Hamzin, T.B.Kazbekov

In honor of Akhmetbek akyn

Features of creativity of poet Ahmetbeka Bajsalbajuly, and as its abilities to find vital topics from a society and nature life are opened. Historical digression on the basic products of the poet is made.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Агадилова Л.Ж.**, преподаватель кафедры теории английского языка, Семипалатинский государственный университет им. Шакарима, Семей.
- Әшірбекова Г.Е.**, аға оқытушы, Қазіргі заманғы гуманитарлы-техникалық институты, Қарағанды.
- Байсарина Ж.С.**, шетел және орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей.
- Балтабаева Ж.Қ.**, қазақ филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар.
- Бәделхан М.**, аға оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Бейсенова Ж.С.** д.ф.н., доцент, Казахский гуманитарно-юридический университет, Астана.
- Бейсентай А.Б.**, қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Голубцова Т.А.**, старший преподаватель кафедры журналистики, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Демеуғалиева Н.Ә.**, аспирант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана.
- Жакупова А.Д.**, д.ф.н., профессор, Кокшетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова.
- Жапек М.С.**, старший преподаватель кафедры журналистики, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова
- Жұмағали З.**, қазақ әдебиет кафедрасының профессоры ф.ғ.д., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жұмақанова Л.Т.**, шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Каренов Р.С.** э.ғ.д., профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Қазбеков Т.Б.**, э.ғ.к., доцент, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Қожахметова Г.А.**, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана.
- Медетова М.Е.**, к.ф.н., доцент, Казахстанский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай-хана, Алматы.
- Мұхамеджанова Ш.М.**, неміс және француз тілдерінің теория мен практика кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Оймаутов Р.**, оқытушы, ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты.
- Оралбаев Ө.**, ф.ғ.к., ақын, журналист, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, ҚР Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі, ҚР Президенті Әкімшілігі, Астана.
- Савченко Т.Т.**, профессор кафедры классической и русской филологии д.ф.н., Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Сыздықова Г.О.**, ф.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана.
- Хамзин М.**, ф.ғ.д., профессор, Қарағанды «Болашақ» университеті.
- Шыныбекова А.С.**, «Тілдер» кафедрасының оқытушысы ф.ғ.к., доцент, М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы.